ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) Күншуақ тобы
Топ: ортаңғы
Балалардың жасы: 3 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 03.06 - 07.06.2024ж.
Педагогтың аты-жөні Аманова Камажай

Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім күніне арналған мерекелік қабылдауды әзірлеу. **(сөйлеуді дамыту, музыка)** "Көңіл күйін қалай?" мультфильмін қосу. Біздің топтың барлық балаларын сау, көңілді көруге қуаныштымын! Мен бұл көңіл-күйдің кешке дейін сақталғанын қалаймын! Ол үшін біз жиі күліп, бір-бірімізге көмектесуіміз керек!				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Балабақша және сүйікті ойыншықтар туралы әңгімелесу. Балаларда достық қарым-қатынасты қалыптастыру және дамыту.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау	**Ойыншықтарды жинау.** Мақсат-міндеттер: тәртіп орнатуға үйрету, тапсырылған іс үшін жауапкершілікті	**Оқу бұрышындағы кітаптарды ретпен орнына қою.** Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа үйрету, кітаптарға таза, ұқыпты қарауға	**Аквариумдағы балықтарды қоректендіру.** Мақсат-міндеттер: балыққа қамқорлық жасауға үйрету, аквариумдағы	**Ойыншықтарды ретке келтіру (тәрбиешімен бірге).** Мақсат-міндеттер: балаларға ойын сөрелеріндегі реттілікті сақтауға,	**Бөлме өсімдіктерін суару.** Мақсат-міндеттер: бөлме өсімдіктеріне дұрыс қарауға, су құйғыштың тұмсығын өсімдік

және басқалар)	қалыптастыруға тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)**	дағдыландыру. **(еңбек іс-әрекеті)**	балықтың әдеттеріне қызығушылық тудыру. **(еңбек іс-әрекеті)**	ойыншықтарды орнына қоюға үйрету. **(еңбек іс-әрекеті)**	өскен ыдысқа тіреп, суаруға баулу. **(еңбек іс-әрекеті)**
	Музыкалық аспаптардың көмегімен ойналатын көңілді ойындар. Мақсат-міндеттер: көңілді күй орнату, аспаптардың түрі және дыбыстарын ажырата білуге дағдыландыру. **(музыка)** **"Шапалақты тыңда"ойыны.** Мақсат-міндеттер: шеңбер бойымен жүруді үйрету, мәтіндегі сөздерге сәйкес қимылдарды жасауға баулу. Балалар шеңбермен жүреді. Жүргізуші	**Саусаққа арналған жаттығу: "Сәлем".** Мақсат-міндеттер:: балаларды қимылдарды мәтін жолдарының ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Сәлемдесем әрдайым (Екі қолдарын айқастырып кеуделеріне қояды) Үйде және бақшада (Екі қолдарын алға жаяды) Тіпті "сәлем" - деймін мен ("Қанаттары" екі	**Саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды мәтін жолдарына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, елестету, ойлау қабілетін дамыту. Шаршы бұрышын құрайық, Саусақ ұштарын қосайық. Бір, екі, үш, төрт. Бір, екі, үш, төрт. Бір, екі, үш, төрт. Бір, екі, үш, төрт. Төрт бұрыштар жиналып, Бір пішінге құрылды. **(сөйлеуді дамыту)**	**Музыкалық аспаптардың көмегімен ойналатын көңілді ойындар.** Мақсат-міндеттер: көңілді күй орнату, аспаптардың түрі және дыбыстарын ажырата білуге үйрету. **(музыка)** **"Шапалақты тыңда" ойыны.** Мақсат-міндеттер: шеңбер бойымен жүруді үйрету, мәтіндегі сөздерге сәйкес қимылдарды жасау. Балалар шеңбермен жүреді. Жүргізуші алақанын соққанда	**Саусаққа арналған жаттығу: "Сәлем".** Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Сәлемдесем әрдайым (Екі қолдарын айқастырып кеуделеріне қояды) Үйде және бақшада (Екі қолдарын алға жаяды) Тіпті "сәлем" - деймін мен ("Қанаттарын" екі қолдарын сәл

2

	алақанын соққанда балалар бір аяқпен, екі рет шапалақтағанда қолдарын екі жаққа созып, үш рет шапалақтағанда жүруін жалғастырады. **(музыка)**	қолдарын сәл көтеріп, қайта түсіріп қағып тұрады) Қасымдағы көршіме. (Бір қолдың сыртын екінші қолдың алақанына беттестіре саусақтарды жан-жаққа аша «күн» жасайды) **(сөйлеуді дамыту)** **"Қарама-қайшылық" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: сөздік қорларын кеңейту, қарама-қарсы мағыналы сөздерді қолдануға үйрету. Ойын құралы: доп. Тәрбиеші белегілі бір сөзді айтады: мысалы - "ауыр" деген сөзді айтады да бір балаға допты лақтырады.	**Үстел үсті ойыны: "Суретті құрастыр".** Мақсат-міндеттер: бөлшектерден тұтас бір бөлікті құрастыруды дағдыландыру; балалардың қабылдауын, байқағыштығын, ойлау қабілеттерін дамыту. **(сурет салу, сенсорика)**	балалар бір аяқпен, екі рет шапалақтағанда қолдарын екі жаққа созып, үш рет шапалақтағанда жүруін жалғастырады. **(музыка)**	көтеріп, қайта түсіріп қағып тұрады) Қасымдағы көршіме. (Бір қолдың сыртын екінші қолдың алақанына беттестіре саусақтарды жан-жаққа аша «күн» жасайды) **(сөйлеуді дамыту)** **Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту. "Кемпіркосак". Кемпіркосак көпірдей Аспан жарып туыпты. Жердің екі бетіне Жеті жеңін жауыпты. Д. Ахметова.

		Допты қағып алған бала, ауыр затты айту қажет. Жауап бергеннен кейін допты, қайтадан тәрбиешіге лақтырады. Ойын осылай жалғаса береді. Мысалы: ауыр - тас, жүк; шыны - ыдыс, әйнек, т.с.с. **(сөйлеуді дамыту)**			**(көркем әдебиет)**
Ертеңгілік жаттығу	**Таңғы жаттығу: "Достық".** Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос, (Қолдың саусақтары өзара бірігеді) Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз. (Екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу) Бір, екі, үш, төрт, бес, (Шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу) Қайтадан санауды бастаймыз. Бір, екі, үш, төрт, бес, Енді санауды аяқтадық. (Қолды төмен түсіру, босаңсыту) **(дене шынықтыру)**				
Таңғы ас	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу,	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу,	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу,	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу,	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу,

	майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Асты-шашпай төкпей іш, Сораптамай баппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**	майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Ас ішкенде күнде біз, Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. Балалар алғыс айтып тамақтануға кіріседі. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**	майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Асты-шашпай төкпей іш, Сораптамай баппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**	майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. Мақсат-міндеттер:: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Ас ішкенде күнде біз, Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. Балалар рақмет айтып тамақтануға кіріседі. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**	майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Кесе,шыны,пияла Оларсыз шай құя ма? Қасықсыз тамақ жемейді, Бәрінің атын не дейді? Өлең жолдарын оқу арқылы, балалардың тәбетін ашу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**"Кім сені шақырды, тап" ойыны.** Мақсат-міндеттер: басқа адамды	**"Кемпірқосақ" ойыны.** Мақсат-міндеттер: ойлау, есте сақтау	**"Кім сені шақырды, тап" ойыны.** Мақсат-міндеттер: басқа адамды	**"Ақ шамшық" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды достыққа,	**"Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер:

	дауысынан танып үйрету. Құрал: арнайы құрал керек емес. Ойын барысы. Балалар шеңбер жасап тұрады. Біреуі ортаға тұрып, көзін жұмады. Тәрбиеші көрсеткен бала, ортада тұрған баланы шақырады. Бала шақырған адамды дауысынан танып табу қажет. Таныса шеңберге тұрады – шақырған бала ортаға тұрады.	қабілетін дамыту. Балалар ортаға шығып түстерді айтады. Бір бала қарамай тұрып, қайсысы қандай түс айтқанын айтып береді.	дауысынан танып үйрету. Құрал: арнайы құрал керек емес. Ойын барысы. Балалар шеңбер жасап тұрады. Біреуі ортаға тұрып, көзін жұмады. Тәрбиеші көрсеткен бала, ортада тұрған баланы шақырады. Бала шақырған адамды дауысынан танып табу қажет. Таныса шеңберге тұрады – шақырған бала ортаға тұрады.	зеректікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Балалар шеңбер бойымен отырады, ортаға "жүргізуші" шығарып, қолына сақина ұстатады. Балалар екі алақанын бір-біріне қабыстырып алға созады. Жүргізуші барлық балалардың алақанына сақина салған болып шығады. Сол сәт сақина таслаған бала орынан тұруы тиісті, "Сақина менде", - деп дауыстайды.	балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; коршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Кемпірқосақта конакта" Мақсат-міндеттер: Табиғат құбылысы - кемпірқосақпен	**Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Жарқын түсті кемпірқосақ" Мақсат-міндеттер: Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі	**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Адасқан құмырсқа" ертегісі Мақсат-міндеттер: Балаларға ертегіні әңгімелеп беру, шыдамдылық пен	**Сурет салудан ойын-жаттығу** "Көрікті қала" Мақсат-міндеттер: Негізгі түстерді тануды үйретуді жалғастыру; балаларға сурет салу	**Музыкадан ойын-жаттығу** "Кемпірқосақ - жайдарман" Мақсат-міндеттер: Балалардың жеке қасиеттерін дамыту, әуендерді, әндерді

	таныстыру; қоршаған әлемнің түстерінің әртүрлілігіне эмоционалдық сезім тудыру; түс атауы (қызыл, сары, жасыл, көк) туралы білімдерін бекіту; сөйлеу, ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту; табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін, табиғат сұлулығын көре білу табиғатты құрметтей білуге тәрбиелеу.	аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілеттерін дамыту; тұрған заттың басына доп тигізу арқылы жоғары секіру және допты аяқпен қайшылап ұстап, отырып-тұрып домалату іскерліктерін жетілдіру.	адамгершілік, достық сезімдеріне тәрбиелеу; есте сақтау қабілетін дамыту; тілдік қорын молайту; өз ойын ашып айтуға үйрету.	тәсілдерінің алуан түрлілігі жайлы түсінік беру; түсті құммен сурет салуды, түстер гаммасын таңдауды үйрету; түстерді қабылдауды, қолдың қимыл координациясын, есте сақтау қабілеттерін дамыту; мейірімділікке тәрбиелеу, туған қаласының сұлулығына жағымды эмоцияларын ояту.	нақышына келтіре айтуға дамыту. Бір-бірін сыйлауға, адамгершілік қасиеттерін жоғалтпауға тәрбиелеу.
2- таңғы ас	Алдыңдағы түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Серуенге дайындық	Балалар киімдерін дұрыс шешу,шкафтарға бүктеп қою, қолды жуу әрекеттерін одан әрі қалыптастыру. Таза сумен Арман, Беті-қолын жуды. Оған қарап Балжан, Суға қолын созды.				
Серуен	**Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді**	**Көбелекті бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді**	**"Бақбақ" гүлін бақылау. (қоршаған ортамен танысу,**	**Көшеде кетіп бара жатқан көліктерді бақылау. (қоршаған**	**Торғайды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді**

	дамыту, дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: жаз мезгіліндегі күн туралы мәлімет беру; жаз мезгілінде киілетін киімдердің атауларын пысықтау; ұғымталдыққа тәрбиелеу. Жұмбақ жасыру. Ар жағында орманның, Ар жағында таулардың, Алтын кеспек домалар. (Күн.) - Балалар, қараңдаршы? Күн қайда орналасқан? (Күн аспанда орналасқан.) - Күннің нелері бар? (Сәулелері бар.) - Күн қалай қыздырады? (Күн қатты қыздырады. Бүгін күн ыстық.)	**дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: көбелектің қимылын, түр-түсі, қанаттарын бақылап, тіршілігі жайындағы мағлұматты алуға дағдыландыру; байқағыштыққа тәрбиелеу. Жұмбақ жасыру. Гүл ұшып гүлге қонады, Гүл бақшам гүлге толады. (Көбелек.) Бақылау барысы: Балалар, жаз келді. Барлық жәндік атаулы оянды. - Қазір сендермен бірге, көбелекті бақылап көрейік. Гүлге қонып отырған көбелекті қарайықшы. Қараңдаршы, көбелекте не бар?	**сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: "бақбақ"гүлі жайындағы түсініктерді тиянақтау; гүлдер әлеміне деген қызығушылықты арттыру. Жұмбақ жасыру. Өзіне шап-шақ, Киген қалпағы аппақ. Балалар тұр қаптап. (Бақбақ.) Бақылау барысы: - Балалар, қараңдаршы? Мынау не? - Дұрыс. Бұл "бақбақ" гүлі. - Гүлдің құрылымына қарап, қандай бөлшектері бар екендігін байқауға болады? (Қалпағы мен сабағы болады.) - Бақбақтың қалпағы	**ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларға жеңіл және жүк көлігін ажырата білуге үйрету, байқағыштықты дамыту, өз ойларын дұрыс жеткізе білу. Балалармен көшеде кетіп бара жатқан көліктерді қарастыру, оларды жүк, жеңіл көліктерге жіктеуді үйрену. Жұмбақ жасыру. Кеудесінде жаны жоқ, Тамырында қаны жоқ: Май жейді,су ішеді. Бұл не екен балалар? (Көлік.) **Еңбек әрекеті: учаскені ұсақ бұтақтар мен тастардан тазарту.**	**дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: торғайдың сырткы түрінің ерекшеліктері туралы білімді тереңдету, балалардың назарын және есте сақтауын дамыту. Балаларға сұрақтар: - Балалар, торғай кандай? - Ол немен коректенеді? Шоқиды ма, жейді ме? Неге? - Қалай дыбыстайды? Торғай – кең далада тіршілік ететін әнші құс. Денесі сопақша, басы дөңгелек, тұмсығы үшбұрышты, қанаты ұзын, сұрғылт, боз түсті болып келеді. Тақпақ. Торғай, торғай,

	- Балалар, сендер қайдан білдіңдер, күннің ыстық екенін? Өйткені біз жазғы киімдермен жүрміз. Күндіз күн жоғары да тұрғандықтан, күн ыстық болады, ал таңертең мен кешке күн салқын болады. Күн көзі төмендейді. **"Жұбыңды тап" ойыны.** Мақсат-міндеттер: зейінділікке, байқағыштыққа, шапшаңдыққа, кеңістікті бағдарлауға баулу. Ойыншылар тізіліп тұрады. Педагог әр балаға бір сурет-фишкадан таратып береді. Педагог белгісі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі	(Қанаттар.) Қанаттарында әдемі өрнектер бар екен. Көбелекті қанатынан ұстауға болмайды, өйткені олар өте нәзік. Қанаттары сынып, ұша алмай қалады. **"Не, қайда мекендейді?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың аң-құстардың, үй жануарлырының тіршілігі туралы түсініктерін тиянақтау; сөздік қорын байыту; есте сақтау, ойлау, байланыстырып сөйлеу қабілеттерін; дүниетанымын кеңейту. Құралдар: аң-құстарды, үй	дөңгелек, ақ және үлпілдек. Егер үлпілдекті үрлесең, ұқса үлпілдіктерге қадалған дәндер ұшып кетеді (Тәрбиеші үрлеп көрсетеді). - Сабағы қандай? (Сабағы жіңішке, ұзын, жасыл.) - Балалар, жаңбыр жауар алдында, бақбақ өзінің күлтелерін жинап алады, ал күннің көзі шыққан кезде қайтадан ашады. **Еңбек әрекеті: гүлзарларды құрғақ жапырақтардан тазалау.** Мақсат-міндеттер: еңбекке баулу, берілген тапсырмаларды мұқият орындауға	Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекке баулу. **"Көліктердің дыбысын ажырат" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау қабілетін дамыта отырып, есте сақтау қабілетін арттыру, байқампаздыққа баулу. Әр түрлі көліктердің дыбыстарын тәрбиеші балаларға тыңдатқызады. Балалар ажыратуға тырысады. **"Көлік пен торғайлар" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: ойын шарты бойынша, белгіге сай қимылдауға дағдыландыру; ойын кейіпкерлеріне	тоқылдақ, Жерден тары шоқып ап, Бөтегесі бұлтиып, Шық-шық етіп отырмақ. **Еңбек әрекеті: учаскедегі гүлзарларды тазалау** Мақсат-міндеттер: еңбекке дағдыландыру; ересектерге көмек көрсетуге ынталандыру. **"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай қимылдауға жаттықтыру; тышқан, шымшық және жапалақ қимылдарына еліктеуге

	"Жұбыңды тап" белгісі бойынша, бірдей түсті фишкалары бар балалар, жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек. Құралдары: таратпалы жеті түсті фишкалар. Әрбір фишканың жұбы бар. Түрлі түсті фишкалар болмаса, басқа жұпты суреттерді қолдануға болады. **Еңбек әрекеті: табиғи материалдарды жинау.** Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекке баулу, қол еңбегіне қажет материалдарды жинау. **"Допты ұстап ал"**	жануарлырының және мекендерінің суреттері. **Еңбек әрекеті: құрғақ бұтақтарды жинау.** Мақсат-міндеттер: қол еңбекке баулу. **Қимылды ойын "Маған қарай жүгіріңдер"** Мақсат-міндеттер: тәрбиешінің белгісімен әрекет жасауға үйрету. **Дене тәрбиесі бойынша жекелей жұмыс: "Жоғары - төмен".** Мақсат-міндеттер: жылдамдықты дамыту, бір-бірлеріне кедергі келтірмей жүгіруге үйрету. **Балалардың еркін ойыны.**	үйрету. **"Жел мен гүлдер қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттер:ептілік пен шапшаңдықты дамыту, алаңның қарсы бөлігіне қуғыншыдан асканептілікпен қашып өтуге машықтандыру. **Дене тәрбиесі бойынша жекелей жұмыс: кеңістікті бағдарлауға арналған жаттығулар. "Кегльді қағып ал" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: допты тура бағытта домалатып, алшақ тұған кегльді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу.	еліктей білуге бейімдеу; шапшаңдыкка, зеректікке, кеңістікті бағдарлауға баулу. Әр бала "торғай" болып орындыкта отырады. Педагог "көлік" болады. Педагог белгісі бойынша "торғайлар" залдың ортасында кез-келген бағытта жүгіріп ойнайды. Педагогтің "Көлік келе жатыр! Абай болыңдар!" деген белгісінен кейін балалар жүгіріп орындарына "ұяларына" бару керек. Ойын 4-5 айналымды құрайды. Құралдары: "көлікке" (бір-екі бала да болу мүмкін) руль; "торғайларға" медальондар.	ынталандыру; ептілікке, зеректікке, жылдамдыкка тәрбиелеу. Алғашында "жапалақтың" (жүргізушінің) рөлін педагог, содан соң таңдалған баланың бірі сомдай алады. Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" болып ойнайды. Ойында бірінші белгі ретінде: "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар аланда!" - создері айтылады. Екінші белгі: "Түн батты! Шапалақ аңшылыкка ұшып шықты!" - болып айтылады. Бірінші белгіде ойыншылар аланда, бір-біріне соғылмай,

	қимылды ойыны. Мақсат-міндеттер: допты екі қолмен ұстап алуға дағдыландыру; ептілік пен шапшаңдықтарын дамыту. **Балалардың еркін ойыны.**		**Балалардың еркін ойыны.**	**"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді. **Балалардың еркін ойыны.**	жүгіріп жүру керек. Екінші белгіде ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек. Егер кім қозғалса, соны "жапалақ ұстап ұясына тасиды". Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады. Құралдары: ойыншыларға медальондар, "жапалаққа" маска. **Дене тәрбиесі бойынша жеке жұмыс.** Мақсат-міндеттер: кеңістікте бағдарлауды дамыту (бір-біріне итерместен жүгіру). **Балалардың еркін ойыны.**
Серуеннен оралу	Балалар киімдерін дұрыс шешу,шкафтарға бүктеп қою, қолды жуу әрекеттерін одан әрі қалыптастыру. Таза сумен Арман,				

	Беті-қолын жуды. Оған қарап Балжан, Суға қолын созды. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Түскі ас	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Асты-шашпай төкпей іш, Сораптамай баппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Ас ішкенде күнде біз, Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. Балалар алғыс айтып тамақтануға кіріседі. **(мәдени-**	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Асты-шашпай төкпей іш, Сораптамай баппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. Мақсат-міндеттер:: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Ас ішкенде күнде біз, Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. Балалар рақмет айтып тамақтануға кіріседі.	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Кесе,шыны,пияла Оларсыз шай құя ма? Қасықсыз тамақ жемейді, Бәрінің атын не дейді? Өлең жолдарын оқу арқылы, балалардың тәбетін ашу.

	үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**	**гигиеналық дағдылар)**	үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**	**(мәдени-гигиеналық дағдылар)**	**(мәдени-гигиеналық дағдылар)**
Түскі ұйқы	Мақсат-міндеттер: дәретханаға бару, жуыну, киімдерін бүктеу, тыныш ұйықтау сияқты белгілі бір рәсімдерді сақтай отырып, ұйқыға өзін-өзі дайындау дағдыларын қалыптастыру. Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. Ұйықтар алдында шешінгенде, орындықтың арқалығына көйлек немесе жейделерін ілгізіп, ал орындықтың өзіне шалбарын, етектерін бүктеп қойғызу. **"Әлди - әлди" әні.** Көзімнің ағы-қарасы, Жүрегімнің парасы, Уайым-қайғы ойлатпас, Көңілімнің сапасы. Айналайын, шырағым! Көлге біткен құрағым! Маңдайдағы құндызым, Аспандағы жұлдызым. **(көркем әдебиет)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Енді ояндыңдар, төсектен тұрыңдар. Әдемі ирек жолдармен, Лақтарша біз ойнақтап, Тастан - тасқа секіріп, Жалаң аяқ жүреміз. Табанымызды ұқалаймыз. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас	Балалардың назарын тамаққа аудару; тамақтану мәдениетін қалыптастыру, үстел үстіндегі өз-өзін ұстау				

	ережелерін үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**"Не өзгерді?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды кеңістіктікті бағдарлай алуға үйрету, есте сақтауды, қиялды дамыту. Құрал-жабдықтар: "Үй жануарлары" ойыншықтар жиынтығы. Ойын барысы: Тәрбиеші ойыншықтарды үстелге қояды, балаларға оларға мұқият қарауды талап етеді. Балалар олардың орналасуын есте сақтайды. Тәрбиеші балалардан көздерін жұмып, артқа қарауларын сұрайды. Сол кезде	**"Қуыршақ бөлмесін жасаймыз" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: жиһаз және оның мақсаты туралы білімді бекіту. Құрал-жабдықтар: балалар жиһазының заттары. Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға: - Алуа қуыршағына жаңа жиһаз сатып алды, бірақ ол оны бөлмеге қалай қою керектігін білмей тұр. Оған жиһаз қоюға көмектесейік. Тәрбиеші балалармен бірге үстелді ортаға қояды. Үстелдің қажеттілігі туралы, балалардан сұрайды. Мысалы, Асем: "Бұл үстел, біз оны	**"Қапшықта не бар?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың сипап-сезу қабілеттерін дамыту, сөйлеуді дамыту, балалардың сөздік қорын байыту. Құрал-жабдықтар: ойыншықтар. Ойын барысы Тәрбиеші балалардың кез-келгенінен көздерін жұмуды немесе жабуды сұрайды және қапшыққа балаларға таныс ойыншық немесе зат салады. Ойыншылар тәрбиешінің не салғанын көреді, бірақ үндемеуі керек. Олар көзі жұмулы досына жасырынған	**"Кім қалай дыбыстайды?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: сөйлеуді дамыту, сөздерді дұрыс пайдалануға үйрету. Құрал-жабдықтар: жануарлардың ойыншықтары: әтеш, торай, балапан, мысық, күшік. Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға аудиожазба арқылы жануарлардың дауыстарын тыңдатқызады. Тәрбиеші: - Кукареку! Бұл не? Қандай дыбыс шығарып тұр. Бұл әтеш. - Хрю-хрю-хрю... Бұл не? Торай. Ол қандай? жалқау.	**"Тәртіпке келтір" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды "орнына қою", "орнына апару"етістіктерін қолдана отырып сөйлем құруға үйрету. Құралдар: түрлі-түсті текшелер жиынтығы (әр түсті текшеден 2-3-тен болуы тиіс) және 4 кішкентай түрлі-түсті қораптар. Ойын барысы: Тәрбиеші балалардың назарын текшелерге аударады және олардың қандай түс екенін сұрайды. - Енді сендер қуыршақтың текшелерді қораптарға қалай салатынын көресіз

	тәрбиеші бір ойыншықты алып тастайды. Балаларға сұрақ қояды. Қандай өзгерісті байқап тұрсыңдар деп. Балалар жауап береді. Ойын ары-қарай жалғаса береді. **Үстел театры "Шұбар тауық" ертегісі.** Мақсат-міндеттер: балаларды ертегіні мұқият тыңдауға және көруге, кейіпкерлердің қылықтарын бақылауға, ертегілерге деген сүйіспеншілікті арттыруға үйрету	бөлменің ортасына қоямыз. Қуыршақ онда тамақтанатын болады. Орындықты үстелдің жанына қою керек, ол оған отырады. Осылай әр жиһаздың қажеттілігін балалар сипаттап, айтып береді. **"Дүкен" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекке, еңбекті құрметтей білуге, сыпайыгершілікке, ізгілікке, адалдыққа баулу. Қажетті құралдар: ойыншықтар, ыдыс-аяқтар, тағам түрлерінің ойыншықтары, ақ халат, қалпақ, есеп шот, қағаздан жасалған	затты сипаттап берулері тиіс. Бала қолын қапшыққа салып, ойыншықты сипап, оны табуы қажет. Егер ойыншық дұрыс аталса, бала оны өзіне алады, егер жоқ болса, оны қалдырады. Басқа балалар кезекпен ойнайды. **"Бауырсақ" ертегісін сахналау.** Мақсат-міндеттер: Ертегі мазмұның балалардың естеріне түсіріп,сұрақтарға толық жауап берулерін қадағалау. Тіл байлықтарын дамыту. Артистік өнерге машықтандыру, дауыс ырғағын өзгерте отырып, кейіпкерлердің	- Шық-шық... Бұл не? Балапан.Ол не істейді? Шықылдайды. - Мияу-мияу... Бұл не? Мысық. Ол не істейді? Мяулайды. - Ав-ав... Бұл не? Ол не істейді? Үреді. **"Дүкен" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларға ойыншықтарды жалпы белгілер бойынша жіктеуге үйретуді жалғастыру, диалогтық сөйлеуді дамыту, өзара көмек сезіміне тәрбиелеу, балалардың сөздік қорын кеңейту, сенімділіктерін арттыру. Құрал-жабдықтар: дүкенде сатып алуға болатын барлық ойыншықтар,	(үстелге түрлі-түсті қораптар қойылады) - Қуыршакқа қараңыз, ол не істейді?(қуыршақ қызыл текшелерді қызыл қорапқа салады) " - - Ия, ол қызыл текшелерді қызыл қорапқа салады. Бұны қуыршақ жасады? -Сары текшелерді қай қорапқа салу керек? Сары қорапқа дұрыс айтасыңдар. - Сол сияқты, көк текшені көк қорапқа, жасыл текшені жасыл қорапқа салады. **"Аурухана"сюжетті -рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың дәрігер мамандығы туралы, оның іс-әрекеттері туралы білімдерін

		дөңгелектер. Ойын шарты. Бұл ойынды әуелі жеке-жеке ойнатып, әбден жаттыққаннан кейін үш дүкенді қатар ашып ойынды күрделендіру. Балаларды рөлдерге бөлу: 2 бала сатушы, 1 бала кассир, қалғандары тұтынушылар. Тәрбиеші ойын ережесін түсіндіреді. Ереже бойынша сатушылар да, тұтынушылар да бір-бірімен сыпайы сөйлеседі. Бір затты сатып алған соң, рахмет айтуды ұмытпауы керек. Сатушыда өз кезегінде «Тағы да келіп тұрыңыз», - деп ілтипат білдіреді. Бірінші ойыншық	дауысына сала білуге үйрету. Ойын барысы: Автор: Ерте-ерте-ертеде шал мен кемпір тұрыпты. Бір күні шал кемпіріне айтады. Шал(1-бала): Кемпір-ау, маған бауырсақ пісіріп берші. Кемпір(2-бала): Неден пісірейін? Ұн жоқ қой. Шал: Әй, кемпір, қойманың түбін қырып көрсең. Бір бауырсақ пісіретін үн табылар. Автор: Кемпір солай істеді. Қойма түбін қырып-қырып екі уыс ұн табады да. Қаймақ қосып, қамыр илейді. Бауырсақты майға пісіріп, терезе алдына суытуға қояды. Жата-жата	сөрелер, сөмкелер, ақша. Тәрбиеші балаларға ойыншықтар дүкенін ыңғайлы жерде орналастыруды ұсынады. Сатушы тәрбиешінің өзі, сатып алушы балалар болады. Сатып алушылар дүкенге ойыншықтар үшін келеді, таңдайды, төлейді. Ойын барысында тәрбиеші балалардың дүкендегі мінез-құлықтың негізгі ережелерін білуіне назар аударуы керек.	бекітулі жалғастыру, құралдарды (шприц, термометр, тонометр) дұрыс атауға үйрету.

		дүкенін ұйымдастыру. Ойыншық сөресінің жанына үстел қойылып сөреде «Дүкен» деген жазу ілулі тұрады. Кассирдің алдында есепшот, ақша салатын қорап, ақ қағаз, қарындаш. Ойыншық алғысы келген балалар ең әуелі кассирге ақшасын төлейді. Не алғысы келетінін айтады. Кассир чек жазып береді. Чекті алып сатушыға береді. Сатушы «тағы да келіп тұрыңыз» - дейді. Тәрбиеші ойынға жалпы басшылық жасайды.	жалыққан бауырсақ терезе алдынан домалап түсіп, жолға шығып, домалап кетеді. Жолда домалап келе жатса, алдынан қоян шығады. Қоян(3-бала): Бауырсақ! Бауырсақ! Мен сені жеп қоямын! Бауырсақ(4-бала): Жоқ, сен мені жеме, қоян, мен өлең айтып беремін, тыңдап көрші. Әже қойма қырнаған, Екі уыс ұн жинаған, Қаймаққа илеген, Майға пісірген, Терезе алдына суытқан, Бауырсақпын домалақ! Атадан кеттім, Әжеден кеттім, Қоян сенен де		

			кетемін! Автор: Бауырсақ алға қарай домалап кетеді, қоян қалып қояды. Бауырсақ орман ішіиен домалап келе жатқанда, алдынан қасқыр шығады. Қасқыр(5-бала): Бауырсақ! Бауырсақ! Мен сені жеп қоямын! Бауырсақ: Жоқ, сен мені жеме, мен өлең айтып беремін, тыңдап көрші. **Бауырсақтың әні.** Автор: Бауырсақ домалап кетеді. Қарсы алдынан қорбандап аю шығады. Аю(6-бала): Әй, бауырсақ! Мен сені жеп қоямын! Бауырсақ: Жоқ, сен мені жеме, мен өлең айтып беремін,			

			тыңдап көрші. Бауырсақтың әні. Автор: Бауырсақ домалап кетеді, аю қалып қояды. Бауырсақ зымырап келе жатса, алдынан түлкі шыға келеді. Түлкі(7-бала): Амансың ба, бауырсақ! Көргендерге ұнайсың, қандай әдемісін! Автор: Бауырсақ қуанып, өлеңін айта бастайды. Түлкі болса тыңдаған болып, білдірмей бауырсаққа жақындап отырады. Бауырсақ: Әже қойма қырнаған, Екі уыс ұн жинаған, Қаймаққа илеген, Майға пісірген,		

			Терезе алдына суытқан, Бауырсақпын домалақ! Атадан кеттім, Әжеден кеттім, Қоян сенен де кетемін! Түлкі: Әдемі өлең екен! Айналайын, бауырсақ, мен қартайдым, құлағым естімейді ғой. Кәне, менің тұмсығыма отырып, өлеңді тағы бір айтып берші. Автор: Бауырсақ мақтағанға мәз болып, түлкінің тұмсығына шығып, өлеңін айта бастағанда, түлкі бауырсақты «ап!» деп жеп қояды.		
Балалармен жеке жұмыс	**"Түрлі-түсті моншақтар"**	**"Түстер туралы ертегі" оқып беру.**	**"Бұлттар мен құстар" саусақ**	**"Көліктерге арналған түрлі-**	**Көркем сөзді жаттау жаттығуы.**

	жаттығуы" Мақсат-міндеттер: негізгі түстер (көк, қызық, сары. жасыл) туралы білімдерін нығайту. Ұсақ қол моторикасын дамыту.	Мақсат-міндеттер: балаларды көркем сөзді мұқият тыңдап, мазмұнын дұрыс түсінуге баулу. Ерте, ерте ертеде, ешкі жүні бөртеде қызыл, сары, көк бояулар өмір сүріпті. Олар өте тату-тәтті болыпты. Күндердің күндері олар қызықты оқиғаларға тап болады. Бір күні қызыл түс сары түске қонаққа келеді. Бір мезетте үй ішіндегі шам сөніп қалады. Түстер бір-бірімен соқтығысып жүрген кезде. Тағы бір түс пайда болады. Ол түс Қызғылт сары түс екен. Жаңбыр жауып тұрған кезде болған оқиға Көк бояу мен кіші қарындасы Сары бояу жаңбырдан	**жаттығуы, жаңылтпаш.** Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінінің ырғағына сай қимылдауға дағдыландыру; артикуляцияны, ой-қиялын жетілдіру, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Бұлттар құстай ұшады, (Қолдарды қырынан қосып, саусақтармен бірге бұлғау, құстың ұшқанына еліктеу) Құстар бұлттай ұшады, Көк аспанда, биікте, (Аталған қимылдарды, қолдарды жоғары көтеріп, төмен түсіріп, орындау)	**түсті жолдар" ойыны.** Мақсат-міндеттер: түске назар аудара отырып, сурет салуды үйрену, сөздік қорларын толықтыру.	Мақсат-міндеттер: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру. "Кемпірқосақ". Жаңбыр жауып басылды, Аспан шайдай ашылды. Суретші екен табиғат, Бояуларын дайындап, Түр-түсін дәл тауыпты, Кемпірқосақ салыпты. Ш. Әлдибекұлы.

		қорқып, емен ағашының астына тығылады. Жаңбыр қатты жауғаннан бояулары езіле бастайды, олардың бояулары араласқан кезде Жасыл бояу пайда болады. Ары қарай мынандай жағдай болды. Көк түс өзінің қуанышын бөлісейін деп осы қуанышымен Қызыл бояумен бөліспек болып, Қызыл бояуды құшақтап алғанда Күлгін түс пайда болады. Солай осы өмірге жаңадан Қызыл-сары, Жасыл, Күлгін түстер пайда болған екен. Барлық бояулар қол ұстасып, үлкен шеңбер жасайды. Осыдан кемпірқосақ пайда болады.	Қанат жайып, ұшады. Бұлттар құстай болмайды, (Саусақпен бұлғау) Құстар бұлттай болмайды. Бұлттар құстай бұтаға (Қолдарды қырынан қосып, саусақтармен бірге бұлғау, құстың ұшқанына еліктеу) Қанат жайып қонбайды. (Саусақпен бұлғау) Д. Ахметова. **"Жаз" тақырыбындағы әңгіме** (сюжеттік суреттерді қарау). Мақсат-міндеттер: сөздік қорларын нығайту.		

Серуенге дайындық	Серуенге жиналу кезінде балаларға белгілі бір реттілікпен киюді түсіндіру. Ауладағы қауіпсіздік шараларын түсіндіру.	Серуенге жиналу кезінде балаларға белгілі бір реттілікпен киюді түсіндіру. Ауладағы қауіпсіздік шараларын түсіндіру.	Серуенге жиналу кезінде балаларға белгілі бір реттілікпен киюді түсіндіру. Ауладағы қауіпсіздік шараларын түсіндіру.	Серуенге жиналу кезінде балаларға белгілі бір реттілікпен киюді түсіндіру. Ауладағы қауіпсіздік шараларын түсіндіру.	Серуенге жиналу кезінде балаларға белгілі бір реттілікпен киюді түсіндіру. Ауладағы қауіпсіздік шараларын түсіндіру.
Серуен	**Күнді бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: серуендеуге, күнге деген қызығушылықты ынталандыру. Күннің кешке төмендеу түсетінін көрсету, күннің салқындау болғанын сезінуге шақыру. **"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды белгі	**Көбелекті бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсаты: көбелектің қимылын, тіршілігі бақылауға дағдыландыру; байқағыштыққа тәрбиелеу. Көбелек-ау, көбелек, Әдемісің, гүлдейсің. Ұстап сені не керек, Ойнамайсың күлмейсің. **"Гүлдер мен аралар" қимыл-қозғалыс ойыны.**	**Бақбақ гүлін бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсаты: бақбақ туралы түсініктерді тиянақтау; гүлдерге деген қызығушылықты арттыру. - Балалар, мен сендерге осы "Бақбақ" гүлі туралы ертегі оқып берейін,мұқият тыңдайық. Көктем келді. Бір күні көгал арасынан	**Көліктерді бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсаты: балалардың назарын кешке балабақшаға келетін көліктерге аудару; байқағыштыққа тәрбиелеу. Бұл көліктердің көпшілігі -жеңіл көліктер. Жеңіл көліктер жайлы мәлімет беру. **"Көлік пен торғайлар"**	**Торғайды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсаты: торғай туралы түсініктерді жетілдіру; зеректікке, қамқорлыққа тәрбиелеу. Шыр-шыр еткен торғайды, Қорғамасаң, болмайды. Кіп-кішкене торғайлар Ағаштарды қорғайды.

	бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу. Шарты: балалар күн дегенде барлығы қыдыруға шығады. Ал «жаңбыр» дегенде ашқан қолшатырдың айналасына жиналады. **"Кегльді қағып ал" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: допты тура бағытта домалатып, алшақ тұрған кегльді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке,	Мақсаты: балаларды белгі бойынша жұптарға жиналуға және жан-жаққа тарап жүгіруге дағдыландыру. Құралдар: таратпалы медальондар: гүлдер мен аралар. **"Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы.** Мақсаты: балалардың кегли арасымен баяу және ептілекпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту. Құралдар: кегльдер. **Еңбек тапсырмасы: құмды құмсалғыштың шетінен құмды ішке қарай сыпыру.** Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу.	кішкентай бақбақ гүлі шығып жан-жағына қарап: - Қызық! Ертең мен өскенде қандай болар едім? - деп ойланады. Бір кезде жай жаңбыр жауады, бақбақ оданда жоғары өсіп, аспандағы күнді көреді. - Мәссаған! Анау күн секілді жап жарық болып өссем ғой? - деп армандайды. Оны естіген күн жымия төменге қарап, бақбақ гүлді сары түске айналдырады. Күн сайын ол сарғайып жәндіктердің күні болады. Арада күндер өтеді бақбақ гүлі аспанда жылжып бара жатқан аппақ,үлпілдеген	**қимылды ойыны.** Мақсаты: ойын шарты бойынша, белгіге сай қимылдауға дағдыландыру; ойын кейіпкерлеріне еліктей білуге бейімдеу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлауға баулу. Әр бала "торғай" болып орындықта отырады. Педагог "көлік" болады. Педагог белгісі бойынша "торғайлар" залдың ортасында кез-келген бағытта жүгіріп ойнайды. Педагогтің "Көлік келе жатыр! Абай болыңдар!" деген белгісінен кейін балалар жүгіріп орындарына "ұяларына" бару	Таспен атып торғайды Ұя бұзған оңбайды. Құс өкпелеп кетеді, Бақшамызға қонбайды. **"Мысық пен торғайлар" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: ойын шарты бойынша, белгіге сай қимылдауға дағдыландыру; ойын кейіпкерлеріне еліктей білуге бейімдеу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлауға баулу. Алғашында "мысық" рөлін педагог атқарып, кейін балалар арасынан таңдалады. "Торғайлар" белгілі жерге жиналады немесе орындықтарға

	зеректікке баулу. **Еңбек тапсырмасы: ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру.** Мақсат-міндеттер: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. **Балалардың еркін ойындары.**	**Балалардың еркін ойындары.**	бұлттарды көреді. - Мәссаған! Менде анау бұлттар секілді аппақ болсам ғой! - дейді. Жоғарыдағы бұлттар төменге қарап, әлгі бақбақты аяғы бар бұлтқа айналдырады. Кенеттен жел соғып бұлттар жан-жаққа ұша бастайды, алыс-алыс жерлерге. Бірақ ұшқан бұлттар қонған жерлерінде алдымен сары күн түстес, содан соң ақ бұлт түстес болып, осылайша бақбақ гүлдері пайда болған екен. **"Кім бірініші?" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: балаларды тура бағытта белгі бойыгша жылдам жүгіруге	керек. Ойын 4-5 айналымды құрайды. Құралдары: "көлікке" (бір-екі бала да болу мүмкін) руль; "торғайларға" медальондар. **"Себетке допты лақтыр" ойын жаттығуы.** Мақсаты: балаларды доппен ойындарға тарту; дәлдікке, мергендікке, шапшаңдыққа, зеректікке баулу. Педагог балаларды екі топқа бөледі. Екі топ ортасында себет тұрады. Балалар допты жерге лақтырған кезде, секіріп себетке түсіру керек. Себетке көп доп лақтырған балалар тобы жеңіске жетеді. Құралдары: спорттық	отырады; бұл жер "торғайлардың ұясы". Педагогтің: "Торғайлар, ұшыңдар! Жемді шоқыңдар!" деген нұсқау-белгісі бойынша балалар жүгіріп келіп, топғайлардың қимылдарына еліктеп, "ұшып жүргенін, отырып, жемді шоқығанын" көрсетіп, ойнайды. Педагогтің: "Абайлаңдар, мысық ыршып алмасың! (дегенге - балалар бастапқы орындарына, бір-біріне соғылмай жүгіреді. Балалардың белгілі орынға жүгіру барысында, олардың арасынан қолмен

			машықтандыру; шапшақдыққа, зеректікке, достық қарып-қатынастарға тәрбиелеу. Педагог балаларды екі топқа бөледі. Педагогтің белгісі бойынша балалар тура бағытта, белгіленген межеге дейін жүгіріп баруы керек. Ең бірінші болып межеге жеткен топ балалары, жеңіске жетеді. Педагог барлық жұптарды мақтайды. Жүгіру жолы балалар үшін қауіпсіз болуын педагог ескеру керек. **Еңбек тапсырмасы: құның бетін ұсқа қоқым, бұтақтардан тазалау.** Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу. **Балалардың еркін**	құралдарды жинауға арналған себеп, балаларға доптар. **Еңбек тапсырмасы: құраған жапырақтарды жинау.** Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу. **Балалардың еркін ойындары.**	ақырын түртіп, "ұстап алуға" болады. Бұндай әрекетті "мысық" болған бала да жасай алады. Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін. Құралдары: "мысыққа" - маска, "торғайларға" медальондар. **Еңбек тапсырмасы: құмды құмсалғыштың шетінен құмды ішке қарай сыпыру.** Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу. **Балалардың еркін ойындары.**

			ойындары.		
Серуеннен оралу	Балалар киімдерін дұрыс шешу,шкафтарға бүктеп қою, қолды жуу әрекеттерін одан әрі қалыптастыру. Таза сумен Арман, Беті-қолын жуды. Оған қарап Балжан, Суға қолын созды. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Кешкі ас	Алдыңдағы түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттап айту; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** Музыкалық аспаптармен ойындар. Білім күніне арналған әндер тыңдату. **(шығармашылық дағдылар, музыка)** Өнер бұрышында ойыншықтар тақырыбында сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру. **(шығармашылық, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. **(танымдық дағдылар)** Кітаптарды санау, өлшеу, салыстыру.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Ата-аналармен жазғы кезең туралы әңгімелесу: киімге қойылатын талаптар, жазғы кезеңдегі күн тәртібі және т. б.	Ата-аналармен балалардың жазғы сауықтыру кезеңінде белсенді демалуы туралы әңгіме.	Туындаған сұрақтар бойынша ата-аналармен жеке әңгімелесу.	Ата-аналарды "Серуендеуге арналған ойыншықтар" науқанына қатысуға шақыруды ұсыну.	Демалыс күндері күн тәртібін сақтау туралы ата-аналармен әңгіме.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) Күншуақ тобы
Топ: ортаңғы
Балалардың жасы: 3 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 10.06 - 14.06.2024ж.
Педагогтың аты-жөні Аманова Гульжан

апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
үн тәртібі					
алаларды абылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім күніне арналған мерекелік қабылдауды әзірлеу. **(сөйлеуді дамыту, музыка)**				
та-аналармен немесе баланың асқа заңды кілдерімен кеңес, ңгімелесу	Ата-аналармен күн тәртібі туралы әңгіме.				
алалардың дербес рекеті аз қимылды, үстел сті йындары, йнелеу іс-әрекеті, ітаптарды қарау кәне басқалар)	**Аквариумдағы балықты қоректендіру.** Мақсат-міндеттер: тапсырылған іске қамқорлық, жауапкершілік сезімін дамыту. **(еңбек іс-әрекеті)**	**Бөлме өсімдіктерін суару.** Мақсат-міндеттер: өсімдіктердің жарықтандыру мен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту. Сумен және өсімдіктермен жұмыс жасау кезінде ұқыптылықты, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауға бейімдеу. **(еңбек іс-әрекеті)**	**"Топтың ішін ретке келтір".** Мақсат-міндеттер: балаларды шкафтарды, ойыншықтарды тазалауда ересектерге көмектесуге тарту (орындықтарды қатарға қою); еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру. **(еңбек іс-әрекеті)**	**"Кітап бұрышын тәртіпке келтір".** Мақсат-міндеттер: балалардың тазалыққа, тәртіпке деген ұмтылыстарын қуттау, кітапты ұқыпты ұстауға қалыптастыру. **(еңбек іс-әрекеті)**	**Ойыншықтарды жинау.** Мақсат-міндеттер: балаларға ойыншықтарды таза және ұқыпты ұстауға, ойынан кейін орнына қоюға дағдыландыру; еңбекқұйгіштікті дамыту, өз еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)**
	"Үйшікте кім тұрады?" үстел ойыны. ("Үйшік" ертегісі желісімен") Мақсат-міндеттер: балалардың сөздік қорын байыту, есте сақтау қабілетін дамыту. Барысы. Педагог үйшік терезесінен ертегі кейіпкерлерінің суреттері бар суреттерді көрсетеді, балалар оларды атайды. **"Пойыз келе жатыр" саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды	**Саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Бас бармақ – атам, Балан үйрек - әжем, Ортан терек - әкем, Шылдыр шүмек – анам,	**Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ойын маған ұнайды, Көп ойнауға болмайды. Күш бойы дөп қусаң, Ақыл-білім қонбайды.	**Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Үйге мықты қабырға керек, Адамға жылы үй керек. Жылы үйде тоңбайсың, Ойнайсың да ұйықтайсың	**Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Менің үйім осындай, Кең, жарық та қонақжай. Шақырамын, келіңдер! Көмектесіп жіберіңдер.

	жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Пойыз келе жатыр: Тоқ-тақ-тоқ, Тоқ-тақ-тоқ. (Саусақтарды үстел бетінде ырғақтарға сай кезегімен, күйсандықтың пернесін басқандай тықылдату) Жылдам келе жатыр: Тоқ-тақ-тоқ, тоқ-тоқ. (Саусақтарды үстел бетінде ырғақтарға сай кезегімен, күйсандықтың пернесін басқандай тықылдату) Барлық бала күтіп қалды: Алақан, алақан! (Алақандарды жайып, өзара ұқалау) Қуанышпен қарсы алады: - Алақай! Алақай! (Алақандармен шапалақтау)	Кішкентай бөбек – мен, Міне, менің барлық отбасым. Құралдары: саусақтарға кигізілетін маскалар. **Көркем сөз.** Достарды жинайық, Мұнараны құрайық. Үлкені үстіне орташасын, Оның үстіне кішкентай данасын, Қоямыз да Дананы қуантамыз. **(сөйлеуді дамыту)** **Пирамидаларды құру жаттығулары.** Пирамиданы құрайтын сақиналардың саны 8-10 дана. Мақсат-міндеттер: ұсақ қол моторикасын, көлемді, түсті ажырату қабілеттерін дамыту. **(сенсорика)**	**"Лото" үстел ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды топтауға баулу, зейінді, байқауды дамыту. Балалар суреттердің жалпы атаулары бойынша жинайды. Құралдары: ойыншықтар, киім, тамақ және т. б. заттық карточкалар мен топтастыруға арналаған панно-карточкалар.	Көп шаруа тындырасың Қонақты да шақырасың. **"Суретті жина" үстел ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды бөлшектерден тұтас жинауға үйрету. Құралдары: төрт-алты бөлікке бөлінген суреттер.	Д. Ахметова. Құралдары: әртүрлі қаланған үйлердің үлгі суреттері. **"Үй салу" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды үлгіге қарап, үйді құрастыруға машықтандыру; қиялды, зейінді дамыту; ұсақ моторикасын дамыту. Ойын құралдары. "Лего" немесе ағаш құрылыс ойыншықтары. Тәрбиеші өз ойларынан үйлер құрастыруды ұсыну мүмкін.
Ертеңгілік жаттығу	**"Орман алаңқайында".** "Күн шығады". Б.қ. тік тұру, аяқ алшақ; 1-3- қолды алға, жоғары көтеру; Б.қ. "Күнге жылынамыз". Б.қ. қолды артқа ұстау; 1-2- қолды алға созып, алақанды ашып, саусақты қозғалту, иілу; 3-4- б.қ. "Ағаштар қозғалады". Б.қ. қол төменде; 1- қол жоғарыда; 2- оңға, солға иілу. 3-4 б.қ. **(дене шынықтыру)**				
Таңғы ас	Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Балалардың беті мен қолын жуу, таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны құрыс ұстауды дағдыландыру. Тамақтанғаннан кейін бет пен қолды жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**"Біздің көшедегі үйлер" тақырыбындағы суреттерді қарау.** Мақсат-міндеттер: балаларды әңгіме құрастыруға дағдыландыру, сөздік қорларын дамыту, өз ойларын толық	**"Біз қайда болдық - айтпаймыз..." ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың зейінін, есте сақтауын, қиялдық ойлауын дамыту. Балалар таңдаған жүргізуші есіктен	**"Үйді салғым келеді" саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға	**"Қалпақ және кішкене таяқша" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды мұқияттылыққа, ептілікке тәрбиелеу. Ойнаушылар шеңбер жасай тұрады.	**Құрылыс туралы мақал-мәтелдер, пақыл сөздерді жаттау.** Мақсат-міндеттер: сөйлеу, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. 1. Ер қадірін ер білер,

	жеткізуге үйрету.	шығады, ал қалған балалар мұғаліммен бірге кімді немесе нені бейнелейтінін келіседі. Содан кейін жүргізуші кіріп: "Бізге қай жерде болғаныңызды айтыңыз, не істедіңіз?" Балалар жауап береді: "Біз қайда болғанымызды айтпаймыз, бірақ не істегенімізді көрсетеміз" (егер олар акцияны бейнелеуге келіскен болса) немесе "біз кімді көргенімізді көрсетеміз" (егер олар жануарды бейнелесе) және т.б. Ойын барысында мұғалім балаларға жануарлардың немесе заттардың өзіне тән белгілерін табуға және оларды мәнерлі жеткізуге көмектеседі.	дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Үйді салғым келеді, (Шапалақтау) Қабырғасы керегі, (Шапалақтау) Қабат-қабат кірпіштер (Жұдырықтарды бір-бірінің үстінен қойып, орындарын алмастыру) Қатар-қатар кезегі. (Жұдырықтарды бір-бірінің үстінен қойып, орындарын алмастыру) Шатыр болса төбесі, (Қос алақандар ұштарын тиістіріп, "шатыр" құру, бастың төбесіне қою) Үшбұрышты жебесі, (Қос алақандар ұштарын тиістіріп, "шатыр" құру, бастың төбесіне қою) Терезелер - көзайна. (Көздерді ашып-жұму) Мен ғой - үйдің иесі. (Алақандарды өз кеудесіне салу) Д. Ахметова	Ойын бастаушы белгіленеді, ол кішкене таяқшаны алады да шеңбердің ортасында тұрады. Тәрбиеші оның басына қалпақ кигізеді. Қалпақ баланың мұрнына дейін кигізіледі, көздеріне тимей-ақ, оның көзін жабады. Балалар қолдарын ұстасып, шеңбер бойымен жүтіреді де: «Бір, екі, үш, төрт бес — кішкене таяқша тықылдайтын болады» - дейді. Бұл уақытта ойын басқарушы жүресінен отырып кішкене таяқшамен еденді тақылдатады. Балалар соңғы сөзбен тоқталады, ал ойын басқарушы кішкене таяқшасын балалар жаққа сілтейді. Кішкене таяқша кімді нұсқаса, сол кішкене таяқшаның ұшынан ұстайды да, ойын басқарушының атын атайды, ал ойын басқарушы кім оны атады, соны табуы керек. Жаңа ойын бастаушымен ойын қайталанады.	Зер қадірін зергер білер 2. Жігіт адамға жетпіс өнер де аз. 3. Қазаншының өз ерні Қайдан құлақ шығарса.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Менің қалам" Мақсат-міндеттер: Балаларға қала туралы түсінік беру,қаланың құрылысы туралы әңгімелеу,құрылысшылар туралы айту.	**Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Құммен ойнаймыз" Мақсаты: Балаларды еденде тұрған гимнастикалық тақтаймен тартылып өрмелеу техникасын дамыту; алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру дағдыларын жетілдіру; қораз туралы білімдерін толықтыра отырып, қораздың дыбысталуын тыңдату; оқу қызметіне деген қызығушылықтарын ояту.	**Мүсіндеуден ойын-жаттығу** "Туған қалам" түрлі-түсті тұзды қамырдан тақырыптық мүсіндеу. Мақсаты: Қаламызда әр-түрлі үйлер, көшелер, дүкендер, дәріханалар, кинотеатрлар бар екендігі туралы елестетулерді дамыту; тұзды қамырдан төртбұрышты, тікбұрышты, үшбұрышты заттар (дүкен, үйлер, кеңселер, кинотеатрлар) жасауды үйрену; мүсіндеу тәсілдерін бекіту (тарту, тегістеу); үлгіні елестетуді, қиялдауды дамыту; өз қаласына деген оң көзқарас тудыруға, өз қаласына деген мақтаныш сезімімен қарауға тәрбиелеу.	**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Құм қалашығы" Мақсаты: Балалардың құм туралы білімдерін бекіту,құммен қарапайым тәжірибе жасай білу; қолдың ұсақ моторикасын дамыту, қиял мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ету; табиғатқа ұқыпты қарауға, қоршаған ортаға қызығушылық танытуға тәрбиелеу.	**Музыкадан ойын-жаттығу** "Біздің әсем қала" Мақсаты: Балаларды жолда жүру ережелеріне сәйкес бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру. Ойын арқылы балаларға жолда жүру ережелерін үйрету. Көше, жол, жаяу адам жүретін жол мен көліктер туралы түсініктерін жетілдіру. Музыкадағы бейнелерді ажыратуға үйрету. Әннің ширақ, сергек, сабырлы сипатын ажырата білуге тәрбиелеу.
2- таңғы ас	Алдындағы түскі асқа назар аудару, үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Серуенге дайындық	Серуеннен оралған кездегі қажетті іс-әрекеттерді сақтау, шешіну, заттарды бүктеу, орнына дұрыс қоюды үйрету. *Жуынуға арналған жаттамақ жаттығуы.* Мақсат-міндеттер: есте сақтау, қабылдау, елестету, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.				

	Құралдар: сабын. Сабындаған кезінде Ашытады көзіңді. Бола білсең төзімді, Тап-таза етер өзіңді. Тазалықтың досы - Сабын деген осы.				
Серуен	**Көліктерді бақылау.** Мақсаты: көліктер және олардың түрлері туралы білімдерін толықтыру, жүргізуші мамандығына қызығушылықтарын қалыптастыру. Бақылау барысы. Тәрбиеші көшеде кетіп бара жатқан көліктерге қарауды талап етеді. Жеңіл көлік қай жерде жүреді. (Жерде.) Бізге көлік не үшін керек? (Жұмысқа, қонаққа, мектепке бару.) Балалар, көліктер әр түрлі болады. Көшеде біз көптеген көліктерді көреміз, көліктер ұзақ жол бойымен ағылып кетіп жатады. **Еңбек әрекеті: құрғақ бұтақтарды жинау, ауланы сыпыру.** Мақсаты: тазалық пен тәртіпке үйрету; бірлесіп жұмыс істеуге үйрету. **"Түрлі-түсті көліктер" ойыны.** Мақсаты: заттар (рөлдер) арқылы дене белсенділігін дамыту; ережені сақтауға, кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру. Құралдары: балалардың кеуделеріне ілінетін таңбалар (түрлі-түсті машинар), рөлдер. **"Тауық пен түлкі" ойыны.** Мақсаты: белгі бойынша тез әрекет ету қабілеттерін жетілдіру, ептілікті дамыту. **Дене тәрбиесі бойынша жекелей жаттығулар.** Мақсаты: екі аяқпен бір орында секіру, дұрыс қозғалу. **Балалардың еркін ойыны.**	**Аспанды бақылау.** Мақсаты: балаларға аспанның әсемдігін көруге бейімдеу; қадағалау барысында бұлтты ажырата білу, аспан бұлтты, бұлтсыз екенін бақат; бұлттың қозғалысы және өзгерісі жөнінде бақылағанда қадағалауды дамыту; табиғаттың әсемдігін тамашалауға тәрбиелеу. Ашық аспанда бұлтты байқау жеңілірек, оның баяу қозғалатынын, бірте-бірте көбейіп, өзінің түрін өзгертетінін,мақтаға ұқсайтын массаға айналатынын, немесе, керісінше, азайып және еритінін атап өтуге болады. Жұмбақ. Көзі жасты – жылауық, келе жатыр бір алып. Жабырқаса, жылайды, жадыраса құлайды. (Бұлт.) Тақпақ. - Ақсың, сұрсың, қарасың, Қайда қалқып барасың? - Жерге нөсер төгемін, Өссін гүлдер, көп егін! - Гүл-гүл жайнап өсер көк, Нөсерлетсең, нөсерлет. **"Не жөнінде айтылады?" ойыны.** Мақсаты: сипатты белгісі бойынша табиғат құбылысын шеше білуге машықтандару (жарқырайды, аспан, бұлыңғыр найзағай ойнайды). **"Доңгелек лапта" қимылды ойыны.** Мақсаты: екі топқа бөліне білуге үйрету, ойыншыларға допты лақтыру, ойын тәртібін (сызықты баспай) сақтай	**Құстарды бақылау.** Мақсаты: құстар (торғай, көгершін, қарға, сауысқан) туралы жалпы мағлұматтар беру; жылы жаққа ұшып кететін құстар (қарлығаш, көкек, бұлбұл) туралы түсінікті тиянақтау. - Балалар, қандай құстарды білесіңдер? - Құстар немен қоректенеді? - Жылы жаққа ұшып кететін құстарды білесіңдер ме? - Құстардың жазғы тіршілігі қандай? - Құстардың қандай түрлерін білесіңдер? - Құстар қандай дыбыс шығарады? Тақпақ. Бөдене, бөдене, Бұғып қалып көдеге, Ұстатпайды қусам да, Тойғызар ем бедеге. **"Ұшты - ұшты" ойыны.** Мақсаты: балаларды ұшатын заттар мен ұшпайтын заттарды ажырата білуге үйрету. Тәрбиеші балаларға ұшатын құс, әуе көлік атауларын, сонымен қатар кез келген атауларды атайды. Егер олар ұшатын болса құс қанатын қағып қимыл көрсетеді. Ал, егер ұшпайтын зат атауын атаса, онда қолдарын қимылдатпайды. Егер керісінше ұшатын затта қимылдатпай, ұшпайтын затта қимылдатса, бала ойыннан шығарылады. Мысалы: Ұшты - ұшты, ұшақ ұшты –	**Ауладағы адамдардың еңбектерін бақылау.** Мақсаты: балаларды қырағылыққа, сұрақтарға толық жауап бере білуге баулу; еңбекті құрметтеуге тәрбиелеу. - Балалар, сендер жұмыс істей білесіңдер ме? - Ендеше бүгін біз сендермен ауладағы адамдардың жұмыстарын бақылаймыз. - Жыл мезгілдеріне байланысты жұмыста әртүрлі болып келеді. Сонымен жазда қоқыстарды жинап аула сыпырса, ал қыста басқаша. Қыста қар күрейді. **"Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Балалар шеңбер құрып отырады, ал шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойынша отырған баланың біріне орамалды артына тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орынына отыруы керек. Қуушы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады.	**Желді бақылау.** Мақсаты: ауа қозғалысы жөнінде бастапқы түсініктемені нығайту. Желдің нашар, күшті жақтарын ажырата білуге үйрету; қандай белгілері бойынша желдің күштілігін анықтау қажет екенін түсіндіре білу: ағаш қозғалса күшті жел, шөп тербелсе әлсіз жел. Жазғы желді қысқы желмен салыстыра білуге үйрету. Жұмбақ. Қанаты жоқ – ұшады, Аяғы жоқ – қонады. (Жел.) Тақпақ. Желдет, желдет! Баласын жылат, Жетікара, дауылдат! Тайтерісін қалтырат, Өрісін құлат, Науа-астауын жылтырат! **"Қол ұстасып жүру" ойыны.** Мақсаты: белгі бойынша ортаға қозғалуға, екі шеңбер құра білуге үйрету (орталар қарама қарсы жаққа айналады, қолдарын ұстамай бір жағына); ұжымдық сезімге тәрбиелеу. **Еңбек әрекеті: үй өсімдігін отырғызу (тәрбиешінің көмегімен).** Үй өсімдігін отырғызуды бақылау. Мақсаты: жұмыс аяқталған соң жұмыс орнын өз бетінше жинауға үйрету. **"Ойлан, асықпа" ойыны.** Мақсаты: зеректікке, тапқырлыққа,

		отырып; қозғалыс тепе-теңдігін дамыту. **Еңбек әрекеті: құрап қалған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен).** Мақсаты: балалардың қарапайым еңбек дағдыларына баулу. Құралдары: қолғаптар, қаптар. Педагог балалардың шөптерге аллергиясын ескеру тиіс. **Балалардың еркін ойыны.** Мақсаты: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету.	десе, қолдарын қимылдатады. Ұшты - ұшты, кітап ұшты – десе, қолдарын қимылдатпайды. **"Көлік пен торғайлар" қимылды ойыны.** Мақсаты: ойын шарты бойынша, белгіге сай қимылдауға дағдыландыру; ойын кейіпкерлеріне еліктей білуге бейімдеу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлауға баулу. Әр бала "торғай" болып орындықта отырады. Педагог "көлік" болады. Педагог белгісі бойынша "торғайлар" залдың ортасында кез-келген бағытта жүгіріп ойнайды. Педагогтің "Көлік келе жатыр! Абай болыңдар!" деген белгісінен кейін балалар жүгіріп орындарына "ұяларына" бару керек. Ойын 4-5 айналымды құрайды. Құралдары: "көлікке" (бір-екі бала да болу мүмкін) руль; "торғайларға" медальондар. **Еңбек әрекеті: ауланы сыпыруға көмектесу.** Мақсаты: ұқыптылыққа, жинақылыққа үйрету. **Балалардың еркін ойыны.** Мақсаты: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету.	**Еңбек әрекеті: аулադағы ағаштардан түскен бұта-қоқыстарды жинау.** Мақсаты: балаларды бірлесе жұмыс жасай білуге баулу. **"Шеңберден шеңберге" жаттығуы.** Мақсаты: балаларды жерде жатқан бір шеңберден екінші шеңберге секіріп өтуге машықтандыру; секіріп жылжуда мұқияттылыққа, шеңбердің шетін баспауға дағдыландыру; шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Құралдары: үш-төрт шеңбер. **Балалардың еркін ойыны.** Мақсаты: өздерінің еріктері бойынша ойын түрлерін таңдау; ойын ойнау кезінде белсенділік таныта білуге тәрбиелеу.	жылдамдыққа тәрбиелеу. Тәрбиешi тапсырмасы бойынша сөз табу. «Күннің көзі» сөзіне - айқын, ыстық,жарық...; «аспан» сөзіне - бұлт, көгілдір, жаңбыр сәйкес келетін сөз табу. Тапсырма. Су бойынша желдің күштілігін анықтау. **"Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы.** Мақсаты: балалардың кегли арасымен баяу және ептілікпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту. Құралдар: кегльдер. **Балалардың еркін ойыны.** Ойында балалардың өз бетінше бір бірімен араласа білуін, өзінің іс әрекетімен қызығын білдіруге, өз пікірінде тұруға, құрдасының ұсынысымен келісе алмайтынын көрсетуге үйрету.
Серуеннен оралу	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.				
Түскі ас	Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Балалардың беті мен қолын жуу, таңғы аска отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны құрыс ұстауды дағдыландыру. Тамақтанғаннан кейін бет пен қолды жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Түскі ұйқы	Мақсат-міндеттер: дәретханаға бару, жуыну, киімдерін бүктеу, тыныш ұйықтау сияқты белгілі бір рәсімдерді сақтай отырып, ұйқыға өзін-өзі дайындау дағдыларын қалыптастыру. Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. Ұйықтар алдында шешінгенде, орындықтың арқалығына көйлек немесе жейделерін ілгізіп, ал орындықтың өзіне шалбарын, етектерін бүктеп қойғызу. **"Әлди - әлди" әні.** Көзімнің ағы-қарасы, Жүрегімнің парасы, Уайым-қайғы ойлатпас, Көңілімнің сарасы. Айналайын, шырағым! Көзге біткен құрағым!				

	Маңдайдағы құндызым, Аспандағы жұлдызым. **(көркем әдебиет)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Керуеттегі жаттығулар Көзімізді ашайық Аунап, қунап алайық , Ұйқымызды ашайық "Самал жел" - ішге жатып, қолдары дене бойында. Бастарын сәл көтеріп, жел соққанын келістіру: "Ф-ф-ф". "Желдің желпуі" - ішке жатып, қолдары дене бойында, қолдарын екі жаққа созу. "Жел бұлттарды айдайды" - тізені құшақтап жату. Аяқты құшақтап денемен алына-артына тербелу. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас	Бесін асқа назар аударту; үстелде отыру мәдениетін қалыптастыру, тамақтану мәдениетімен таныстыруға бағытталған жеке жұмыстар.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**"Сөз ойла, тез ойла" ойыны.** Мақсат-міндеттер: дыбыстарды дұрыс, анық айтуға жаттықтыру, тілдерін дамыту. Көрнекі құралдар: әртүрлі дыбыстар жазылған үнтаспа, дыбыстар иелерінің суреттері Ойын барысы. Тәрбиеші бір дыбысты тыңдатады. Балалар сол дыбысты және нешін дыбысы екенін ажырату қажет. **"Дүкен" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекке, еңбекті құрметтей білуге, сыпайыгершілікке, ізгілікке, адалдыққа баулу. Қажетті құралдар: ойыншықтар, ыдыс-аяқтар, ойыншықтар, ақ халат, қалпақ, есеп шот, қағаздан жасалған дөңгелектер. Ойын шарты. Бұл ойынды әуелі жеке-жеке ойнатуға болады. Балаларды рөлдерге бөлу: 2 бала сатушы, 1 бала кассир, қалғандары сатып алушылар. Тәрбиеші ойын ережесін түсіндіреді. Ереже бойынша сатушылар да, тұтынушылар да бір-бірімен сыпайы сөйлеседі. Бір затты сатып алған соң, рахмет айтуды ұмытпауы керек. Сатушыда өз кезегінде «Тағы да келіп тұрыңыз», - деп ілтипат білдіреді. Тәрбиеші ойынға жалпы басшылық жасайды.	**"Үй құрылысы" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың үй құрылысы жайындағы түсініктерін тиянақтау; қол моторикасын, ой-қиялын дамыту; достық қарым-қатынастарға, еңбеккорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Құрылыс материалдары, қағаз беттері, қара қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк машиналары, құрылысқа қажет ойыншық құралдар (балға, бұрағыш, тістеуік, тағы басқалар). Педагог балалармен құрылысқа қатысатын мамандар жөнінде алдын-ала әңгімелеседі (кіріпіш қалаушы, жүргізуші, жүк тасушы). Балалар құрылысқа қажет материалдарды таңдап, өзара кім қандай рөлді атқаратыны туралы келіседі. **"Үйшік" ертегісі бойынша үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың ертегіні мұқият тыңдап, қоруге үйрету, кейіпкерлерді тануға, ертегіге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу	**"Қуыршақты серуенге шығарайық" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың киім-кешек және киіну тәртібі туралы білімдерін бекіту және нақтылау. Сөздік қорларын байыту. **"Мозаика", "Басқатырғыш" үстел ойындары.** Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **""Қысқы және жазғы ойын-сауықтар" лотосы" үстел ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың жазғы және қысқы ойын-сауықтар жайындағы түсініктерін нығайту; екі топқа бөлуге дағдыландыру; зейінді, байқауды дамыту. Құралдары: жазғы және қысқы ойын-сауықтар туралы сурет-карточкалар.	**"Не өзгерді?" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларда кеңістіктікті бағдарлауды дамыту , есте сақтауды, қиялды дамыту. Құрал-жабдықтар: "Үй жануарлары" ойыншықтар жиынтығы. Ойын барысы: Мұғалім ойыншықтарды үстелге қояды, балаларға оларға қарауға ұсынады. Балалар олардың орналасуын есте сақтайды. Тәрбиеші балалардан көздерін жұмуларын сұрайды. Сол кезде тәрбиеші бір ойыншықты алып, жасырып қояды. Балалардан көздерін ашуды сұрап, не өзгергенін сұрайды. Балалар жауап береді. Ойын осылай жалғаса береді. **"Автобус" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың автобуста жүру ережелеріне баулу, жолаушы мен жолаушылар туралы түсініктерін тиянақтау, сыпайылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Автобус салонын білдіретін үлгі, орындықтардың белгілі қатармен тізіліп тұруы; руль, билеттер жинақтамасы. "Жүргізушінің" рөлінде қалаған бала	**"Ою саламыз" сәндік жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру, ойлау, елестету қабілетін, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Зергер бала боламыз, (Екі алақанды ашу) Оюды саламыз: Бұлақ, (Қолдарды жұдырыққа жинап, ішке қарай бұрау) Дөңгелек, (Шеңбер салу) Ирек, (Толқындар жасау) Қанат, (Қос қолмен бұлғау) Гүлдер, (Алақандарды жайып, тігінен көрсету) Көбелек. (Қос қолды айқастырып, бұлғау) Д. Ахметова. **"Өз үйіңді тап" ойыны.** Мақсат-міндеттер: Балаларды биік-аласа, үлкен-кіші, оң жақта, сол жақта - деген ұғымдарды айтуға, бір-бірінен ажырата білуге үйрету Қажетті құралдар: «Ағаштардың бейнесі». Үйлердің суреттері. Ойын барысы: Тәрбиеші балаларды екі топқа бөліп,

				шығады, қалғаны жолаушылар болып, қолдарына "билет" алады. Педагог алдын-ала автобуста жүру ережелерімен таныстырады, сыпайылық үлгілерін суреттерден көрсетеді. Педагог балаларды автобус салонына шақырады; жолаушылар "салонға" өтеді, билеттерін көрсетеді немесе ойыншық смартфон арқылы төлемдерді жасауды көрсетеді. Жүргізуші автобусты "жүргізеді". Педагог аялдамаларды жариялап жатады. жолаушылар кіріп, шығып жатады. Үлкендерге орындарын беру туралы үлгілерді көрсетуге болады.	әр топтың ойнайтын орнын немесе "үйін" тағайындайды. Екі топқа да өсіп тұрған бірі биік, бірі аласа ағашты көрсетеді де 1-топтағы балалардың үйі биік ағаштың оң жағы, ал 2-топтағы балалардың үйі аласа ағаштың сол жағы - деп белгілейді. Қай топ өз үйлеріне тез барады. Ойын екі рет қайталанады. Ойынның соңында әр топтың балаларын мадақтап отырады.
Балалармен жеке жұмыс	**Тіл ұстарту жаттығуы: "Кім не істейді?"** Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Тасшы тас қалады, Басшы басқарады. Досшыл – дос табады, Қасшыл – қас табады. Төсшіл – төс қағады, Асшыл – ас бағады. Бәсшіл – бәстеседі, Мәсшіл – мәс теседі.	**"Ақ қоян" ойыны.** Ойын мақсаты: балалардың ойынға деген қызығушылықтарын арттыру, тілдерін дамыту, достыққа, ұжымдыққа тәрбиелеу. Ойын құралдары: қояннның маскасы. Балалар шеңбер жасап тұрады да, ал бір бала ортада "қоян" болып отырады. Шеңбердегі балалар қол ұстасып, қоянды айнала жүріп, тақпақ айтады: Ақ қоян-ау, ақ қоян, Орныңнан тұршы, Бетіңді жушы, Шашыңды тарашы, Әй-әй көйлек киші, Біреудің қолын үзші, - дегенде, қоян болған бала тақпақтағы айтылған қимылды түгел істеп, өлең бітісімен, жүгіріп барып, шеңберді бұзуға тырысады. Егер бала шеңберді үзсе, өзі шеңберге қосылып тұрады. Үзілген жердегі, оң жақтағы бала "қоян" болады.	**"Біз шығамыз сапарға" саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды санамақты мәнерлеп айтуға, мәтіннің мәніне сай қимылдарды жасауға дағдыландыру; есте сақтау, түйсік, сөйлеу қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту. Біз шығамыз сапарға, Адымдаймыз қатарда: Бір-екі! Бір-екі! Адымдаймыз қатарда. Балалар саусақтардың ұшымен үстел бетін мәтін ырғағына сай соққылайды. **"Жұмбақтар, ертегілер, аңыздар оқу.** Халық ауыз әдебиетіне деген сүйіспеншіліктерін арттыру.	**"Қуыршақ жиһазы" ойыны.** Мақсат-міндеттер: үлкен лего құрылыс материалынан қуыршақ жиһазын жасауға машықтандыру, дизайн дағдыларын дамыту. **Көркем сөзді жаттау жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру. "Бақшада". Көңілді бар бала, Бақшаға, баққа енсек. Ойнаймыз аулада, Төбеміз эткеншек. Шешеміз жұмбақ та, Жаңылтпаш айтамыз. Кешкілік үй жаққа Үлкейіп қайтамыз. Б. Кірісбаев.	**"Кімнің үйі тезірек жиналады» ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың геометриялық пішіндер туралы түсініктерін бекіту, олардың атауларын айтқызу. Балаларға геометриялық пішіндер таратылады. Бөлменің әртүрлі бұрыштарындағы үш шығыршықтың шеңбер, шаршы, үшбұрыш пішіндері жатыр. Бұл үйде барлық шеңберлер, бұл жерде барлық шаршылар, бұл жерде барлық үшбұрыштар. Барлығы өз үйлерін тапқанда, балаларға тоқтап серуендеуге шығады. Тәрбиешінің белгісі бойынша барлығы геометриялық пішінін үйдегіден салыстыра отырып, өз үйін табады. Ойын бірнеше рет қайталанады, ал тәрбиеші әрдайым үйлерді ауыстырады.
Серуенге дайындық	Балаларды серуендеуге ынталандыру; серуендеуге арналған ойын құралдарын алу, балалармен қауіпсіздік шаралары туралы жеке әңгімелер. Серуендеуге дұрыс	Балаларды серуендеуге ынталандыру; серуендеуге арналған ойын құралдарын алу, балалармен қауіпсіздік шаралары туралы жеке әңгімелер. Серуендеуге	Балаларды серуендеуге ынталандыру; серуендеуге арналған ойын құралдарын алу, балалармен қауіпсіздік шаралары туралы жеке	Балаларды серуендеуге ынталандыру; серуендеуге арналған ойын құралдарын алу, балалармен қауіпсіздік шаралары туралы жеке	Балаларды серуендеуге ынталандыру; серуендеуге арналған ойын құралдарын алу, балалармен қауіпсіздік шаралары туралы жеке

	жиналу әрекеттері, балаларды өз еркімен киінуге үйрету. Таза ауада шынығып, Серуенге шығайық. Киімдерді тез киіп, Ойнап-ойнап алайық.	дұрыс жиналу әрекеттері, балаларды өз еркімен киінуге үйрету. Серуенге шығайық, Күннің нұрын алайық, Таза ауаны жұтайық. Жүрекке жылу сыйлайық.	әңгімелер. Серуендеуге дұрыс жиналу әрекеттері, балаларды өз еркімен киінуге үйрету. Таза ауада шынығып, Серуенге шығайық. Киімдерді тез киіп, Ойнап-ойнап алайық.	әңгімелер. Серуендеуге дұрыс жиналу әрекеттері, балаларды өз еркімен киінуге үйрету. Серуенге шығайық, Күннің нұрын алайық, Таза ауаны жұтайық. Жүрекке жылу сыйлайық.	әңгімелер. Серуендеуге дұрыс жиналу әрекеттері, балаларды өз еркімен киінуге үйрету. Таза ауада шынығып, Серуенге шығайық. Киімдерді тез киіп, Ойнап-ойнап алайық.
Серуен	**Кешкі серуен кезінде көліктерді бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: көліктің адамды, жүкті тасымалдау үшін керектігін түсіндіріп, түрлі көліктердің атауын жатқа білуге ынталандыру. Көліктердің алуан түріне назар аударту. Адамдарға арналған көліктердің маңыздылығы туралы білімдерін бекіту. **"Ұшақтар" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың бір-біріне кедергі келтірмей, әртүрлі бағытта жүгіруге үйрету; оларды белгіні мұқият тыңдауға және ауызша белгі бойынша қозғалысты бастауға үйрету. **"Кегльді қағып ал" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: допты тура бағытта домалатып, алшақ тұрған кегльді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу. **Еңбек әрекеті: құмды құмсалғышқа шеттерінен ішке қарай сыпырып жинау.** Мақсат-міндеттер: балаларды тазалыққа тәрбиелеу. **Балалардың еркін ойындары.**	**Аспан мен бұлттарды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: аспанның ашық не бұлтты болғанын, бұлттардың аспанда ұшатынын байқауға бейімдеу; зияткерлікке тәрбиелеу. Әр түрлі табиғи құбылыстармен танысуды жалғастыру. Ауа-райының қандай екенін ажыратуға үйрету (ашық, бұлтты бұлттар, жаңбыр). **"Қимыл ойлап табу" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттер: ой-қиялды, вестибуляр аппаратын дамыту. Балалар шеңберде тұрады. Тәрбиеші ойыншылардың біреуін ойын бастаушы етіп белгілейді. Ол шеңбердің ортасында тұрады. Балалар тәрбиешінің көрсетуі бойынша мына мәтін сөзін айтып, оңға немесе солға жүреді. Әдемі шеңберде, Билейік кең жерде. Қолдармен ұстасып, Бәріміз жұптасып. Бірігіп достасып, Бір орында ұстасып, Осылай етіп істейік. Мәтінді айтып бітер кезде балалар қол созым қашықтықта тұрады. Ойын бастаушы қандай болмасын бір қимыл көрсетеді, шеңбер жасап тұрғандардың бәрі оны қайталайды. Содан соң тәрбиеші ойын бастаушыны ауыстырады немесе ойын бастаушы өзінің орнына біреуді	**Құстарды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: жаздағы құстардың тіршілігі туралы түсініктерді толықтыру; құстарға деген сүйіспеншілік пен қамқорлықты тәрбиелеу. Аудағы жаңадан ұшып келген құстарды байқау, атау, ерекшеліктерін салыстыру. **"Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады. Бір ойыншыны басқарушы етіп сайлайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар..." дейді де, содан соң қалауынша "-шығалар" немесе "-лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді.	**Гүлдейтін өсімдіктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: өсімдіктерге ұқыпты қарауға үйрету, гүлзардағы өсімдіктерге күтім жасау дағдыларын бекіту. **"Кім жылдам?" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу. Құралдары: белбеу. Ойыншылар ойынға екі-екіден қатысады. Ортаға шыққан екі ойыншы бір-біріне арқасын беріп, екі жаққа қарап тұрады. Аяқтарының арасын иықтарының деңгейімен бірдей етіп ұстайды. Сонан соң ойын жүргізуші екеуінің аяғының арасына ұзынан ұзақ белбеу тастайды да "бір, екі, үш" деп санайды. "Үш" деген де кім еңкейіп белбеуді бұрын алса, соның жеңгені. Бұл адамның өз денесін еркін меңгеріп, тез қимылдауының нәтижесінде жүзеге асады. Ойынға басқа ойыншылар шығады. Екінші кезекте әр жұптың жеңімпаздарымен арадағы жарыс болады. Ең соңында жеңген екі ойыншы қалады. Сол екеуінің қайсысы жеңіп шықса, сол жеңімпаз атанады. **"Қандай гүл екенін ойлап тап?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды сипаттама бойынша гүлдерді ойлап табуға; гүлдерді айыра білулерін	**Желді бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: "жел"ұғымын бекіту; табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру. Желді күні қандай өзгерістер болатындығына назар аударту. Балалар жалауларға қарап, желдің қай жаққа есетінін бақылайды. Жел соғады бетімізге, Тербеледі ағаштар. Тыныш - тыныш отырыңдар, Биік - биік ағаштар. **"Жел көбік" ойыны.** Мақсат-міндеттер: шеңберде ойына білу қабілетін, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады. Тәрбиешіге қосылып олар мына өленді айтады. Көпіре гөр көбік-шар, Көпіре гөр кеңіп шар. Осы күйі қал тұрып, Кете көрме жарылып. Өленді айта жүріп, балалар шеңберді кеңейте түседі. Тәрбиеші: "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бар дауыстарымен "Тарс етті", - дейді де, тізерлеп отырады. Тәрбиеші жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрып, қайтадан

		таңдайды және ойынды жалғастыра береді. **"Бағбан мен гүлдер" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттер: ептілік пен шапшаңдықты дамыту, алаңның қарсы бөлігіне құтыншыдан асқан ептілікпен қашып өтуге үйрену. Дене тәрбиесі бойынша жекелей жұмыс: кеңістікті бағдарлауға арналған жаттығулар. **Еңбек әрекеті: ойын алаңын ағаштардан түскен ұсақ бұта, жапырақтардан тазалау.** Мақсат-міндеттер: балаларды тазалыққа тәрбиелеу. **Балалардың еркін ойындары.**	Құралдары: екі түрлі медальондар: қаршығалар мен қарлығаштар. **Еңбек әрекеті: құмды құмсалғышқа шеттерінен ішке қарай сыпырып жинау.** Мақсат-міндеттер: балаларды тазалыққа тәрбиелеу. **"Себетке допты лақтыр" қимыл жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды доппен ойындарға тарту; дәлдікке, мергендікке, шапшаңдыққа, зеректікке баулу. Педагог балаларды екі топқа бөледі. Екі топ ортасында себет тұрады. Балалар допты жерге лақтырған кезде, секіріп себетке түсіру керек. Себетке көп доп лақтырған балалар тобы жеңіске жетеді. Құралдары: спорттық құралдарды жинауға арналған себеп, балаларға допгар. **Балалардың еркін ойындары.**	бекіту. **"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді. **Еңбек әрекеті: құм салғыштың бетін ағаштардан түскен ұсақ бұта, жапырақтардан тазалау.** Мақсат-міндеттер: балаларды тазалыққа тәрбиелеу. **Балалардың еркін ойындары.**	шеңберге тұрады, ойын қайтадан басталады. **"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, "Мен - түлкі!" сигналы бойынша қолға түспей, үлкен шеңберден асып жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); байқағыштыққа, жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Балалар кіші шеңберге жиналады Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші-педагог балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Осыдан бері педагог таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады. Ал ойыншы-балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды. Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады. **"Түзу жолмен" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: Бөлек емес бөрене үстімен жүріп,екі аяқты бүге отыра секіруге үйрету. **Еңбек әрекеті: ойын алаңын ағаштардан түскен ұсақ бұта, жапырақтардан тазалау.** Мақсат-міндеттер: балаларды тазалыққа тәрбиелеу.
Серуеннен оралу	Балалар киімдерін дұрыс шешу,шкафтарға бүктеп қою, қолды жуу әрекеттерін одан әрі қалыптастыру. Таза сумен Арман,				

	Бет-қолын жуды. Оған қарап Балжан, Сүтқолын сөзды. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Кешкі ас	Алдындағы түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттап айту, ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау **(коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** Музыкалық аспаптармен ойындар. Білім күніне арналған әндер тыңдату. **(шығармашылық дағдылар, музыка)** Өнер бұрышында ойыншықтар тақырыбында сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру. **(шығармашылық, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. **(танымдық дағдылар)** Кітаптарды санау, өлшеу, салыстыру.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Ата-аналардың сұранысы бойынша кеңес беру.	"Отбасындағы еңбек тәрбиесі"тақырыбында ата-аналармен әңгіме.	Ата-аналарға арналған "Дұрыс сөйлеуді үйрету" жадынамалары.	"Балаларға - ойыншықтар" науқанын өткізу	"Демалыс күндері баланың демалысын дұрыс ұйымдастыру "тақырыбында ата-аналарға кеңес беру.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) Жұлдыз тобы
Топ: ортаңғы
Балалардың жасы: 3 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 17.06 - 21.06.2024ж.
Педагогтың аты-жөні Алимова Гульжаһан

Апта күндері	*Дүйсенбі*	*Сейсенбі*	*Сәрсенбі*	*Бейсенбі*	*Жұма*
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім күніне арналған мерекелік қабылдауды әзірлеу. **(сөйлеуді дамыту, музыка)**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналардың сұранысы бойынша кеңес беру.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**Құрбан айт мейрамы**	**Аквариумдағы балықты қоректендіру.** Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешінің еңбегін бақылап, балықтарға жемді үгітіп, шашып, қамқорлық жасау ниеттерін туғызу. **(еңбек іс-әрекеті)**	**Бөлме өсімдіктері жапырақтарының шаңын сүрту.** Мақсат-міндеттер: балаларды бөлме өсімдіктеріне дұрыс күтім жасауға машықтандыру; аспилистра, фикустің жалпақ жапырақтарын сүлгімен сүрту техникасына жаттықтыру; байқағыштыққа тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)**	**Кітаптарды кітап бұрышындағы сөрелерге дұрыс орналастыру.** Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешінің еңбегін бағалауға, кітаптарды қатарға ретпен қоюға ынталандыру; еңбекқорлыққа тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)**	**Ойыншықтарды жуу.** Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешінің еңбегін бақылап, қолынан келгенше көмек көрсетуге дағдыландыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)**
		"Қандай ойыншық жасырынған?" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету,бірлікке,татулыққа тәрбиелеу Балалар бөлменің бұрышында тұрады. Тәрбиеші жалаушаны тығатынын айтады. Балалар теріс қарап көзін жұмады,тәрбиеші жалаушаны тығып қойды да "болды", деген де балалар	**"Суретті жұмбақтар" ойыны.** Мақсат-міндеттер: логикалық ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту. Тәрбиеші қораптан неше түрлі суреттері бар карточкаларды бір-бірден алып шығып, суреттегі бейнені атауды сұрайды. Бастаушы бала суретті алып, балаларға көрсетеді, ал отырған балалар оны айтады. Дұрыс жауапты айтқан бала ойынды жалғастырады.	**Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың тақпақты мәнерлеп айтуға деген қызығушылығын арттыру; артикуляцияны, сөйлеу қабілетін дамыту. **"Бақа туралы".** Жап-жарық жылы күнде, Жап-жасыл шөп үстінде,	**"Суретті жұмбақтар" ойыны.** Мақсат-міндеттер: логикалық ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту. Тәрбиеші қораптан неше түрлі суреттері бар карточкаларды бір-бірден алып шығып, суреттегі бейнені атауды сұрайды. Бастаушы бала суретті алып, балаларға көрсетеді, ал отырған балалар оны айтады. Дұрыс жауапты айтқан бала ойынды жалғастырады.

		жалаушаны іздейді. Тапқан бала жалаушаны тығады. Ойын 2-3 рет қайталанады. **"Жел көбік" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберде ойнай білуге дағдыландыру; белгі бойынша қимылдауға бағдарлау. Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады. Тәрбиешіге қосылып олар мына өлеңді айтады. Көпіре гөр көбік-шар, Көпіре гөр кеңіп шар. Осы күйі қал тұрып, Кете көрме жарылып. Өлеңді айта жүріп, балалар шеңберді кеңейте түседі. Тәрбиеші: "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бар дауыстарымен "Тарс етті", - дейді де, тізерлеп отырады. Тәрбиеші жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрып, қайтадан шеңберге тұрады, ойын қайтадан басталады.	**"Пішіндерді құрастыр" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер: қол қимылдарының икемділігін, дәлдігін, көз мөлшерін дамыту. Жаттығу барысы: жүргізуші балаларға көлеп таяқшаларды тарқатып береді. Балалар солардан геометриялық пішіндерді жасап шығару керек. Төмендегідей тапсырмалар беріледі: төрт таяқшадан шаршы құрастыру; үш таяқшадан үшбұрыш құрастыру; үй құрастыру; жалауша құрастыру;	Жап-жасыл көйлекшеңген Бақа бізге былай деген: - Бадырақпын, Бақылдаймын. Достарымды Шақырамын. Бақ-бақ! Қайдасыңдар?! Бақ-бақ! Неге шықпайсыңдар?! Д. Ахметова **"Қимыл ойлап тап" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды тепе-теңдікті сақтай білуге машықтандыру, вестибуляр аппаратын, ой-қимылын, есте сақтау қабілетін дамыту. Балалар шеңберде тұрады. Тәрбиеші ойыншылардың бірқуін бастаушы етіп тағайындайды. Ол шеңбердің ортасында тұрады. Балалар тәрбиешінің көрсетуі бойынша мына мәтін сөзін айтып, оңға немесе солға жүреді. Әдемі шеңберде, Билейік кең жерде. Қолдармен ұстасып Бәріміз жұптасып. Бірігіп достасып, Бір орында ұстасып Осылай етіп істейік Мәтінді айтып біткен кезде балалар қол созым қашықтықта тұрады. Ойын бастаушы қандай болмасын бір қимыл көрсетеді, шеңбер жасап тұрғандардың бәрі оны қайталайды. Содан соң тәрбиеші ойын бастаушыны ауыстырады немесе ойын бастаушы өзінің орнына біреуді таңдайды және ойынды жалғастыра береді.	***"Жел көбік" ойыны.*** Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұруға дағдыландыру, мәтінге сәйкес қимылдарды жасауға үйрету. Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады. Тәрбиешіге қосылып олар мына өлеңді айтады. Көпіре гөр көбік-шар, Көпіре гөр кеңіп шар. Осы күйі қал тұрып, Кете көрме жарылып. Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі. Тәрбиеші: "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бар дауыспен "Тарс етті", – дейді де тізерлеп отыра кетеді. Тәрбиеші жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрады, қайтадан дөңгелектеніп тұрады, ойын қайта басталады.
Ертеңгілік жаттығу	**"Қуыршақпен ойнаймыз"** Б.к. тік тұру, аяқ алшақ, қуыршақ төменде, 1-2 қуыршақты алға ұстау, жоғары көтеру (3рет). 3-4 б.к. Аяқ алшақ, қуыршақ алда,				

	1-2 дене ні оңға, солға бұру, б.қ. келу. Б.қ. қуыршақты кеудеде ұстау, 1-4 алға еңкею - "Қуыршақтар билейді". 5-6 б.қ. келу (3рет). Б.қ. 1-2 отырып қуыршақты еденге қою. 3-4 тік ұру, Қуыршақпен оңға, солға айналу (2 реттен). **(дене шынықтыру)**				
Таңғы ас	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Асты-шашпай төкпей іш, Сорпаңмай бапшен іш. Келгеністі алдына Тауысып іш қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		**"Жұбыңды тап" ойыны.** Мақсат-міндеттер: зейін тұрақтылығын, байқағыштыққа, шапшаңдыққа, кеңістікті бағдарлауға баулу. Ойыншылар қабырға бойында тұрады. Педагог әр балаға бір сурет-фишкадан тарқатып береді. Педагог белгісі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре басайды. Келесі "Жұбыңды тап" белгісі бойынша, бірдей түсті фишкалары бар балалар, жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек. Құралдары: таратпалы әртүсті фишкалар. Әрбір фишканың жұбы бар. Түрлі түсті фишкалар болмаса, басқа жұптағы суреттерді қолдануға болады.	**"Кішкене өзен арқылы" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды тепе-теңдікті сақтап, белгілі нұсқаулар бойынша бағыттауға, ептілікке баулу; әрекеттікке тәрбиелеу. Тәрбиеші екі сызық сызады да (үйдің ішінде жіпті пайдалануға болады) балаларға: мынау – "өзен", - дейді; оның үстіне тақтайдан көпір (ұзындығы 2-3м, ені 25-30см) салады да балаларға: "Көпір арқылы жүруді үйренейік", - деп ұсынады. Балалардың бір-біріне соқтығыспай тек тақтайдың үстімен ғана жүруін бақылай отырып, тәрбиеші балаларға суға құлап кетпеуі үшін жай жүру керек деп ескертеді: балалар тақтаймен ары-бері 2-3 рет жүріп өтеді.	**"Мұқият бол" ойыны.** Мақсат-міндеттер: мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу Балалар бір-бірінің артынан айналып, шеңберге жасап тұрады. Тәрбиеші шеңбердің жанында тұрады, оны барлық балалар көреді. Оның қолында 3 сурет: балық, тастар және балдырлар. Тәрбиешінің белгісі бойынша (ысқырық) балалар бір-бірінен кейін шеңбер бойымен қозғала бастайды. Педагог кезекпен суреттері бар карточкаларды көрсетеді: 1. Балықты көрсеткен кезде, балалар шеңбер бойымен қолдарын сермеп баяу жүгіреді. 2. Тастарды көрсеткенде, балалар тізелерін құшақтап отырады. 3. Балдырларды көрсеткенде, балалар бір орында тұрады да, қолдарын жоғары көтеріп, қолдарын жан-жаққа тербеледі. Қай бала қателеседі сол бала ойыннан шығып қалады.	**"Қатып қал" ойыны.** Мақсат-міндеттер: еркін қозғалыстарды, ой-қиялды, дене тепе-теңдігін дамыту. Көңілді және қозғалысты әуен ойнап тұр. Балалар секіріп және еркін әуен тактісіне қозғалады. Кенеттен әуен үзіліп қалады. балалар әуен тоқтағандағы қалыпта қатып қалады. Содан кейін 1-1,5 минуттан кейін әуен қайта жалғасады және балалар қозғалысты жалғастырады.
Мектепке дейінгі ұйым		**Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**	**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**	**Сурет салудан ойын-жаттығу**	**Музыкадан ойын-жаттығу**

кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	"Су - тіршілік көзі" Мақсат-міндеттер: Балаларда гимнастикалық таяқтың астынан төрт тағандап еңбектеп өту және алға жылжи отырып екі аяқпен бір орында жеңіл секіру техникасын бекіту; бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру дағдыларын жетілдіру; оқу қызметін пысықтау; көлік түрлері туралы білімдерін толықтыру. **Құрастырудан ойын-жаттығу** "Үй құстарына арналған қоршау" Мақсаты: Құрылыс материалының формаларын атау және ауыстыру қабілетін қалыптастыру, өз қорғаларын бойынша құрылыс жасауға деген қызығушылықты дамыту, қоршаған әлемге құрметпен қарауды тәрбиелеу."	"Өтеш пен Тоты" украин халық ертегісі Мақсат-міндеттер: Балаларды ертегінің мазмұнын толық өз ойларын жеткізіп айтуға; байланыстыра сөйлеуге үйрету; балалардың бойына ертегі мазмұнын түсіндіріп, адамгершілік, мейірімділік, досқа адал болу сезімін сіңіру, ертегі кейіпкерлерімен бірге қуану, ренжу сезімдерін ояту; өздерінің құрбы-құрдастарымен адал, қызықты ойнауға дағдыландыру; сөздік қорын молайту.	"Құстар қанатын жайды" Мақсат-міндеттер: қолаканмен басу техникасымен таныстыру; бояуды алаканға жылдам жағып, құстың қанатын алаканды қыстыру арқылы салуды үйрету; түстердің атауын нақтылау және бекіту; құстардың тіршілік ету ортасы туралы түсінігін, бейнелеуге деген қызығушылықтарын қолдау; сурет салуға деген құштарлықтарын арттыру; тиянақтылыққа тәрбиелеу.	"Бұлақтың сылдары" Мақсат-міндеттер: Көңілді ән арқылы көңіл күйді сыйлай білуге талпындыру. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. Балаларды достыққа, бірлікке,татулыққа тәрбиелеу.
2- таңғы ас	Алдынғы түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетін қалыптастыруға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Серуенге дайындық	Балалардың жүйелі түрде шешінуге, шкаф сөрелеріне киім қоюға, қолдарын жууға үйрету.				
Серуен	**Суды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: баламармен суды ұқыпты пайдалану туралы түсініктерін қалыптастыру. Судың қасиеттері туралы білімдерін нығайту, температурасы әртүрлі болатынын айту, суда кейбір заттар батып кетеді, басқалары судың бетіне шығады. Бақылау барысы: балалардың назарын судың қасиеттеріне аудару: сұйық, әртүрлі температураға ие болуы мүмкіндігі (ыстық, суық). Су мөлдір, онда бәрі көрінеді. Ыстық күнде бассейінде су тез қызады. Тоғандағы, өзендегі, көлдегі су қызады, сондықтан жазда адамдар шомылуға барады. Асфальтқа шашыраған судың қаншалықты тез кебетінін	**Қанқызды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: қандызы қоңызы туралы түсініктерді беру, жетілдіру; жәндіктер әлеміне деген қызығушылықты арттыру. - Балалар, біз серуен кезінде кандай жәндіктерге бақылау жасадық? - Әә, бұл қанқыз. Қанқыз – қызыл түсті, үстінде жеті нүктесі бар кішкентай жәндік. Ол кішкентай болса да ештеңеден қорықпайды. Неліктен? - Егер де оны қолыңа алып, басып қалсаң, олар сап-сары жағымсыз иісі бар уын шығарады. Сол себепті оған қолтартпайтын шығар. Тіпті қызыл түсті нүктелі зат көрсе болғаны, олар жоламауға тырысады. Міне, қанқыз осылайша қорғанады екен.	**Суды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: судың қасиеттері туралы түсініктерді тиянақтау; табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру. Іс-тәжірибеде: құйылатынын, төгілетінін, ыдыста, шалшықта қозғалмай тұратынын - анықтау. Салқын, жылы, ыстықта қөуіп кетеді дегенді айтқызу. Іс-тәжірибеде судың адамның, өсімдіктердің тіршілігіне ықпалына көңіл аудару. Гүлзарды суару, таза ас суын ішкізу. Іс-тәжірибеде судың асфальтқа төгіл, күннің көзінде кебуін бақылату. Балаларға қөуіп кетеді - дегенді айтқызу.	**Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: күннің көтерілуі мен жарықтың негізгі көзі болатынын ұғындыру, күннің шығуын қадағалауды жалғастыру. Күннің сәулесі туралы айту. Тақпақ. Алакай, алакай! Күн шықты, күн шықты, Жер үстіне нұр шықты! **"Көк төр" ойыны.** Мақсат-міндеттер: достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу. Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тұлары болады. Әр тудың қорғаушысы болады. Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады. Ал, басқа балалар қарсыластарын өз тобына

		көрсету.Үлкен балалармен суда қандай заттар суға батып жатқанын, қайсысы жүзетінін анықтау. Неліктен олар жүзіп немесе батып бара жатқанын анықтау. **Еңбек әрекеті: құрап қалған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен).** Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек дағдыларына баулу. Құралдары: қолғаптар, қаптар. Педагог балалардың шөптерге алергиясын ескеру тиіс. **"Толқиды теңіз" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды шығармашылыққа тәрбиелеу. Балалар ойын алаңында айналып жүріп: «Толқиды теңіз бір, Толқиды теңіз екі, Толқиды теңіз үш, Толқиды теңіз төрт» - сөз жолдарын айтады. Тәрбиешінің белгісі бойынша: Толқын мұз боп"- дегенде балалар қозғалмай қалуы керек. **"Әдемі кеншек" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, бойымен жүруге және жүгіруге дейін мүдеу; вестибуляр аппаратын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ақырын-ақырын итеріп Әдемі кеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдам жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. Д. Ахметова. Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап отыру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қаратуы керек. Балалардың ойынды мендерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір балалар қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылдың	Қорғанудың тағы бір түрі, оларды ұстап алсаң, ол өлген сияқты болып қатып қалады да, қауіп төнбегенін байқаған уақытта қайтадан өзінің ісімен айналыса береді. **Еңбек әрекеті: учаскедегі қоқыстарды жинау.** Мақсат-міндеттер: балаларды ересек адамның еңбегін байқауға және еңбек нәтижесін көруге үйрету. **"Қонызды (көбелекті) гүлге қондыр" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың жәндіктер әлеміне деген қызығушылығын арттыру; түстерді ажырата білу қабілеттерін жетілдіру; кеңістікті бағдарлауға машықтандыру. Құралдары: түрлі түсті гүлдердің және жәндіктердің кескіндері (ламинадталған). Педагог алдын-ала түрлі түсті гүлдердің кескіндерін алаңға шығыратып жайып салады. Балалар өздеріне ұнаған қонызды, көбелекті алып, белгі бойынша түсі бірдей гүлге жүгіріп барып, жәндікті гүлдің үстіне қондырады. Ойынды бірнеше рет қайталауға болады. **"Маған қарай жүгір" ойыны.** Балалар бөлменің бір қабырғасын бойлай қойылған орындықтарда немесе алаңды жағалай отырады. Тәрбиеші бөлменің қарсы бұрышына немесе алаңның ең алыс бұрышына барып: «Маған қарай жүгіріңдер», - дейді. Балалар оған қарсы жүгіреді. Тәрбиеші оларды қолын жайып, құшаратпен қарсы алады. Балалардың бәрі келіп, тәрбиешінің қасына жиналып болғаннан кейін, ол қайтуға жүгіруді ұсынады. Балалар өздері жүгіріп келген жерде емін-еркін тәрбиешімен бірге бөлме ішінде жүреді. Тәрбиеші бұдан кейін: «Үйге қарай жүгіріңдер» - дейді. Балалар жүгіріп барып орындықтарына отырады.	**Еңбек әрекеті: гүлдерде өскен гүлдерді суару.** Мақсат-міндеттер: балалардың қарапайым еңбек дағдыларына баулу. Құралдары: су құйғыштар. **"Ақ сүйек" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды қырағылыққа, дәлдікке үйрету. Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақ сүйекті қолына алып, балалардың тізесыртына шығады да, алысқа лақтырады. Балалар ақ сүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек. "Ақ сүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: Ақ сүйекті іздеңдер, кім тез табар екен? - дейді. Ойынның шарты бойынша ақ сүйекті тауып алған бала басқаларына білдірмей, тәрбиешіге тез әкелп беруі керек. Егер балалардың бірі байқап қалса, ақсүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақ сүйек өзіне беріледі. Сөйтіп, ақ сүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз атанады. Өз бетінше ойынды ұйымдастыра білуге дамытуды жалғастыру, ереженің нормасын және тәртібін орындау. **Еңбек әрекеті: гүлді күту.** Мақсат-міндеттер: учаскеде өсетін өсімдіктерді өз бетінше қорғауға үйрету; гүлге ұқыпты қарауға және сүюге тәрбиелеу. **"Осындай бола ма болмай ма?" ойыны.** Мақсат-міндеттер: сұраққа жауап беруге және жауабын түсіндіруге үйрету. - Балалар, жазда қар жауа ма? Күн шығып тұр,жаңбыр қауып тұр? Қараңғы және жарық жерде өсіп тұрған өсімдіктерді қадағалау, күнге	ауыстырулары керек. Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама - қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады. Сөйтіп кай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді. Жеңілген топтың тұсына шабуыл жасалады. Егер де туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді. **"Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың кегли арасымен баяу және епті лекпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту. Құралдар: кегльдер. **Еңбек әрекеті: алаңдағы ағаштардан түскен құрғақ қоқыс бұтақтарды жинау.** Мақсат-міндеттер: балаларды еңбеккорлыққа тәрбиелеу. **Балалардың еркін ойыны**

		жағдайын бақылайды. **Ба алардың еркін ойы ы.** Бал аларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету.	Ойын осылай 4-5 рет айталанады. Алғашқы кезде ойынды азғана балалар т бымен өткізген дұрыс, кейін о ынаушылардың саны арта түседі (үйлеріне қайтқан кезде балалардың кез-келген орындыққа отыруына болады). **Дене тәрбиесі бойын па жеке ұмыстар.** Мақсат-міндеттер: жылдамдықты дамыту, бір-біріне итерместен алаңда жүгіру мүмкіндігін же ілдіру. **Балалардың еркін ойыны.**	тартылатын өсімдік ер қозғалысына көңіл бөлу. Өсімдік ер өсу үшін жарық қажет. **Балалардың еркін ойыны.**	
Серуеннен оралу	Балалар ың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.				
Түскі ас	Түскі асқа назар аударту; үстелде отыру мәдениетін қалыптастыру, тамақтану мәдениетімен таныстыруға бағытталған жеке жұмыстар.				
Түскі ұйқы	Балалар ың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Төсектегі жаттығулар. Ұйқыдан тұрғанда , бірден төсектен тұруға бо майды. Біртіндеп тұру қажет. 1. Бала ар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін еркін шығару. 2. Бала ар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын а ға созып айқастыру, демалу. 3. Бала ар төсекте, арқаға жатып қолдарын басты ына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайла тусіру. 4. Бала ар төсекте, арқаға жатып, қолдарын жанында ұстап, аяқтарын көтеріп велосипед теу. Төсектен тұрғызу. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас	Бесін асқа назар аударту; үстелде отыру мәдениетін қалыптастыру, тамақтану мәдениетімен таныстыруға бағытталған жеке жұмыстар. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)		**"Кімнің дауысы?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: бала ардың есту қабілетін дамыту, олардың анықты айтуға үйрету, екпінді дұрыс қою. Тәрбиеші жануарлардың дауыстарын салады. Балалар қай жануардың дауысы екенін табулары қажет. Мысалы, тәрбиеші "ква-ква-ква" деп қатты дауыстап: "Бұл кімнің дауысы дейді? Балалар "бақа" деп жауап береді. Содан кейін тәрбиеші басқа жануардың дауысын шығарады. Ойын осылай жалғаса береді. **"Аурухана" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: бала ардың науқастарға күтім жасауға және медициналық құралдарды ң қажеттілігін білуге үйрету,	**"Құршақты шомылдыру" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: судың маңызы туралы білімдерін толықтыру жағымды көңіл-күй тудыру. Құршақты жылы сумен жуындыру, оларды жөке және сабынмен жуу, сүлгімен сүрту. Енді біз құршақтарды шомылдырамыз. Ыдысқа жылы су құямыз, суды тексереміз. Біздің құршақтарымыздың есімдері кім екен? Мынау - Алуа, ал мынау - Алма. Бірінші кезді түсіреміз. Олай болса, Алуаны суға шомылдырайық **"Түрлі-түсті су" ойыны.** Мақсат-міндеттер: судың қасиетімен таныстыру (су түсін өзгертеді) Құрал-жабдықтар: акварель бояулар,	**"Тәртіпке келтір" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды "орнына қою", "орнына апар "етістіктерін қолдана отырып сөйлем құруға үйрету. Құралдар: түрлі-түсті текшелер жиынтығы. (Әр түсті текшеден 2-3-тен болуы тиіс) және 4 ішкентай түрлі-түсті қораптар. Тәрбиеші балалардың назарын текшелерге аударады және олардың қандай түс екенін сұрайды. - Енді сендер құршақтың текшелерді қораптарға қалай салатынын көресіз. (Үстелге түрлі-түсті қораптар қойылады) - Құршаққа қараңыз, ол не істейді? (Құршақ қызыл текшелерді қызыл	**"Ыдыс жуу" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: суды дұрыс қолдану туралы білімдерін кеңейту. Құршақтың "түскі асынан" кейін, ыдыстарды жуу керектігін айту. Ас бөлмесіне барып, қранды ашып, жылы не суық су қажеттігін сұрау. Біз ыдысты жылы сумен және арнайы құралдарды пайдаланып жуамыз. Ыдыстарды таза сумен шаямыз. Шайып болғаннан кейін, ас үйдің сүлгісімен құрғатамыз. **"Суды бір ыдыстан екінші ыдысқа құю" тәжірибесі.** Мақсат-міндеттер: судың қасиеттері туралы түсінік беру: "сұйық", "төгіледі", "дымқыл", "құрғақ". Ойын барысы: Тәрбиеші балаларды су құйылған ыдыстың қасына шақырады, Әр

		балаларды ұқыптылыққа, сезімталдыққа тәрбиелеу, сөздік қорын кеңейту: "аурухана", "науқас", "емдеу", "дәрі-дәрмектер", "температура"ұғымдарын түсіндіру. Құрал-жабдықтар: құыр пақтар, ойыншық жануарлар, медициналық құралдар: термометр, шприц, дәрі-дәрмектер, қасық, фонендоскоп, маска, таңғыш, халат және дәрігерге арналған қалпақ. Тәрбиеші аурухана ойынын ойнауды ұсынады, дәрігер таңдалады, қалған балалар ойыншық жануарлар мен құыршақтарды алып, ауруханаға дәрігердің қабылдауына келеді. Дәрігер әртүрлі аурулары бар науқастар қарайды: аюдың тістері ауырады, әйткені ол көп тәттілерді жейді, сайқымазақтың маңдайында жарасы бар, құыршақ Алуа сауғасын есікпен қысып алған және т.б. науқастар. Оларды тыңдайды, мойнын қарайды, температурасын өлшейді, дәрі тағайындайды, инъекция жасайды, дәрлер береді. Тәрбиеші балалардың ойынын бағалайды, балалар қалай қарым-қатынасқа түсіп жатыр, өз ойларын толық жеткізе ала ма, балалардың жан-жақты бақылайды.	қалқаламдар, 5 мөлдір пластикалық стакандар (балабақта стакандардың саны көз-келген болуы мүмкін), су. Стакандар сумен бірге бір қатарда тізіліп тұрады. Балалар қылқаламмен бір түсті алып, стақандағы суға салып, араластырады да, не болғанын бақылайды. Балалар қызығып қарайды. Әр стақанға әр түрлі түстерді салып, балалар тәжірибе жасайды.	қорапқа салады) - Иә, ол қызыл текшелерді қызыл қорапқа салады. Бұл қуыршақ жасады? - Сары текшелерді қай қорапқа салу керек? Сары қорапқа дұрыс айтасыңдар. - Сол сияқты, көк текшені көк қорапқа, жасыл текшені жасыл қорапқа салады. **"Домино", "Лото" үстел үсті ойындары.** Мақсат-міндеттер: ойлау қабілеттерін дамыту, ұқыптылық пен бастаған істі соңына дейін жеткізуді қалыптастыру.	балаға бір -бір ыдыстан таратып береді. Бір ыдыстан екінші ыдыска қалай құю керектігін көрсетеді. Балалар қайталайды.
Балалармен жеке жұмыс		Суреттер бойынша сөйлем құрастыруды үйрену. сөйлемдерді толық айтуға дағдыландыру. **"Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын танып, түсіндіруге ынталандыру; ұқыптылдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын	**"Ені бойынша салық тыру" заттарды ені бойынша жаттығу.** Мақсат-міндеттер: жуан-жіңішіке, ұзын-қысқа ұғымдарын пысықтау.	**"Жаз" тақырыбындағы сюжеттік суреттерді қарастыру.** Мақсат-міндеттер: сұрақтар қою, балаларды сұрақтарға толық жауап беруге үйрету.	**Жұмбақтар шешу, жаңылтпаштар айту, ертегілер тыңдау кешін өткізу.** Мақсат-міндеттер: балалардың қазақ ауыз әдебиетіне деген, көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту.

		сурәттер топтамалары.			
Серуенге дайындық		Балаларды серуендеуге ынталандыру; серуендеуге арналған ойын құралдарын алу, балалармен қауіпсіздік шаралары туралы жеке әңгімелер. Серуендеуге дұрыс жиналу әрекеттері, балаларды өз еркімен киінуге үйрету. Серуенге шығайық, Күннің нұрын алайық, Таза ауаны жұтайық. Жүрекке жылу сыйлайық.	Балаларды серуендеуге ынталандыру; серуендеуге арналған ойын құралдарын алу, балалармен қауіпсіздік шаралары туралы жеке әңгімелер. Серуендеуге дұрыс жиналу әрекеттері, балаларды өз еркімен киінуге үйрету. Жаз келді жадырап, Далаға шығамыз. Ойнаймыз, шомылып, Толығып өсеміз.	Балаларды серуендеуге ынталандыру; серуендеуге арналған ойын құралдарын алу, балалармен қауіпсіздік шаралары туралы жеке әңгімелер. Серуендеуге дұрыс жиналу әрекеттері, балаларды өз еркімен киінуге үйрету. Таза ауада шынығып, Серуенге шығайық. Киімдерді тез киіп, Ойнап-ойнап алайық.	Балаларды серуендеуге ынталандыру; серуендеуге арналған ойын құралдарын алу, балалармен қауіпсіздік шаралары туралы жеке әңгімелер. Серуендеуге дұрыс жиналу әрекеттері, балаларды өз еркімен киінуге үйрету. Серуенге шығайық. Күннің нұрын алайық. Таза ауаны жұтайық. Жүрекке жылу сыйлайық.
Серуен		**Ағаштар мен бұталарды бақылау.** Мақсат-міндеттер: ағаштар мен бұталардың тірі табиғат екені туралы білімдерін бекіту, табиғатты қорғауға тәрбиелеу. Ағаштар қыста қалай қыстап шығандығын тексеру. Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды. - Балалар, ағаштарға қарап, қандай екенін айтуға болады? - Ағаштар ауаның ластануынан ауаны тазалайды. Сондықтан адамдар ағаштарды көп отырғызады. **«Өз ағашыңды тап» қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттер: табиғатты аялауға тәрбиелеу; кеңістікті бағдарлауға машықтандыру; зерек болуға тәрбиелеу. **"Допты қуып жетіңдер!" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың доппен ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру; допты тура бағытта домалатып, оны қуып жете білуге дағдыландыру; шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу; достыққа тәрбиелеу. Педагог балаларды екі топқа бөліп, түзу сызықтың бойына тұрғызып, қай баланың	**Құрт-құмырсқаларды бақылау.** Мақсат-міндеттер: құрт-құмырсқалар туралы қысқаша мағлұмат беру, бақылағыштыққа тәрбиелеу. Жәндіктердің тіршілігін бақылау. - Құрт-құмырсқалар дегеніміз не? - Олар немен және қалай қоректенеді? - Сендер құрт-құмырсқа көрдіңдер ме? - Құрт-құмырсқалар бізнақ денелілерге жата ма? **Сергіту сәті.** Ұзын мұртты құмырсқа, Келе жатты жұмысқа. Алды допты қолына, Кейді допты жолына Оңға қарады, солға қарады Тауда ешкім қалмады **"Көбелекті ұстап алу" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша орнында секіруға қимылдарына дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, жігер-күшін, зейінді дамыту; шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. Ойын барысында педагог балаларды бір затты (көбелекті) ұстап алу мақсатында жоғары секіруге жаттықтырады. Педагог ұсқауларында секіріп, орнына қайта	**Суды бағдарлауды жалғастыру.** Мақсат-міндеттер: судың қасиеттерін тануға деген ынталарын дамыту; іздемпаздыққа тәрбиелеу. Педагог балаларға пластик стакандарға құйылған суды бояуға мүмкіндіктер береді; судың кез келген бояуларға боялу қасиеттерін бақылап, ойларымен бөліседі. **"Мысық пен тышқандар" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартына сай қимыл ауға, берілген рөлдерді атқаруға, шартты бұзбауға бейімдеу; қимыл-қозғалыс координациясын, кеңістікті бағдарлауды дамыту; жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойынға жүргізуші бала "мысық" болып тағайындалады (таңдалады), қалған ойыншылар - "тышқандар". "Мысық" алаңның бір шетінде, ұйықтаған болып, отырады. "Тышқандар" алаңның екінші жағынан, тақпақ сөздерін айтып, тышқандардың қимылына еліктеп, "мысыққа" қарай жүреді. Тышқан шықты ұнатқан,	**Суды бақылау.** Мақсат-міндеттер: балаларға судың қосымша қасиеттерін анықтауға мүмкіндік жасау; судың әлемде көп орын алатынын түсіндіру; ұқыптылыққа тәрбиелеу. Балалармен бірнеше іс-тәжірибе жасау - Тегешке су құйып, оның айнадай мөлдір екенін көрсету. Балалар судың бетіне қарап, өзінің бейнесін, аспанды көреді. - Тегешке резина, ағаш, темірден жасалған ойыншықтарды салу. Балалар темірдің батып кететінін, ағаш пен резинаның батпайтынын көреді. - Тегештен суды су құйғыштарға құйып алғызу. Балалар суды құмға құйып, құм бетінен жоғалып кететінін, құмның дымқыл болғанын көреді. **"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-бірне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу. Шартты: балалар күн дегенде барлығы қыдыруға шығады. Ал "жаңбыр" дегенде ашқан қолшатырдың айналасына

		атын атайды, сол бала пәндагог домалатып жіберген допты тез қуып жетіп, келесі кезекте тұрған балаға береді. 2-3 балаға дейін атап шақыруға болады. **Еңбек әрекеті: өсіндерді суару.** Мақсат-міндеттер: балаларда қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру. **Балалардың еркін ойындары.**	түсуде тепе-теңдікті сақтап, құлап қалмауды ескеру керек. **Еңбек әрекеті: құмның бетін ұсақ бөлшектерден, жапырақтардан тазалау.** Мақсат-міндеттер: тазалыққа тәрбиелеу. **Балалардың еркін ойындары.**	"Сағат неше болды?"- деп, Бауды тартып қалып еді, Дүңгірлейді барлық жер. Тышқан қорқып қайтадан, Кіріп кетті ініне. Соңғы сөздерді естіген "мысық" "тышқандарға" қарай жүгіріп, қуалап, оларды ұстап алмақшы болады. Ұстап алу - балаға қолмен тию болып саналады. Ұсталған бір келесі айналымға қатыспайды. Ойынның соңында балалар "мысық" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды, жүргізушіні ауыстырып, тағы бір ойнатуға болады. **"Түзу жолмен" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: Қиық емес бөрене үстімен жүріп,екі аяқты бүге отыра секіруге үйрету. **Еңбек әрекеті: өсіндері суару.** Мақсат-міндеттер: балаларда қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру. **Балалардың еркін ойындары.**	жинайды. ***"Себетке допты лақтыр" ойын жаттығуы.*** Мақсат-міндеттер: балаларды доппен ойындарға тарту; дәлдікке, мергендікке, шапшаңдыққа, зеректікке баулу. Педагог балаларды екі топқа бөледі. Екі топ ортасында себет тұрады. Балалар допты жерге лақтырған кезде, секіріп себетке түсіру керек. Себетке көп доп лақтырған балалар тобы жеңіске жетеді. Құралдары: спорттық құралдарды жинауға арналған себеп, балаларға доптар. **Еңбек әрекеті: өсіндері суару.** Мақсат-міндеттер: балаларда қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру. **Балалардың еркін ойындары.**
Серуеннен оралу	Балалар киімдерін дұрыс шешу,шкафтарға бүктеп қою, қолды жуу әрекеттерін одан әрі қалыптастыру. Таза суменен Арман, Беті-қолын жуды. Оған қазақ Балжан, Суға қолын созды. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Кешкі ас	Алдын ала түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетін баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті. кітаптарды қарау сәнге басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттап айту; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, сөйлеу, іі дамыту)** Музыкалық аспаптармен ойындар. Білім күніне арналған әндер тыңдау. **(шығармашылық дағдылар, музыка)** Өнер бұрышында ойыншықтар тақырыбында сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру. **(шығармашылық, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. **(танымдық дағдылар)** Кітаптарды санау, өлшеу, салыстыру.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)		"Балаларды жазда шынықтыру" тақырыбында кеңес беру.	"Денсаулықты сақтау-өмір салты" туралы ата-аналарға арналған кеңес.	Ата-аналардың сұранысы бойынша кеңестер.	"Баланың демалыс күндерін дұрыс ұйымдастыру" тақырыбында кеңес.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) Күншуақ тобы
Топ: ортаңғы
Балалардың жасы: 3 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 24.06 - 28.06.2024ж.
Педагогтың аты-жөні Аманова Ұлмажай

Апта күндері	*Дүйсенбі*	*Сейсенбі*	*Сәрсенбі*	*Бейсенбі*	*Жұма*
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Дене температурасын күнделікті өлшеу, терінің қабаттарын қарау, балалардың сыртқы түрі; ата-ананың сұрақтарына педагогтің жауаптары; балаларға қолайлы жағдай жасау				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен «Құстарға қамқор бол» тақырыбында әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** "Пульверизатордан бөлме өсімдіктеріне су бүрку". Мақсат-міндеттер: жаңа еңбек дағдыларын қалыптастыру; өсімдіктерге деген қамқорлық сезімдеріне баулу. **(еңбек іс-әрекеті)**	**Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** ойын бұрышында өз орнында тұрмаған ойыншықтарға назар аударып, аттарын атап орнына қою. Мақсат-міндеттер: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)**	**Ұйымдастырылған іс-әрекетіне құрал-жабдықтар мен материалдар дайындаймыз.** Мақсат-міндеттер: берілген тапсырмаға жауапкершілік сезімін дамыту, балаларды оқу іс-әрекетіне арналған материалдар мен жабдықтарды дұрыс, ұқыпты орналастыруға үйрету. **(еңбек іс-әрекеті)**	**Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма:** құмды бір жерге үйіп, құмсалғышқа апарып, салу Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін орындауға баулу. **(еңбек іс-әрекеті)**	**Табиғат бұрышындағы бақылау:** табиғат бұрышындағы өсімдіктердің күн сәулесі түсетін жерде тұратындығына , күн адамға ғана емес, өсімдіктерге де қажет екендігіне; өсімдіктердің жапырақтары күн сәулесінде жарқырайтынына назар аударту. **Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма:** жапырақтарды шүберекпен сүрту Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекке баулу, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу **(еңбек іс-әрекеті)**
	"Құстардың даусы" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларға құстардың	**"Әр құстың өз орыны бар" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды әр құс түрінің	**"Қолда балапанды жасырайық" тренинг-ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды	**"Шұп-шұбар тауығым" ойыны.** Мақсат-міндеттер: дыбыстарды дұрыс айтып, еліктеуге жаттықтыру	**Үй құстары мен олардың балапандары бейнеленген иллюстрациялық суреттерді көрсету.**

	дыбыстары жайындағы түсініктерді беру, құстардың дыбыстарын еліктеуін сөздер арқылы айтқызып, артикуляциясын жетілдіру. Балалар ересек адамның сұрақтарына сәйкес құстардың даусына еліктеп, аталған құстың даусын салып жауап береді. - Қарға қалай дыбыстайды? (Қарға қаркылдайды. "Қар - қар - қар" - дейді!) - Бұлбұл құс қалай дыбыстайды? (Бұлбұл сайрайды. "Тех -Тех" - деген дыбыс шығарады.) - Торғай қандай дыбыс шығарады? (Торғай шырылдайды. "Шық-шық!" - дейді.) - Көкек қалай дыбыстайды? (Көкек: "Көкек-көкек" - дейді.) **(сөйлеуді дамыту)**	бір өкіл туралы қысқаша әңгімелерден алынған мәліметтерді қолдана отырып жыртқыш, суда жүзетін, батпақты жерлерде өмір сүретін құстардың бейнелері бар суреттерді дұрыс таңдауға жаттықтыру. Барысы. Педагог кестеде бейнеленген құстар туралы шағын әңгімелер тыңдауға ұсыныс білдіреді. Құстардың тұмсығының, аяқтарының құрылымын және қылықтарын сипаттағанда мұқият назар аударуларын сұрайды. Тұмсықтың құстардың өмірінде маңызды рөл атқаратынын айту. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** **"Ботқаны суытамыз" тыныс алу жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың тыныс алу мүшелерін жетілдіру; әдептілікке тәрбиелеу. Тыныс алу жаттығуы кезінде құстардың мамығын үрлеп жарыстырып көреді.	елестетуге, ұшқыштарға еруге, көңілді көңіл-күйге бөленуге бейімдеу. Қолдарыңды кішкентай, әрі дәрменсіз балапан бар деп елестетіп көріңдер. Қолдарыңды алға созып, алақандарымызды жоғары көтереміз. Енді шынтақтарыңды бүгіп, өздеріңе жақындатыңдар. Біртіндеп бір-бір саусақтан алақандарыңды жәймен бүгіңдер, балапанды алақанның ішіне жасырыңдар, енді ақырын балапанға бірқалыпты және баяу тыныс алып, балапанды жылы демдерімізбен жылытыңдар. Енді алақандарыңды ашыңдар, сонда сендер балапанның қуанып ұшып кеткенін көресіңдер. Оған өкінбей, мұқаймай, күлімсіреп қарап қоя беріңдер. Себебі ол сендердің мейірімді қолдарыңа әлі де ұшып келеді. **(сөйлеуді дамыту)**	Барысы. Балалардың арасынан "Шұбар тауық" таңдалынып, басына маска-тақиясы кигізіледі. Жүргізушінің белгісі бойынша диалог басталады: - Шүп-шүбар тауығым, қай жаққа барасың? - Мен өзенге барамын. - Шүп-шүбар тауығым, онда неге барасың? - Су алуға барамын. - Шүп-шүбар тауығым, суды не қыласың? - Балапандарға беремін. Олар әбден шөлдеді. Шықылдап, су ізделі. Бүкіл көше естиді: - Шық - шық - шық - шық! "Бүкіл көше естиді: Шық - шық - шық - шық!" , - деген сөздерден кейін балапан болып тағайындалған балалар тауықтан қашып, шықылдайды (Шық - шық - шық - шық!). Ал, ұстап алынған балаға қолын тигізіп, тауық былай дейді: "Құдыққа кеп, судан іш!". Ұсталынып қалған балалар ойыннан шығып отырады. Ойынды жаңа тауық таңдап, қайтадан қайталауға болады. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	*- Бұл не?* *- Бұл құстар қайда мекендейді?* *- Оларға кім қамқорлық жасайды?* *- Үй құстары ұша алады ма?* *- Адамдар үй құстарын не үшін ұстайды?* **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** **"Кенің балапандары?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: үй құстарының балапандары, олардың дыбыстауы жайында алған білімдерін бекіту; үй құстарының аналықтары мен балапандарын сәйкестендіре алуға жаттықтыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**
Ертеңгілік жаттығу	**Тыныс алу, релаксация, сөйлеу артикуляциялық жаттығулары, ойын массажы элементтерімен таңғы жаттығулар. (ата-аналарымен өткізуге кеңес беріледі)** - Амансыңдар ма, менің кішкентай балапандарым! Ұйқыларыңнан ояндыңдар ма? (Оянып жатқан қимыл-қозғалыстар келтіреді.) Керіліп, созылдыңдар ма? (Аяқтарының ұштарына тұрып, керіліп, созылады.) Жуындыңдар ма? (Иә.) Қалай жуындыңдар? (Беті-қолдарын, құлақтарын жуғандай қимыл көрсетеді). Қандай тап-тазасыңдар! Қандай әдемісіңдер! Қарасаң көз тоймайды! Мен, сарышымшық анамын, сендердей тамаша балапандарды көргенімен қуанамын! Балапандар, өз ата-аналарың жүгіріп барыңдар, құшақтасып жаттығу жасауға шақырыңдар! Аналар да, Әкелер де өз балапандарының денсаулықтары жақсы, мықты болғаны қалайды! Ата-аналар балалардың қолдарынан ұстап, әуенмен ілесіп, адымдап жүреді. Шымшықтарым, шымшықтарым, Тату, адал құстарым. Балаларімен адымдайды, Денсаулықты сақтайды. Құстар былай өседі,			

	Аяқ ұшымен жүреді. **(дене шынықтыру)**				
Таңғы ас	Мақсат-міндеттер: балаларды ас қабылдау кезінде қолдайтын, эмоционалды жағымды орта тудызу. Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне тағам, міне ас, Қасық түк те қалдырмас! **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**Қуаныш шеңбері.** Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; жақын тұрған балаларға көңіл аударып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу. Кане, достар қуанайық. Қуанайық құстарға да. Күнге де, (Балалар қолдарын жоғары көтереді) Қуанайық жымың қаққан көздерге. (Бір - біріне қарап жымияды) Бүкіл әлем қуансын бізбен бірге, (Қолдарын екі жаққа қарай ашады) "Қайырлы таң!" деп, айтамыз біздер Сізге! (Барлығы қол ұстасады) "Қайырлы таң!" ата-анамыз, Сіздерге! "Қайырлы таң!" қалады тағы бізбенен!	**"Дәрумендер дегеніміз не?" әңгімелесу.** Мақсат-міндеттер: дәрумендердің адам ағзасына тигізер пайдасы туралы білім беру; "денсаулық", "дәрумендер" деген түсініктермен таныстыру; көкөністер мен жеміс - жидектер туралы білімдерін бекіту.	**Таңғы сәлемдесу.** Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; жақын тұрған балаларға көңіл аударып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу. Қайырлы таң! Жаңа күн құтты болсын! Мейірім мен жылулыққа орта толсын! Жақсы бастап күнімізді қарсы алайық, Көп жұмыс бітірейік, шаршамайық! Тусипжанова-Шагирова А.	**Құстар туралы тақпақтар.** Мақсат-міндеттер: балалардың құстардың жаздағы тіршілігі жайындағы түсініктерін нығайту; құстарға аяушылықпен қарауға баулу. Келіп көктем құстары, Бау-бақшада ән салды. Оларды жас достары Ұя жасап қарсы алды. Құс ұясын бұзбаңдар, Балапанын алмаңдар. Құстар біздің досымыз, Обалына қалмаңдар. Таспен атып торғайды Ұя бұзған оңбайды Құс өкпелеп кетеді Бақшамызға қонбайды.	**"Қимылдарға қарап, пені көрсеткенімді айт?" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларға ым-ишара арқылы іс-қимылды түсіне білуге машықтандыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Ақ мамықтай балапан" Мақсат-міндеттер: Балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен еңбектеу іскерліктерін шыңықтау; еңбектеу кезінде дене тепе-теңдігін сақтау; еңбектеу техникасының тәсілдерін дамыту; құрсаулармен орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын жасау; судың қасиеттері туралы білімдерін толықтыру.	**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Құстар біздің досымыз" Мақсат-міндеттер: Жалпы құстар туралы, олардың тіршілігі мен пайдасы туралы мағлұмат беру;б алалардың белсенділігін, қызығушылығын, сөздік қорын, ой – өрісін дамыту; құстарды қорғауға, қамқоршы болуға, табиғатты сүюге тәрбиелеу.	**Жапсырудан ойын-жаттығу** "Құстарға жем салайық" Мақсат-міндеттер: Құстар туралы түсініктерді дамыту; желімді қылқаламмен алып, дайын пішіндерге желімді жағу, сүлгіні қолдана білу қабілетін қалыптастыру; балаларды дайын пішіндерден құс бейнесін құрастырып, қағаз бетіне жапсыруға үйрету (соңақша, дөңгелек, үшбұрыш, тіктөртбұрыш); қолдың ұсақ моторикасын, құстардың әнін тыңдау және есту қабілеттерін дамыту;	**Құрастырудан ойын-жаттығу** "Құс үйі" Мақсат-міндеттер: Сипаттама бойынша затты табуды үйрету,сейлеу және тыңдау қабілеттерін дамыту,үйді құрылыс материалынан тұрғыза білу,қоршаған әлемге құрметпен қарауды тәрбиелеу.	**Музыкадан ойын-жаттығу** "Орманда" Мақсат-міндеттер: Музыка мен қимылдардың тұтастығын қабылдау қабілетін дамыту. Балалардың өміріне музыкамен сөйлесуден қуаныш сезімін енгізу; балалардың репертуар таңдауда өз бетінше шешім қабылдау қабілетін дамыту.

			табиғат пен құстарға деген сүйіспеншілік пен қамқорлыққа тәрбиелеу.		
2- таңғы ас	Алдыңдағы түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс. әдептілік ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Серуенге дайындық	**"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су..." ойын жағдаяты. "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су..." тақпақ-жаттамағын оқу.** Мақсат-міндеттер: сабынды ыдысынан алуға үйрету, үлкендердің көмегімен, қолдарын сабындап, сабынды орнына қою, алақандарыңды бір-біріне ысқылап, сабынды шайып тастау, сүлгілерінің орнын білу. Ересек адамның көмегімен қолдарын құрғатады.				
Серуен	**Үлескеге ұшып келген құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: құстардың қимыл-қозғалыстарына назар аударту: жүреді, секіреді, ұшады. Шалшық сулардан қалай су ішіп, қалай жем шоқитындарын бақылау. **"Торғайлар мен мысық" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларда кеңістікті бағдарлай алу және бір - бірімен қақтығыспай топта қозғалу қабілетін дамыту; белгі бойынша әрекет ету, ұзындыққа секіру, биіктікке секіру, тез жүгіріп келе жатып секіруге жаттықтыру. **"Бедерлі жолдармен" ойын жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: асфальтта сызылған бедерлі сызықтармен жүруді жаттықтыру. **Балалардың далаға алып шығатын материалдармен өз бетінше ойын әрекеттері.** Далаға алып шығатын материалдар: күректер, шелектер, қалыптар, жыл мезгіліне сай киіндірілген қуыршақтар, машиналар. **Еңбек тапсырмасы:** ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. **Дербес ойын әрекеті.** Мақсат-міндеттер: балаларды шағын топтармен бірлесіп, теңгу ойнауға дағдыландыру; ойыншықтармен жеке ойында қарапайым ойын желісі бойынша әрекеттер жасауға мағықтандыру.	**Құмсалғышта ойнаймыз. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балалардың қоршаған әлем туралы түсініктерін қалыптастыру. Құмның қасиеттерімен таныстыру. Ойын барысында құрдастарымен тіл табыса білуге тәрбиелеу (ойыншықтармен бөлісу, кезектесіп ойнау, жанжалдарды бейбіт жолмен шешу). **Әңгімелесу.** Біздің құмсалғышымыз қандай керемет! Ондағы құм сары, таза. Кім құмсалғышта ойнағанды ұнатады? Егер күн қатты ысыса, онда құм құрғақ болады. Мұндай құмды құюға болады (педагог құмның пластмасс дәрменшеден қалай айналдыратынын көрсетеді) немесе құмды илеуіштен илей аласыңдар (Көрсетеді.). Сендер құмды мөлдір пластик бөтелкеге құю аласыңдар (көрсетеді). Құрғақ құмның үстінде жалаңаяқ жүгірген жақсы. Бірақ бір-бірлеріне құм лақтыруға болмайды. Себебі, біреудің көзіне кіріп кетуі мүмкін! Егер біз күрек алып, құмды қаза бастасақ, біраз қазғаннан кейін қою қоңырқай құм шығады. Ол дымқыл болғандықтан солай болады. Мұндай құмды төге алмайсыңдар. Қараңдаршы. Ол кішкентай кесек - кесек болып түседі. Мұндай құмнан біз түрлі қалыптардың көмегімен торттар, қалыптар, пироженыйлар жасай аламыз (қалыптардың көмегімен педагог көрсетеді). Енді өзіміз түрлі пішінді қалыптарды алып, мүсіндеп көрейікші!	**Масалармен танысу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды жәндіктермен (маса) таныстыруды жалғастыру; байқағыштық қасиеттерін дамыту; қоршаған ортаға деген қызығушылықтарын тәрбиелеу. **Әңгімелесу.** Балалар, сендерді масалар шағып көрді ме? Масалар қандай болады? Педагог балаларды масалар туралы әңгімелесуге, оларды сипаттауға шақырады. Сөйлемдерді дұрыс құрауына үлкен мән беру маңызды. Бақалар мен қарлығаштар масалармен қоректенеді. Олар бізді масадан құтқарады. Егер мүмкіндік болса, далада балаларға масалар мен басқа да жәндіктердің суретін салуға қағаз бен бояулар (қарындаштар, балауыз қарындаштар) тарата аласыз. Масалардың суретін салу. **"Құпияшалар" құмсалғышта ойнайтын ойындар.** Ойын күрделендіріліп ойнатылады. Бірнеше балаға түрлі - түсті текшелерді құпия түрде жасырып қою ұсынылады. Қалған балалар мұқият іздеп, тауып алулары керек. **"Қуыспақ" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша, құғыншыдан қашып	**Жаңбырды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: жаңбыр және найзағай сияқты құбылыстарды түсіндіру. Найзағай фотосуретін көрсету. Қатты жауын болған кезде, найзағайдың алдында аспанды ауыр бұлт жауып, қатты жел соғады. Жел ағаштарды қатты шайқайды. Айналаның бәрі біртіндеп түнеріп кетеді. Құстар айқайлап ұшып, жасырынып қалуға тырысады. Күн күркіреп, найзағай жарқылдайды. **Жұмбақ.** Бір нәрсе жоғарыда от жағып тұр, Дабылдап дабылын ол қағып тұр. (Найзағай) Бір нәрсе жоғарыда от жағып тұр, Дабылдатып дабылын ол қағып тұр. От жағып, дабыл қағып тұрғанында, Сабалап төмен қарай су ағып тұр. (Жаңбыр, найзағай) **"Аюдың орманында" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: бір-біріне қақтығысып қалмай жүгіруге үйрету. **"Сабалақ құшік" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалалардың ойын мәтініне сәйкес қимылдау, қозғалыс бағытын тез өзгерте алу, ұстап алушының қолына түсіп қалмай, бір - бірін итермей жүгіре алу	**Құстарды бақылау (қарғалар, торғайлар, көгершіндер) (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: құстар туралы жалпы түсінік қалыптастыру. **Көркем сөз.** Терезенің алдына, Түрлі құстар кеп қонды. Ақырын жақын келіп ем, Пыр етті де жоқ болды. **"Торғайлар мен машина" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүруге және жүгіруге ынталандыру; құстардың қимылдарына еліктеуге бейімдеу; бірлесіп ойнауға машықтандыру. **Дене шынықтырудан жеке дербес жұмыстар.** Мақсат-міндеттер: балаларды көлбеу тақтайдың бетімен жүруге, бастың арт жағынан лақтыруға жаттықтыру, балаларды батылдық пен епшілікке тәрбиелеу. **Еңбек тапсырмалары:** құмдарды бір жерге үйіп, шелектерге салып, құмсалғышқа әкеліп төгу. Мақсат-міндеттер: қарапайым еңбек тапсырмаларын орындай алуға үйретіп баулу.

		"Үйдегі құстар" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды түрлі бағытта жүгіруге жаттықтыру, тәрбиеші белгісін есту білу, кеңістікті бағдарлай білу біліктіліктерін дамыту. **"Шеңберге дәлдеп" ойын жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларда нысанаға дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту; **Балалардың далаға алып шығатын материалдармен өз бетінше ойын әрекеттері.** Далаға алып шығатын материалдар: құректер, шелектер, қалыптар, жыл мезгіліне сәй киіндірілген қуыршақтар, машиналар. **Еңбек тапсырмасы** – серуеннен кейін ойыншықтарды жуу. Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек түрлеріне баулу.	жүгіруге бейімдеу, күш-жүгерін кеңістікті бағдарлай білу қабілетін дамыту. Балалар құлыпнақ ойнағанды өте жақсы көреді. Ойын ойнатылмас бұрын ересек адам алдын-ала жұмыс жүргізу керек: ойын шартын түсіндіріп, жүгіруге арналған аймақты белгілеп беруі керек. Негізгі қимыл - қозғалыс түрлері бойынша жеке жұмыстар. **"Сол жақ", "Оң жақ" түсініктері туралы білімдерін бекіту.** Ересек адам былай дейді: - Масалар оң жақ құлақтың түбінде! Алақанмен ұстап ал. Хоп! Масалар сол жақ иық тұсында! Алақанмен ұстап ал. Хоп! Масалар оң жақ иық тұсында! Алақанмен ұстап ал. Хоп! **"Масаны ұстап ал!" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларда қозғалысты көзбен көру белгісімен үйлестіре алуын дамытып, балаларды секіруге жаттықтыру, бір орында секіру дағдыларын қалыптастыру. **"Дәрігерде" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды дәрігердің қызметімен таныстыру, медициналық құралдардың аттарын бекіту. Балаларға ойын жоспарын жүзеге асыруға үйрету. Екі кейіпкермен (дәрігер - науқас) өзара әрекеттесу қабілетін қалыптастыру; алмастыратын ойыншықтармен дербес ойын кезінде өзі үшін де, ойыншық үшін де рөлін сомдау. **Балалардың далаға алып шығатын материалдармен өз бетінше ойын әрекеттері.** Далаға алып шығатын материалдар: құректер, сынаргыштар, зембілдер,	қабілеттерін дамыту. **Балалардың далаға алып шығатын материалдармен өз бетінше ойын әрекеттері.** Далаға алып шығатын материалдар: құректер, шелектер, қалыптар, жыл мезгіліне сәй киіндірілген қуыршақтар, машиналар. **Еңбек тапсырмасы – серуеннен кейін ойыншықтарды жуу.** Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек түрлеріне баулу.	

			қалыптар, қағаздар мен қарындаштар. **Еңбек тапсырмасы – серуеннен кейін ойыншықтарды жуу.** Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек түрлеріне баулу.		
Серуеннен оралу	Балалардың тыныш ұйқыға жатып, тәтті ұйықтауына жағымды жағдай туғызу. Көркем сөз оқу: "Бесік жыры" (халық ауыз әдебиеті).				
Түскі ас	Дастархандағы тағамға назар аударту; үстел басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетін енгізуге бағытталған жеке жұмыстар; этикет ережелері. **Көркем сөз.** Қолға қасық, нан алайық, Түскі асты тауысайық. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Түскі ұйқы	Мақсат-міндеттер: дәретханаға бару, жуыну, киімдерін бүктеу, тыныш ұйықтау сияқты белгілі бір рәсімдерді сақтай отырып, ұйқыға өзін-өзі дайындау дағдыларын қалыптастыру. Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. Ұйықтар алдында шешінгенде, орындықтың арқалығына көйлек немесе жейделерін ілгізіп, ал орындықтың өзіне шалбарын, етектерін бүктеп қойғызу. **"Әлди - әлди" әні.** Көзімнің ағы-қарасы, Жүрегімнің парасы, Уайым-қайғы ойлатпас, Көңілімнің сапасы. Айналайын, шырағым! Көлге біткен құрағым! Маңдайдағы құндызым, Аспандағы жұлдызым. **(көркем әдебиет)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	**Тақпақ-оятпақ: "Қанаттарымызды күнге жылытайық".** Балалар шалқасынан жатады, қолдары жамбарында; қолдарын жоғары көтеріп, "жылынайық" деп айтады да, қайта түсіреді. **"Аяқтарыңды жасыр" жаттығуы.** Балалар шалқасынан жатады, аяқтарын жоғары көтеріп, "аяқтарыңды жасыр" деп, аяқтарын қайтадан кереуетке жайлап түсіреді. **Кереуеттерінің жанарынан жүру.** Алтын айдарлы әтеш, Адымдап келе жатыр. Балапандарын қуып, Қорға қамап жатыр. Қос аяқпен бір орында және алға қарай жылжып секіру. Қолдар еркін. **Шынықтыру іс-шаралары.** Дымқыл шүберекпен сүртіну, ысқылау. Дәстүрден тыс әр түрлі кедергілері бар денсаулық жолдарымен жүру. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас	Алдыңдағы түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс. әдептілік ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті	**"Қуыршақ Данаға суық тиіп қалды" дидактикалық ойыны. Тақпақ-**	**"Құстар" тақырыбында презентация (интербелсенді тақтада).** Мақсат-міндеттер:	**"Құс" қыстырғыштармен ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды	**"Біздің әтеш шақырмайды" ойын-жаттығуы.**	**"Үйшік" ертегісі (ертегі терапиясы технологиясы).**

(аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**жаттығу.** Қол орамал қалтады, Мұрын сүртіп алуға. Балалардың мұрындары, Қайта таза болуға. Балаларға жөтеліп,түшкірген кезде ауыздарын қолорамалмен жабуға үйрету, алдында біреу тұрса, теріс қарау керек. Балалардың қолорамалды немесе бір реттік орамалдарды қолдана алу дағдыларын тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** **"Құс" тақырыбында қағаздан құрастыру.** Құстарыңның бастарының екі жағынан қара ермексаздан бір-бір көзден жапсырып қойыңдар. Сосын құстың денесінің екі жағынан бір-бір қанаттан жапсырыңдар. Жұмыс соңынан кейін жасаған бұйымдарымен ойын ойнап, құстың атынан сөйлеп, құсты таныстырады. **(жапсыру, қоршаған ортамен танысу)**	балалардың құстар туралы түсініктерін жалпылау, нақтылау: барлық құстардың тұмсығы бар, денесі қауырсынмен қапталған, екі қанаты, екі аяғы бар, жұмыртқадан балапандары шығады. **(қоршаған ортамен танысу)** **"Бөліктерден бүтін жұмыртқа жина" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: ұсақ төрт бөліктен тұтас бейнені құрастыруға дағдыландыру; ойлау, қабылдау, зейін, елестету қабілеттерін, ұсақ қол моторикасын дамыту. Бұл жұмыртқа шағылған. Оның ішінен балапан шыққан. Әсіп, жетілген соң жұмыртқаны жарып, шықты. Қане, жұмыртқаның бөліктерін біріктіріп, жинап көрейікші. Бөліктерден бүтін жұмыртқа жинап көрейікші. **(қоршаған ортамен танысу)**	қысқыштармен жұмыс жасауға бейімдеу, ұсақ қол моторикасын, ой-қиялын дамыту. Құсқа қыстырғыштардан тұмсық, аяқтары мен әдемі құйрық шығатындай етіп қыстырып берейік. **(қоршаған ортамен танысу)** **"Шағала" көзге арналған жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: көздің көру қабілеттерін жетілдіру, босаңсыту мүмкіндіктерін ашу. Қараңдар, бұл теңіз құсы шағала ғой! Ол қалай ұшатынын көзімізбен ғана қарап отырайық. Шағала жоғары ұшты. Шағала солға ұшты. Шағала төмен қарай ұшты. Енді оңға ұшты. Толқындардың үстімен айнала ұшты. **(қоршаған ортамен танысу)**	Мақсат-міндеттер: театр өнері арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Міндеттері: кейіпкердің эмоционалды жағдайын мимика, ым-ишара арқылы беру қабілетін қалыптастыру; сөздік қорын байыту; қарым-қатынас дағдыларына тәрбиелеу. Алдын-ала жұмыс: ертегі ойлап табу, өлеңдер мен әндерді қосу, іс-әрекеттердің кезектілігін талқылау. Материалдар: Әтеш, Үйрек, Ешкі, Қыздың костюмдері. Ойыншық құрт (жіп), бір бума құрғақ шөп, шелек, шәйнек, кесе, кептірілген итмұрын жемісінің шай қоспасы. **(көркем әдебиет)**	Мақсат-міндеттер: балаларға таныс ертегінің мазмұнын еске салу, қиялын және ерікті зейінін дамыту. Балалардың ішкі әлемін байыту, балалардың қарым-қатынасындағы кедергілерді жену бойынша жұмыс жасау. «Үйшік» ертегісін оқу, ертегіге байланысты иллюстрацияларды қарау, балаларға ертегі көрсету (қуыршақ театры), ертегі кейіпкерлерімен ойнау, жабайы аңдар, олардың тіршілік ету ортасы туралы әңгімелеу. Құрал-жабдықтар: "Үйшік" қуыршақ театры, аңдардың тұрғылықты мекен жайы бейнеленген суреттер, резинадан жасалынған ойыншық аңдар, жануарлардың санына сәйкес әр түрлі түсті геометриялық пішіндер, қағазға жапсырылған шаршы және үшбұрыш, желім, аудиожазбалар. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**
Балалармен жеке жұмыс	**Артикуляциялық жаттығу.** **"Не қалай дыбыстайды?"** Мақсат-міндеттер: үй жануарлары мен олардың төлдері туралы түсініктерін қалыптастыру, дауыстарын ажырата алу. Құралдары: үй жануарларының суреттері. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**	**"Көлік жүргізушілері" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды жүргізуші мамандығымен таныстыру. Балаларды ойын арқылы қарым-қатынас орнатуға үйрету. Екі кейіпкермен өзара әрекеттесу қабілетін қалыптастыру (жүргізуші - жолаушы). Балаларды белгілі бір рөл үшін өз атрибуттарын табуға талпындыру. Еңбек тапсырмасы: ойын сөресіне заттарды жинастырып, қалпына келтіру - еңбек дағдыларын тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)**	**"Бір және көп" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: зат есімдерді жекеше және көпше түрде үйлестіруге машықтандыру. Ұзақ - ұзақтар - ұзақтарды. Құс - құстар - құстарды. Тырна - тырналар - тырналарды. Қараторғай - қараторғайлар - қараторғайларды. Қаз - қаздар - қаздарды. Үйрек - үйректер - үйректерді. Қарлығаш - қарлығаштар - қарлығаштарды. Аққу - аққулар - аққуларды. Көкек - көкектер - көкектерді. Ұя - ұялар - ұяларды. Жұмыртқа - жұмыртқалар - жұмыртқаларды.	**Артикуляциялық жаттығу.** **"Әтештер".** Мақсат-міндеттер: етістіктің мағынасын білдіретін іс-әрекетпен байланыстыру. Ойын барысы. Ересек адам өлең оқиды, ал балалар өлеңде айтылған әтештерді бейнелейді. Әтештер айбарланды, Төбелеспей, ойланды. Айбарланса қаттырақ, Қауырсыннан айрылмақ. Қауырсыннан айрылса, Қайтіп айбар шақырмақ? (В. Берестов. Петушки. Өлеңін аударған: Түсіпжанова-Шағирова А. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	**Бейнелеу өнері бұрышындағы бірлескен іс-шаралар.** Апта тақырыбы бойынша жеке жұмыс **(мүсіндеу, сурет салу).** **"Ұялардағы жұмыртқалар" дидактикалық жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың көзбен қабылдау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. - Балалар, міне, сендердің алдарында ұялар. Оларды санайықшы. - Суретте қанша ұя бар? Екі ұя. - Ал ұялар бірдей ме, әлде әртүрлі ме? Әртүрлі. - Бір ұя үлкен, екіншісі кішкентай. Үлкен ұяны көрсет. Кішкентай ұяны көрсет. - Бір санын бір жұмыртқа салынған

			Балапан - балапандар - балапандарды **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**		ұяны астына қоямыз, ал екі санын қай ұяны астына қоямыз? - Екі жұмыртқа салынған. Дұрыс. Құралдары: жұмыртқалардың суреттері, сандар. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**
Серуенге дайындық	**"Киімдерді әдемілеп бүктейік" ойын жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: киімдерді дұрыс бүктеу дағдыларын қалыптастыру. Балаларды өз киімін танып білуге, атай алуға, бірте-біртелік жүйесі бойынша киінe білуге, өз шкафтарын суретті белгісі бойынша таба алуға және киімдерін ұқыпты бүктеп, шкафтарына салуға үйрету.	Қауіпсіздік ережелері жайында жеке дербес және ұжымдық әңгімелесу (сөйлеу тілін белсендіру үшін). Мақсат-міндеттер: балаларды серуендеуге ынталандыру. Серуендеуге арналған ойын жабдықтарын таңдау; балалармен жеке әңгімелесу; шалбардың, бас киімнің және етіктің бірте-біртелік жүйе бойынша киінуін қадағалау.	Мақсат-міндеттер: шкафтан далаға киетін аяқ киімін алу дағдысын қалыптастыру, көмек сұрау кезінде сөзбен өтініш білдіруге үйрету, қабылдау болмесінде өзін-өзі ұстауға үйрету. Жазғы серуен кезіндегі ережелер: - серуен кезінде бас киім немесе орамал тағу; - ыстық ауа-райында, көлеңкеде ойнау (үлеске төбелдірігінде); - күнге тіке қарамау, себебі бұл көру қабілетін нашарлатуы мүмкін; - серуендеу кезінде әркім өз жеке стақанынан тек қайнатылған су ішуге болады; - серуен кезінде жемістерді (алма және т.б.) жеуге болмайды, өйткені қол кір болады және оларда ауру тудыруы мүмкін микробтар көп.	Мақсат-міндеттер: түйме тағу іскерліктерін қалыптастыруды жалғастыру, гольфин мен шұлықты аяқты ұшынан бастап киюге үйрету; мәдениетті түрде көмек сұрауға үйрету.	Мақсат-міндеттер: жапсырмасы бар капсырмалы аяқ-киімді шешіп тағу дағдыларын қалыптастыру, басқа да капсырма түрлерін қолдана білуге жаттықтыру. Аяқ киімдерін киіп, ересек адамдардың көметімен түймелерін тағу және киімдерін шкафқа ілу дағдыларын қалыптастыру. Қабылдау болмесінде өзін-өзі ұстау мәдениетін сақтауға үйретуді жалғастыру.
Серуен	**Ауа-райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларға ауа райының құбылмалы екендігін, (жаңбырдан кейін ауадағы ылғалдылықты байқауға болатынын) көрсету; жапырақ, орындық, үлескеңнің дымқыл немесе құрғақ болғанын байқату; кешкі уақытта күн төмендеу түсіп, біраз салқындағанын байқату; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. **Жабайы, дала құстары мен олардың балапандары бейнеленген иллюстрацияларды көрсету.** - Бұл не?	**Торғайды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балалардың торғай туралы түсініктерін нығайту; торғайдың шапшаң, жылдам ұшатынын, торғайдың өзіне жем-қоректі тез тауып алатынын байқату; қамқорлыққа тәрбиелеу. Педагог балаларға торғайлар алдына кепкен нанды үгітіп шашуды, алыстан бақылауды ұсыну мүмкін. **Энциклопедиялық мәлімет.** - Қызыл кітап – сирек кездесетін және жойылып кетуі мүмкін жануарлардың, өсімдіктердің, жәндіктердің, балықтардың	**Аула құстарын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: аулада ұшып-қонып жүрген құстарды сыртқы келбетінің ерекшеліктері, қимылдары, дыбыстары арқылы ажыратуға баулу (торғай, қарға, сауысқан, көгершін, т.б.); бақылағыштыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. **"Құстар", "Құстар ауласында", "Орман құстары" тақырыбындағы бояматармен жұмыс.** **"Торғайлар мен мысық" қимыл-қозғалыс ойыны.**	**Ауа-райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларға ауа райының құбылмалы екендігін, (жаңбырдан кейін ауадағы ылғалдылықты байқауға болатынын) көрсету; жапырақ, орындық, үлескеңнің дымқыл немесе құрғақ болғанын байқату; кешкі уақытта күн төмендеу түсіп, біраз салқындағанын байқату; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. - Балалар, қандай құстарды білесіндер? - Құстарда не болады? (Балаларға	**Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларға желді, жапырақтарға, бұтақтарға, жалауларға, бұлттарға қарап байқауға болатынын көрсету, желдің баяу және катты соққанын байқауға дағдыландыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру. **Әр түрлі құстар бейнеленген суреттерді көрсету.** - Бұл не? - Бұларды неге құс деп ойлайсыңдар? - Құстар не істеп жатыр?

	- Бұл құстар қайда мекендейді? - Оларға кім күтім жасайды? - Олар қоректерін қалай тауып жейді? (иллюстрациялар: ағашта отырған тоқылдақ, тұмсығымен құртты ұстап отырған шымшық, жем шоқып жүрген торғай). - Бұлар үй құстары ма, әлде жабайы, дала құстары ма? **"Балапандар мен күшік" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды еліктеу қимылдарын жасауға ынталандыру; ойын желісіне, белгі бойынша бірінің соңынан бірі баяу жүру және бір бағытта жүгіру қабілеттерін жетілдіру; кеңістікті бағдарлау, зейін қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту. Балапандар үкеден балапандап жүруді көрсету. Күшіктің жүрігін келуін байқап - жан-жаққа тарап жүгіру. Біз көңілді балапан үйректерміз, Балпан, балпан етіп жүреміз. Күшік келіп үрсе - Жан-жаққа жылдам жүгіреміз. Педагог балаларды, балапандарға жақсы еліктегендері үшін, мақтап жүреді. **Далаға алып шығатын материалмен ойындар.** Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойынға қажетті атрибуттарды іріктеп, таңдап алуға үйрету. **Еңбек тапсырмасы:** ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.	тізімі. - Кітаптың беттері әр түрлі түстен тұрады. Қара беттерде жойылған хайуандар, қызыл беттерде сирек кездесетін, сары бетте тез азайып келе жатқан, ал ақ беттерде құтқарылған жануарлардың түрлері көрсетілген. - Кітапта ақбөкен, гепард, бүркіт, арқар, барыс жануарлары бар. (Суреттерді көрсету.) - Біздің елімізде, Қызыл кітапқа енген жануар немесе өсімдікке зиян тигізілсе, ол адам жазаланады. Қызыл түс – қауіптілікті білдіреді. - Ал, қазір сендер қандай құсты жасағыларың келетінін ойланып, алдарыңда жатқан қажетті материалдарды таңдап алып, жұмысқа кірісе беріңдер. **"Құс" аппликациясы.** - Балалар, бүгін балабақшаға келмей қалған балаларға құстар жайлы не айтушы едіңдер? **Көркем сөз.** Бақшаларды қорғауға, Құс достарым келеді. Зиянкес жәндіктерді, Шоқып жейді, тереді. Сондықтан да достарым, Реңжітпеңдер құстарды! Ұяларын бұзбаңдар, Мысықтардан қорғаңдар! Түсипжанова-Шағирова А. **Еңбек тапсырмасы:** киім түсіп жатқан жапырақтарды жинау. Мақсат-міндеттер: тазалыққа, қарапайым еңбек дағдыларына баулу.	Мақсат-міндеттер: балаларда кеңістікті бағдарлай алу және бір-бірімен қақтығыспай топта қозғалу қабілетін дамыту. Белгі бойынша әрекет ету, ұзындыққа секіру, биіктікке секіру, тез жүгіріп келе жатып секіруге жаттықтыру. **Далаға алып шығатын материалмен дербес ойындар.** Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойынға қажетті атрибуттарды іріктеп, таңдап алуға үйрету. Алып шығатын материалдар: күрек, сынырғыш, қалақшалар, қалыптар. **Еңбек тапсырмасы:** құмды бір жерге үйіп, шелекпен салып, құмсалғышқа апару. Мақсат-міндеттер: қарапайым еңбек әрекеттерін орындауға баулу.	құстардың дене мүшелерін айтуға көмектесу.) Жер құстарының алуан түрлілігі туралы иллюстрацияларды қолдана отырып, олардың ерекшеліктері туралы қызықты мәліметтермен таныстыратын ақпараттық әңгіме айту. Балалармен құсты мүсіндеу. Мақсаты балаларды тұтас сазбалшықтың кесегін екі (кішкентай мен үлкен) бөлікке бөлу, құстың басы мен денесін дөңгелектеп, саусақ ұштарымен тұмсығы мен құйрығын шымшып шығарып, құстың мүсінін құрауға дағдыландыру. Құралдары: сазбалшық; сүлгілер, төсеніш тақтайшалар. **"Ұшақтар" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды бет ті бойынша қимылдарын өзгеруге: алаң кеңістігін пайдаланып, бірін-бірі түртпей, жүгіруге және бір-біріне жақын бір жерде отырып, демалуға - машықтандыру; ұшақ қимылына еліктеуге ынталандыру; зеректікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Педагогтің балаларға берілетін белгі командалары: "Ұшақтар, моторларды жүргізейік!" (екі қолды алдыға қойып, өзара айналдыру), "Қане, ұшайық!" (екі қолды екі жаққа жайып, түзу ұстап жүгіру), "Ұшақтар, аэродромға қонайық!" (бір-біріне жақын жерге отыру, қолдарды екі жақтарға созып, түзу ұстау). **"Ұшады, ұшпайды" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: зейіндерін, есту тез қабылдап, тез әрекет ету қабілеттерін дамыту.	- Құстардың бәрі бірдей ме? - Айырмашылықтары неде? - Маған үлкен құстарды көрсетіңдерші? Кішкентай құстарды көрсетіңдерші? Өзің білетін құсты көрсетіп, оның атын - Құстар не жейді? - Торда отырған құстарымызды немен қоректендіреміз? Олардың аттары кім? **"Ұяларында отырған құстар" қимыл-қозғалыс ойыны** Мақсат-міндеттер: есту тез қабылдап, белгі бойынша тез әрекет ету қабілеттерін дамыту, кеңістікті бағдарлау қабілетін қалыптастыру. **Еңбек тапсырмасы:** ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. **Дербес ойын әрекеті.** Мақсат-міндеттер: балаларды шағын топтармен бірлесіп, тату ойнауға дағдыландыру; ойыншықтармен жеке ойында қарапайым ойын желісі бойынша әрекеттер жасауға машықтандыру.

				Еңбек тапсырмасы: құмсалғыштың бетін қоқыс бұталардың тазалау. Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу **Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті.** Дербес ойын әрекеті. Мақсат-міндеттер: ойыншықтармен жеке ойында қарапайым ойын желісі бойынша әрекеттер жасауға машықтандыру	
Серуеннен оралу	Балалар киімдерін дұрыс шешу,шкафтарға бүктеп қою, қолды жуу әрекеттерін одан әрі қалыптастыру. Таза сумен Арман, Бет-қолын жуды. Оған қарап Балжан, Суға қолын созды. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Кешкі ас	Алдыңдағы түскі асқа назар аудару, үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс. әдептілік ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттап айту; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** Музыкалық аспаптармен ойындар. Білім күнне арналған әндер тыңдату. **(шығармашылық дағдылар, музыка)** Өнер бұрышында ойыншықтар тақырыбында сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру. **(шығармашылық, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. **(танымдық дағдылар)** Кітаптарды санау, өлшеу, салыстыру.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	"Дәрумендердің бала өміріндегі маңызы" тақырыбындағы кеңес..	"Балабақшаның күндізгі режимі сияқты үйде де баланың жағдайын жасау" тақырыбында ата-аналарға кеңес.	"Баланы қалай дұрыс сөйлеп үйретуге болады?" тақырыбында ата-аналарға кеңес..	"Денсаулықты сақтау өмір салтын сақтауға бағытталған отбасылық дәстүрлерә сұрақ-жауаптар.	Көрмелер: "Құстар күні", "Құстар - біздің досымыз" жылжымалы папкалар

03.06.2024

Орта жас тобы

Жаратылыстану: Кемпірқосақта қонақта*

Оқу қызметінің мақсаты

Кемпірқосақпен таныстыру; қоршаған әлемнің түстерінің әртүрлілігіне эмоционалды сезім тудыру. Түс атауы (қызыл, сары, жасыл, көк) туралы білімдерін бекіту; сөйлеу, ойлау, еске сақтау қабілетін дамыту; табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін, табиғат сұлулығын көре білу табиғатты құрметтей білуге тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Кемпірқосақ.

Әдіс-тәсілдер

Дидактикалық ойын «Суреттерді құрастыр».

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Дыбыстық жазба

Ватман қағазындағы кемпірқосақтың суреті, қызғылт сары себет.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Көбелектер, түрлі-түсті шарлар, қағаздың бірінші бетінде көңілді күннің, екінші бетінде көңілсіз күннің суреті, 4 бөліктен тұратын кемпірқосақтың суреті.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1.

Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз

- Балалар, бүгін біз сендермен ерекше саяхатқа барамыз. Онда біз табиғи құбылыстармен кездесеміз. Сендер күн, жел, жаңбыр деген табиғи құбылыстарды білесіңдер. Бүгін, балалар, тағы бір өте әдемі құбылыспен танысамыз. Ол қандай құбылыс екенін білу үшін жұмбақ жасырамын. Сендер шешімін табуларың керек.

Жаңбыр жауып басылды,
Аспан шайдай ашылды.
Қызыл, сары, жасылды,
Көкте бір зат асылды.

- Ол не?
- Кемпірқосақ!



2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. - Кенеттен аспанды сұр бұлт жауып, жаңбыр жауа бастады. Жаңбыр қалай тамшылайды, балалар, (алақанда жаңбырдың тамшысын көрсету)? Сонымен, балалар, біз жазық далаға шықтық. Жаңбыр аяқталып, күн шығып, аспанда кемпірқосақ пайда болды. Оны қарсы алайық!

Жаңбыр жауып, басылды,
Күлімдеді көкте күн.
Кемпірқосақ асылды
Өрнегіндей көктемнің
Ермек Өтетілеуұлы

Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз

(«Balapan» телеарнасы)

Осы уақыт ішінде балалар музыка әуенімен би билей алады.

- Кемпірқосақ - табиғаттың ең әдемі құбылыстарының бірі. Ол түрлі-түсті доғаға ұқсайды.
- Кемпірқосақ туралы не білесің?
- Ол жаңбырдан кейін пайда болады, өзі түрлі-түсті.
- Балалар, кемпірқосаққа қараңдаршы. Ол қандай әдемі, ашық, түрлі-түсті?

2.2. «Кемпірқосақ» саусақ жаттығуы

- Қараңдаршы, балалар, кемпірқосақ біздің үстімізде (қолмен басыңыздың үстінде жарты шеңбер сызыңыз (тербелмелі қимыл).
Ағаштардың үстінде (қолымыз жоғары, саусақтар ашық),
Үйлердің үстінде (қолдар төбеміздің үстінде, екі қолдың саусақтары тигізу).
Ол теңіз үстінде, толқын үстінде, (қолмен толқынды көрсету).
Менен сәл жоғары (қолды басқа тигізу).

2.3. - Оның қанша түсі бар? Әр түс бізге тапсырма дайындады.

Педагог балалардың назарын кемпірқосақтың қызыл доғасына аударады.

- Бірінші доға қандай түсті? - қызыл түсті. Қызыл түс туралы тақпақ айту керек.

Қызыл бояу қызғалдақ,
Тәрізді ол қызанақ.
Қып-қызыл боп атады,
Күннің көзі шырайлы.

- Келесі тапсырманы орындайтын уақыт келді. Мынау қандай түс?
- Сарғыш.
- Жарайсыңдар, дұрыс!

Педагог себетті шығарады, онда көптеген түрлі-түсті шарлар (доптар) бар.

- Бізде әртүрлі түсті шарлар бар, бірақ біз тек сарғыш түсті шарларды алып, оларды кемпірқосақ үшін осы сарғыш себетке жинайық.

(балалар музыка сүйемелдеуімен шарларды жинайды)

- Келесі түс қандай?
- Сары. Біз күнді кездестрдік. Ол көңілсіз екен.
- Күн көзінің түсі қандай?
- Сары.
- Оның көңіл-күйі қандай?
- Көңілсіз. Қаншалықты көңілсіз екенін көрсетейік.

(Балалар күннің көңілсіз эмоциясын көрсетеді).

- Күн неге көңілсіз деп ойлайсыңдар?
- Ол бізбен ойнағысы келеді. Қимылды ойын «Күн мен түн». («Күн» сөзі

айтылғанда балалар музыка әуенімен қимылдар жасайды, «түн» сөзі айтылған кезде көздерін жұмып отыра қалады.)
- Балалар, біздің күніміздің көңіл-күйі қандай болды (күннің көзі күлімдеген суретті көрсету)?
Күннің көңілі көтеріңкі. Күніміз күлімдеді.

2.4. Келесі тапсырманы орындау уақыты келді.
- Келесі түс қандай?
- Жасыл.

Көбелек боп ұшамын
Жасыл түсті табамын.
Балалар қолдарына бір-бір көбелектен алып, музыка әуенімен

Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерленіз

ырғақты қимылдар жасайды. Музыка аяқталғанда көбелектерін жасыл түсті доғаға отырғызады. Біз тапсырманы орындадық, кемпірқосаққа ұнады.
- Біздің кемпірқосағымызда қандай түс қалды?
- Көк.
- Көк түс сендерді ойынға шақырады.
"Суретті жинаңдар" дидактикалық ойыны (балаларға кемпірқосақтың суреті 4 бөлікке бөлінген қағаздарды ұсынады).
- Бізге кемпірқосақтың қандай түстері тапсырмалар бергенін еске түсірейікші!
- Қызыл, сары, сарғыш, жасыл, көк.
- Жарайсыңдар, бәрін тамаша орындап шықтыңдар!

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Бүгін сендер қандай табиғат құбылысымен таныстыңдар?
- Кемпірқосақ.
- Кемпірқосақтың неше түсі бар екен?
- Кемпірқосақтың жеті түсі бар.

- Тағы да не істедік?
- Түрлі тапсырмалар орындадық, ойындар ойнадық.

04.06.2026

Орта жас тобы

Дене шынықтыру: Жарқын түсті кемпірқосақ

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілеттерін дамыту; тұрған заттың басына доп тигізу арқылы жоғары секіру және допты аяқпен қайшылап ұстап, отырып-тұрып домалату іскерліктерін жетілдіру.

Сөздік жұмыс

"Кемпірқосақ қанатын жайды", "Жарқын", "Түрлі-түсті", "Ашық түс", "Жеті доға" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Жұмбақ жасыру, жалпы дамыту жаттығуларына дайындық, жалпы дамыту жаттығулары, негізі қимыл жаттығулары, "Кім тез жүгіреді?", "Қорбаңдаған аю" қимылды ойындары, тыныс алу жаттығуы.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Кемпірқосақ, аю суреті, доп, сылдырмақ.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына байланысты жалаулар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Жұмбақ жасыру.

Жаңбыр жауып басылды,
Аспан шайдай ашылды.
Қызыл, сары, жасылды,
Көкте бір зат асылды.

(Кемпірқосақ)



- Балалар, кемпірқосақ неше доғадан құралған? Жеті доғадан құралған.
- Кемпірқосақ дегенде бәріміздің есімізге жарқын, түрлі-түсті, ашық түстер есімізге түседі.
- Қане бәріміз "Кемпірқосақ қанатын жайды" деп айтайықшы. Жарайсыңдар!"

1.2. Педагог:

- Балалар, бәріміз әдемі болып, музыка әуенімен бірге біріңнің артынан бірің жүріп отырыңдар.
- Тамаша! Музыка сипатына қарай мен қандай қимылдар жасаймын, сендер қайталап отырыңдар. Жақсы.

Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз

Балалар музыка әуенімен бірінің артынан бірі жүреді, педагогтің белгі беруі бойынша аяқтың ұшымен және өкшемен жүреді, жай қалыпқа түсіп, тез ойнаған музыка әуенімен жүгіреді, жүгіріп келе жатып, жай жүріске түседі және аяқтың ұшымен денелерін тік ұстап жүреді. Жүріп келе жатып, шеңбер құрады және қайтадан сапқа тұрып, біртіндеп жүріп келе жатып жалпы дамыту жаттығуларын жасауға тұрады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Педагог әр балаға екі жалаушадан таратып береді.

- Қане, балалар, қолдарыңдағы жалаушаларыңды көрсетіңдерші. Тамаша!

Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз

Жалпы дамыту жаттығулары (жалаулармен)

1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.

1.1. Балалар жалауларын оң жаққа сермеп, "желбіре" деген сөзді айтады.

1.2. Бастапқы қалып.

1.3. Балалар жалауларын сол жаққа сермеп, "желбіре" деген сөзді айтады.

1.4. Бастапқы қалып: (жаттығу 4-5 рет қайталанады).

2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.

2.1. Қолдарын жоғары көтеріп, жалауларымен "жаса" деген сөзді айтады.

2.2. Бастапқы қалып: (жаттығу 4 рет қайталанады).

3. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшақ, жалаулар тізе үстінде.

3.1. Жерге шалқасынан жатып, жалауларын жоғары желбіретіп "тербе" деген сөзді айтады.

3.2. Бастапқы қалып: (жаттығу 3 рет қайталанады).

4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде.

4.1. Жалауларын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.

4.2. Бастапқы қалып: (жаттығу 3 рет қайталанады).

2.2. Негізгі қимыл жаттығулары

- Балалар, екі топқа бөлінеміз.
- Бірінші топ тұрған заттың басына доп тигізу арқылы жоғары секіресіңдер.
- Ал, екінші топ допты аяқпен қайшылап ұстап, отырып-тұрып домалату жаттығуларын орындайтын боламыз.
- Қай топтың балалары жақсы жетістік көрсетеді екен.

Педагог балаларды екі топқа бөліп, бір топқа тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіру жаттығуын, екінші топқа допты аяқпен қайшылап ұстап, отырып-тұрып домалату жаттығуларын балалардың естеріне түсіреді. Жаттығу аяқталғанда екі топ келесі жаттығу түрін жасау үшін ауысады. Екі топ өздеріне берілген тапсырмаларды орындап жатқанда педагог жаттығулардың жасалу техникасына көңіл бөліп, дұрыс меңгере алмай жатқан балаларға ескерту жасайды. Тұрған заттың (кегли) басына тигізу арқылы жоғары секіру кезінде балалардың соғылып қалмай немесе құлап кетпей секіруіне басты назар аударады. Допты аяқпен қайшылап ұстап, отырып-тұрып домалату кезінде епті, жылдам болуды ескертеді. Жаттығуларды жақсы жасап жатқан балаларға "Ептісіңдер!", "Жылдамсыңдар!" және "Тамаша!", "Бәрекелді!" деген сөздер айтып, шабыттандырып отырады.

2.3. "Кім тез жүгіреді?" қимылды ойыны.



Педагог балаларды екі командаға бөліп, бір сызыққа тұрғызып, белгіленген межеге дейін бастарын төмен түсірмей, аяқтары шалыныспай, аяқ, қол қимылын сәйкестендіріп, еркін жүгіру керектігін айтады. Педагог жүгірудің бір бағытта ғана болатынын балаларға түсіндіреді және қалай жүгіру керектігін тағы да естеріне салады. Екі командадағы балалардың қайсысы ережеге сай және тез жүгіреді, сол команда жеңген болып есептеледі.

2.4. "Қорбаңдаған аю" қимылды ойыны.

Мақсаты: балалардың бір бағытта бір-бірімен соқтығыспай жүру және жүгіру қабілеттерін бекіту.

Барысы: балалар бір қатарда, аю болатын бала қарама-қарсы жақта тұрады. Балалар тақпақты айтып аюға қарай жүреді.

Балды жақсы көреді,
Аю деген жануар.
Қорбаңдап ол жүреді,
Аю деген жануар.



Осыдан кейін аю ойыншылардың артынан жүгіреді, ал олар одан үйге қашады. Аю ұсталған баланы апанға апарады. Ойын қайта басталады. Аю 2-3 баланы ұстағаннан кейін, екінші бала "аю" болып тағайындалады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог сылдырмақты ұрып, балаларды сапқа тұруға шақырады. Балалар бірінің артынан бірі тұрып, тыныс алу жаттығуларын педагогтің көрсетуі бойынша орындайды.

Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз

Аудиожазба бойынша "Паровоз" жаттығуларын жасап, шеңбер бойымен залдан

шығып кетеді.



05.06.2024

Орта жас тобы

Көркем әдебиет: "Адасқан құмырсқа" ертегісі

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ

Балаларға ертегіні әңгімелеп беру, шыдамдылық пен адамгершілік, достық сезімдеріне тәрбиелеу; еске сақтау қабілетін дамыту; сөздік қорын дамыту; өз ойын айтуды үйрету.

СӨЗДІК ЖҰМЫС

Белсенді сөздік қорға: құмырсқа, ара, қоңыз сөздерін қосу.

ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Шаттық шеңбері, ғажайып сәт, әңгімелесу, суретпен жұмыс, сергіту сәті, «Қай ертегі?» дидактикалық ойыны, кейіпкермен қоштасу, пысықтау.

ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР

1. Көрнекілік материалдар.
Қоян кейіпкер. «Адасқан құмырсқа», «Маша мен Аю», «Шалқан», «Шұбар тауық», «Жеті лақ», «Үш аю» ертегілеріне байланысты суреттер.

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БАРЫСЫ

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Шаттық шеңбері.
Кел, балалар, күлейік,
Күлкіменен түлейік.
Қабақ түйген не керек,
Көңілді боп жүрейік!
Қонаққа Қоян келгенін хабарлайды.

1.2. Ғажайып сәт.



Педагог балаларға қонаққа Қоян келгенін хабарлайды.
- Балалар, Қоян көңілсіз екен. Оған көмектесеміз бе?

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Әңгімелесу.

Педагог:
- Балалар, біз Қоянға «Адасқан құмырсқа» ертегісін айтып берейікші.
Ертегіні айтып береді.
Баяғыда бір құмырсқа өзінің ұяластарына өкпелеп, илеуден кетіп қалады да, ара мен қоңызға барып достасыпты.
Бірде құмырсқа азық іздеп, ұзақ шарлап жүріп бір үлкен дән тауып алыпты. Оны өзімен алып кетпекші болып, сүйреуге, көтеруге қанша тырмысса да дәнді орнынан қозғалта алмапты. Ақыры құмырсқа өзінің жаңа достарын көмекке шақырмақ болып шешіпті. Әуелі бал жинап жүрген араны кездестіріп, былай деп өтініпті:
- Достым, маған көмектесші, жалғыз өзімнің шамам жетер емес.
Сонда ара досы:
- Көріп тұрған жоқсың ба?! Мен де жұмыс істеп жүрмін, - деп әрмен қарай ұша жөнеліпті.
Құмырсқа қоңызға барады.
- Мен сен үшін мына жұмысымды тастап кете алмаймын, - деп жауап берген қоңыз да қиын домалатып жөніне кетіпті.
Достарының қылығына өкпелеген құмырсқа үйіне қарай кетіп бара жатып, жолда өзінің бауырларын кездестіріпті. Оның мұңайған түрін көрген құмырсқалар: «Саған не болды? Неге көңілсізсің?» - деп сұрайды.
Құмырсқа оларға басынан кешкендерінің бәрін айтып беріпті. Ұялас құмырсқалар оған дәнді жеткізуге көмектесіпті. Өкпелеп кеткен құмырсқа өзінің илеуіне оралыпты. «Адасқанның айыбы жоқ, қайта үйірін тапқан соң» деген осы екен.
- Ертегіден сендер не түсіндіңдер? Қиын кезде туғандарынан артық ешкім көмектеспейтіндеріне көздері жеткенін айтады.

2.2. Суретпен жұмыс.











Интербелсенді тақтадан ертегі кейіпкерлерін анықтау.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Ұйымдастырылған іс-әрекетті пысықтау мақсатында педагог:

- Балалар, бүгін қай ертегімен таныстық? «Адасқан құмырсқа» ертегісімен таныстық. Жақсы.
- Құмырсқа нелермен дос болғызы келді? Ара және қоңызбен.
- Құмырсқа ара және қоңызбен көп уақыт дос болды ма? Жоқ.
- Неге? Екеуі де құмырсқаға көмектеспеді. Оның сөзін тыңдағылары да келмеді. Жақсы.
- Балалар, бұл ертегіден қандай ой түйдіңдер?

Балалар өз ойларын айтады.

- Жарайсыңдар! Жауаптарыңа рақмет.
- Қоян сендерге алғысын білдіріп, өз достарына оралғысы келетінін айтады.
- Қоянмен қоштасайық. Сау бол!

Педагог балаларға суретке қарай отырып, ертегіні мазмұндауларын сұрайды. Балалар қызығушылық танытады.













2.3. Сергіту сәті.

Кел, балақан, балақан,
Шапалақта алақан!
Жай-жай, жай-жай.
Қозғап барлық денені,
Қаттырақ соқ қолды енді.
Сарт-сарт, сарт-сарт!
Айтқан кезде өлеңді,
Ақырын бас еденді.
Жай-жай, жай-жай.

2.4. «Қай ертегі?» дидактикалық ойыны.

Мақсаты: ертегі кейіпкерлерін танып, бір-бірінен ажыратуды үйрету; еске сақтау қабілеттерін дамыту.



06.08.2024

Орта жас тобы

Сурет салу: Көрікті қала

Оқу қызметінің мақсаты

Негізгі түстерді тануды үйретуді жалғастыру; балаларға сурет салу тәсілдерінің алуан түрлілігі жайлы түсінік беру; түсті құммен сурет салуды, түстер гаммасын таңдауды үйрету; түстерді қабылдауды, қолдың қимыл координациясын, еске сақтау қабілеттерін дамыту; мейірімділікке тәрбиелеу, туған қаласының сұлулығына жағымды эмоцияларын ояту.

Сөздік жұмыс

Гүлзар, гүлдер, жарық күн, түсті құм.

Әдіс-тәсілдер

Туған қала (ауыл) жайлы бейнебаян қарастыру, таңғажайып сәт, үлгіні қарастыру, саусақ жаттығуы, педагогикалық көрініс, түсіндіру, жеке сүйемелдеумен дербес әрекет, түсті құммен сурет салу алгоритмі, ынталандыру, мақтау, рефлексия.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Балабақша ауласы, қалалық гүлзарлар бейнеленген фотосуреттер, күн, үлгі, қалалық гүлзарлардың макеті.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Шаблон беттер (ұсақ бөлшектерсіз, анық контурсыз бес күлтешелі гүл), түсті құм (әр түс бөлек тәрелкеде), бос тәрелкелер, клейстер немесе желім қарындаш, қылқаламдары, майлықтар.

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Тәрбиеші оқу қызметі үшін қолайлы атмосфера орнатады. Интерактивті тақтадан «Менің қалам» презентациясын көрсету.







Тәрбиеші қаланың көрікті жерлеріне балалардың назарын аударады. Балалар ғимараттарды, үйлерді, алаңдарды таниды.
Тәрбиеші суреттерді қарастыру үрдісін басқарады, күн райының әртүрлі кезінде туған қалалаларының көркемдігіне назарын аударады. Жазғы табиғи құбылыстар: жаңбыр, күн жарқырап тұр, қала үстіндегі кемпірқосақ жайлы білімдерін нақтылау.
- Балалар, бүгін бізге біреу қонаққа келді. Кім екенін тауып көріңдер?
Жұмбақ.
Аспанда бір айна бар,
Әлемді көріп айналар.
(Күн.)
- Жарайсыңдар! Дұрыс айтасыңдар, күн.
Таңғажайып сәт.



Тәрбиеші балалардың назарын қонаққа келген көңілсіз күнге аударады. Күн көңілденуі үшін оған жымиып амандасуды ұсынады.
Күннің көңіл күйі өзгермейді, қаланың, балабақшаның суретін көрсету.



1.2. Фотосуреттерді қарастыру.
Тәрбиеші балалардың назарын интерактивті тақтаға аударып, фотосуреттерді қарастыруды ұсынады.
- Балалар, сендер қаламыздың көрікті жерлерін таныдыңдар ма?

Балалар тәрбиешінің көмегімен өз әсерлерімен бөлісуге тырысады, ата-аналарымен серуендегендерін, өсімдіктерге қарап тамсанғандарын әңгімелеуге тырысады.

- Балалар, фотосуреттегі бос орындар не деп ойлайсыңдар? (тәрбиеші балалардың назарын бос гүлзарларға аударады)

Педагог:

- Гүлзар дегеніміз - гүл егетін орын.
- Олар не үшін олай істейді?
- Қала әсем, көрікті, жайлы болуы үшін. Гүлдерге көбелектер ұшып келуі және адамдар сол сұлулықты тамашалау үшін.



Тәрбиеші балалардың назарын қонаққа аударады:

- Балалар, күн неге көңілсіз? Себебі - ол қаламыздың көрікті болғанын және гүлзарларда жайқалып гүлдер өсіп тұрғанын қалайды.

Балалар өз көмектерін ұсынады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Үлгіні қарастыру.

Тәрбиеші балаларға дайын жұмыстарды қарастыруды ұсынады. Гүлдерді ұстап көріп, гүлдің неден салынғанын анықтауды сұрайды.

Егер балаларға оны анықтау қиындық туғызса, педагог сурет салу құралы ретінде түсті құмды пайдаланатынын айтады.

- Гүлдің ортасы қандай түсті?
- Сары.
- Гүлдің күлтешелері қандай түсті?
- Көгілдір.
- Күлтешелерді әртүрлі түстермен бояуға бола ма?
- Иә, онда гүл түрлі түсті болады.



Тәрбиеші қонақтың атынан педагогикалық көрсетілімді жүзеге асырады.

1. Суреттің жеке бөліктеріне желімді қылқаламмен жағамыз.
2. Сол бөлікке түсті құмды себеміз.

3. Құмның артығын бөлек ыдысқа саламыз.
4. Суреттің келесі бөлігіне желімді жағамыз да, басқа түсті құмды себеміз.
5. Артық құмды аламыз.
6. Берілген тәсілмен бүкіл суретті бояймыз.

Тәрбиеші балаларға құммен ұқыпты жұмыс істеу керектігін, асықпауға тырысу, сурет әдемі болу үшін желімді дұрыс, тиянақты жағу керектігін түсіндіреді.

Түсті құммен қалалық гүлзарларға әдемі гүлдер салуға болады.

2.2. Саусақ жаттығуы.

«Гүлдер».

Алпақ гүлдер, ақ гүлдер,
Қызыл гүлдер, көк гүлдер, (екі қолдың алақандарын гүл сияқты біріктіру)
Ұнайсыңдар бар балаға,
Көрік беріп далаға (қолды жоғары көтеріп, екі жаққа сермеу)
Қызыл гүлдің біреуін,
Сыйлағым кеп тұр анама.
Гүлдер, гүлдер тамаша!
Қандай әсем қараса,
Көз тоймайды адамның
Дала гүлдеріне қараса,
Қандай нәзік гүлдерім,
Жаутаңдаған нұрымен
Жарасқандай далаға.

- Енді гүлдің суретін салайық. Бұл әлемді жайқалтайық!

2.3. Жеке сүйемелдеумен дербес әрекет

Балалардың алдында екі күлтелі, түссіз гүлдің сұлбасы.

Гүлдің суретін құммен салу алгоритмі:

- гүлдің ортасын салу, түсін анықтау (сары);
- қылқаламның ұшын желімге малып, гүлдің дәл ортасына дұрыстап жағу;
- қылқаламды сауытына салу, сары түсті құмды шымшымдап алып, желім жағылған гүлдің ортасына бос орын қалдырмай себу;
- шаблоннан сары құм қалдықтарын бос ыдысқа салу;
- дәл осы ретпен, басқа күлтешелердңі түстерін ауыстырып бояу.

Балалар негізгі түстерді атайды. Тәрбиеші көмектеседі, түстерді атауға ынталандырады, дұрыс дыбысталуын қадағалайды.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылау, рефлексия.

- Қараңдаршы, балалар, гүлдерің қандай әдемі болып шықты.
- Суретті құммен салу үшін қандай түстерді қолдандыңдар?

Балалар негізгі түстерді атайды, тәрбиеші жауаптарын қостап отырады.

Балалардың жұмыстарының көрмесі.


Балалар өз жұмыстарын тәрбиеші дайындаған қалалық гүлзардың макетіне орналастырады.

Интерактивті тақтадан көңілді күн шығады.

Тәрбиеші балаларды әдемі жұмыстары үшін мақтап, қонақтардың атынан қалалық гүлзарларды әдемі, әсем гүлдермен безендіріп, туған қаламызды көркейткендері үшін алғыс білдіреді.

Тәрбиеші мен балалар оқу әрекетін өлеңмен аяқтайды.

Қуанамыз, біргеміз,
Бөлінбейді іргеміз.
Аясында достықтың,
Бір жүреміз күнде біз!



07.06.2024

Орта жас тобы

Музыка: «Кемпірқосақ - жайдарман»

Оқу қызметінің мақсаты

Балалардың жеке қасиеттерін дамыту, өлеңдерді, әндерді нақышына келтіре айтуға дамыту. Бір- бірін сыйлауға, адамгершілік қасиеттерін жоғалтпауға тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Жүгіру, "Көңілді би", полька, жарты қадам, кемпірқосақ - сөздерді пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Сәлемдесу, көркем сөз, көрініс көрсету; түсіндіру, көрсету, баяндау, кері байланыс, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Музыкалық аппаратура, музыкалық-дидактикалық ойындар, дидактикалық ойындар картотекасы.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Әр бала сылдырлауықтар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу

Балалар залға Қ. Шілдебаевтің «Жүгіру» шығармасы желісінде жеңіл жүгіріспен кіреді де, музыка жетекшісінің белгі беруі бойынша ирек жасау, айналып жүгіру, жанымен жүгіру жаттығуларын жасайды. Жеңіл адыммен залдың ортасына келіп тұрады.

Музыка жетекшісі:

- Балалар, жаз келді. Суға шомылып, күнге қыздырынасыңдар. Жаз қызығы өте

көп екен, балалар. Жарайсыңдар, балалар, қала ішінде қыдырасыңдар. Сондықтан балалар, жаз айы кең ай, берекелі ай деп бекер айтылмаған.
- Бәрекелді! Басталатын жаз айына да сәлем берейік:
- Сәлемдесіп алайық (балалар қолдарын жанына жаяды),
- Амансыз ба, халайық! (балалар қолдарын жоғары көтереді).
- Жайдары жаз кезінде (балалар қол білезіктерін айналдырады),
- Бір жадырап алайық! (балалар қолдарын жоғары көтереді). Балалар педагогпен бірге қимылдарды қайталайды.
- Тамаша, балалар.

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар

Музыка жетекшісі оқу қызметін әрі қарай жалғастыру мақсатында Ө.Байділданың «Көңілді би» шығармасы әуенімен балаларды шеңберге тұрғызады:

(Аудиозапись произведения О.Байдильды «Веселый танец»)

- Балалар, шеңберді кең, әдемі жасайықшы, міне, жарайсыңдар. Енді музыка әуенімен маған ілесе қимылдарды қайталаймыз - деп, музыка сипатына сай ырғақтық қимылдарды жасауды үйретеді. Балалар шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, түсіреді, орындарында тұрып, жеңіл секіреді. Еркін қимылдар (ерікті қимылдарға шеңбермен жүріп келе жатып, қол білезіктерін айналдыру, бір рет айналу, тізені көтеріп жүру, қолдарын жандарына жіберіп, сермеу) бойынша балалар музыка жетекшісінің көрсетуімен ерікті қимылдарды орындайды. Балалардың эмоциялық көңіл-күйі музыка сипатына сай ырғақтық қимылдармен үйлесімді болуы тиіс.
- Жарайсыңдар, балалар, енді орындарымызға жайғасайық.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау

Музыка жетекшісі:
- Балалар, сендер музыка тыңдайсыңдар ма? Кейбір балалар кешке қарай музыка тыңдайтындарын айтты. Олай болса, балалар, қыста кешке қарай тыңдап отыратын әдемі музыка бар, естіп көрейікші? М. Глинканың «Полька» шығармасы. Әуенін жазған М. Глинка.



Балалар музыканы тыңдап отырғанда музыка жетекшісі оның сипатымен таныстырады, мәнін түсіндіреді. Балалар музыкалық шығарманы тыңдап, сипаты мен екпінін анықтайды.

- Кәне, балалар, шапалақпен ұра отырып, әуенді тағы да қайталап тыңдайықшы! Керемет! Өте тамаша шығарма балалар, солай ма? Иә.

Музыка жетекшісі шығарманы балалар қабылдағанша тыңдатады.

Музыка жетекшісі шығармаға қатысты ой қозғау мақсатында балаларға полька туралы түсінік береді:

- Балалар, "полька" деген сөз "жарты қадам" деген мағынаны білдіреді, яғни, бұл шығарма жұппен билейтін биге арналған. Қайталайықшы, балалар. Тамаша.
- Балалар, орыстың ұлы композиторы - Михаил Глинка классик сазгер, яғни, композитор болып табылады. Қайталайықшы, балалар. Жарайсыңдар.

2.2. «Балақан да алақан» дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: музыка ырғағына сай қол соға отырып, әннің әуеніне қосылу.

Ойынның шарты: алақандарын басқалардан бөлек, жаңылыс соққандар кінәсін ақтау үшін өлең, тақпақ айтып, би билеуі тиіс.

Балалар дөңгелене шеңбер жасап отырады. Музыка ойнаған кезде, балалар ән ырғағына ілесіп, қол соғып, өлең айтады. Алақандарын басқалардан бөлек, жаңылыс соққандар, не басқадай бір қылығымен ойын тәртібін бұзғандар «кінәлі бала» болып табылады. Оларды ортаға жеке шығарып, кінәсін ақтау үшін өлең, тақпақ айтқызып, билетеді.

- Кел балалар, шапалақтап,
- Алақанды ұрайық.
- Жаңылғанды ортаға ап,
- Бір өнерін сұрайық.

Қайырмасы:

- Ла – ла – ла – ла,
- Балақан.
- Ла – ла – ла –ла,
- Алақан.
- Айып тартсақ саспайық,
- Қысылмайық қиналып.
- Кел ойынды бастайық,
- Келді достар жиналып.

Қайырмасы:

- Ла – ла – ла – ла,

Балақан.
- Ла – ла – ла –ла,
- Алақан.
Бәрі қол шапалақтап, өлең қайырмасын айтып тұрып, кінәлі баланы бақылайды. Оны тапқан кезде, айыбына ән, би, немесе тақпақ сұрайды. Кінәлі бала айыбын өтеген соң, ойын одан әрі жалғасады.
Бәрі сол балаға бұрылып тұрып, былай дейді:
- Соғылғанда алақан,
- Жаңылдың сен, балақан.
- Шаю үшін кінәңді,
- Көрсет бір өнеріңді.
Ойын балалардың қалауы бойынша қайталанады.

2.3. Дауыс жаттығулары

Музыка жетекшісі балаларды орындықтарға ыңғайлы отырғызып:
- Балалар, ерінмен жаттығу жасаймыз (еріннің үстін және астын тістеу, ерінді алға бүрістіру, көңілді кейіпке ену, астыңғы ерінді түсіру - көңілсіз кейіпке ену).
- Енді, балалар, дауысты дыбыстарды әндеткенде келесі дауысты дыбысқа кедергісіз, жайлы әндете қосылуымыз тиіс:
- Ууууаааооо.
- Ууууууууууу,
Енді, балалар менімен бірге қайталаймыз:
- Га-га-га,
- Ду-ду-ду,
- Ко-ко-ко,
- Ля-ля-ля.
- Тамаша, балалар.

2.4. Ән салу

«Кемпірқосақ - жайдарман» ән мен сөзі Д.Сері
Музыка жетекшісі:
- Балалар, міне жаз да келді көңілді. Сендер ата-аналарымен бірге демалысқа барасыңдар, суға түсіп, құмға жылынасындар. Жазда жиі жылы жаңбыр жауады. Бұлт қоюланып, бұйра бола бастаған кезде, жаңбыр ақырын тамшылап жауа бастайды, жаңбырдың дыбысын естідіңдер ме? Қатты жауып барып, қайтадан ақырындап жауып, тоқтайды. Енді күн шыға бастағанда екінші жақтан не пайда болды, балалар?
- Кемпірқосақ.
- Балалар, кемпірқосақтың шыққан бейнесі қандай әдемі?



- Бүгін біз әдемі кемпірқосақ туралы жаңадан ән жаттаймыз.
Музыка жетекшісі балаларды бірінші шұмығын жаттатырады.
- Жаңбырдан соң жаралған,
- Кемпірқосақ жайдарман,
- Кемпірқосақ жайдарман!
- Ля-ля-ля-ля-ля!
- Ля-ля-ля-ля-ля!

2.5. Музыкалық аспаптарда ойнау

Музыка жетекшісі балалардың бәріне сылдырлауықтар аспаптарын үлестіріп береді де:

- Балалар, тыңдайықшы, мен қазір мына сылдырлауық аспабында ойнаймын, ал сендер менімен бірге қайталап отырасыңдар, келістік пе? Иә.
- Балалар, музыка аспаптарды алайық! Енді музыканы тыңдай отырып, менімен бірге аспаптарды сылдырлатамыз.



Музыка жетекшісі балаларға әнді шығарманы тағы да тыңдатып, музыканың қай бөлігіне келгенде аспаптарда ойнау керектігін айтады.

- Тамаша, балалар! Балалар, дыбысты тыңдай отырып, менімен бірге аспаптарды сылдыратамыз. 1,2 - 1,2 бастаймыз.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Музыка жетекшісі оқу қызметінің аяғында қорытындылайды:

- Бүгін оқу қызметінде қандай ойындар ойнадық, балалар?
- Балалар, бүгін қандай ән айттық?
- Музыка пәні ұнайды ма сендерге?

Балалардың жауаптары.

- Жарайсыңдар, балалар, бүгінгі оқу қызметінде жақсы белсенділік көрсеттіңдер,

рақмет, бәріңе! Мен сендерге өте риза болдым.



10.06.2024

Орта жас тобы

Сөйлеуді дамыту: Менің қалам

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ

Балаларға қала туралы түсінік беру, қаланың құрылысы туралы әңгімелеу, құрылысшылар туралы айту. Балалардың тілін, ойлау, шығармашылық қабілеттерін, қиялын дамыту. «Менің қалам» тақырыбында зат есімді сын есіммен байланыстыру, белсенді сөздік қорды дамыту. Балаларды ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу.

СӨЗДІК ЖҰМЫС

Белсенді сөздік қорға: қала, құрылыс, құрылысшы, үй, балабақша, мектеп, ғимарат, көлік, іргетас, қабырға, есік, терезе, төбе, ағаш, кірпіш, тас, бетон сөздерін қосу.

ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Түсіндіру, әңгімелесу, демонстрациялау, ойын, ғажайып сәт, рефлексия.

ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР

1. Көрнекілік материалдар.
Интербелсенді тақта, конструктор.
Сурет немесе слайд (көшелер, ғимараттар), хат.

2. Үлестірмелі материалдар.
Құрылыс бөлшектері (конструкторлар).

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БАРЫСЫ

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

Сурет бойынша әңгіме құрау.

Педагог:

- Балалар, бүгін біздің топтың іші құрылыс шеберханасына айналады.



- Құрылысшының кім екенін білесіңдер ме?

Балалар өз ойларын айтады.

- Иә, балалар, құрылысшылар қалаларда биік үйлер, мектеп, балабақша және тағы басқа ғимараттарды салатын адамдар.



Педагог:

- Біздің қаламыз қандай?

Балалардың жауабы:

- Әдемі қала.
- Үлкен қала.
- Сүйікті қала.

1.1. Ғажайып сәт.

Педагог үстелдің үстінен хат тауып алады.

- Балалар, бізге хат келіпті. Міне, қызық! Оны бізге кім жіберді екен? Хатты ашып көргім келіп тұр. Сендер де көргілерің келе ме?

Педагог балаларға хатты оқып береді.

1.2. Педагог балаларға хатты дауыстап оқиды, балалар орындарында отырып тыңдайды.

Хаттың мәтіні:

«Құрметті, балақайлар! Мейірімсіз сиқыршы біздің ғажайып қаламызды сиқырлап тастады. Қаламызда әдемі ғимараттар өте көп. Бізге көмектесіңдерші! Бізге жаңа қала салып беріңдерші!»

- Балалар, көмектесеміз бе?
Балалар:
- Көмектесеміз!



Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерленіз

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Сурет бойынша сұрақ-жауап.

- Алдымен, балалар, мына суретке назар аударайық.



Педагог бағыттаушы сұрақтар қояды:
- Құрылыстың іргетасын цементтен құямыз. Неден құямыз?
- Қабырғасы мен төбесіне қандай бөліктерді таңдаймыз?
- Үйлерді ағаштан, тастан, бетоннан, кірпіштен салуға болады.
- Үйлерді қандай материалдардан салуға болады?
Балалар қойылған сұрақтарға кезекпен жауап береді.

2.2. Педагог:
- Балалар, біз бәріміз бірлесіп керемет үйлер құрастырдық. Үйдің бөліктері: іргетасы, қабырға, есік, терезе, төбе деп аталады.
- Жарайсыңдар!
- Бұл жерді «Достық қалашығы» деп атайық.
Балалар:
- Иә! Достық қалашығы.

2.3. Саусақ жаттығуы.

- Балалар, бәріміз кілемге дөңгеленіп тұрайық. Саусақтарымызды сергітіп алайық!

Жалғыз саусақ тіпті де, Үш саусағым орамды,

Үстай алмас жіпті де.
Екі саусақ бірікті,
Ине қолға ілікті.

Жүгіртеді қалаймды.
Өнерлі екен ой саусақ,
Қала салсақ, жол салсақ.

(М.Әлімбаев)

2.4. Дамытушы ойын. «Не көрдім?»

Мақсаты.

Байланыстырып сөйлеу дағдысын дамыту.

Шарты.

Берілген суреттерден не көргендерін айтып беру керек.

Мысалы: Азамат, суреттен нені көріп тұрсың?

- Мен суреттен үйлерді көрдім.

Әрі қарай балалардан сұрайды

- ... көшелерді көрдім.

Педагог тақтаға үлкен суретті іледі. Балалар суреттен не көріп тұрғандарын айтады.




3. ҚОРЫТЫНДЫ

Ұйымдастырылған іс-әрекетті пысықтау, балаларды мақтау.

Педагог:

- Балалар, бүгін кімдерге көмектестік?
- Балақайларға көмектестік.
- Жарайсыңдар! Сендерге үлкен алғыс айтып жатыр.
- Қандай қалашық құрастырдық?
- Достық қалашығын құрастырдық.
- Жарайсыңдар, балалар! Қаламызда биік үйлер мен әдемі саябақтар көп. Сендер өскенде бұдан да күшті қала салатындарыңа сенемін! Тамаша!
- Ұйымдастырылған іс-әрекет аяқталды. Сау болыңдар!



11.06.2026

Орта жас тобы

Дене шынықтыру: Құммен ойнаймыз

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды еденде тұрған гимнастикалық тақтаймен тартылып өрмелеу техникасын дамыту; алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру дағдыларын жетілдіру; қораз туралы білімдерін толықтыра отырып, қораздың дыбысталуын тыңдату; оқу қызметіне деген қызығушылықтарын ояту.

Сөздік жұмыс

"Қалашық саламыз", "Жаз келді", "Қалашық" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Көркем сөз, сұрақ-жауап, жалпы дамыту жаттығуларына дайындық, жалпы дамыту жаттығулары, негізі қимыл жаттығулары, "Аю мен қояндар", "Қолмен допты домалат" қимылды ойындары, тыныс алу жаттығулары "Дем алайық" ойыны.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Жаз мезгіліне байланысты суреттер, сылдырмақ, гимнастикалық тақтай, доптар.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына байланысты текшелер, аю мен қояндар бетперделері.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Көркем сөз.

"Жаз"

Жаз да келді пейілді:
Жан-жануар сейілді.
Жаз да келді: аптапта

Жан-жаққа ұшты бақ-бақта.
(Қадыр Мырза Әли)



- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? Жаз мезгілі.
- Жаз мезгілі сендерге несімен ұнайды? Балалардың еркін жауаптары.
- Жазда біз не істейміз? Ойын ойнаймыз, суға шомыламыз.



- Қандай ойын ойнаймыз? Балалардың еркін жауаптары.



- Қараңдаршы, балалар құммен қалашық жасап жатыр.
- Қане, бәріміз "Қалашық саламыз" деп айтайықшы. Жарайсыңдар!

1.2. Педагог:
- Балалар, музыка әуенімен менің артымнан әдемі адым жасап жүрейік.
- Жарайсыңдар!

Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз

- Менің белгі беруім бойынша аяқтың ұшымен және өкшемен жүреміз.
- Жай қалыпқа түсіп, тез ойнаған музыка әуенімен жүгіреміз.
- Тамаша!
- Жүгіріп келе жатып, жай жүріске түсеміз және аяқтың ұшымен денелерімізді тік ұстап жүреміз.
- Жарайсыңдар!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Педагог әр балаға екіден алақанға шақ келетін текшелерді таратып береді.

Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз

Жалпы дамыту жаттығулары

1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.

1.1. Балалар қолдарын алға созып, алақандарын ашып, текшелерін көрсетіп "міне" деген сөзді айтады.

1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).

2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, текше ұстаған қол көкірек тұсында.

2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерін көрсетіп "міне" деген сөзді айтады.

2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа да жасалады және 4 рет қайталанады).

3. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене бос, қол төменде.

3.1. Жерге отырып, қолдарын алға созып "міне" деген сөзді айтады.

3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).

4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, текше ұстаған қол көкірек тұсында.

4.1. Бір орында тұрып секіру, екі қолды көкірек тұсында ұстап, алақандарын жұму.

4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).

2.2. Негізгі қимыл жаттығулары

- Балалар, мен сылдырмақты сылдырлатып болғанша сендер екі топқа бөлініу керексіңдер.

Педагог сылдырмақты сылдырлатып жатқан кезде, балалар өз еріктерімен екі топқа бөлінеді.

Бірінші топ еденде тұрған гимнастикалық тақтаймен тартылып өрмелеу жаттығуын, екінші топ алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру жаттығуларын орындайды. Педагог балаларға жаттығулардың дұрыс жасалу техникасын көрсетеді. Екі топ өздеріне берілген тапсырмаларды орындап жатқанда педагог жаттығулардың жасалу техникасына көңіл бөліп, дұрыс меңгере алмай жатқан балаларға ескерту жасайды. Еденде тұрған гимнастикалық тақтаймен тартылып өрмелеу жаттығуы кезінде балалардың тепе-теңдікті сақтап, құлап кетпей өрмелеуіне басты назар аударады. Алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру кезінде епті, жылдам болуды ескертеді.

2.3. "Аю мен қояндар" қимыл ойыны.

Ойын шарты: Бұл ойынға балалар 7-8 ден бөлініп ойнайды. Топ ішінде бір баланы "аю" етіп сайлап, қалған балаларды "қояндар" деп әрқайсысына бетпердке кигізіп ойын ойналады. Ойында қояндар аюға ұсталып қалмауы үшін, тәрбиеші көмегімен белгі бойынша ойынды бастап аяқтауы тиіс. Балалар шапшаң кең бөлмені айнала қашуы тиіс.





2.4. "Қолмен допты домалат" қимылды ойыны.

Топты екі командағы бөлеміз. Бірінің артына бірі тұрады. Әр команданың алдында бір-бір доптан тұрады. Педагогтің белгісімен алдында тұрған бала допты домалатып, 5-6 м жердегі затты айналып өтіп өз командасына береді. Қай команда бірінші бітсе сол команда жеңеді.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог балаларды сылдырмақты сылдырлатып сапқа тұрғызады.
Балалар бірінің артынан бірі тұрып, тыныс алу жаттығуларын тек педагогтің көрсетуі бойынша үндемей орындайды.

Тыныс алу жаттығулары "Дем алайық" ойыны.

Педагог балаларға бүгін оқу қызметіне белсене қатысқандарын және шаршап қалғандары жөнінде айтып, балалардан ақырын жүріп қолдарын жоғары көтеріп, дем алып, қайта жүріп, қолдарын төмен түсіріп, дем шығару керегін айтады.

Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз

Өзі балалармен бірге ақырын жүріп, тыныс алу жаттығуларын жасап көрсетеді.

расында "Балалар, денеміз ауырып қалмас үшін саусақтарымызбен денемізді
уқалап алайықшы,"- деп оқу қызметін аяқтайды.

12.06.20

Орта жас тобы

Мүсіндеу: Туған қалам (түрлі-түсті тұзды қамырдан тақырыптық мүсіндеу.)

Оқу қызметінің мақсаты

Қаламызда әртүрлі үйлер мен көшелер, дүкендер, дәріханалар, кинотеатрлар бар екені туралы елестетулерді дамыту; түрлі-түсті ермексаздан заттар жасауды үйрету; мүсіндеу тәсілдерін бекіту; үлгіні елестетуді, қиялдауды дамыту; өз қаласына деген оң көзқарас тудыруға, өз қаласына мақтаныш сезімімен қарауға тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Балалардың сөздік қорын «Туған қалам», «Құрылыс» тақырыптары арқылы дамыту. Еліктеу сөздері арқылы балалардың сөйлеу әрекетін дамыту; көркем сөз, шаттық шеңбері және амандасу. Сөйлеу барысында: алақанның қимылымен есеміз, өзен үстіндегі көпір сөз тіркестерін қолдану.

Әдіс-тәсілдер

Нұр-Сұлтан қаласы туралы әңгімелесу, тақпақ оқу, сергіту сәті, динамикалық жаттығу.

Практикалық бөлім: тақырыптық мүсіндеу тәсілдерін түсіндіру, балалардың өздік мүсіндеуі, әртүрлі ғимараттарды тақырыптық мүсіндеу.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Нұр-сұлтан қаласының суреті, түрлі-түсті ермексаздар, «Хоки-поки биі» бейнежазбасы, майлықтар, мүсіндеуге арналған картон.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына байланысты түрлі-түсті ермексаздар, майлықтар, мүсіндеуге арналған картон.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Шаттық шеңбері.

Достар, бері келіңдер,
Қолдарынды беріңдер.
Шаттық толы шеңберге,
Қуанышпен еніңдер!

- Балалар, Отан деп нені атаймыз? (Біздің туған еліміз, тұратын жеріміз, балабақшаға баратын жеріміз, әкеміз, анамыз, достарымыз тұратын жер.)

1.2. Әңгімелесу.

Педагог:

- Балалар, әлемде үлкен және кішкентай қалалар көп. Біз Нұр-Сұлтан қаласында тұрамыз. Біздің қаламызда бір қабатты және көп қабатты үйлер көп. Дүкендер, дәріханалар, кинотеатрлар бар. Экскурсияға шыққанда әдемі ғимараттарды көреміз. Тағы да не көрдік? (Балалардың жауабы: аурухана, пошта және тағы басқа.)



2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Тақпақ.

Жаңа үйді салу үшін,
Кірпіш керек,
Тас керек, ағаш керек.
Шеге, темір тағы енді не керек? (Балалардан сұрайды.)

2.2. Проблемалық ситуация.

Педагог:

- Балалар, сәулетші деген кім?

Балалардың еркін жауаптары.

- Қане, балалар, өзімізді сәулетші деп елестетіп көрейік. Не салатынымызды қиялдап көрейікші. Неден бастайсыңдар?

Үлгіні қарастыру: шатыр, терезе, есік, олардың орналасуы.

2.3. Сергіту сәті.

Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз

2.4. Мүсіндеу тәсілін көрсету.

- Балалар, үстелдің үстінде не жатыр? Картон жатыр.
- Сол картонға өздеріңе ұнаған үйдің суретін салыңдар.

Балалар өздеріне ұнаған үйдің суретін салады.

- Жарайсыңдар! Ал, енді осы үйді өздеріңе ұнаған ермексаздың кез келген түсін алып безендіреміз.

Балалар ермексаздың әртүрлі түстерін алып, алақан арасына салып жұмсартады.

- Ермексазды сопақша етіп есеміз. Енді, балалар, үйдің қабырғаларына, терезе, есікке жапсырамыз.
- Үйлеріміз қандай болды? Ашық, әрі әдемі болды. Бәрекелді!

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Орындалған тапсырманы бағалау.


Балалардың жұмысының талдау.

Тапсырма орындалған соң жұмыстарды қарап шығу, көрмеге қою, қызығушылықпен қарастыру.

- Қандай көп үйлер пайда болды!
- Балалар, бүгінгі оқу қызметі сендерге ұнады ма?

Балалардың еркін жауаптары.

- Мүсіндеудің қандай тәсілдерін қолдандыңдар? Иә, домалату, есу тәсілдерін қолдандық.
- Жарайсыңдар! Бүгінгі оқу қызметіне жақсы қатыстыңдар! Тамаша!



Орта жас тобы

Қоршаған ортамен танысу: Құм қалашығы

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ

Балалардың ұғымындағы құм туралы түсініктерін бекіту, құммен қарапайым тәжірибе жасауды үйрету; қолдың ұсақ моторикасын дамыту, қиял мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ету; табиғатқа ұқыпты қарауға, қоршаған ортаға қызығушылық танытуға тәрбиелеу.

СӨЗДІК ЖҰМЫС

Белсенді сөздік қорға: құмды, құмсалғыш, сусымалы, ылғалды сөздерін қосу.

ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Аудиожазбаны тыңдау, тәжірибелік жұмыс, тәжірибелер, дидиктикалық ойын, әңгіме, интербелсенді тақтадағы суретті қрастыру, көркемсөз, жұмбақ шешу.

ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР

1. Көрнекілік материалдар.

Интербелсенді тақта, қоңырау, құм салынған ыдыс, Құм ханшайым ойыншығы, дымқыл сүлгі, із салынған жол, кемпірқосақтың жеті түсті жолақшалары, жаз мезгіліне байланысты бейнежазба және суреттер.

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БАРЫСЫ

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу.

Тәрбиеші қолындағы қоңырауды соғады.

- Тентек қоңырау,

Балаларды шеңберге тұрғыз!

Күн тәңертең ерте тұрды:

(қолмен сәулелерді көрсету)

- Қайырлы таң!

Мұхит толқындары шашырайды:

- Қайырлы таң!

- Бидай көтеріледі,

- Қайырлы таң!
- Құстар ән салады.
- Қайырлы таң!
- Барлығына қалай сәлем беру керек?
- Қайырлы таң!
- Қонақтарға бірге айтамыз.
- Қайырлы таң!
- Енді, балалар, орындарымызға отырып әңгімелесейік.

Амандасып болғаннан кейін тәрбиеші мен балалар орындарына отырады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Әңгімелесу.

Педагог:

- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? Жаз мезгілі.

Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз

- Жазда қандай ойын ойнағанды жақсы көресіңдер?

Балалардың жауабы.



- Айтыңдаршы, балалар, қазір құмсалғышта ойнағыларың келе ме?

Балалардың жауабы.

- Ендеше, балалар, мен сендерге бір құпия ашайын! Бұл әлемде құм қаласы бар. Онда кішкентай тұрғындар тұрады. Құм адамдарының Құм ханшайымы бар. Ол сендермен танысқысы келеді. Құм ханшайымы сендерге өзінің құм қаласын көрсеткісі келеді. Құм қаласында қызықты ойындар өте көп. Сендер онымен танысып, құм қаласында ойын ойнағыларың келе ме?

Балалардың жауабы.

- Оған қалай барамыз?

Балалардың жауабы.

Балаларға іздері бар жолдарды көрсетеді.

- Балалар, мына жердегі жолда іздер жатыр.



- Жол, жол, бізге көмектесші!
- Бізді құм қаласына тездетіп жеткізші!
Балалар мен тәрбиеші іздері бар жолмен кетеді.

2.2. Педагог:
- Балалар, айналаға қараңдаршы! Біз Құм қаласындамыз!
Көліктермен үйлері бар қала макеті көрсетіледі.
- Сендерге бұл жер ұнай ма?
Балалардың жауабы.
- Міне, Құм ханшайымы да көрінді!



Тәрбиеші ойыншықты көрсетеді.
- Балалар, Құм ханшайымымен амандасайық!
- Сәлеметсіз бе!
- Ол сендерге құммен ойнауды ұсынады.
Балалардың алдында құм салынған ыдыс тұр.



- Балалар, құрғақ құм ылғалды құмға қалай айналады? Білесіңдер ме?
- Судың көмегімен құрғақ құм ылғалды құмға айналады. Сендер құмсауытта қызықты оқиғалар, ертегілер сала аласыңдар ма?
- Құм ханшайымы сендер құммен қалай ойнайтындарыңды білгісі келіп

тұр. Ендеше, балалар, барлығымыз құмда ойнау ережесін есімізге түсірейік.
- Құмда не істеуге болмайды?
- Құмды бетке шашуға болмайды! Көзге зиян келуі мүмкін!



- Құмды ауызға салуға болмайды. Қақалып қалуымыз мүмкін!



- Біреудің жасаған жұмысын бұзуға болмайды.
- Құммен ойнап болғаннан кейін қолды сабындап жуу керек!
- Дұрыс айтасыңдар, балалар! Жарайсыңдар!
Балалар ережелерді тізімдейді, ал тәрбиеші балаларды тыңдайды.
- Жарайсыңдар, балалар! Сендер құммен ойнау ережесін жақсы білесіңдер! Біз сендермен сыйқырлы құм қаласына жолға шығамыз.

2.3. «Құмды дауыл» жаттығуы.

Педагог:

- Балалар, құмды қалада құмды дауыл болады. Сендер өздерің сондай жаңбырды ұйымдастыра аласыңдар. Ол үшін уысымызға құм аламыз да алдымен ақырын одан тез құмды алақанымызға төгеміз.



- Түсінікті ме?

Балалар бірнеше рет қайталайды.

- Сендер не сездіңдер?

Балалардың жауабы.

- Құм қандай?

2.4. Педагог:

- Балалар, жазда жаңбырдан кейін аспанда не пайда болады?
- Кемпірқосақ.
- Дұрыс, кемпірқосақ!

л қандай?
- Әдемі, түрлі түсті.



- Балалар, суретке қараңдаршы. Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген?
- Жаз мезгілі.
- Жаз екенін қайдан білдіңдер?



- Айнала жап-жасыл. Ағаштар мен гүлдер жайнап өсіп тұр. Күн шуағын шашып тұр. Өзеннің суы жып-жылы.
- Балалар, мен сендерге жұмбақ жасырғым келеді.

Жаңбыр жауып басылды,
Аспан шайдай ашылды.
Қызыл, сары, жасылды,
Көкте бір зат асылды.

- Ол не екен, балалар?



- Кемпірқосақ.
- Жарайсыңдар! Өзеннен асып түрлі түсті алып көпір таралады. Кемпірқосақ. Кемпірқосақ - табиғаттың ең әдемі құбылыстарының бірі. Бұл аспандағы түрлі түсті доға. Ол нөсер кезінде және жаңбыр кезінде күн сәулесін шашқанда пайда болады.

Жер бетінде аспанда кемпірқосақ салған кім?
Жеті түсті, жеті көпір доғамен иілген?

- Кемпірқосақта барлық түстер белгілі бір ретпен орналастырылған, Қандай түстер? Таңдап көрейік (алдын ала дайындалған жеті түсті жолақшалар және магниттік тақта; жолақшалар кезекпен тақтаға орналастырылады).

Тәрбиеші жолақшаларды көрсетеді, балалар түстерін атайды, тақтаға орналастырады.

- Қандай әдемі кемпірқосақ шықты! Сендерге кемпірқосақ ұнады ма?

Балалардың жауабы.

2.5. «Күн» қимылды ойыны.

- Жаңбыр бітті. Күн шықты. Ойнағыларың келе ме?
Мақсаты. Ойлау, еске сақтау, сөйлеу, қимыл белсенділігін дамыту.
Ойын барысы.
Балалардың жауабы. Жүргізуші санамақ арқылы таңдалады. Ол күн болады. Қалған балалар шеңберге тұрады.
Күн шеңбер ортасында тұрады, барлағы ән айтады:
Күн шуағын шаша түс!
Жаз ыстығырақ болады,
Ал қысымыз жылырақ,
Көктем сұлу болады!
Алдыңғы екі жолда шеңберде болады, ал қалған екі жолда бір-біріне қарап тұрады, иіледі, одан күнге жақындай түседі. Олар: «Ыстық!» - деп айтып, балаларды қуалайды. Ойыншының біреуін ұстап алады, ұсталған бала орнында қатып тұрады, ойыннан шығады.

2.6. Құммен жұмыс.

Тәрбиеші балалардың үстелге жақынырақ келулерін сұрайды.
- Құмға су құйсақ не болады? Кім біледі?
- Тексеріп көрейік. Құмға сусепкімен су құйып көрейік.
- Құмды ұстап көріңдер? Ол қандай болды?
- Дұрыс, ол ылғалды, дымқыл болды.
- Қараңдаршы, балалар, ылғалды құм құрғақ құм сияқты шашыла ма?
- Ылғалды құм шашылмайды.
- Қалай ойлайсыңдар, балалар, ылғалды құмнан не жасауға болады?
- Ендеше, балалар, құмды қалашық жасап көрейік.
- Қандай үйлер тұрғызасыңдар?
Балалар құмнан үй тұрғызады.
- Не шықты?
Балалардың жауабы.
- Біз сендермен осындай әдемі үйлер тұрғыздық. Қандай әдемі қала тұрғыздық!

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетті пысықтап:
- Бүгін біз кіммен таныстық және қайда ойнадық?
- Біз не ойнадық?
- Біз құм қаласында не істедік?

14.06.2024

Орта жас тобы

Дене шынықтыру: Су - тіршілік көзі

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларда гимнастикалық таяқтың астынан төрт тағандап еңбектеп өту және алға жылжи отырып екі аяқпен бір орында жеңіл секіру техникасын бекіту; бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру дағдыларын жетілдіру; оқу қызметін пысықтау; көлік түрлері туралы білімдерін толықтыру.

Сөздік жұмыс

"Су - тіршілік көзі", "Допты дәлдеп лақтыр", "Қасқыр", "лақтар" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Шаттық шеңбері, аудиоазбаны тыңдау, жалпы дамыту жаттығуларына дайындық, жалпы дамыту жаттығулары, негізі қимыл жаттығулары, "Допты дәлдеп лақтыр", "Жеті лақ" қимылды ойындары, "Паровоз" тыныс алу жаттығуы.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Даңғара, гимнастикалық таяқ, доп, қасқыр бетпердесі.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына байланысты құрсаулар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Шаттық шеңбері.

Ашық менің жүрегім
Ылғи күліп жүремін.
Бірге ойнапғ бір жүрер
Достарым көп, білемін!

Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз

- Балалар, бұл ненің дыбысы болды? Бұл судың дыбысы.
- Қане, "Су - тіршілік көзі" деп айтайықшы.
- Жарайсыңдар!

1.2. Педагог даңғараны соғу арқылы, балаларды бір сапқа тұрғызады.

Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз

Педагог:
- Музыка әуені бойынша менің артымнан әдемі адым жасап жүреміз, жарайсыңдар!
- Енді, менің белгі беруім бойынша аяқтың ұшымен және өкшемен жүреміз, жай қалыпқа түсіп, тез ойнаған музыка әуенімен жүгіреміз, жүгіріп келе жатып, жай жүріске түсеміз және аяқтың ұшымен денелерімізді тік ұстап жүреміз.
- Жарайсыңдар!

Балалар музыка әуенімен бірінің артынан бірі жүреді, педагогтің белгі беруі бойынша аяқтың ұшымен және өкшемен жүреді, жай қалыпқа түсіп, тез ойнаған музыка әуенімен жүгіреді, жүгіріп келе жатып, жай жүріске түседі және аяқтың ұшымен денелерін тік ұстап жүреді. Жүріп келе жатып, шеңбер құрады және қайтадан сапқа тұрып, біртіндеп жүріп келе жатып жалпы дамыту жаттығуларын жасауға тұрады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Жалпы дамыту жаттығулары

Педагог:
- Балалар, бәріміз әдемі шеңбер жасап тұрайықшы, міне, жарайсыңдар! Енді шеңбермен орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын жасаймыз.

Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз

1. Бастапқы қалып жерде аяқтың арасын ашып отырып, құрсауларды екі қолмен ұстау;
1-1 құрсауларды қолды бүкпей, бастан жоғары көтеру;
1-2 иыққа салып, басқа кию;
1-3 бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет қайталау).
2. Бастапқы қалып тік тұрып, құрсауларды екі қолымен төменде ұстау;
2-1 қолды жоғары көтеріп, басқа кигізу;
2-2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау);
3. Бастапқы қалып жерде отырып, аяқты бірге қою, құрсауларды екі қолмен ұстап, тізенің үстіне қою;
3-1 оң жаққа бұрылып, құрсауларды жерге қою;
3-2 тіктелу;
3-3 сол жаққа бұрылып, құрсауларды жерге қою;
3-4 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау).
4. Бастапқы қалып аяқты бірге қою, құрсауларды екі қолмен ұстау;
4-1 бір бағытта жеңіл секіру;
4-2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау).

2.2. Негізгі қимыл жаттығулары

- таяқ астынан тізе мен саусақты жерге тіреп төрт тағандап еңбектеу;
- алға жылжи отырып, таяқ астынан тізе мен саусақты тіреп төрт тағандап еңбектеу.

Педагог:

- Балалар, мен 5-ке дейін санағанша екі топқа бөлініңдер, санауды бастадым, 1, 2, 3, 4, 5. Тамаша, бәрің солдат сияқты тез қимылдадыңдар! Оқу қызметін әрі қарай жалғастырамыз.

Картинка педагог в руках держит гимнастическую палку в горизонтальном положений. ребенок из-под гимнастической палки ползает на четвереньках. (на белом фоне)

Бір топ гимнастикалық таяқтың астынан төрт тағандап еңбектеп өтеді; екінші топ алға жылжи отырып, екі аяқпен бір орында жеңіл секіру жаттығуларын орындайды.

Жаттығу аяқталғанда екі топ келесі жаттығу түрін жасау үшін ауысады. Екі топ

өздеріне берілген тапсырмаларды орындап жатқанда педагог жаттығулардың жасалу техникасына көңіл бөліп, дұрыс меңгере алмай жатқан балаларға ескерту жасайды. Гимнастикалық таяқтың астынан төрт тағандап еңбектеу жаттығуы кезінде балалардың тепе-теңдікті сақтап, еңбектеуіне басты назар аударады. Алға жылжи отырып, екі аяқпен бір орында жеңіл секіру кезінде епті, жылдам болуды ескертеді.

2.3. "Допты дәлдеп лақтыр" қимылды ойыны.

- Балалар, тағы да ойынды екі топпен орындаймыз. Қазір сендерге допты қалай лақтыру керек екенін көрсетемін, допты жеңіл ұстап, дәлдеп лақтыруымыз керек. Музыка әуенімен тезірек жүгіріп лақтырамыз.

Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз

Педагог балаларды екі топқа бөліп, допты белгіленген нысанаға лақтырудың негізгі нүктесін көрсетіп және қалай лақтыру керегін тағы да балалардың есіне салады. Доп лақтырушы балалар негізгі нүктеден шықпай, допты ережеге сай дәлдеп лақтырулары тиіс. Допты нысанаға дәлдеп лақтырған топ балалары жеңіске жетеді.

2.4. "Жеті лақ" қимылды ойыны.



Педагог балалармен бірге "қасқырды" таңдайды. Қалған балалар "лақтар" болады. Педагог белгісінен кейін "лақтар" әртүрлі бағыттарда жүгіріп, қасқырдан қашады. "Қасқыр" ұстап алған "лақтар" саны 5-6-ға жеткенде, "қасқыр" ауысады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

"Паровоз" тыныс алу жаттығуы.

Балалар еденде шеңбер болып отырады. Белгі бойынша олар допты бір-біріне лақтырады (вагондарды жүктейді).

Доп шеңбер бойымен айналып келгенде "вагондарды жүктеу аяқталады".

Балалар қолдарымен қимыл жасайды. (паровоздың жүрісін салып көрсетеді) Дем шығару кезінде "Дүр-дүр" деп дүрілдейді. Содан кейін паровоз мүмкіндігінше ұзақ тоқтайды да, дем шығару кезінде "Ш-ш-ш-ш" деп дыбыстайды. Мұрын арқылы терең тыныс алады да (вагондарды түсіру басталады) доп шеңбер бойымен керісінше жаққа бағытталады.



14.06.2024

Орта жас тобы

Музыка: Біздің әсем қала

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды жолда жүру ережелеріне сәйкес бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру. Ойын арқылы балаларға жолда жүру ережелерін үйрету. Көше, жол, жаяу адам жүретін жол мен көліктер туралы түсініктерін жетілдіру. Музыкадағы бейнелерді ажыратуға үйрету. Әннің ширақ, сергек, сабырлы сипатын ажырата білуге тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Шаттық шеңбер, "Көңілді би", Ақорда, астана, Нұр-Сұлтан, көлеңке, кемпірқосақ - сөздерді пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Сәлемдесу, көркем сөз, көрініс көрсету; түсіндіру, көрсету, баяндау, кері байланыс, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Музыкалық аппаратура, музыкалық-дидактикалық ойындар, дидактикалық ойындар картотекасы.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Дабыл, сылдырмақ, үскірік, ксилафон, керме.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу

Балалар «марш» екпінімен залға кіреді, ортаны айналып шығып шеңбер жасап тұрады. Музыка жетекшісі балалармен амандасады.

Музыка жетекшісі:

- Балалар, біздің қаламыздың аты қалай? Сендер туған қаланы жақсы көресіңдер ме? Әрине, біздің астанамыз Нұр-Сұлтан қаласы өте әдемі жас қала. Мында үлкен көшелер, саябақтар, көңіл көтеретін жерлер көп. Кәне біз де бір біріміздің көңілін көтеріп шаттық шеңбер жасайық.

«Шаттық» шеңбері:

Күннің көзі ашылып,
Көкке шуақ шашылып,
Құтты қонақ келіпті,
Төрімізге еніпті.
Амандасу үлкенге,
Тәрбиенің басы ғой.
Ал, қанекей, бәріміз,
Сәлем дейік үлкенге,
Сәлеметсіз бе!

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар

Музыка жетекшісі оқу қызметін әрі қарай жалғастыру мақсатында Ө.Байділданың «Көңілді би» шығармасы әуенімен **~~(Аудиозапись произведения О.Байдильды «Веселый танец»)~~** балаларды шеңберге тұрғызады:

- Балалар, шеңберді кең, әдемі жасайықшы, міне, жарайсыңдар. Енді музыка әуенімен мағаң ілесе қимылдарды қайталаймыз - деп, музыка сипатына сай ырғақтық қимылдарды жасауды үйретеді. Балалар шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, түсіреді, орындарында тұрып, жеңіл секіреді. Еркін қимылдар (ерікті қимылдарға шеңбермен жүріп келе жатып, қол білезіктерін айналдыру, бір рет айналу, тізені көтеріп жүру, қолдарын жандарына жіберіп, сермеу) бойынша балалар музыка жетекшісінің көрсетуімен ерікті қимылдарды орындайды. Балалардың эмоциялық көңіл-күйі музыка сипатына сай ырғақтық қимылдармен үйлесімді болуы тиіс.
- Жарайсыңдар, балалар, енді орындарымызға жайғасайық.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау

Музыка жетекшісі балалардың назарын тақтаға аударады:

- Балалар, бәріміз тақтаға қарайықшы?!



Тақтадан не көріп тұрсыңдар? Нұр-Сұлтан қаласын. Жақсы.
Музыка жетекшісі Нұр-Сұлтан қаласына қатысты ой қозғау мақсатында балаларға сұрақтар қояды:
- Балалар, неге суретті Нұр-Сұлтан қаласы деп ойладыңдар? Ол президент отыратын үй Нұр-Сұлтан қаласында. Жарайсыңдар.
- Нұр-Сұлтан қаласындағы Президент отыратын үй қалай аталады? Ақорда. Тамаша, балалар.
- Ақорда – Қазақстан Республикасы Президентінің резиденциясы.
- Балалар, суретте басқа нені байқап тұрсыңдар? Отшашуларды. Жарайсыңдар.
- Балалар, ондай отшашулар қай кезде болады? Мерекелерде. Тамаша.
- Ал, біздің елімізде қандай мереке болады? Нұр-Сұлтан күні. Керемет.
- Олай болса, балалар, осындай әдемі күндерге арналған ән бар, естіп көрейікші? Ән "Гүл Астана" әнін жазған Е.Бекболатова сөзін Е.Темирова.
- Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз.

Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз

- Кәне, балалар, шапалақпен ұра отырып, әуенді тағы да қайталап тыңдайықшы! Керемет! Ән өте көңілді балалар, солай ма? Иә.
Музыка жетекшісі әнді балалар қабылдағанша тыңдатады және әнге қатысты ой қозғау мақсатында балаларға сұрақтар қояды:
- Балалар, біз бүгін қандай ән тыңдадық?
- Әуенін жазған сазгер кім?
- Ән қандай күнге арналған?
- Жарайсыңдар, балалар!

2.2. «Көлеңке» дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: «Көлеңке» әніне әндете жүріп, әртүрлі құстар мен аңдардың қимыл-қозғалысын келтіру.
Ойынның барысы: Музыка жетекшісі осы өлеңді әндетіп айта жүріп, бір үлкен, бір кіші баладан қатар-қатар тұрғызады (кішісі көлеңке). Барлығы шеңбер жасайды.
Көлбең көлбең көлеңкем,
Көлбеңдеген көлеңкем!

Қане қатар тұрайық,
Үлкен шеңбер құрайық, - деп әндете жүріп, үлкен шеңбер құрады. Әрі қарай балалармен бірге әндете жүріп, өлеңде аталатын құстар мен аңдардың қимыл-қозғалысын келтіреді.
Көлбең – Көлбең көлеңкем,
Көлбеңдеген көлеңкем!
Бүркіт қалай бүреді?
Кім көрсете біледі?
Ән ырғағымен балалар бүркітше қанат қағады, еңкейіп саусақтарымен жер тірейді. Көлеңкелер қайталап қимыл жасайды.
Көлбең – көлбең көлеңкем,
Көлбеңдеген көлеңкем!
Қасқыр қалай жүреді,
Кім көрсете біледі?
(Қасқырдың жүрісін бейнелейді)
Көлбең – көлбең көлеңкем,
Көлбеңдеген көлеңкем!
Аю қалай жүреді,
Кім көрсете біледі?
(Балалар көлеңкелеріне аюдың жүрісін көрсетеді)
Осы аңдардың, құстардың орнына басқа да құс аңдарды қойып, ойынды жалғастыра беруге болады.

2.3. Дауыс жаттығулары

Музыка жетекшісі балалармен дауыс жаттығуларын жүргізеді:
- Балалар, орындықтың шетіне отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз. Жарайсыңдар.
- Енді менімен бірге қайталаймыз.
- Ооо,ооо, ооо,
- Біз айтамыз "до". Қайталаймыз. Тамаша.
- Бір орында тұрмаймыз, жүгіреміз секі - ре, "ре". Қайталаймыз.
- Мимикамен күлеміз, күлеміз кәне, "ми" (екі рет қайталанады). Жақсы.
- Досымызға айтамыз,
- Қандай күшті "фа"! Қайталаймыз. Тамаша.
- Досым менің ол, ол,
- Дейді маған "соль", қайталаймыз.
- Біз бәріміз әндетіп,
- Ән саламыз "ля-ля-ля".
- Тамаша, балалар.

2.4. Ән салу

«Кемпірқосақ - жайдарман» ән мен сөзі Д.Сері

Музыка жетекшісі:

- Балалар, өткен оқу қызметінде біз қандай ән жаттадық. Дұрыс "Кемпірқосақ - жайдарман".



- Бүгін біз сол әнді жаттып жалғастырамыз.

Музыка жетекшісі балаларды екінші шумағын жаттатырады.

- Жеті түске боялған,
- Кемпірқосақ - жайдарман.
- Кемпірқосақ - жайдарман.
- Ля-ля-ля-ля-ля!
- Ля-ля-ля-ля-ля!

2.5. «Үнінен таны» музыкалық-дидактикалық ойын

Ойынның мақсаты: балалардың аспап дыбыстарын есту арқылы ажырата білу қабілетін дамыту.

Ойын материалы: дабыл, сылдырмақ, үскірік, ксилафон, керме (ширма)

Ойын барысы. Музыка жетекшісі керменің аржағында тұрып, аспаптарда ойнайды, балалар қандай аспаптың үні екендігін табулары керек. Музыка жетекшісі әр аспапта ойнап тұрып, төмендегі сөздерді айтады:

- Музыка! Музыка!
- Бұл не екен өзі?
- Мүмкін бұл,
- Көгілдір аспан шығар!
- Мүмкін бұл,
- Таңғы арай шығар?
- Ал, мүмкін, музыка –
- Тек қана дыбыстар шығар! Балалар аспап дыбыстарын ажырата алмаған жағдайда музыка жетекшісі аспаптарда қайтадан ойнайды.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Музыка жетекшісі оқу қызметінің аяғында қорытындылайды:

- Бүгін оқу қызметінде қандай ойындар ойнадық, балалар?
- Балалар, бүгін қандай ән айттық?

- Музыка пәні ұнайды ма сендерге?
Балалардың жауаптары.
- Жарайсыңдар, балалар, бүгінгі оқу қызметінде жақсы белсенділік көрсеттіңдер, рақмет, бәріңе! Мен сендерге өте риза болдым.

20.06.2024

Орта жас тобы

Сурет салу: Құстар қанатын жайды

Оқу қызметінің мақсаты

Алақанмен басу техникасымен таныстыру; алақанға бояуды жылдам жағып, алақанныың ізін бастыру арқылы құстың қанатын салуды үйрету; түстердің атауын нақтылау және бекіту; құстардың тіршілік ету ортасын түсініп, бейнелеуге деген ұмтылыстарын қолдау; сурет салуға деген құштарлықтарын арттыру; тиянақтылыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Құстар, суда жүзетін құстар, қарқылдайды, шырылдайды.

Әдіс-тәсілдер

Таңғажайып сәт, «Құстар дыбысы» аудиотаспа, үлгіні қарастыру, саусақ жаттығуы, көрсету, әңгімелесу, түсіндіру, жеке сүйемелдеумен дербес әрекет, алақанмен сурет салу алгоритмі, ынталандыру, мақтау, рефлексия.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Сауысқан қолғап қуыршақ, торғай, көгершін, қарға бейнеленген суреттер.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

А3 немесе А2 форматтағы парақ, гуашь бояуы, гуашь езіліп құйылған ыдыс, қылқаламдар, суқұйғыштар, майлықтар, дастархан (клеёнка).

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Тәрбиеші оқу қызметі үшін қолайлы атмосфера орнатады.

Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз

- Тыңдаңдаршы, балалар, не естіп тұрсыңдар?
- Құстардың әнін.
- Құстар қай кезде ән салады?
- Дала жылы болғанда, күн жарқырап тұрғанда.
- Балалар, жұмбақтарды мұқият тыңдап, ненің дауысы екенін табыңдар.

Жылы жаққа ұшпайды,
Шатыр астында қыстайды.
Кіп-кішкентай бір құс бар,
Шіп-шіп десіп отырар.
(Торғай.)

Тәрбиеші балаларға құстардың әніне құлақ салып, ішінен торғайдың дауысын естуді сұрайды.







Қанат қағып шарықтап,
Мұхит асып қалықтап,
Шарлап бүкіл әлемді,
Шаттандырып әр елді
Бейбіт күнге сән болған,
Бұл қандай құс ән болған?
(Көгершін.)

Қара түсті қарқылдақ,
Ұшып-қонып жалпылдап.

бқыстарды шоқиды,
жем іздейді там-тұмдап.
(Қарға.)

Тәрбиеші қанатты достарын балалармен бірге қошеметтейді.

Таңғажайып сәт.

Тәрбиеші қолына сауысқан бейнесіндегі қолғап қуыршақты киеді.

Сауысқанды дыбыстайды.

Сауысқан балаларға алақандарының көмегімен құстардың суретін салуды ұсынады.

Балалар қызығушылық танытады.

Үлгіні көрсету:

- Суретте не бейнеленген?
- Құс?
- Құс екенін қайдан білдіңдер?
- Оның құйрығы, басы, тұмсығы, қанаты бар.
- Құстың суреті немен салынған?
- Бояу және алақандарымен.
- Құсты қолмен салғанын неден байқадыңдар?
- Қолдың бастырылған ізі көрініп тұр.

Тәрбиешіден мағлұмат.

Кейбір құстар өзен-көлдің маңында өмір сүреді, олар ұяларын судың бетіне де салады. Су олар үшін азығы мол, жайлы үй. Олар жабайы қаздар, үйректер. Су - олардың өмірі!

1.2. Әңгімелесу.

- Саусақтарымыз сондай епті және көңілді!
- Ал олар тағы не істей алады? Олар не үшін керек?
- Саусақтар сурет салады, мүсіндейді, қасықты ұстайды, музыкалық аспаптарда ойнайды.

Көрсету және түсіндіру.

- Балалар, үстелде нелер жатыр?

Балалардың назарын сурет салу парағына аударады.

- Бұны біздің құстар ұшатын аспан немесе үйрек пен қаз жүзетін өзен деп елестетіңдер.

Сурет салуға алақандарымыз көмектеседі.

- Үстелге жақындап келіңдер. Бізде сұр, ақ, көгілдір, сары түсті гуашь бояулары бар.
- Алдымен біз бояу құйылған тәрелкеге бүкіл алақанымыз боялатындай маламыз. Кейін алақанымызды беттің төменгі өзен бейнеленген жағына бастырамыз.

Балалар шыққан бейнені қарастырады, ересекке нұсқау беруге көмектеседі,

көзін, тұмсығын, аяғын салу керектігін айтады.
Тәрбиеші бір баланы көрсетілімге шақырады, екі алақанын бояуға малып, бір-біріне жанасатындай (құстың қанаты) беттің үстіңгі бөлігіне бастыруға көмектеседі.
Балалар бейнені қарастырады, шығармашылық танытады. Тәрбиеші кейбір бөлшектерін салады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Саусақ жаттығуы.

Қанаты бар талмаған, (алақанды ашып, жабу)
Аспанда ұшып самғаған (құстың ұшуын келтіру)
Жауын шыбын шіркейден (сұқ саусақпен ауада санау)
Табиғатты қорғаған (қол шапалақтау)
- Ал енді, балалар, біз құстарға ұқсап біраз ұшайық.

2.2. Жеке сүйемелдеумен дербес әрекет.
Балалардың алдына үлкен форматтағы беттегі аспандағы күн, төменгі бөлігінде су бейнеленген сурет.
Тәрбиеші балалардың сурет салуын басқарады, гуашь бояуын, майлықты қолдану ережелерін естеріне түсіріп, жұмыс барысында уақтылы бағдар беру. Мысалы: бөлшектерін салу. Тәрбиеші балаларды сурет салуға ынталандырады, сауысқанның атынан сұрақтар қояды.
- Сенің құсың суда тіршілік ете ме?
- Құс қанатын жайды, ол неге дайындалды?
- Артық бояуды қалай алып тастаймыз?
- Қандай түсті тандайсың?
Ұжымдық жұмыс кезінде тәрбиеші құстардың бейнесін балалар анық тануы үшін, балаға көмектесу керек. Жтіспейтін тұрған бөліктерін салу, жұмыстың тиянақты болуы.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылау, рефлексия.
- Қараңдаршы, балалар, жұмыстарың қандай әдемі болып шықты!
- Қандай түстерді қолдандыңдар?
Балалар түстерді атайды, тәрбиеші жауаптарын қостап отырады.
- Беттің жоғарғы жағында құстардың қанаты неге екеу?
- Себебі - құстар аспанда ұшады.

суда құстар не істейді?
Құстар жүзеді, азық іздейді.
Сауысқан ұжымдық жұмысты тақтаға орналастырып, ойын ойнауды ұсынады. «Құс пен балапандар».


Балалар бес-алтыдан топқа бөлінеді. Әр топтың өз үйі — ұясы бар (бормен сызылған шеңбер немесе еденген қойылған үлкен гимнастикалық шеңбер, ұштары байланған баулар тағы басқа). Балалар жүресінен отырып, ұядағы құстардың бейнесін келтіреді. Тәрбиешінің «Ұштық-ұштық!» сөздеріне балапандар ұяларынан ұшып шығып, азық іздеп, алыса қарай ұшады. Ал тәрбиеші: «Үйге ұштық!» дегенде балапандар өз ұяларына оралады. Ойын 3-4 рет жалғасады.

Шарты.

Тәрбиеші балапан кейпіндегі балалардың белгі бойынша әрекет етулерін қадағалайды, біреудің ұясына кіруге болмайтынын естеріне салады, үйден неғұрлым алысқа ұшу қажет, сонда онда азық көп табылады.

Ойын аяқталғаннан кейін тәрбиеші және балалар келген қонаққа алғыстарын айтып қоштасады.

- Балалар, біз жарадық, әдемі сурет салдық!



21.06.2024

Орта жас тобы

Музыка: Бұлақтың сылдыры

Оқу қызметінің мақсаты

Көңілді әуен арқылы көңіл күйді сыйлай білуге талпындыру. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. Балаларды достыққа, бірлікке,татулыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Судың ағысы, полька, теңіз, жаңбыр, сылдырлауық, полька - сөздерді пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Сәлемдесу, көркем сөз, көрініс көрсету; түсіндіру, көрсету, баяндау, кері байланыс, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Музыкалық аппаратура, музыкалық-дидактикалық ойындар, дидактикалық ойындар картотекасы.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Теңіздің әр түрлі толқын бейнеленген суреттер.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу

Балалар «марш» екпінімен залға кіреді, ортаны айналып шығып шеңбер жасап тұрады.

Музыка жетекшісі балаларға:

Балалар, бәріміз үлкен, әдемі шеңбер жасап кілемге отырайықшы! Міне, жарайсыңдар! Сол сәтте ағып жатқан судың дыбысы естіледі.

Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз

- Балалар, судың ағып жатқан дыбысын естіп көрейікші!
- Балалар, қандай керемет, жылғадағы судың ағысы! Көздерімізді бір сәтке жұмып, тыңдап көрейікші! Балалар көздерін жұмады. Музыка жетекшісі балалармен бірге судың сылдырын тыңдап, балалардың көздерін ашуларына болатындығын айтады. Балалар көздерін ашып, орындарынан тұрады.
- Ендеше, балалар, нұрлы көктем мен жылғадан ағып жатқан суға сәлемімізді жолдайық, қимылды менімен бірге жасаймыз:
- Сылдыр, сылдыр етеді (балалар қолдарын жоғары көтереді),
- Жылғалардан аққан су (балалар қолдарын жандарына созады),
- Көлде жүзіп келеді (балалар қолдарын жоғары көтереді),
- Қосарланған қос аққу (балалар құшақтарын жаяды).
- Нұрлы көктем (балалар қол білезіктерін айналдырады),
- Нұрын төккен (балалар қолдарын жоғары көтереді),
- Сәлем сізге (балалар иіліп тәжім жасайды),
- Көптен күткен! (балалар құшақтарын жаяды). Педагог балалармен бірге қимылдарды қайталайды.
- Балалар, жарайсыңдар!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Музыкалық - ырғақты қимылдар

Музыка жетекшісі:

- Балалар, бүгінгі күн өте көңілді күн болайын деп тұр. Сондықтан бір біріміздің көңілдерімізді көтеріп ән тындап музыкалық-ырғақты қимылдарды орындайық.
- Кәнекей назарларыңды тақтаға аудырыңдар. Не көріп тұрсыңдар? Дұрыс, билеп жүрген балалаларды. Солармен бірге қайталайық.



- Аяқпенен топ – топ – топ, (аяқтарын топылдатады)
- Алақанмен хлоп – хлоп – хлоп. (қол соғады)
- Бір оңға, бір солға, (оңға және солға бұрылады)
- Айналайық кел мұнда. (айналады)

- Қолымызды бір сілтеп, (қолдарын көтеріп сермейді)
- Басымызды шайқайық. (бастарымен шайқайды)
- Бір оңға, бір солға (оңға және солға бұрылады)
- Ойнайықшы кел мұнда. (айналады)
- Секіреміз жоғары, (секіреді)
- Қиын емес секіру.
- Бір оңға, бір солға (оңға және солға бұрылады)
- Секірейік кел мұнда. (секіреді)

2.2. Ән тыңдау

Музыка жетекшісі:

- Балалар, сендер музыка тыңдайсыңдар ма? Кейбір балалар кешке қарай музыка тыңдайтындарын айтты. Олай болса, балалар, қыста кешке қарай тыңдап отыратын әдемі музыка бар, естіп көрейікші? М. Глинканың «Полька» шығармасы. Әуенін жазған М. Глинка.

Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз

Балалар музыканы тыңдап отырғанда музыка жетекшісі оның сипатымен таныстырады, мәнін түсіндіреді. Балалар музыкалық шығарманы тыңдап, сипаты мен екпінін анықтайды.

- Кәне, балалар, шапалақпен ұра отырып, әуенді тағы да қайталап тыңдайықшы! Керемет! Өте тамаша шығарма балалар, солай ма? Иә.

Музыка жетекшісі шығарманы балалар қабылдағанша тыңдатады.

Педагог шығармаға қатысты ой қозғау мақсатында балаларға полька туралы түсінік береді:

- Балалар, "полька" деген сөз "жарты қадам" деген мағынаны білдіреді, яғни, бұл шығарма жұппен билейтін биге арналған. Қайталайықшы, балалар. Тамаша.
- Балалар, орыстың ұлы композиторы - Михаил Глинка классик сазгер, яғни, композитор болып табылады. Қайталайықшы, балалар. Жарайсыңдар.

2.3. «Теңіз» дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: балалардың музыканы есту, тыңдау, көру қабілеттерін дамыту.

Ойынның барысы: балаларға үнтаспадан теңіздің дыбысы қосылған әуенді

естірту. Әуенді тыңдап болған соң балалар әуеннің мінез - құлқын айтып өз ойларымен бөліседі. Музыка жетекшісі композитордың жазған әуеніндегі кездесетін әртүрлі көңіл-күйіне балалардың көңілін аударады. Әуенде толқын бірде ақырын, бірде қатты, бірде жәй естіледі. Содан соң музыка жетекшісі балаларды картинкада көрсетілген теңіздің әр түрлі толқынымен таныстырады. Музыка жетекшісі балаларға музыканы қайтадан тыңдатқыза отырып, балалардан теңіздің әртүрлі толқынын карточканың көмегімен көрсетуді сұрайды.

2.4. Дауыс жаттығулары

Музыка жетекшісі балалармен дауыс жаттығуларын жүргізеді:

Тоқ- тоқ, тоқылдақ,
Жерден тары шоқып ап,
Тоқылдайды тоқылдақ,
Тоқ-тоқ-тоқ.
Ахау, егигай,
Ән сал бозторғай,
Біз әніңді үйреніп,
Күнде ән сап жүрейік.

2.5. Ән салу

«Жаңбыр» әуені А.Кошербаева сөзі Е.Өтетілеуов

Музыка жетекшісі:

- Балалар, жазда далада жейі жылы көңілді жаңбыр жауады.



- Балалар, сендер жаңбырдың жауғанын жақсы көресіңдер ме? Міне, жарайсыңдар! Жаңбырдың қалай пайда болатынын білесіңдер ме? Керемет, жарайсыңдар!

Музыка жетекшісі интербелсенді тақтадан табиғат және жаңбырдың пайда болып жауғаны туралы көрініс көрсетеді.

Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерленіз

- Балалар, тақтаға қарап, жаңбырдың қалай пайда болатынын бақылайықшы! Алдымен табиғат бұзыла бастайды, яғни, күннің көзін бұлт басады, бұлт қоюланып, бұйра бола бастаған кезде, жаңбыр ақырын тамшылап жауа бастайды, жаңбырдың дыбысын естідіңдер ме? Қатты жауып барып, қайтадан ақырындап жауып, тоқтайды.
- Бүгін біз сол көңілді жаңбыр туралы жаңадан ән жаттаймыз.

Музыка жетекшісі балаларды бірінші шумығымен қайырмасын жаттатырады.

- Терезе, терезе қағады,
- Жылғалар, жылғалар асады.
- Тырс, тырс.
- Жаңбыр кеп жауады,
- Тамшылар тамады.
- Тырс, тырс, тырс.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Музыка жетекшісі оқу қызметінің аяғында қорытындылайды:

- Бүгін оқу қызметінде қандай ойындар ойнадық, балалар?
- Балалар, бүгін қандай ән айттық?
- Музыка пәні ұнайды ма сендерге?

Балалардың жауаптары.

- Жарайсыңдар, балалар, бүгінгі оқу қызметінде жақсы белсенділік көрсеттіңдер, рақмет, бәріңе! Мен сендерге өте риза болдым.



25.06.2024

Орта жас тобы

Сөйлеуді дамыту: Құстар

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ

Балалардың ұғымында құстар туралы түсінік қалыптастыру. Құстардың сыртқы бейнесінің ерекшеліктері, тіршілігі туралы білімдерін кеңейту. Қорытынды, талдау жасауды үйрету. Тілдік дағдылар мен сөйлеу тілін дамыту. Балаларды мейірімділікке тәрбиелеу, құстарды қорғауға, қамқорлық танытуға тәрбиелеу.

СӨЗДІК ЖҰМЫС

Шырылдайды, қарқылдайды, ұшады.

ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Ойын, көрнекілік, әңгімелесу, рефлексия.

ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР

1. Көрнекілік материалдар.
Дыбыс шығару құралы (құстардың дауысы).
Ойыншықтар, суреттер, торғайдың суреті.

2. Үлестірмелі материалдар.
Бояу суреттері (А4 формат), қарындаштар, фломастерлер, А3 форматта ойын тапсырмалар.

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БАРЫСЫ

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

«Ұшты, ұшты» ойыны.
Педагог:
- Сәлеметсіздер ме, балалар!

- Қане, бәріміз ойын ойнайық.
- Балалар, ойын «Ұшты, ұшты» деп аталады. Алдымен, балалар, жарты шеңбер құрып кілемге отырайық. Қолымызды тіземізге қоямыз. Мені мұқият тыңдаңдар. Мен заттың атын атаймын. Сендерден заттың ұшатынын немесе ұшпайтыны туралы сұраймын. Мысалы: «Торғай ұша ма? Торай ұша ма?»

Балалар:

- Торғай ұшады.

Ойын бір құс не бір зат туралы айту арқылы жалғаса береді.

Педагог:

- Сонымен, балалар, нелер ұшады? Бүгін құстар туралы әңгімелесеміз.







1.1. Кіріспе әңгіме.

Педагог:

- Балалар, қандай құстарды білесіңдер?
- Құстар қайда тұрады?
- Құстар немен қоректенеді?
- Құстар жылы жаққа неге ұшып кетеді?

Балалардың жауабы.

1.2.

Педагог:

- Балалар, қазір орманға аттанамыз. Сол жерден құстарды тамашалаймыз, олардың дауысын естиміз.

(Балалар көздерін жұмып, тұрған орындарында бір рет айналады. Балалар орман аясына келеді.)

Педагог залда орман көрінісін алдын ала бейнелеп қояды.)

(Орманда құстардың дауысы естіліп тұрады)

Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз

- Балалар, мен сендерге жұмбақ жасырамын.
Тұмсықты, қос қанатты,
Құйқылжыта ән салды.
- Ол не?
Балалардың жауабы.
- Құс.

1.3. Педагог:
- Орманда құстар көп болады. Олар биікте ұшады, ағашқа қонады, сайрап ән салады, ұя салады, балапан басады, балапандарын ұшырады.
Балалар құстарға қамқорлық жасайды.
(Слайд суреттері бойынша құстар туралы айтып береді.)

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Педагог балаларға торғайды (ойыншық) көрсетеді.



- Мынау қай құс?
- Торғай.
- Балалар, торғай кішкентай құс. Оның түсі қоңыр. Мынау басы. Басында көздері мен тұмсығы бар. Тұмсығы кішкентай, үшкір болып келеді. Мынау денесі. Торғайдың екі қанаты мен екі аяғы бар. Аяқтарында саусақтары, тырнақтары бар. Тырнақтары үшкір, қатты болып келеді. Торғай суыққа тоңбайды, тамағын шоқып жейді.
(Торғай туралы суреттер арқылы құстың дене мүшелерін көрсету.)

2.2.
- Қане, балалар, құстың дене мүшелерін бірге қайталап көрейікші. Құстың дене мүшелері: басы, көздері, тұмсығы, денесі, қанаттары, аяқтары, саусақтары.
- Жарайсыңдар, балалар!

2.3. Саусақ жаттығуы.

Торғай, торғай, торғайсың
Жақын келіп қонғайсың.
Жем шашайын, тойып ал
Қарның ашып қалмасын!
(Педагог саусақтарын қимылдатып тұрады, балалар қайталайды.)

2.4.

Педагог:

- Балалар, мына торғайдың бейнесі бар боямақтарды бояп алайық.

(Педагог бояу суреттерін балаларға таратып береді.)
Баяу әуен қосылады.
Балалар орындарына отырып, боямақтарын түрлі түсті қарындаштармен бояйды.
Балалар бояп болған суреттерін тақтаға жапсыра бастайды.

2.5.

- Жарайсыңдар,балалар! Суреттерің керемет боялыпты. Қазір ойын ойнайық!

«Қай құс?» дидактикалық ойыны.

Мақсаты.

Толық бейнесі жасырын тұрған құстың атауын табу. Ойлау, еске сақтау, сөйлеуді дамыту.

Шарты.

Балаларға құстардың басы, қанаты, кеудесі немесе құйрығы ғана көрініп тұрған карточкалар көрсетіледі. Балалар сол карточкада қай құстың суретін жасырынғанын айту керек.








3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог:
- Ал, балалар, орнымызға отырайық. «Көлеңкесін тап» ойын-тапсырмаларын орындайық.
(Тәрбиеші балаларға А3 форматта үлестіреді.)

«Көлеңкесін тап» дамытушы ойыны.
Мақсаты.
Балалардың байқампаздық, тапқырлық қасиеттерін дамыту.
Балалар суреттердің көлеңкесін табады, фломастермен сызып сәйкестендіреді.



Рефлексия.
Педагог:
- Балалар, сендер құстар туралы көп біледі екенсіңдер.
- Жарайсыңдар! Мен сендерге өте риза болдым.
- Бүгінгі тақырып бойынша ерекше белсенділік танытқан балалар (.....). (Мақтау.)
- Құстар - біздің досымыз. Балалар құстарға қамқор болып жүрейік! Сау болыңдар!

26.06.2024

Кіші жас тобы

Жапсыру: Құстарға жем салайық

Оқу қызметінің мақсаты

Құстар туралы түсініктерді дамыту; желімді қылқаламмен алып, дайын пішіндерге желімді жағу, сүлгіні қолдана білу қабілетін қалыптастыру; балаларды дайын пішіндерден құс бейнесін құрастырып, қағаз бетіне жапсыруға үйрету (сопақша, дөңгелек, үшбұрыш, тіктөртбұрыш); қолдың ұсақ моторикасын, құстардың әнін тыңдау және есту қабілеттерін дамыту; табиғат пен құстарға деген сүйіспеншілік пен қамқорлыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Балалардың сөздік қорын "құстар", "қорек", "жемсалғыш" сөздері арқылы жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Көрсету, түсіндіру, иллюстрацияларды көрсету, көркем сөз, тосын сәт, проблемалық жағдай туғызу; аяқталған жұмыс үшін мадақтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, «Қыстайтын құстар» презентациясы, сергіту сәтіне арналған ән; қыстайтын құстардың силуэті (торғай, қарға, суықторғай), (саусақ жаттығуы).

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Балалардың саны бойынша қағаз парақтары, қыстайтын құстардың сұлбасы (торғай, қарға, суықтоғай), қылқалам, сүлгі, желім.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Таңқаларлық сәт.

Есікті немесе терезені қағу.

Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз

- Балалар, сендер естисіңдер ме? Менің ойымша, біреу біздің терезені қағып жатқан сияқты!
Жататын бөлмеден ойыншық құсты алып келеді.



Сары шымшық:
- Мен қоректенуге және менің достарым туралы айтуға келдім.
- Балалар, сендер құстардың қалай қоректенетінін білесіңдер ме?
- Білгілерің келеді ме? (Балалардың жауабы)
- Онда зейіндеріңді экранға аударыңдар.
Балалар экран алдына жайғасады.
Педагог құстардың қоректенгені туралы бейнежазбаны интербелсенді тақтасына қосады.

Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз

Құстар туралы әңгімелеп, оларды экраннан көрсетеді. Құстардың сырт келбетіне назарларын аударады, балаларды олардың дауыстарын тыңдауға ұсынады.

1.2. - Балалар, сары шымшық, сендердің құстарды танып, білетіндіріне өте қуанышты! Жарайсыңдар!
- Құстардың аттарын тағы да қайталайық. (Балалар қайталайды)
- Жарайсыңдар!
- Балалар құстарға көмек ретінде мен сендерге жемсалғыш ішін жемге толтыруды ұсынамын.
- Дайынсыңдар ма? (Иә)

- Бәріміз орнымызға жағасайық. Қазір біз желім жән қылқаламмен жұмыс жасаймыз. Жапсыру ережесін қайталайық.
- Бізде бәрі дайын. Онда қолдарымызды жаттықтырып алайық. "Құстар" саусақ жаттығуы. Құстар ұшып барады, Көкте қанат қағады. Барлық құстар қосылып, Шиқ - шиқ - деп, ән салады Құс ұшып келіп ұясына қайта қонды.
Саусақтарын үшбұрыштап жоғары ұстайды.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Жапсыру амалдарын көрсету.

- Балалар, сендердің алдарыңда құстарға арналған жемсалғыш, бірақ олардың ішінде жем жоқ. Біздің міндетіміз жемсалғышты жемге толтыру. Жемге толтыру үшін, қылқаламмен желімді алып, жемсалғыштың дәл ортасына желім жағамыз. Сосын желімнің үстіне ұқыптап жем салып, сүлгімен үстінен басамыз. (Балалар орындайды)



- Жарайсыңдар! Қандай керемет жемсалғыштар! Енді жемсалғыштарымызға құстар қонып, қоректене алатын болды, өйткені оларға қыста қорек табу өте қиын.
Педагог әр балаға құстардың силуэтін таратып беріп, оларды жемсалғыштарына жапсыруға ұсынады.



2.2. Сергіту сәті.

Балалар музыка әуенімен сергіту жатығуын жасайды.

Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз

2.3. Жапсыру амалдары тәртібін қайталау.

- Құстардың жемсалғышы бос. Оны толтыру үшін не істеу керек? (Дән себеміз)
- Жарайсыңдар!

Дәннің жабысып қалуы үшін не істеу керек? (балалардың жауабы).
Педагог жапсыруды орындау техникасын көрсетеді: біз жембергіштің ортасын желім жағып, содан кейін оған дәндерді мұқият салып, шүберекпен басамыз.
Балалардың орындауы.
- Жарайсыңдар!
- Қылқаламды қайда қоямыз? (Қылқаламға арналған тіреушеге).
- Жарайсыңдар!

2.4. Өздігінен жапсыру.
Өздік жұмысы барысында баламен жеке жұмыстар жүргізіледі.
Сөздік жұмысын ұйымдастыруда балаға нақтылы сұрақтар қойылады. Мысалы, "Бірінші нені жапсырасың?", "Желімді қай жеріне жағасың?", "Дәндерді қай жерге жапсырасың?"
Балаға "жемсалғыш", "дән", "қоректендіргіш", "желімді сүртемін" сияқты сөздерді айтқызып отырған дұрыс.
Педагог баланың жұмысын қолдап, мақтап жүруге міндетті.
Балаға көмек қажет болса, педагог жапсыру, желімдеу тәсілдерін өз қағазының үлгісінде орындау қажет.
Көмектің тағы бір түрі - баланың қимылдарына нұсқаулар беріп отыру. Мысалы, "желімді ұқыптап жағамыз", "қылқаламды тіреушеге қой", "сүлгімен үстінен бас".

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Рефлексия.

Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз

(сергіту сәтінде қолданылған әнге балармен би билеу).

Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.
- Балар бүгін біз не жасадық? (Құстардың жемсалғышын дәнге толтырдық).
- Оны не үшін жасадық? (Құстарды қоректендіру үшін).
- Біз бүгін қандай болдық? (Қамқоршы болдық).
- Жарайсыңдар!



27.06.2024

Кіші жас тобы

Құрастыру: Құс үйі

Оқу қызметінің мақсаты

Сипаттама бойынша затты табуды үйрету, сөйлеу және тыңдау қабілеттерін дамыту, үйді құрылыс материалынан тұрғыза білу, қоршаған әлемге құрметпен қарауды тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

"қара торғай", "бұлбүл", "призма" сөздерің лексиконға енгізу

Әдіс-тәсілдер

Көркем сөз, құстарды бақылау, құстар туралы жұмбақтарды шешу, құстардың бейнесі бар суреттерді қарау.танқаларлық сәт, қозғалмалы ойын, кейіпкермен қоштасу, жасалған құрылыспен ойнау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Тақырып бойынша тақырыптық суреттер, құрылыс материалдары: текшелер, үшбұрышты призма, үлкен-кіші ойыншық-құстар, қуыршақ Маша.
Сергіту сәтіне арналған ырғақты музыканың аудиожазбасы

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Құрастыруға арналған құрылыс материалдары, құстардың мүсіндері

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Таңқаларлық сәт.

- Балалар, сендер бұл қуыршақты танисыңдар ма?

Маша атты кейпкерді көрсетеді.



- Ия, дұрыс - бұл Маша. Маша серуендеуге шыққанда, ағашта мұңайып отырған құсты көрді.
- Құс Машаға өзінің үйі жоқ екенін айтты. Ал Маша құсты өзімізбен бірге алғанымызды қалайды.
- Маша, біз құсты қуана-қуана алып кетер едік, бірақ құстар көшеде, құстардың үйінде тұрады.
- Балалар, біз құсқа қалай көмектесе аламыз? Біз оған үй саламыз.

1.2. Көркем сөз.

Мен торғаймын, торғаймын,
Суықтаймын да тоңбаймын.
Құрт - құмырсқа шіркейден,
Бау – бақшаны қорғаймын.
Балалар тақпақты қайталайды.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. «Құстарға арналған үй» жобасын қарастыру.

- Балалар, мына құстар үйін қараңдаршы.



- Ол неден жасалған? Текшелерден.
- Текшелер үйдің қабырғалары болып саналады.
- Үйдің шатыры қандай пішінге ұқсайды? Үшбұрышқа ұксайды.

- Ия, бірақ бұл жай үшбұрыш емес, бұл үшбұрышты призма. (Балалар қайталайды)



2.2. Құрастыру тәсілдерін көрсету.
Біріншіден, біз құрастыруға арналған құрылыс материалдарын дайындаймыз. (құрылыс материалы салынған қорап көрсетіледі)
- Құстардың үйін жасау үшін бізге текшелер мен үшбұрышты призма қажет.
- 2 қызыл текше мен 1 жасыл текше және 2 үшбұрышты призма аламыз.
- Балалар, үшбұрышты призма дегеніміз не? (Балаларға призманы көрсетеді)
Осы фигураны тауып алыңдаршы (балалар призманы іздейді)
- Енді балалар призманын жиектерін бір жағынан саусақпен көрсетіндер, бізде үшбұрыш шықты. Сондықтан оны үшбұрышты призма деп атайды.

2.3.

Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз

«Құстар ұяда» ойыны
Ойын мақсаты: педагогтын нұсқауы бойынша әрекеттерді орындауды білу.
Ойын барысы: 2-3 құрсау еденге қойылады - бұл ұялар. Сигнал бойынша барлық құстар ұяларынан ұшып шығады, жан-жаққа шашырайды, еңкейіп тамақ жейді, қанаттарын жайып ұшады. Педагог сөздерді айтады:
- Құстар ұшты, кішкентай құстар.
- Ұшты, ұшты - қанаттарын қақты.
- Жерге отырып, астықты жеді.
- Алақай,қандай тәтті бидай еді.
Балалар мәтін бойынша қимылдарды жасайды:
Сигнал бойынша: «Құстар ұяларға қонамыз!» - алдымен кез-келген ұяға қонады, содан кейін ережені өзгертуге болады: балалар тек «ұшқан» ұяға оралу керек.

2.4. Тәжірибелік бөлім.

- Барлық құралдарды дайын ба тексерейік: 2 көк текшені көрсетіндер (балалар көрсетеді);



1 қызыл текше болу керек (балалар көрсетеді) және үшбұрышты 2 призма қажет.

- Жарайсыңдар. Сендер бәрін дұрыс дайындадыңдар. Енді үй салуды бастауға болады.

(Балалар жұмысты орындайды)

Педагог балалардың жұмысын бақылайды.

- Жарайсыңдар, құстын енді баспанасы бар.
- Балалар, қараңдаршы сендер салған үйлерге, құстар ұшып келді, бірақ бұл құстар үлкен, үйге кіре алмайды. (Көрсету)
- Бұл құстар үшін үлкен үй салу керек. Үлкен үйді қалай саламыз?
- Қараңдар, екі текшені бір-бірінін үстіне қоямыз, ал үшбұрышты призманы солардын үстіне қою керек (балалар суреттегідей орындайды)

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Аяқталған жұмыс үшін сыйақы беру. Қорытындылау.

- Құстар, қараңдаршы балалар сендерге қандай әдемі үйлер тұрғызды. Сізге бұл үйлер ұнады ма?
- Рақмет, балалар, бізге үйлеріміз өте қатты ұнады, енді солардың ішінде тұратын боламыз.
- Маша, саған үйлер ұнады ма? Қуыршақ басын изейді.


Кейпкермен қоштасу.

- Балалар, Машаға оралуы керек, оны орманда Аю күтіп отыр.
- Қош бол! (қолдарын сілтейді).

Аяқталған құрылыммен ойнау.

- Жарайсыңдар балалар, сендердін үйлерін өте жаксы шықты, енді құстарды алып, үйлеріне орналастыруыға болады.





ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) „Күншуақ" тобы
Топ: ортаңғы
Балалардың жасы: 3 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 01.07 - 05.07.2024ж.
Педагогтың аты-жөні Аманова Ұлмажай

Апта күндері	*Дүйсенбі*	*Сейсенбі*	*Сәрсенбі*	*Бейсенбі*	*Жұма*
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім күніне арналған мерекелік қабылдауды өзірлеу. **(сөйлеуді дамыту, музыка)**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	"Жазғы балалар ойындары" туралы кеңес беру.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**Үстелдердің жанына орындықтарды қою.** Мақсат-міндеттер: орындықтарды үстелдің алдына белгілі тәртіпте қою амалына игерту; балаларды еңбекке дағдыландыру, ересектерге көмектесуге үйрету. **(еңбек іс-әрекеті)**	**Құрылыс материалдарын контейнерлерге жинап, салу.** Мақсат-міндеттер: балаларды ұқыптылыққа үйрету, жауапкершілікті тәрбиелеу, басталған жұмысты соңына дейін жеткізуді қалыптастыру. **(еңбек іс-әрекеті)**	**Бөлме өсімдіктерін суару.** Мақсат-міндеттер: балаларға өсімдіктерге күтім жасау тәсілдерін үйретуді жалғастыру (күнге жақын өсімдіктерге суды көбірек құйып, көленкеде өсетіндерге байқап құю, қажеті бойынша суару), бөлме өсімдіктеріне ұқыпты қарауға үйрету. **(еңбек іс-әрекеті)**	**Ойыншықтарды сөрелерге қою.** Мақсат-міндеттер: балаларға ойыншықтарды сөрелерге белгілі тәртіпте қою амалын игерту; тәртіптілікке деген ұмтылысты қолдау; ойыншықтарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)**	**Кітап бұрышын тазалау** Мақсат-міндеттер: құлап жатқан кітаптарды тігінен тізбекке қойып, реттікті орналастыруға машықтандыру; балаларды кітаптарға ұқыпты, таза қарауға үйрету. **(еңбек іс-әрекеті)**
	Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы. Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту;	**Саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға бейімдеу; ұсақ қол моторикасын дамыту. Күн денесін құрайық, (Алақандарды жоғары көтеріп,	**"Топ-топ басайық" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінде айтылған сөздерге сәйкес қимылдарды орындауға үйрету . Топ, топ, топ, топ басайық (шеңберге тұру)	**Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; артикуляцияны, есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін	**Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту. "Кемпірқосақ".

	денсаулықты сақтау қағидаларына баулу. **"Күнім, күнім..."** Күнім, күнім, қайдасың? Түннен бері шығасың. Сенімен бірге оянамын, Жылы нұрыңа шомыламын. Оянамын, жаттығамын, Балабақшаға барамын. Нұрыңа толған алаңға Достарымды шақырамын. Д. Ахметова. **"Жел көбік" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұруға дағдыландыру, мәтінге сәйкес қимылдарды жасауға үйрету. Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады. Тәрбиешіге қосылып олар мына өлеңді айтады: Көпіре гөр көбік-шар, Көпіре гөр кеңіп шар. Осы күйі қал тұрып, Кете көрме жарылып. Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі. Тәрбиеші: "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен.	оңға-солға бұраңдау) Қолды жайып бұрайық, Саусақтармен жыбырлап, (Саусақтарды алақанға жинап, қайтадан жазып, ашу) Сәулелерді шашайық. Саусақтармен жыбырлап, (Саусақтарды алақанға жинап, қайтадан жазып, ашу) Сәулелерді шашайық. Шапалақты қағайық, (Шапалақ қағу) Көңілді болайық. Д. Ахметова. **Үстел үсті ойыны: "Жұп суреттер".** Мақсат-міндеттер: балаларды суретте бейнеленген заттарды салыстыру, ұқсастықтарды табу және бірдей суреттерді таңдау әрекетін қалыптастыру, назар аудару, зейін қою, сөйлеуді дамыту, ойын ережелерін дұрыс орындауға үйрету. Тәрбиеші балаларға суреттер таратады. Балалар бірдей суреттерді тауып, атауларын атайды. Қай бала дұрыс айтады, сол балаға арнайы фишкалар беріледі.	Жалаудан күн жасайық (қоладарын көтеру) Жаса, жаса, алтын күн (бір орында аяқты нық басып жүру) Жаса, жаса, алтын күн Біраз уақыттан кейін тәрбиеші: "Тоқта!». Балалар баяулап, тоқтайды. Ойын қайталанады. **"Орманшы" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың кейбір ағаштар мен бұталардың (діңі, жапырақтары, жемістері мен тұқымдары) пайда болуы туралы білімдерін бекіту. Барысы: педагог бір баланы "орманшы" етіп таңдайды, қалған балалар орманшының көмекшілері болады.	дамыту. **Көркем сөз. "Зымыран".** Биік-биік көк аспан, Көк аспанда сұр қыран. Сұр қыраннан озады Ғарыштағы зымыран. Басы үшкір, бұрыштай, Жылтырайды қылыштай, Күміс құстай зуылдап, Ұшып кетті зымыран. Д. Ахметова. **Үстел үсті ойыны: "Түстерін тап"** Мақсат-міндеттер: түстер туралы білімді бекіту, зейінді дамыту. Үстелге түрлі-түсті қарындаш суреттері бар карточкалардың жартысын (немесе, керісінше, суреттердің жартысын) жоғары каратып қою. Баладан, мысалы, қызыл түске сәйкес барлық қызыл түсті суреттерді таңдауды сұраңыз. Содан кейін көк, сары және т.б. Балалар алдымен екі түсті суреттерді, содан кейін үш түсті суреттерді таңдап, тапсырманы қиындатуға болады.	*Кемпіркосақ көпірдей* *Аспан жарып туыпты.* *Жердің екі бетіне* *Жеті жеңін жауыпты.* *Д. Ахметова.* **"Жел көбік" қимылды ойыны.** *Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұруға дағдыландыру, мәтінге сәйкес қимылдарды жасауға үйрету.* Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады. Тәрбиешіге қосылып олар мына өлеңді айтады: Көпіре гөр көбік-шар, Көпіре гөр кеңіп шар. Осы күйі қал тұрып, Кете көрме жарылып. Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі. Тәрбиеші: "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен. "Тарс етті", – дейді де тізерлеп отыра кетеді. Тәрбиеші жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрады, қайтадан дөңгелектеніп тұрады, ойын қайта басталады.

	"Тарс етті", – дейді де тізерлеп отыра кетеді. Тәрбиеші жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрады, қайтадан дөңгелектеніп тұрады, ойын қайта басталады.				
Ертеңгілік жаттығу	**"Достық" жаттығуы.** Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос. (Қолдың саусақтары өзара бірігеді) Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз. (Екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу) Бір, екі, үш, төрт, бес. (Шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу) Қайтадан санауды бастаймыз. Бір, екі, үш, төрт, бес. Енді санауды аяқтадық. (Қолды төмен түсіреміз, демалтамыз). **(дене шынықтыру)**				
Таңғы ас	Балаларға тамақтану ережелерін еске түсіру арқылы, ас ішу дағдыларын қалыптастыру. Асты толық дұрыс шайнауға үйрету. Ас ішерде күнде біз Сөйлемейміз күлмейміз Астан басқа өзгені Елемейміз, білмейміз **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**"Күн" саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Алақанды ашамыз, Жарқын күнге қараймыз. (Балалар алақандарын алға созады, және ырғақпен жоғары-төмен бұрады) Бізге жылу бере ғой, Күш, қуатым тасысын. (Өздеріне шақырғандай саусақтарын қимылдатады)	**Музыкалық аспаптардың көмегімен ойналатын көңілді ойын.** Мақсат-міндеттер: көңілді күй орнату, аспаптардың түрі және дыбыстарын ажырата білуге үйрету. **"Шапалақты тында" ойыны.** Мақсат-міндеттер: шеңбер бойымен жүруді үйрету, мәтіндегі сөздерге сәйкес қимылдарды жасау. Балалар шеңбермен жүреді. Жүргізуші алақанын соққанда балалар бір аяқпен, екі рет шапалақтағанда қолдарын	**Үстел үсті "Суретті құрастыр" ойыны.** Мақсат-міндеттер: бөлшектерден тұтас бір бөлікті құрастыруды үйрету, балалардың қабылдауын және байқағыштығын дамыту. **"Сиқырлы қапшық" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларға заттарды сипап-сезу арқылы анықтауға және оларды сипаттауға үйрету.	**"Жұбыңды тап" ойыны.** Мақсат-міндеттер: зейінді, байқағыш, шапшаң болуға, кеңістікті бағдарлауға баулу. Ойыншылар қабырға бойында тұрады. Педагог әр балаға бір сурет-фишкадан таратып береді. Педагог белгісі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбыңды тап" белгісі бойынша, бірдей түсті фишкалары бар балалар, жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек.	**"Сыпайы бол" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларға сөздерді сыпай түрде айтуға дағдыландыру. **"Ою саламыз" саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ойлау, елестету қабілетін, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Зергер бала боламыз, (Екі алақанда ашу) Оюды саламыз: Бұлақ, (Қолдарды жұдырыққа жинап, ішке қарай бұрау) Дөңгелек, (Шеңбер салу)

	Саусақтарым жатпайды, Ешбір тыным таппайды.(Саусақтарын бүгіп, қайта ашады) Тук-тук, балғалар, (Еңкейіп, кезек-кезек жұдырықтарымен тізелерін ұрады) Хлоп-хлоп, алақандар, (Тізелерін алақандарымен қағады) Оп-оп, секіреді қояндай, (Бүтілген саусақтарымен тізелерін қағады).	екі жаққа созып , үш рет шапалақтағанда жүруін жалғастырады. - Қанша дыбыс естідіңдер?		*Құралдары: таратпалы жеті түсті фишкалар. Әрбір фишканың жұбы бар. Түрлі түсті фишкалар болмаса, басқа жұпты суреттерді қолдануға болады.*	*Ирек, (Толқындар жасау) Қанат, (Қос колмен бұлғау) Гүлдер, (Алақандарды жайып, тігінен көрсету) Көбелек. (Қос колды айқастырып, бұлғау) Д. Ахметова.*
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Шуақты күн" Мақсат-міндеттер: Күн сәулесінің барлық жер жүзін жылытатыны туралы білімдерін кеңейту; күннің сәулесісіз тіршілігі жоқ екенін түсіндіру; балалардың сөйлеу, есте сақтау, ойлау қабілетін дамыту; күннің жер бетіндегі тіршілікке қажет екендігі туралы түсінік қалыптастыру.	**Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Тепе-теңдікті сақтайық" Мақсат-міндеттер: Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру жаттығуын орындау; жүгіру кезінде балалардың бір-біріне соғылып қалмауы үшін арақашықтық сақтап жүгіруге жаттықтыру және бір бағытта жүгіріп келе жатып, келесі бағытқа белгі бойынша тез ауысу дағдыларын жетілдіру; сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру жаттығуын, гимнастикалық орындықтың үстімен жүру техникаларын жетілдіру.	**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Мақтаншақ қоян" ертегісі Мақсат-міндеттер: Балаларға ертегі мазмұнын түсініп, тыңдай білуге, ертегі кейіпкерлерінің жағымсыз қылықтарын көрсете алуды түсіндіру; ертегіні мазмұндай алуға, рөлдерге бөлініп ойнауға үйрету; ойын, қиялын, тілін, сөздік қорын дамыту; тазалыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.	**Сурет салудан ойын-жаттығу** "Орманға жидек теруге барамыз" Мақсат-міндеттер: Балаларды жидектері бар бұталар бейнеленген үйлесімді композиция құруға үйрету; бейнелейтін заттың орналасу мағынасын түсінуді меңгерту; кеңістікті бағдарлау дағдыларын, көру қабілеттерін дамыту; Табиғатты аялауға, тиянақтылыққа тәрбиелеу.	**Музыкадан ойын-жаттығу** "Күнбағыс" Мақсат-міндеттер: Өткен материалды балаларға естеріне сақтау. Балаларда шығармашылықты, өзіне деген сенімділікті дамыту; өз бетінше шешім қабылдау мүмкіндігі; музыканы және музыкалық қабілетті ассоциативті қабылдауды дамыту.
2- таңғы ас	Алдындағы түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Серуенге дайындық	Балаларға жүйелі түрде киініп-шешінуді, киімдерін шкафқа орналастыруды, қолдарын мұқият жууды қалыптастыру. Жуынуға арналған жаттамақ жаттығуы. Мақсаты: есте сақтау, қабылдау, елестету, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.				

	Құралдар: сабын. Сабындаған кезінде Ашытады көзіңді. Бола білсең төзімді, Тап-таза етер өзіңді. Тазалықтың досы - Сабын деген осы.				
Серуен	**Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: күннің жаз мезгілінде аспанда биік орналасқанын, жерге жарық пен жылуды төгетінін түсіндіру; күннің адамға, жан-жануарға, өсімдіктерге қажеттігін көрсету (жапырақтардың түсі жасыл, гүлдерді түсі ашық, адамдар жылы киімін жазда кимейді, бақшадағы көкөніс, жидектер тез піседі); ұғымталдыққа, байқағыштыққа тәрбиелеу. Күн терезен қарайды, Бізге шуақ шашады, Біз шапалақ соғайық, Күнді қарсы алайық! **Еңбек әрекеті: құм салғышты құммен толықтыру.** Мақсат-міндеттер: кішкене шелектермен таза құмды құмсалғышқа төгу әрекетіне тарту; қарапайым еңбек дағдыларына бейімдеу. **"Құ түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың	**Құм мен топырақтың қасиеттерін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: құм мен топырақтың қасиеттерін анықтау, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау. Топыраққа (жер, құм, саз), қазу, қопсыту арқылы назар аудару. Құм мен жер (топырақ) арасында қандай ортақ нәрсе бар. Ауамен, сумен бірге топырақ тіршілік өсімдіктерді қоректік көзі, сумен қамтамасыз ететін жердің жұмсақ қабаты "топырақ" деп аталады. Топырақтың негізгі қасиеті – құнарлығы. Топырақтың құрамында әртүрлі қажетті қоректік заттар су, ауа, саз, құм, шіріндіболады. Топырақтың беткі қабаты қоңыр түсті болып келеді. Сазды жерлерге су көп сіңеді, сондықтан көпке дейін кеппейді. Құмды жер суды өткізеді, сондықтан тез кебеді. Қай жерде өскін тез өседі. **Еңбек әрекеті: майда**	**Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларға желді, жапырақтарға, бұтақтарға, жалауларға, бұлттарға қарап байқауға болатынын көрсету; желдің баяу және қатты соққанын байқауға дағдыландыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру. Желдің түрлерімен таныстыру. - Жел дегеніміз не? - Жел қандай болады? - Жел не үшін қажет? - Желді көрмесек қалай сеземіз? - Жел қай жақтан соғып тұр? Жел соғады бетімізге, Тербеледі ағаштар. Тыныш - тыныш отырыңдар, Биік-биік ағаштар. **"Тышқан мен мысық" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Ойын шартын бұзбай, тату ойнауға дағдыландыру. Ойын шарты: Балалар шеңбер құрып бір - бірінің қолынан үстап тұрады. Екі бала таңдалып алынып, біреуі	**Жаңбырдың жауғанын бақылату. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: жаңбырдың пайда болу құбылысын түсінуге мүмкіндіктер жасау; бақылағыштыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Жаңбырдың неден пайда болатыны туралы түсініктерін қалыптастыру; оның табиғатқа тигізер пайдасын білдіру. Жерге сіңуін көрсету. - Балалар, ақ жауын мен нөсер жауын бірдей ме? Жұмбақ шешуге үйрету. Көтеріліп теңізден, Аспанға биік барамын. Биіктен қайта түскенде, Өңі кірер даланың. **Көркем сөз.** Жау, жау жаңбыр, жау жаңбыр. Арық суы мол болсын. Өсімдіктер көп болсын. Жауған жерің шөп болсын Еңбек әрекеті: ауладағы қағаз,қоқыстарды жинау. **"Түсінді тап" қимыл-қозғалыс ойыны.**	***Ақ қайынды бақылау. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)*** *Мақсат-міндеттер: қайынның белгілерін атай білу, баска ағаштардан айырмашылығын ажырата білу, қайынның әдемілігін айту.* Ересектермен бірлескен жұмыс түрлері. Бақшадағы көкеністерді бақылау және қарау. Мақсат-міндеттер: Топтық жұмыска үйрету және дағдыларын қалыптастыру. **"Көк ту" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу. Ойын шарты. Балалар екі топка бөлінеді. Әр топта өз тулары болады. Әр тудың қорғаушысы болады. Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады. Ал, басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек. Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама - қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады. Сөйтіп қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді. Жеңілген топтың туына шабуыл

	ойын шарттарына сай ойнай білу, "Мен - түлкі!" сигналы бойынша қолға түспей, үлкен шеңберден асып жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); байқағыштыққа, жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші-педагог балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Осыдан бері педагог таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады. Ал ойыншы-балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мыңдамын!" - деп дауыстайды. Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады. Педагог балаларға алдын-ала үлкен шеңбердің шеткі жерін көрсетеді, шеттен шыққан бала ұсталынбайды. Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін. **"Жалаушаға жүгір" ойыны.** Мақсат-міндеттер: тәрбиешінің	**қиыршық тастарды жинау.** Мақсат-міндеттер: ойын алаңындағы тастарды жинау, балаларды тазалыққа дағдыландыру. **"Түсін тап" ойыны.** Мақсат-міндеттер: кеңістікте бағдарлау, түстердің арасынан негізгі түстерді ажырата білу қабілетін қалыптастыру. Дене тәрбиесіндегі арналған ойын: балаларда екі аяғымен алға қарай секіру қабілетін дамыту. Белгі бойынша әрекет ету, ұзындыққа секіру, жылдам жүгіру. **"Аттар"қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру мен жүру дағдыларын дамыту. Балалар екі бірдей топқа бөлінеді. Біреулері – аттар болады, басқалары – шабарман болады. Шабарманның қолында - ауыздық. Аланның басқа жағында - аттар жайылатын жер, бұнда аттар тұрады, басқа жағында шабармендар. Тәрбиеші: "Шабармандар, тұрыңдар, тезірек аттарды дайындаңдар!" - дегенде	тышқан – қашушы, екіншісі мысық - құғыншы болып сайланады. Тышқан шеңбердің іші - сыртымен қашады, ал мысық тышқанды ұстап алуға тырысады. Шеңбер құрып тұрған балалар мысықтың тышқанды ұстап алуына кедергі жасайды. Егер мысық тышқанды ұстап алса, басқа балалар мысық пен тышқан болып сайланады. Сөйтіп балалар ауысыу арқылы ойын жалғасады. **"Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың кегли арасымен баяу және ептілекпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту. Құралдар: кегльдер. **Еңбек әрекеті: гүлзардағы гүлдерге су құю.** Мақсат-міндеттер: тазалыққа, бірлікке, еңбеккорлыққа баулу. **Балалардың еркін ойыны.**	Мақсат-міндеттер: балаларда зейінді дамыту, түстерді ажырата білу, белгі бойынша әрекет ету. Жүгіру, жүру жаттығулары. Балалар 3-4 түсті жалаушаларды алады және бөлменің әртүрлі бұрыштарында 4-6 адамнан тұрады, әр бұрыштқа тәрбиеші түрлі-түсті жалауша қояды. Тәрбиешінің белгісі бойынша "Серуендеуге барамыз!" балалар жан-жаққа тарайды. "Өз түстеріңді тап!" - деген белгіні естігенде, балалар тиісті тудың жанына жиналады. Тәрбиеші қай топтың тез жиналғанын айтады. Ереже. Тудың қасынан белгі бойынша ғана шығу."Серуендеуге барамыз!". Тиісті түсті жалаушаның жанына жүгіру және жиналу "Өз түстеріңді тап!" **Дене тәрбиесіне арналған ойын:** балалардың алға қарай екі аяғымен секіруін дамыту. Белгі бойынша әрекет етіңіз, ұзындыққа секіру, жылдам жүгіру. **Балалардың еркін ойыны.**	жасалады. Егер де туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді. **"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландару. Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді. **Еңбек әрекеті: аулалағы ағаштан түскен ұсақ бұтақтарды жинақтау.** Мақсат-міндеттер: балаларды тазалыққа, бірлікке баулу. **Балалардың еркін әрекеті.**

	белгісіне сәйкес іс-әрекеттерді орындау қабілеттерін дамыту, назар аударту, түстерді ажырата білу. Жүгіру және жүру жаттығулары. Дене тәрбиесіне арналған ойын: Балалардың қимыл-қозғалыстарын белгі бойынша орындауын, әр түрлі бағытта жүгіру қабілеттерін дамыту. **Балалардың еркін ойыны.**	шабармандар аттан түсіп, аттарды жайылымға жіберіп, өздерінің орындарына барады. "Шабармандар, аттарыңды ұстаңдар",- дегенде әркайсысы өздерінің аттарын ұстайды. "Аттарыңды ат қораға апарыңдар",- дегенде апарады. Ойын 3-4 рет қайталанады. **Балалардың еркін ойыны.**			
Серуеннен оралу	Балалар киімдерін дұрыс шешу,шкафтарға бүктеп қою, қолды жуу әрекеттерін одан әрі қалыптастыру. Таза сумен Арман, Беті-қолын жуды. Оған қарап Балжан, Суға қолын созды. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Түскі ас	Тыныш ұйқыға кетуге жағдай жасау.				
Түскі ұйқы	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. Мақсаты: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Асты-шашпай төкпей іш, Сораптамай аппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	"Оянайық бәріміз". Тәрбиешінің айтқанын орындайды. Көздеріңді ашыңдар, Кірпіктеріңді көтеріңдер. Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар, Бір-біріңе жымиыңдар, Бастарыңды оңға, солға бұрылыңдар, Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер, Іштеріңді тартыңдар, Көңіл күй көтерілді,				

	Кеуделеріңді алақанмен сипаңдар, Жұдырықты қысыңдар, Енді біраз ашыңдар, Керіліңдер, созылыңдар, Енді ояңдыңдар, төсектен тұрыңдар. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас	Түскі асқа назар аударту; үстелде отыру мәдениетін қалыптастыру, тамақтану мәдениетімен таныстыруға бағытталған жеке жұмыстар.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**"Ойыншықтарды жөндейміз" рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың ойыншықтар жайындағы түсініктерін тиянақтау; шығармашылықпен ойлану, ұсақ қол моторикасын дамыту; заттардың қасиеттеріне қызығушылықтарын арттыру. Құралдар: құрастырылатын ойыншықтар (көліктер, дене мүшелері салынатын пластик қуыршақтар, лего ойыншықтар, жұмыртқаға салынатын тосынсый ойыншықтар). Педагог балаларға шеберлердің рөлін атқаруды ұсынады. Шебер болғысы келмейтін балалар сынық ойыншықтарын "шеберлерге" әкеледі, "шеберлер"сынық ойыншықты зерттеп, жөндейді. **"Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге	**"Не істегенімізді айтпаймыз, істегенімізді жасаймыз" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың логикасын, ой-қиялын дамыту. Жүргізуші. 1 нұсқа. Тәрбиеші жұмбақты ым-ишара арқылы көрсетеді. Балалар жануарларды немесе заттарды көрсетеді. 2 нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды көрсетеді. Басқа балалар сол қимылдарды қайталайды. 3 нұсқа. Ортада тұрған бала бір қимыл көрсетеді. Ал басқалары сол қимылдың не екенін табу керек. **"Қуыршақ бөлмесін жасаймыз" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: жиһаз және оның мақсаты туралы білімді бекіту; коммуникативті біліктерді дамыту. Құрал-жабдықтар: балалар жиһазының заттары. Тәрбиеші балаларға: "Алуа қуыршағына жаңа жиһаз сатып алды, бірақ ол оны бөлмеге қалай	**"Үй құрылысы" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың үй құрылысы жайындағы түсініктерін тиянақтау; қол моторикасын, ой-қиялын дамыту; достық қарым-қатынастарға, еңбеккорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Құрылыс материалдары, қағаз беттері, қара қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк машиналары, құрылысқа қажет ойыншық құралдар (балға, бұрағыш, тістеуік, тағы басқалар). Педагог балалармен құрылысқа қатысатын мамандар жөнінде алдын-ала әңгімелеседі (кірпіш қалаушы, жүргізуші, жүк тасушы). Балалар құрылысқа қажет материалдарды таңдап, өзара кім қандай рөлді атқаратыны туралы келіседі. **"Мысық пен тышқандар" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу; бегле бойынша қимылдауға дағдыландыру; достыққа тәрбиелеу. "Мысық" таңдап алынады. "Тышқандар" індерінде отырады.	**"Скафандр киеміз" кимыл жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды мәтін мәніне, ырғағына сай қимылдауға жаттықтыру; дене мүшелерін, жағымды эмоцияларды дамыту. Арманшыл баламыз, (Бас бармақтар жоғары көтеру) Ғарышкер боламыз. (Қолдарды жұдырықтарға жинау, шынтақтарды бүгу) Бір аяқты өткізіп, (Қол белде, аяқты тізе бүгіп, көтеріп түсіру) Екіншіні саламыз. (Қол белде, екінші аяқты тізе бүгіп, көтеріп түсіру Қолды жеңге өткізіп, (Бір қолды шынтақта бүгіп созу) Солды жеңге өткізіп, (Екінші қолды шынтақта бүгіп созу) Сыдырманы жүргізіп, (Бір қолмен сыдырманы жүргізген болы қимылдату: төменнен жоғарыға жүргізу) Киеміз скафандрды. (Екі қолды жоғары көтеріп, бас төбесіне қойып, екі бетті екі алақанмен жауып, баспен шайқау) Алақай! Алақай!	**"Не істегенімізді айтпаймыз, істегенімізді жасаймыз" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың логикасын, ойлауын, қиялын дамыту. Жүргізуші. 1 нұсқа. Тәрбиеші жұмбақты ым-ишара арқылы көрсетеді. Балалар жануарларды немесе заттарды көрсетеді. 2 нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды көрсетеді. Басқа балалар сол қимылдарды қайталайды. 3 нұсқа. Ортада тұрған бала бір қимыл көрсетеді. Ал басқалары сол қимылдың не екенін табу керек. **"Киімді тазалау үйі" сюжет-рөлдік ойыны.** Мақсаты: киімді күту амалдарынмен таныстыру; балалардың ұқыптылыққа, тазалыққа, еңбекке баулу; киімді жуу немесе тазалау, кептіру, үтіктеу, бүктеп салу әрекеттеріне дағдыландыру. Құралдары: щеткалар, үтіктегіш, үтіктер, киімдер үлгілері, сөрелер, пластик тегештер, қыр қысқыштар, киімді ілетін жіп. Үтіктейміз киімді, Қыртыстарын жазамыз.

	ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдары: бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары. **"Біз естиміз-жасаймыз"ойыны.** Мақсат-міндеттер:балаларды мәтін бойынша естіген сөздерді, қимылмен көрсету дағдыларын дамыту.	қою керектігін білмей тұр. Оған жиһаз қоюға көмектесейік", - дейді. Тәрбиеші балалармен бірге үстелді ортаға қояды. Үстелдің қажеттілігі туралы, балалардан сұрайды. Мысалы, Асем: "Бұл үстел, біз оны бөлменің ортасына қоямыз. Қуыршақ онда тамақтанатын болады. Орындықты үстелдің жанына қою керек, ол оған отырады. Осылай әр жиһаздың қажеттілігін балалар сипаттап, айтып береді.	"Тышқандар" мен "мысық" екі қарама-қарсы жақта орналасады. Тәрбиеші былай дейді: - Тышқанға сақшы санап өзін мысық, Жатады ұйықтағансып көзін қысып. Тышқандар індерінен жүгіріп шығып (сатының баспалдақтары арасынан өтеді немесе жіптен секіреді), жүгіре бастайды. Біраз уақыттан кейін тәрбиеші: - Тыныштал ыңдар, тышқандар, бекерге шулап күлмеңдер. Ұйқыға жатқан мысықты оятып алып жүрмеңдер, - дейді. Мысықты сомдайтын бала өз рөлін атқарады, "тышқандарды қуалайды".	Ғарышкерміз, балақай! Алақай! Алақай! Ғарышкерміз, балақай! **"Қонақтарды қарсы алу" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: қонақтарды қарсы алу туралы білімдерін жетілдіру. Балалардың рөл таңдаудағы талпыныстарын құптау, ойын ортасын жетіспейтін заттармен, ойыншықтармен толықтыру.	Кірлеп қалса киімдер, Кір жуу машинасына саламыз. Г. Кужагулова.
Балалармен жеке жұмыс	**"Суретті тап"ойыны. (балалар тобымен жұмыс)** Мақсат-міндеттер: есте сақтау, зейінді дамыту. Балаларға суретті белгілі уақыт көлемінде көрсету. Одан кейін балалардың көзін жұмуларын сұрау, көптеген суреттердің ішінен бірінші қараған суретін тауып алу.	**"Неге ұқсайды?" (балалар тобымен жұмыс).** Мақсат-міндеттер: зейінді, байқағыштықты дамыту. Балаларға екі затты көрсету. Мысалы: "Бір түсті доп пен бір түсті текшені қарастыру. Екеуінің айырмашылығы мен ұқсастығын сұрау. Жалпы: екі зат да ойыншықтар, екеуі де бірдей түсті. Айырмашылықтар: доп-дөңгелек, текше-шаршы, доп-үлкен, текше - кішкентай. Ойынды қиындата отырып, балаға аз айырмашылықтары бар заттарды көрсетіңіз, мысалы: бір түсті екі машина, бірақ әртүрлі дөңгелектері, дене пішіні және т. б.	**Көркем сөзді жаттау жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру. "Жаз" Күн ысыды сәске болмай жатып-ақ, Сәуле құшып дірілдейді жапырақ. Дүниенің оянып тұр барлығы Жасыл түске боянып тұр атырап. Т. Молдағалиев	**"Біз шығамыз сапарға" саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды санамақты мәнерлеп айтуға, мәтіннің мәніне сай қимылдарды жасауға дағдыландыру; есте сақтау, түйсік, сөйлеу қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту. Біз шығамыз сапарға, Адымдаймыз қатарда: Бір-екі! Бір-екі! Адымдаймыз қатарда. Балалар саусақтардың ұшымен үстел бетін мәтін ырғағына сай соққылайды.	**"Не болады?" (балалар тобымен жұмыс) ойыны.** Мақсат-міндеттер: сөйлеу, есте сақтау, заттардың белгісі немесе қасиеті бойынша жалпылау дағдыларын дамыту. Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды, балалар жауап береді. Мысалы: "Қызыл не болады?" (көйлек, гүл, шелек және т. б.); "Дөңгелек не болады?" (доп, айна, күн және т. б.); Не үлкен?" (үлкен үй, үлкен көлік және т.б.).
Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.				

Серуен	**Құмның қасиеттерін бақылау (дымқыл, құрғақ). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: құмның қасиеттері туралы түсініктерді тиянақтау, танымдық қызметін кеңейту Дымқыл құмнан мүсін жасауға болады, ал құрғақ құм тез шашылып қалады, пішінін сақтамайды. Балаларға құммен ойнауға арналған ойыншықтарды беру, құмның құрғақ және дымқыл екенін анықтау. **Еңбек әрекеті: құмды құмсалғышқа кішкене шелектермен салу.** Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа тәрбиелеу. Құралдары: кішкентай шелектер. **Тәжірибе жасау: "Біз әжемізге тәтті нан пісіреміз" (құмнан жасау).** Мақсат-міндеттер: құмның қасиеттері жайындағы түсініктерді тиянақтау. **"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, бойымен жүруге және жүгіруге бейімдеу; вестибуляр аппатарын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	**Жазда гүлдерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларға гүл туралы түсініктерді тиянақтау; гүлдерге деген қызығушылықты арттыру. - Гүл деген не? - Гүл қандай болады? - Ол қайда өседі? - Гүлдің қандай түрлерін білесіңдер? - Гүлдің пайдасы бар ма? Тақпақ: Гүл өсір, сен, бағыңда, Тұрсын көздің жауын ап. Бүршік жарған шағында, Үзе көрме жұлып ап. **"Гүлдер мен аралар" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша жұптарға жиналуға және жан-жаққа тарап жүгіруге дағдыландыру. Құралдар: таратпалы медальондар: гүлдер мен аралар. **"Себетке допты лақтыр" қимыл жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды доппен ойындарға тарту; дәлдікке, мергендікке, шапшаңдыққа, зеректікке баулу. Педагог балаларды екі топқа бөледі. Екі топ ортасында себет тұрады. Балалар допты жерге лақтырған	**Ауа-райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларға ауа райының құбылмалы екендігін, кешкі уақытта күн төмендеу түсіп, біраз салқындағанын байқату; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. **"Күнмен ойнаймыз" ойын-жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды ойындағы сөздердің мәніне сай қимылдауға, қимылдарды өзгертуге дағдыландыру; негізгі қимылдарды жетілдіру; шапшаңдыққа тәрбиелеу. Аспанға алтын күн шықты, Шашыратып шуақты. Домаландап, жарқырап, Көзін қысып, бізбен ойнап. Күнім, рақмет, демалшы, Көлге батып, ұйықташы. Д. Ахметова. Алғашында балалар шеңберде тұрып, аяқ ұштарына тұрып, қолдарын жоғары көтереді. Содан соң жан-жаққа таралып, айлалып, билейді. Соңында орындарында тоқтап, шоқайып отырады, ұйықтап жатқанын көрсетеді. **"Мысық пен тышқандар" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартына сай қимылдауға, берілген рөлдерді атқаруға, шартты бұзбауға бейімдеу; қимыл-қозғалыс координациясын, кеңістікті	**Жаңбырлы ауа-райы туралы сөйлесу (немесе бақылау). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларға табиғат құбылыстарын сезіне білуге баулу; табиғи құбылыстары туралы білімді бекіту; жаңбырлы күні қажет заттарды еске түсіру. **"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу. Балалардың алаңның бір шетінде тұрады. Тәрбиеші: "Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады", – дейді. Балалар бүкіл алаңда жүгіріп жүр. "Жаңбыр! Тез үйге жүріңдер!" - деген белгіні естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, орындықтардың артына отырады. Тәрбиеші қайтадан: "Күн шықты! Барыңдар, серуендеңдер", – дейді, ойын қайта басталады. **"Қапты көлденең нысанға лақтыру" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: дәлдікке, ептілікке бейімдеу, біл қолмен	*Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)* *Мақсат-міндеттер: күннің жаз мезгілінде аспанда биік орналасқанын, жерге жарық пен жылуды төгетінін түсіндіру; күннің адамға, жан-жануарға, өсімдіктерге қажеттігін көрсету (жапырақтардың түсі жасыл, гүлдерді түсі ашық, адамдар жылы киімін жазда киімейді, бақшадағы көкөніс, жидектер тез піседі); ұғымталдыққа, байқағыштыққа тәрбиелеу.* Қайынды бақылауды жалғастыру, қайынның құрылымын еске түсіру, оның басқа ағаштардан ерекшеліктері. **"Кемпірқосақ" ойыны.** Мақсат-міндеттер: ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту. Балалар ортаға шығып түстерді айтады. Бір бала қарамай тұрып, қайсысы қандай түс айтқанын айтып береді. **"Жұбынды тап" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың бірін-бірі қақпай, кеңістікте жүгіре білу, түстерді ажырата білу, зерек болу қабілеттерін дамыту; достыққа тәрбиелеу. Ойыншылар қабырға бойында тұрады. Педагог әр балаға жалаушадан таратып береді. Педагог белгісі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбынды тап" белгісі бойынша, бірдей түсті

	Ақырын-ақырын итеріп, Өткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдам жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. Д. Ахметова. Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылдып жатқанын бақылайды. **"Түзу жолмен" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: биік емес бөрене үстімен жүріп,екі аяқты бүге отыра секіруге үйрету. **Балалардың еркін ойындары.**	кезде, секіріп себетке түсіру керек. Себетке көп доп лақтырған балалар тобы жеңіске жетеді. Құралдары: спорттық құралдарды жинауға арналған себеп, балаларға доптар. **Еңбек әрекеті: гүлдердің тұқымдарын жинау.** Мақсат-міндеттер: қарапайым еңбек дағдыларын тәрбиелеу. Құралдары: қағаз қалташалары. **Балалардың еркін ойындары.**	бағдарлауды дамыту; жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойын барысы. Ойынға жүргізуші бала "мысық" болып тағайындалады (таңдалады), қалған ойыншылар - "тышқандар". "Мысық" алаңның бір шетінде, ұйықтаған болып, отырады. "Тышқандар" алаңның екінші жағынан, тақпақ сөздерін айтып, тышқандардың қимылына еліктеп, "мысыққа" қарай жүреді. Тышқан шықты інінен, "Сағат неше болды?"- деп, Бауды тартып қалып еді, Дүңгірледі барлық жер. Тышқан қорқып қайтадан, Кіріп кетті інінс. Соңғы сөздерді естіген "мысық" "тышқандарғаа" қарай жүгіріп, қуалап, оларды ұстап алмақшы болады. Ұстап алу - балаға қолмен тию болып саналады. Ұсталғандар келесі айналымға қатыспайды. Ойынның соңында балалар "мысық" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды, жүргізушіні ауыстырып, тағы бір ойнатуға болады. **"Допты қуып жетіңдер!" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың доппен ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру; допты тура бағытта домалатып, оны қуып жете білуге дағдыландыру;	қапты көлденең нысанға лақтыру жаттығуына машықтандыру. Құралдар: лақтыруға арналған құм салынған қаптар. **Еңбек әрекеті: бақшадағы көкөністерді суару.** Мақсат-міндеттер:су құйғышпен әрекет етуге машықтандыру, қамқорлыққа тәрбиелеу. **Балалардың еркін ойындары.**	жалаушалары бар балалар, жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек. Құралдар: түрлі түсті жалаулар. **Еңбек әрекеті: табиғи материалдарды жинау.** Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекке баулу, қол еңбегіне қажет материалдарды жинау. **Балалардың еркін ойындары.**

			шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу; достыққа бірбиелеу. Педагог балаларды екі топқа бөліп, түзу сызықтың бойына тұрғызып, қай баланың атын атайды, сол бала педагог домалатып жіберген допты тез қуып жетіп, келесі кезекте тұрған балаға береді. 2-3 балаға дейін атап шақыруға болады. **Балалардың құммен еркін ойындары.** **Еңбек әрекеті: ойыншықтарды құмнан қағып тазалау.** Мақсат-міндеттер: қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру; тазалыққа баулу.		
Серуеннен оралу	Балалар киімдерін дұрыс шешу,шкафтарға бүктеп қою, қолды жуу әрекеттерін одан әрі қалыптастыру. Таза сумен Арман, Беті-қолын жуды. Оған қарап Балжан, Суға қолын созды. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Кешкі ас	Алдыңдағы түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттап айту; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** Музыкалық аспаптармен ойындар. Білім күніне арналған әндер тыңдату. **(шығармашылық дағдылар, музыка)** Өнер бұрышында ойыншықтар тақырыбында сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру. **(шығармашылық, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. **(танымдық дағдылар)** Кітаптарды санау, өлшеу, салыстыру.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	"Баланың ауыстыратын киімі" туралы ата-аналармен әңгімелесу.	"Абайлаңыз, жәндіктер!" атты ата-аналарға арналған жаднамалар.	"Жаз және балалардың қауіпсіздігі" атты кеңес.	"Абайлаңыз, қолымызды таза ұстайық" атты ата-аналарға арналған жаднамалар.	"Баланың демалыс күндері" атты әңгіме.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) „Күншуақ" тобы
Топ: ортаңғы
Балалардың жасы: 3 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 08.07 - 12.07.2024ж.
Педагогтың аты-жөні Аманова Ұлмаганай

Апта күндері	*Дүйсенбі*	*Сейсенбі*	*Сәрсенбі*	*Бейсенбі*	*Жұма*
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім күніне арналған мерекелік қабылдауды әзірлеу. **(сөйлеуді дамыту, музыка)**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналарды толғандырып жүрген сұрақтарына жауап беру.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**Астана күні**	**"Топтың ішін ретке келтір".** Мақсат-міндеттер: балаларды ересектерге көмектесуге машықтандыру; шкафта тұрған ойыншықтар мен құралдарды реттеп, тазалықты орнатуға тарту; еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру. **(еңбек іс-әрекеті)**	**Аквариумдағы балықтарды қоректендіру.** Мақсат-міндеттер: балыққа қамқорлық жасай білу қабілетін дамыту; аквариумдағы балықтың тіршілігіне қызығушылықтарын таныту. **(еңбек іс-әрекеті)**	**Құрылыс материалдарын контейнерлерге жинап, салу.** Мақсат-міндеттер: балаларды құралдарды жинауда үнемшілдік тәртібін сақтауға тарту; басталған жұмысты соңына дейін жеткізуді қалыптастыру; балаларды ұқыптылыққа үйрету, жауапкершілікті тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)**	**Кітаптарды көркем әдебиет бұрышына орналастыру.** Мақсат-міндеттер: балалардың кітаптарға ұқыпты қарау дағдыларын қалыптастыру, белгілі бір тәртіппен кітаптарды салу мүмкіндігін іс-тәжірибеде көруге машықтандыру. **(еңбек іс-әрекеті)**
		"Кім сені шақырды, тап" ойыны. Мақсат-міндеттер: басқа адамды дауысынан тануды үйрету. Күрделенген нұсқасы: даусытарды тануға шыққан баланың басына шляпа кигізу, қалған балаларға оны шақырту. Құрал: арнайы құрал керек емес. Ойын барысы. Балалар шеңбер жасап тұрады. Біреуі ортаға турып көзін жұмады. Тәрбиеші көрсеткен бала, ортада турған баланы шақырады. Бала шақырған	**"Қарама-қайшылық" ойыны.** Мақсат-міндеттер: сөздік қорларын кеңейту, қарама-қарсы мағыналы сөздерді қолдануға үйрету. Ойын құралы: доп. Тәрбиеші белегілі бір сөзді айтады: мысалы - "ауыр" деген сөзді айтады да бір балаға допты лақтырады. Допты қағып алған	**"Не өзгерді?" ойыны.** Мақсат-міндеттер: зейінді, ойлауды дамыту. Бір топ бала жиналып, қолдарына түскен әр түрлі заттарды үстел үстіне жайып тастайды. Олардың саны аса көп болмауы қажет. Ойын жүргізуші ол заттардың аттарын атап шығады. Ал ойыншыларға сол заттардың қайсысы ненің қасында ненің қасында және	**"Кім сені шақырды, тап" ойыны.** Мақсат-міндеттер: басқа адамды дауысынан танып үйрету. Құрал: арнайы құрал керек емес. Ойын барысы: Балалар шеңбер жасап тұрады. Біреуі ортаға тұрып көзін жұмады. Тәрбиеші көрсеткен бала, ортада тұрған баланы шақырады. Бала шақырған адамды дауысынан танып табу қажет. Таныса шеңберге тұрады – шақырған

		адамды дауысынан танып табу қажет. Таныса шеңберге турады – шақырған бала ортаға турады. **"Қарақат" саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың қол ұсақ моторикасын, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. Өлең мазмұнына сай қимыл жасау. Қалсам егер тығылып, Қалың шөптің астында. Таба алар деп кім біліп, Жұрт көзінен қаштың ба? Торсиған бал уызға Кіп-кішкентай қарақат. Салып қояр ауызға, Болса егер бала тап. (С. Мәуленов) **(сөйлеуді дамыту)**	бала, ауыр затты айту қажет. Жауап бергеннен кейін допты, қайтадан тәрбиешіге лақтырады. Ойын осылай жалғаса береді. Мысалы: ауыр - тас, жүк; шыны - ыдыс, әйнек, т.с.с. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** **"Өрмекші" саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды санамақ мәтінінің мәніне сай қимылдар жасауға дағдыландыру; есте сақтау, түйсік, сөйлеу қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту. Күні бойы еңбекпен (Оң қолдың бас бармағы мен сол қолдың сұқ саусағының ұштарын түйістіреді, керісінше қайталайды; сол қолдың бас бармағы мен оң қолдың сұқ саусағы), Өрмекші өрмек тоқиды (Саусақтарын сыртылдатады), Нәсер тек кенет селдеткен (Оң алақанмен сол қол алақаның үстінен тез «сырғанап түседі), Еңбегін оның жоқ қылды (Барлық саусақтардың арасын ашып, бір қолдың алақандарына екінші қолдың алақан сыртын беттестіреді «күн» жасайды), Күн шықты қайта жарқырап (Екі қол алақандарын беттестіре жоғары көтеріп біресе оңға, біресе солға иіледі), Құрғады тез-ақ төңірек (Барлық саусақтардың ұштарын түйістіре, тез-тез кезектестіре бір-біріне соғады), Өрмекші өрмек тоқуға Кірісті, дереу, тезірек.	қандай қалыпта жатқанын, олардың түр-түстері қандай екенін көріп алуға 5-10 секунд уақыт беріледі. Осыдан кейін ойыншылар бөлмеден шығарылады немесе теріс қарап отырады.Осы кезде ойын жүргізуші бірнеше заттың орнын тез-тез ауыстырып, кейбіреуін тығып қояды. "Үстелдің үстіне қандай өзгерістер болды?" - деген сұраққа кім дұрыс әрі толық жауап берсе, сол ойын жүргізуші болып, әрі қарай жалғастырады. (**"Жел көбік" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберде жүріп, бірлесіп ойнауға, сөздерге сай қимылдарды жасауға дағдыландыру; ұйымшалдыққа тәрбиелеу. Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын доңгелене тұрады. Тәрбиешіге қосылып олар мына өленді айтады. Көпіре гөр көбік-шар, Көпіре гөр кеніп шар. Осы күйі қал тұрып, Кете көрме жарылып. Өленді айта жүріп, балалар шеңберді кеңейте түседі. Тәрбиеші: "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бар дауыстарымен "Тарс етті", - дейді де, тізерлеп отырады. Тәрбиеші жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрып, қайтадан шеңберге тұрады, ойын қайтадан басталады. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**	бала ортаға турады. **(сөйлеуді дамыту)** **"Орманшы" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың кейбір ағаштар мен бұталардың (діңі, жапырақтары, жемістері мен тұқымдары) пайда болуы туралы білімдерін бекіту. Барысы: педагог бір баланы "орманшы" етіп тандайды, қалған балалар орманшының көмекшілері болады. **(қоршаған ортамен танысу)**

			(сөйлеуді дамыту)		
Ертеңгілік жаттығу	Тәрбиешінің артынан шеңбер бойында жай жүру, Аяқтың ұшымен жүру. БҚ – аяқты алшақ қойып, қолды төменде, 1- қолды алға созамыз. 2- қолды жоғары көтереміз. 3- бірінші қалыпқа келеміз. (3-4 рет) БҚ – аяқты алшақ, қолды белге қойып, "Сағаттың тілі". 1- оңға иілеміз 2- солға иілеміз Бірнеше рет қайталаймыз.(5-6 рет) БҚ – аяқты алшақ, қолды төмен басымызбен оңға, солға иілу. (4-5 рет) "Қарлығаш" болып ұшамыз "Қоян" сияқты секіреміз. Жай жүру, дем алу. **(дене шынықтыру)**				
Таңғы ас	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. Мақсаты: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Ас ішкенде күнде біз, Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. Балалар рақмет айтып тамақтануға кіріседі. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		**"Қатып қал" ойыны.** Мақсат-міндеттер: еркін қозғалыстарды дамыту. Көңілді және қозғалысты әуен ойнап тұр. Балалар секіріп және еркін әуен тактіне қозғалады. Кенеттен әуен үзіліп қалады, балалар әуен тоқтағандағы қалыпта қатып қалады. Содан кейін 1-1,5 минуттан кейін әуен қайта жалғасады және балалар қозғалысты жалғастырады.	**Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; денсаулықты сақтау қағидаларына баулу. **"Күнім, күнім..."** Күнім, күнім, қайдасың? Түннен бері шығасың. Сенімен бірге оянамын, Жылы нұрыңа шомыламын. Оянамын, жаттығамын, Балабақшаға барамын. Нұрына толған алаңға	**"Мұқият бол" ойыны.** Мақсат-міндеттер: мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу. Балалар бір-бірінің артынан айналып, шеңберге жасап тұрады. Тәрбиеші шеңбердің жанында тұрады, оны барлық балалар көреді. Оның қолында 3 сурет: балық, тастар және балдырлар. Тәрбиешінің белгісі бойынша (ысқырық) балалар бір-бірінен кейін шеңбер бойымен қозғала бастайды. Педагог кезекпен суреттері бар карточкаларды көрсетеді: 1. Балықты көрсеткен кезде, балалар шеңбер бойымен қолдарын сермеп баяу	**"Ақ шамшық" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды достыққа, зеректікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Балалар шеңбер бойымен отырады, ортаға "жүргізуші" шығарып, қолына сақина ұстатады. Балалар екі алақанын бір-біріне қабыстырып алға созады. Жүргізуші барлық балалардың алақанына сақина салған болып шығады. Сол сәт сақина тас алған бала орынан тұруы тиісті, "Сақина менде", - деп дауыстайды.

			Достарымды шақырамын. Д. Ахметова.	жүгіреді. 2. Тастарды көрсеткенде, балалар тізелерін құшақтап отырады. 3. Балдырларды көрсеткенде, балалар бір орында тұрады да, қолдарын жоғары көтеріп, қолдарын жан-жаққа тербеледі. Қай бала қателеседі, сол бала ойыннан шығып қалады.	
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет		**Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Дәмді тосаптар" Мақсат-міндеттер: Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру; бөренеңің үстімен тез адымдап жүру дағдыларын дамыту; жидектерден жасалатын тосаптар туралы білімдерін арттыру; оқу қызметіне қызығушылықтарын ояту.	**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Орман жидектерін тереміз" Мақсат-міндеттер: Орманда өсетін және орман өсімдіктері туралы білімдерін бекіту. Жидектер туралы сөздік қорларын белсенділендіру,нақтылау.	**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Тосапты неден қайнатамыз?" Мақсат-міндеттер: Балалардың жидектер туралы, олардың сыртқы түрінің ерекшеліктері, өсу орындары туралы, олардың түрлерімен, адам өміріндегі пайдасымен таныстыру; жидектер мен олардан жасалатын өнімдердің атауларына байланысты сөздік қорларын байыту, "жидектер" туралы жалпылама түсініктерін қалыптастыру; еске сақтау, байланыстырып сөйлеу, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту; табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу. **Мүсіндеуден ойын-жаттығу** "Жидегі бар себет" Мақсат-міндеттер: Есу әдісі арқылы ермексаздың кішкене бөлшектерінен жидектер, себет мүсіндеуді үйрену; сөйлеуді, логикалық ойлауды, зейін қоюды, жұмбақ шешуді үйрету; ермексазбен жұмыс кезінде ұқыптылыққа тәрбиелеу.	**Музыкадан ойын-жаттығу** "Ән салған кім?" Мақсат-міндеттер: Балалардың музыка жетекшімен бірге көңілді әндер айту қабілетін дамыту; кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Музыка мен қимылдардың мәнерлілігін қабылдау қабілетін жетілдіру; музыканы және қимылдарды қабылдаудың тұтастығын дамыту.
2- таңғы ас	Алдындағы түскі аска назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Серуенге дайындық	Балаларға жүйелі түрде киініп-шешінуді, киімдерін шкафқа орналастыруды, қолдарын мұқият жууды қалыптастыру.				
Серуен		**Аспанды және бұлтты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды аспанды бақылауға баулу, аспанды "бұлтсыз" немесе "бұлтты" деп ажыратуға	**Күннің көзін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**	**Шіне ағашын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: шіне ағашымен	**Құм мен топырақтың қасиеттерін бақылау (ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау) (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді**

		дағдыландыру; бақылағыштыққа тәрбиелеу. Балаларға аспанның әсемдігін көруге үйрету; қадағалау барысында бұлтты ажырата білу, аспан бұлтты, бұлтсыз екенін айту керек. Бұлттың қозғалысы және өзгерісі жөнінде бақылағанда қадағалауды дамыту. Ашық аспанда бұлтты байқау жеңілірек, оның баяу қозғалатынын, бірте-бірте көбейіп, өзінің түрін өзгертетінін, мақтаға ұқсайтын массаға айналатынын, немесе, керісінше, азайып және еритінін атап өтуге болады. Табиғаттың әсемдігін тамашалауға тәрбиелеу. Тақпақ. - Ақсың, сұрсың, қарасың, Қайда қалқып барасың? - Жерге нөсер төгемін, Өссін гүлдер, көп егін! - Гүл-гүл жайнап өсер көк, Нөсерлетсең, нөсерлет. **"Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, жеделдеп жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту. Ойын ашық алаңда өткізіледі. Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Аралығы 30-40 метрдей жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, тізіліп тұрады. Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әндете өлең айтады. - Ақ серек, көк серек, Бізден сізге кім керек? Екінші топтағылар ойыншының атын атайды. Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады. Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп апарып, өз тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады. Ескерту: педагог ойын ойнау алдында қауіпсіздік ережелерін қайталап, нұсқау беру тиіс. **"Көбелекті ұстап алу" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша орнында секіру қимылдарына дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, жиге-күшін, зейінді дамыту; шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу.	Мақсат-міндеттер: балаларға күн туралы мағлұматтарын кеңейту. Балаларға күннің сәулесі, жылуы туралы айту. Көркем сөз: Күн шыққанда: Алақай, алақай! Күн шықты күн шықты! Жер үстінде нұр шықты! **"Күп - түп" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша қимылдауға дағдыландыру; тәулік ерешеліктері жайындағы түсініктері пысықтау; ұйымшылдықпен ойнай білуге баулу. Балалар қоңілді шеңбер жасап тұрады. Жүргізуші: "Күн" - десе балалар қозғалып жүреді, қимылдайды. "Түн" - десе балалар қимылсыз, ұйқыға кеткендей қатып қалады. Осы сәтте бір бала ойын шартын бұзса, ойыннан шығарылады. Дұрыс ойнаған балалармен ойын жалғасын табады. **"Қасқыр мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын желісі, шарты бойынша баулу, белгі бойынша бір аймаққа жиналып және жан-жаққа тарап жүгіруге дағдыландыру; шапшаңдыққа, жылдамдыққа, зеректікке тәрбиелеу. Педагог балалармен бірге "қасқырды" таңдайды. Қалған балалар "қояндар" болады. Педагог белгісінен кейін "қояндар" әртүрлі бағыттарда	таныстыру (құрылымын, гүлденуін бақылау); өсімдіктерге деген қызығушылықты арттыру. Бақылау барысы: Бақ ішінде шиелер, Бар жемісі бағалы Көрген адам таңданар, Көздің жауын алады - Балалар, бұл шие ағашы. **Еңбек әрекеті: құрғақ бұтақтар мен құс шие гүлдерін жинау.** Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекүйгіштікке, ересектерге көмектесуге тәрбиелеу. **"Қоңызды (көбелекті) гүлге қондыр" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың жәндіктер әлеміне деген қызығушылығын арттыру; түстерді ажырата білу қабілеттерін жетілдіру; кеңістікті бағдарлауға машықтандыру. Құралдары: түрлі түсті гүлдердің және дәндіктердің кескіндері (ламинадталған). Педагог алдын-ала түрлі түсті гүлдердің кескіндерін алаңға шашыратып жайып салады. Балалар өздеріне ұнаған қоңызды, көбелекті алып, белгі бойынша түсі бірдей гүлге жүгіріп барып, жәндікті гүлдің үстіне қондырады. Ойынды бірнеше рет қайталауға болады. **"Қапты көлденең нысанға лақтыру" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: дәлдікке, ептіл"кке бейімдеу, біл қолмен қапты көлденең нысанға лақтыру жаттығуына машықтандыру. Құралдар: лақтыруға арналған құм салынған қаптар. Балалардың еркін ойындары.	**дамыту, деп шығықтыру)** Мақсат-міндеттер: құм мен топырақтың қасиеттерін анықтау, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау. Топыраққа (жер, құм, саз), қазу, қопсыту арқылы назар аудару. Құм мен жер (топырақ) арасында қандай ортақ нәрсе бар. Ауамен, сумен бірге топырақ тіршілік өсімдіктерді қоректік көзі, сумен қамтамасыз ететін жердің жұмсақ қабаты "топырақ" деп аталады. Топырақтың негізгі қасиеті – құнарлығы. Топырақтың құрамында әртүрлі қажетті қоректік заттар су, ауа, саз, құм, шіріндіболады. Топырақтың беткі қабаты қоңыр түсті болып келеді. Сазды жерлерге су көп сіңеді, сондықтан көпке дейін кеппейді. Құмды жер суды өткізеді, сондықтан тез кебеді. Қай жерде өскін тез өседі. **Еңбек әрекеті: майда қиыршық тастарды жинау.** Мақсат-міндеттер: ойын алаңындағы тастарды жинау, балаларды тазалыққа дағдыландыру. **"Ормандағы аюда" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: балаларды ойын шартын бұзбай, тақпақ сөздерін айта жүріп, қимылдарды жасауға, бір-біріне соғылмай, бір бағытта жылдам жүгіруге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынға жүргізуші бала "аю" болып тағайындалады (таңдалады), қалған ойыншылар - балалар. "Аю" алаңның бір шетінде, ұйықтаған болып, отырады. Балалар алаңның екінші жағынан, тақпақ сөздерін айтып, себетке жидектерді жинаған ұқсап, "аюға" қарай жүреді.

		ойын барысында педагог балаларды бір затты (көбелекті) ұстап алу мақсатында жоғары секіруге жаттықтырады. Педагог нұсқауларында секіріп, орнына қайта түсуде тепе-теңдікті сақтап, құлап қалмауды ескеру керек. **"Не жөнінде айтылады" дидактикалық ойыны.** Сипатты белгісі бойынша табиғат құбылысын шеше білу (жарқырайды, аспан, бұлыңғыр найзағай ойнайды). Балалардың еркін ойыны. Балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету. **Еңбек әрекеті: ағаштан түскен құраған ұсақ бұтақтарды жинақтау.** Мақсат-міндеттер: балаларды тазалыққа, бірлікке баулу. **Балалардың еркін әрекеті.**	жүгіріп, қасқырдан қашады. "Қасқыр" ұстап алған "қояндар" саны 5-6-ға жеткенде, "қасқыр" ауысады. Құралдары: "қояндарға" медальондар, "қасқырға" маска. **Еңбек әрекеті: ауладағы құраған жапырақтарды жинақтау.** Мақсат-міндеттер: балаларды тазалыққа, бірлікке баулу. **Балалардың еркін әрекеті.**	**Еңбек әрекеті: ауладағы құраған жапырақтарды жинақтау.** Мақсат-міндеттер: балаларды тазалыққа, бірлікке баулу. **Балалардың еркін әрекеті.**	Ормандағы аюдың Құлпынайы көп екен. Теріп, теріп алайық, Себетімізге салайық Балалар, жақын келеді, Аю жидегін береді. Соңғы сөздерді естіген "аю" "оянып", "балаларға" қарай жүгіріп, оларды қуалап, ұстап алмақшы болады. Ұстап алу - балаға қолмен тию болып саналады. Ұсталған "балалар" келесі айналымға қатыспайды. Ойынның соңында балалар "аю" канша баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды, жүргізушіні ауыстырып, тағы бір ойнатуға болады. **"Түсін тап" ойыны.** Мақсат-міндеттер: кеңістікте бағдарлау, түстердің арасынан негізгі түстерді ажырата білу қабілетін қалыптастыру. Дене тәрбиесіндегі арналған ойын: балаларда екі аяғымен алға қарай секіру қабілетін дамыту. Белгі бойынша әрекет ету, ұзындыққа секіру, жылдам жүгіру. **Балалардың еркін әрекеті.**
Серуеннен оралу	Балалар киімдерін дұрыс шешу,шкафтарға бүктеп қою, қолды жуу әрекеттерін одан әрі қалыптастыру. Таза сумен Арман, Беті-қолын жуды. Оған қарап Балжан, Суға қолын созды. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Түскі ас	Түскі асқа көңілдерін аудару, тамақтану мәдениетін қалыптастыруға жеке жұмыстар жүргізу.				
Түскі ұйқы	Тыныш ұйқыға кетуге жағдай жасау.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Бойымызды жазайық Қолымызды созайық Жаттығулар жасайық Ұйқымызды ашайық! **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас	Түскі асқа назар аударту; үстелде отыру мәдениетін қалыптастыру, тамақтану мәдениетімен таныстыруға бағытталған жеке жұмыстар.				

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)		**"Қапшықта не бар?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың сипап-сезу қабілеттерін дамыту, сөйлеуді дамыту, балалардың сөздік қорын байыту. Құрал-жабдықтар: ойыншықтар. Тәрбиеші балалардың кез-келгенінен көздерін жұмуды немесе жабуды сұрайды және қапшыққа балаларға таныс ойыншық немесе зат салады. Ойыншылар тәрбиешінің не салғанын көреді, бірақ үндемеуі керек. Олар көзі жұмулы досына жасырынған затты сипаттап берулері тиіс. Бала қолын қапшыққа салып, ойыншықты сипап, оны табуы қажет. Егер ойыншық дұрыс аталса, бала оны өзіне алады, егер жоқ болса, оны қалдырады. Басқа балалар кезекпен ойнайды. **"Бауырсақ" ертегісі.** Мақсат-міндеттер: ертегі мазмұнын балалардың естеріне түсіріп,сұрақтарға толық жауап берулерін қадағалау. Тіл байлықтарын дамыту. Артистік өнерге машықтандыру, дауыс ырғағын өзгерте отырып, кейіпкерлердің дауысына сала білуге үйрету. Ойын барысы: Автор: Ерте-ерте-ертеде шал мен кемпір тұрыпты. Бір күні шал кемпіріне айтады. Шал (1-бала): Кемпір-ау, маған бауырсақ пісіріп берші. Кемпір(2-бала): Неден пісірейін? Ұн жоқ қой. Шал: Әй, кемпір, қойманың түбін қырып көрсең. Бір бауырсақ пісіретін ұн табылар. Автор: Кемпір солай істеді. Қойма түбін қырып-қырып екі уыс ұн табады да. Қаймақ қосып, қамыр илейді. Бауырсақты майға пісіріп, терезе алдына суытуға қояды. Жата-жата жалыққан бауырсақ терезе алдынан домалап түсіп, жолға шығып, домалап кетеді. Жолда домалап келе жатса, алдынан қоян шығады. Қоян (3-бала): Бауырсақ! Бауырсақ! Мен сені жеп қоямын! Бауырсақ (4-бала): Жоқ, сен мені жеме, қоян, мен өлең айтып беремін, тыңдап көрші. Әже қойма қырнаған, Екі уыс ұн жинаған, Қаймаққа илеген, Майға пісірген, Терезе алдына суытқан,	**"Не өзгерді?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларда кеңістіктікті бағдарлай алуға үйрету, есте сақтауды, қиялды дамыту. Құрал-жабдықтар: "Үй жануарлары" ойыншықтар жиынтығы. Тәрбиеші ойыншықтарды үстелге қояды, балаларға оларға мұқият қарауды талап етеді. Балалар олардың орналасуын есте сақтайды. Тәрбиеші сұрайды балалардан көздерін жұмып, артқа қарауларын сұрайды. Сол кезде тәрбиеші бір ойыншықты алып тастайды.Балаларға сұрақ қояды. Қандай өзгерісті байқап тұрсыңдар деп?». Балалар жауап береді. Ойын ары-қарай жалғаса береді. **Үстел үсті театры "Бауырсақ" ертегісі.** Мақсат-міндеттер: балаларды ертегіні мұқият тыңдауға және көруге, кейіпкерлердің жақсы қасиеттерін көруге, ертегілерге деген сүйіспеншілікті арттыру.	**"Қуыршақты серуенге даярлайық" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер:балалардың киім-кешек және киіну тәртібі туралы білімдерін бекіту және нақтылау. Сөздік қорларын байыту және толықтыру. **Үстел үсті ойындары:** **"Басқатырғыш", "Құрастырғыш".** Мақсаты: логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **"Айырмашылықты тап" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттер: ұқсас жұп заттарды, суреттерді салыстырып, олардағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табу қабілеттерін, қабылдау, зейін қабілеттерін дамыту. Барысы. Салыстыруға бірінші зат немесе сурет балаларға біраз уақыт көрсетеді. Содан кейін екінші зат не суретке көңіл аударылады. Басты міндет - заттардың не суреттердің несімен ұқсамайтынын айту.	***Дамытушы ойын. "Не істегенімізді айтпаймыз, істегенімізді жасаймыз".*** *Мақсат-міндеттер: балалардың логикасын, ойлауын, қиялын дамыту.* *Жүргізуші.* *1- нұсқа. Тәрбиеші жұмбақты ым-ишара арқылы көрсетеді. Балалар жануарларды немесе заттарды көрсетеді.* *2-нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды көрсетеді. Басқа балалар сол қимылдарды қайталайды.* *3-нұсқа. Ортада тұрған бала бір қимыл көрсетеді. Ал басқалары сол қимылдың не екенін табу керек.* **"Жидек тереміз" рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды жидекке шығу, шөп, бұта арасынан іздеу, теру, себепке салу әрекеттеріне машықтандыру; жидекті теру үшін еңбек керектігін түсіндіру; коммуникативті қабілеттерді дамыту. Құралдары: себеттер, жидектердің нақпішіндері. Ойын аула жағдайында ұйымдастырылса, алдын-ала шығып, бұтақтарға жұмсақ қызыл түсті қағаздан шиыршықтарды (жидектерді) жапсырып, шөп арасына шашыратып қоюға болады.

		Бауырсақпын домалақ! Атадан кеттім, Әжеден кеттім, Қоян сенен де кетемін! Автор: Бауырсақ алға қарай домалап кетеді, қоян қалып қояды. Бауырсақ орман ішінен домалап келе жатқанда, алдынан қасқыр шығады. Қасқыр (5-бала): Бауырсақ! Бауырсақ! Мен сені жеп қоямын! Бауырсақ: Жоқ, сен мені жеме, мен өлең айтып беремін, тыңдап көрші. Бауырсақтың әні. Автор: Бауырсақ домалап кетеді. Қарсы алдынан қорбандап аю шығады. Аю(6-бала): Әй, бауырсақ! Мен сені жеп қоямын! Бауырсақ: Жоқ, сен мені жеме, мен өлең айтып беремін, тыңдап көрші. Бауырсақтың әні. Автор: Бауырсақ домалап кетеді, аю қалып қояды. Бауырсақ зымырап келе жатса, алдынан түлкі шыға келеді. Түлкі (7-бала): Амансың ба, бауырсақ! Көргендерге ұнайсың, қандай әдемісің! Автор: Бауырсақ қуанып, өлеңін айта бастайды. Түлкі болса тыңдаған болып, білдірмей бауырсаққа жақындап отырады. Бауырсақ: Әже қойма қырнаған, Екі уыс ұн жинаған, Қаймаққа илеген, Майға пісірген, Терезе алдына суытқан, Бауырсақпын домалақ! Атадан кеттім, Әжеден кеттім, Қоян сенен де кетемін! Түлкі: Әдемі өлең екен! Айналайын, бауырсақ, мен қартайдым, құлағым естімейді ғой. Кәне, менің тұмсығыма отырып, өленді тағы бір айтып берші. Автор: Бауырсақ мақтағанға мәз болып, түлкінің тұмсығына шығып, өленін айта бастағанда, түлкі бауырсақты «ап!» деп жеп қояды.			
Балалармен жеке		**Көркем сөзді жаттау жаттығуы.**	**"Пішіні бойынша таңда"**	**"Жұмбақтар шешу" кешін**	**"Суреттер тізбегі" дидактикалық**

жұмыс		Мақсат-міндеттер: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру. "Қарақат". Қап-қара бір тамшыдай, Теріп жедік қарақат. Таңдайымыз қанбасын Шөл қандырдық, рақат! Т. Жүребаев.	**(топпен жұмыс).** Мақсат-міндеттер: балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту, заттардың пішінін дұрыс атауға дағдыландыру.	**ұйымдастыру.** Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауды дамыту, халық ауыз шығармашылығына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	**ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары. "Жаз" тақырыбындағы сюжеттік суреттерді қарау.
Серуенге дайындық	Балаларды серуендеуге ынталандыру; серуендеуге арналған ойын құралдарын алу, балалармен қауіпсіздік шаралары туралы жеке әңгімелер. Серуендеуге дұрыс жиналу әрекеттері, балаларды өз еркімен киінуге үйрету. Таза ауада шынығып, Серуенге шығайық. Киімдерді тез киіп, Ойнап-ойнап алайық.				
Серуен		**Бұлттар мен аспанды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: таңертең және қазір қандай бұлттар болғанын есте сақтауға мүмкіндіктер жасау; кешке қарай бұлттар қалай қозғалатынын бақылауға баулу. "Бұлттар мен құстар" саусақ жаттығуы, жаңылтпаш. Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінінің ырғағына сай қимылдауға дағдыландыру; артикуляцияны, ой-қиялын жетілдіру, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Бұлттар құстай ұшады, (Қолдарды қырынан қосып, саусақтармен бірге бұлғау, құстың ұшқанына еліктеу) Құстар бұлттай ұшады, Көк аспанда, биікте, (Аталған қимылдарды, қолдарды жоғарып көтеріп, төмен түсіріп, орындау) Қанат жайып, ұшады. Бұлттар құстай болмайды, (Саусақпен бұлғау) Құстар бұлттай болмайды. Бұлттар құстай бұтаға (Қолдарды қырынан қосып, саусақтармен бірге бұлғау, құстың ұшқанына еліктеу) Қанат жайып қонбайды. (Саусақпен бұлғау) Д. Ахметова.	**Күнді бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды күннің бір тәулікте бір орында тұрмай, әртүрлі биіктікте орналасуын байқауға машықтандыру. Күн күндіз жоғарыда тұрғанда — ыстық болады, кешке күн төменде тұрғанда - күн салқын болады; жазда күн ұзаққа созылады, түндер қысқа болады. **"Үрпек төбет" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бұзбай ойнауға баулу; бір бағытта, бірін-бірін қақпай, жеделдеп жүгіруге жаттықтыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалардың біреуі төбетті бейнелейді; ол кілем үстінде	**Құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балабақша маңындағы құстардың тіршілігін бақылап, тіршілігіндегі өзгерістерді байқауға машықтандыру. Педагог балаларға құстардың дыбыстарын тыңдауға шақырады. Балалар торғайды, сауысқанды, тағы басқа құстарды есту мүмкін. Педагог сауысқанның шықылықтайтынын, торғайдың шырылдайтынын айтады. Шыр-шыр еткен торғайды Қорғамасаң, болмайды. Кіп-кішкентай торғайлар Ағаштарды қорғайды. Ж. Смақов **"Көлік пен торғайлар" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: ойын шарты бойынша, белгіге сай қимылдауға дағдыландыру; ойын кейіпкерлеріне	**Құмның қасиеттерін бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: құмның қасиеттері жайындағы түсініктерді тиянақтау. Ылғалды құмнан әр түрлі мүсіндер жасау, құмның дымқыл болуын байқау, әңгімелеу. **"Сөздер тізбегі" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды белгілі топтама немесе ортақ тақырыпқа байланысты сөздерді тізбекке салып, арасында қайталамай, айтып ойнауға машықтандыру; сөздік қорын байыту; ұқыпшылдыққа тәрбиелеу. Балалар шеңберге тұрады. Педагог белгілі тақырыпты ұсынады, балалар бір-бірінен соң кезекпен осы тақырыпқа (топтамаға) жататын сөздерді айтып жатады. Мысалы: үй жануарлары - ат, сиыр, ешкі, түйе және тағы басқа сөздер. **"Кім бірінші?" қимыл-қозғалыс**

		"Аю мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды белгі, мәтін сөздері бойынша қимылдауға дағдыландыру: белгілі аямақта бір-біріне соғылмай, жүгіріп, секіріп жүру және жан-жаққа шашырап жүгіру; шапшаңдыққы, зеректікке, жылдамдытта баулу. Ойын шарты. Бұл ойынға балалар 7-8 ден бөлініп ойнайды. Топ ішінде бір баланы "аю" етіп сайлап, қалған балаларды "қояндар" болады. Ойында қояндар аюға ұсталып қалмауы үшін, тәрбиеші көмегімен белгі бойынша ойынды бастап аяқтауы тиіс. Балалар шапшаң кең бөлмені айнала қашуы тиіс. Құралдары: "қояндарға" медальондар, "аюға", маска. **"Кегльді қағып ал" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: допты тура бағытта домалатып, алшақ тұрған кегльді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу. **Еңбек әрекеті: құмның бетін ұсақ бұталардан, жапырақтардан тазалау.** Мақсат-міндеттер: тазалыққа тәрбиелеу. **Балалардың еркін ойындары.**	жатады, басын алға созылған қолымен аяғына қояды. Қалған балалар жай ғана оған жақындай түседі, ал тәрбиеші осы кезде былай дейді: Алдыңғы екі аяққа басын сұғып, Әнеки жалбыр төбет жатыр сұлық. Белгісіз жатқаны ұйықтап, яки қалғып, Момақан, сырты пішіні жуас салғырт. Ояталық жақындап барайық та, Қайтер екен содан соң – қарайық та. Төбет орнынан ұшып тұрып үре бастайды. Балалар қаша жөнеледі. Төбет оларды қуа жөнеледі. Балалардың бәрі жан-жаққа қашып тығылады. Төбет қайтадан кілемге жатады. Ойын жаңа бастаушымен қайта басталады. **"Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың кегли арасымен баяу және ептілекпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту. Құралдар: кегльдер. **Балалардың құммен еркін ойындары.** **Еңбек әрекеті: ойыншықтарды құмнан қағып тазалау.** Мақсат-міндеттер: қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру; тазалыққа баулу.	еліктей білуге бейімдеу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлауға баулу. Әр бала "торғай" болып орындықта отырады. Педагог "көлік" болады. Педагог белгісі бойынша "торғайлар" залдың ортасында кез-келген бағытта жүгіріп ойнайды. Педагогтің "Көлік келе жатыр! Абай болыңдар!" деген белгісінен кейін балалар жүгіріп орындарына "ұяларына" бару керек. Ойын 4-5 айналымды құрайды. Құралдары: "көлікке" (бір-екі бала да болу мүмкін) руль; "торғайларға" медальондар. **"Жел көбік" қимыл-қозғалыс ойыны.** Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады. Тәрбиешіге қосылып олар мына өленді айтады. Көпіре гөр көбік-шар, Көпіре гөр кеңіп шар. Осы күйі қал тұрып, Кете көрме жарылып. Өленді айта жүріп, балалар шеңберді кеңейте түседі. Тәрбиеші: "Жел көбік жарылды" деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бар дауыстарымен "Тарс етті", - дейді де, тізерлеп отырады. Тәрбиеші жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрып, қайтадан шеңберге тұрады, ойын қайтадан басталады. Еңбек әрекеті. Шөптерді жұлу және жинау (тәрбиешінің көмегімен) **"Құмырсқалар шынжырға тізілді" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: бірінен-бірі қалмай, бір тізбекте асықпай жүгіруге жаттықтыру; жүгіру қабілеттерін	**ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды тура бағытта белгі бойынша жылдам жүгіруге машықтандыру; шапшақдыққа, зеректікке, достық қарым-қатынастарға тәрбиелеу. Педагог балаларды екі топқа бөледі. Педагогтің белгісі бойынша балалар тура бағытта, белгіленген межеге дейін жүгіріп баруы керек. Ең бірінші болып межеге жеткен топ балалары, жеңіске жетеді. Педагог барлық жұптарды мақтайды. Жүгіру жолы балалар үшін қауіпсіз болуын педагог ескеру керек. **"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді. **Еңбек әрекеті: құмның бетін ұсақ бұталардан, жапырақтардан тазалау.** Мақсат-міндеттер: тазалыққа тәрбиелеу. **Балалардың еркін ойындары.**

				жетілдіру; мұқияттылыққа, ептілікке тәрбиелеу. Педагог балалардан құмырсқалардың қимылдарын көрсетуді өтінеді. Содан соң бір тізбекке тізіліп, арақашықты сақтап, педагогтің соңынан, бағыттарды өзгертіп, жүгіреді. **Еңбек әрекеті: бақшадағы көкөністерді суару.** Мақсат-міндеттер: су құйғышпен әрекет етуге машықтандыру, қамқорлыққа тәрбиелеу. **Балалардың еркін ойындары.**	
Серуеннен оралу	Балалар киімдерін дұрыс шешу,шкафтарға бүктеп қою, қолды жуу әрекеттерін одан әрі қалыптастыру. Таза сумен Арман, Беті-қолын жуды. Оған қарап Балжан, Суға қолын созды. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Кешкі ас	Алдыңдағы түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттап айту; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** Музыкалық аспаптармен ойындар. Білім күніне арналған әндер тыңдату. **(шығармашылық дағдылар, музыка)** Өнер бұрышында ойыншықтар тақырыбында сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру. **(шығармашылық, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. **(танымдық дағдылар)** Кітаптарды санау, өлшеу, салыстыру.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)		"Бірге жаттайық" жаднама.	"Жазғы кезеңдегі балалардың қауіпсіздігі" тақырыбында кеңес беру.	"Халық шығармашылығы" жоба жасау.	"Балалардың демалыс күндерін дұрыс ұйымдастыру" кеңес беру.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) Күншуақ тобы.
Топ: ортаңғы
Балалардың жасы: 3 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 15.07 - 19.07.2024ж.
Педагогтың аты-жөні Аманова Ұлмекей

Апта күндері	*Дүйсенбі*	*Сейсенбі*	*Сәрсенбі*	*Бейсенбі*	*Жұма*
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Балалардың денесін тексеру; ата-аналардың толғандыратын сұрақтарына жауап беру, балалар үшін қолайлы жағдай тудыру.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналардың сұранысы бойынша кеңес беру.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**Бөлме өсімдіктерін суару.** Мақсат-міндеттер: балаларға өсімдіктерге күтім жасау тәсілдерін үйретуді жалғастыру (күнге жақын өсімдіктерге суды көбірек құйып, көленкеде өсетіндерге байқап құю, кажеті бойынша суару), бөлме өсімдіктеріне ұқыпты қарауға үйрету.	**Кітаптарды көркем әдебиет бұрышына орналастыру.** Мақсат-міндеттер: балалардың кітаптарға ұқыпты қарау дағдыларын қалыптастыру, белгілі бір тәртіппен кітаптарды салу мүмкіндігін іс-тәжірибеде көруге машықтандыру.	**"Топтың ішін ретке келтір".** Мақсат-міндеттер: балаларды ересектерге көмектесуге машықтандыру; шкафта тұрған ойыншықтар мен құралдарды реттеп, тазалықты орнатуға тарту; еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру.	**Бөлме өсімдіктерін күту.** Мақсат-міндеттер: балаларды өсімдіктерге ұқыптылықпен қарауға бейімдеу (құрап қалған жапырақтарды алып тастау), күтуге деген қызығушылықтарын ояту, ересектерге қолқабыс танытуға тәрбиелеу.	**Аквариумдағы балықтарды қоректендіру.** Мақсат-міндеттер: балыққа қамқорлық жасауды дағдыландыру (жемді үгітіп шашырату), аквариумдағы балықтың тіршілігіне қызығушылықтарын таныту.
	"Көлікті жүргіземіз" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: тақпақта айтылған сөздердің мәніне, ырғағына сай қимылдауға бейімдеу; артикуляцияны, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. Біздің арман көрікті - Жүргіземіз көлікті. "У-у-у!" - деп, мотор дыбыстайды, "У-у-у!" - деп, тоқтамайды. Рөлді мықты ұстаймыз, Аяқпен басып, газдаймыз. "Ту-ту-у!", шығамыз жолға,	**"Зат неге ұқсайды?" дидактикалық ойыны** Мақсат-міндеттер: геометриялық денелер мен фигуралар туралы білімдерін бекіту; айналадағы заттардың геометриялық пішінін ажырата білу дағдыларын дамыту. Тәрбиеші геометриялық пішінді немесе геометриялық денені балаларға көрсетеді, ал балалар оның қоршаған ортадағы қандай затқа ұқсайтындығын табады	**"Жайлы үй" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды үйдегі әртүрлі заттармен таныстыру, оларды жалпы белгілері бойынша жіктеуге үйрету; Ойынға 30 суретті карточка кіреді. Олардың 25-інде әртүрлі заттар бейнеленген. 5 карточка жалпылама болып табылады, олардың әркайсысы заттардың өз тобын анықтайды: киім, аяқ киім,	**"Саусақтар-ойыншықтар" саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды мәтін жолдарының ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Саусақтарым, ойыншықтарым (Саусақтарды керіп, алақандарды көрсету) Ойнап-ойнап қалады, (Саусақтармен	**"Үлкен - кіші" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау қабілеттерін, зейінін дамыту. Балалар 2 топқа бөлінеді. 1 – ұлдар (текшенің ең кішкентайынан үлкеніне қарай), ал 2 – қыздар командасы (керісінше, доптың ең үлкенінен кішісіне қарай рет-ретімен қояды). Керісінше: Үлкен текшеге кішкентай көлікті қою керек. Кішкентай текшеге – үлкен көлік қою керек. **Көркем сөз.** Достарды жинайық, Мұнараны құрайық.

	"Ту-ту- у!", бәрі алда. Д. Ахметова. **«Үшіншісі артық» ойыны.** Мақсат-міндеттер: басқаларына сәйкес келмейтін затты «геометриялық пішінді) алып тастау немесе боямау керек және топты жалпылама сөзбен атау қажет. Есту арқылы жұмыс жасау: тәрбиеші сөздер айтады да, солардың ішінде басқаларға сәйкес келмейтінді бөліп көрсетуді сұрайды, мысалы: 2 шеңбер, 1 төртбұрыш (пішін бойынша), 2 қызыл пішін және 1 жасыл пішін (түс бойынша)	немесе естеріне түсіреді. Тәрбиешінің үстелінің үстінде геометриялық пішіндерді немесе заттар мен суреттер жатыр. Бала суретті не затты таңдай отырып, оның қандай пішінге ұқсайтындығын айтады. Өзінің жауабын түсіндіреді. **"Ою саламыз" саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Зергер бала боламыз, (Екі алақанда ашу) Оюды саламыз: Бұлақ, (Қолдарды жұдырыққа жинап, ішке қарай бұрау) Дөңгелек, (Шеңбер салу) Ирек, (Толқындар жасау) Қанат, (Қос қолмен бұлғау) Гүлдер, (Алақандарды жайып, тігінен көрсету) Көбелек. (Қос қолды айқастырып, бұлғау) Д. Ахметова.	ыдыс-аяқ, жиһаз, ойыншықтар. **Санамақты мәнерлеп айту жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды санамақты мәнерлеп айтуға, мәтіннің мәніне сай қимылдарды жасауға дағдыландыру; есте сақтау, түйсік, сөйлеу қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту. Екі көз бен қос құлақ, Бір бас пенен бір мұрын. Нешеу болды қос шырақ, Санап шығар кім бұрын?! Екі аяқ пен екі қол, Бір ауыз бен бір тілің ... Нешеу болды қане, бол, Санап шығар кім бұрын?! Сұқ саусағым суға барды, Ортаң қолым орақ орды. Аты жоғым ағаш жарды, Жұмсамапты алақаным, Тек шынашақ-балапанын. (М. Қуанышбеков)	кезектеп жыбырлау) Шапалақтап, шапалақтап, (Шапалақ қағу) Жасырынып қалады. (Жұдырықтарға жұму) - Қане, шық жұдырықтан! (Жұдырықтарды босатып ашу, саусақтарды көрсету) Қане, тұр түзу сапқа! (Алақанды жаю, саусақтарды бір тік жинау) Ойнап болдық, тамаша! (Шапалақтау) Іс жасайық жаңаша! (Сұқ саусақты бұлғау) **"Лото" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларға суреттер тізбегін жинау. Жүргізуші таңдалады. Қалған балалар аяқ киім,киім және т. б. бейнеленген суреттерді таңдайды. Қалған суреттерді араластырып, қалтаға салып қояды. Жүргізуші бір суретті алып, оны басқа балаларға көрсетеді. Қай бала бірінші болып жинап, өз тізбегін құрайды, сол бала жеңіске жетеді.	*Үлкені үстіне орташасын,* *Оның үстіне кішкентай данасын,* *Қоямыз да Дананы қуантамыз.* **Пирамидаларды құру жаттығулары.** *Пирамиданы құрайтын сақиналардың саны 8-10 дан* *Мақсат-міндеттер: ұсақ қол моторикасын, көлемді, түсті ажырату қабілеттерін дамыту.*
Ертеңгілік жаттығу	1. Көлбең-көлбең, көленкем. Көлбеңдеген көленкем. Аю қалай жүреді? Кім көрсете біледі? Аю былай, жүреді оны бәрі біледі. Бір қатармен жүру, аяқтың екі шетіне басып, аю сияқты қорбаңдап жүру. (1 мин) а) Көлбең-көлбең, көленкем. Көлбеңдеген көленкем. Түлкі қалай жүреді? Кім көрсете біледі? Түлкі былай, жүреді оны бәрі біледі. Бір қатармен жүру, түлкі сияқты бұландап жүру (1 мин) б) Көлбең-көлбең, көленкем. Көлбеңдеген көленкем.				

	Қоян қалай жүреді? Кім көрсете біледі? Қоян былай, жүреді оны бәрі біледі. Біт қатармен жүру, қоян сияқты секіру. (1 мин) 2. Б.қ: тұрып аяқ арасы ашық иықпен 1- оң қолды көтеру, 2-сол қолды көтеру, 3-оң қолды жоғары көтеру, 4- сол қолды, 5- оң қолды жанға созу, 6-сол сияқты сол қолды, 7-төмен түсіру оң қолды, 8- сол қолды төмен түсіру. 6-8 рет. 3. Иілеміз оңға, иілеміз солға. Отырамыз, тұрамыз. Құс болып қанат қағамыз. (3-4) **(дене шынықтыру)**				
Таңғы ас	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Ас ішкенде күнде біз, Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. Балалар алғыс айтып тамақтануға кіріседі. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**"Толқиды теңіз" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды шыдамдылыққа тәрбиелеу. Ойын шарты. Балалар ойын алаңында айналып жүріп: "Толқиды теңіз бір, Толқиды теңіз екі, Толқиды теңіз үш, Толқиды теңіз төрт" - сөз жолдарын айтады. Тәрбиеші белгісі бойынша: Толқын мұз бол!"- дегенде балалар қозғалмай қалу керек. **"Зат неге ұқсайды?" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалар бөлме ішіндегі заттардың қандай пішінге ұқсайтынын ажыратып айта білуге үйрету. Құралдары: геометриялық пішіндерге ұқсайтын заттардың сурет-карточкалары.	**"Қарама-қайшылық" ойыны.** Мақсат-міндеттер: сөздік қорларын кеңейту, қарама-қарсы мағыналы сөздерді қолдануға үйрету. Ойын құралы: доп. Тәрбиеші белгілі бір сөзді айтады: мысалы - "ауыр" деген сөзді айтады да бір балаға допты лақтырады. Допты қағып алған бала, ауыр затты айту қажет. Жауап бергеннен кейін допты, қайтадан тәрбиешіге лақтырады. Ойын осылай жалғаса береді. Мысалы: ауыр - тас, жүк; шыны - ыдыс, әйнек, т.с.с.	**"Қимыл ойлап табу" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың ой-қиялын, зейінін, қабылдау, пантомималық қабілеттерін дамыту. Балалар шеңберде тұрады. Тәрбиеші ойыншылардың біреуін бастаушы етіп тағайындайды. Ол шеңбердің ортасында тұрады. Балалар тәрбиешінің көрсетуі бойынша мына мәтін сөзін айтып, оңға немесе солға жүреді. Әдемі шеңберде, Билейік кең жерде. Қолдармен ұстасып, Бәріміз жұптасып. Бірігіп достасып, Бір орында ұстасып, Осылай етіп істейік. Мәтінді айтып бітер кезде балалар қол созым қашықтықта тұрады. Ойын бастаушы қандай болмасын бір қимыл көрсетеді, шеңбер жасап тұрғандардың бәрі оны қайталайды. Содан соң тәрбиеші ойын бастаушыны ауыстырады немесе ойын бастаушы өзінің орнына	**"Бұлттар мен құстар" саусақ жаттығуы, жаңылтпаш.** Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінінің ырғағына сай қимылдауға дағдыландыру; артикуляцияны, ой-қиялын жетілдіру, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Бұлттар құстай ұшады, (Қолдарды қырынан қосып, саусақтармен бірге бұлғау, құстың ұшқанына еліктеу) Құстар бұлттай ұшады, Көк аспанда, биікте, (Аталған қимылдарды, қолдарды жоғары көтеріп, төмен түсіріп, орындау) Қанат жайып, ұшады. Бұлттар құстай болмайды, (Саусақпен бұлғау) Құстар бұлттай болмайды. Бұлттар құстай бұтаға (Қолдарды қырынан қосып, саусақтармен бірге бұлғау, құстың ұшқанына еліктеу) Қанат жайып қонбайды. (Саусақпен бұлғау) Д. Ахметова.	**"Түймеше" саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды мәтін жолдарының ырғағына сай орындауға дағдыландыр ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Тоқ-тоқ, тоқ-тоқ, саусағым, Соққылайды томпағым. Түймешені, түймешені, Басып, басып таппадым. Д. Ахметова

			біреуді таңдайды және ойынды жалғастыра береді.		
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Құрастыру** "Көкөністер арналған себеттер" Мақсат-міндеттер: Балаларды санау таяқшаларын пайдаланып, үлгі бойынша құрастыруды үйрету, көкөністер туралы білімдерін кеңейту, үлгі бойынша жұмыс істеу қабілетін дамыту, басталған жұмысты соңына дейін жеткізу.	**Дене шынықтыру** "Қуырмаш" саусақ ойынын ойнаймыз Мақсат-міндеттер: Балаларда нық қадаммен алға, нық қадаммен артқа жүру, тізені биікке көтере отырып жүруге үйрету; бір аяқтан бір аяққа секіру, тура секіру дағдыларын қалыптастыру; сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін жетілдіру.	**Көркем әдебиет** В. Маяковский "Жақсы деген немене, жаман деген немене?" Мақсат-міндеттер: Балаларға өмірдегі жақсы мен жаман қасиеттерді айыра білуге үйрету; тілдік қорларын молайту; ойлау қабілеттерін дамыту; жаман қылықтардан алшақ жүруге, жақсы ісі істерге жақын болуға баулу, тәрбиелеу.	**Сурет салу** "Дәрумендер қайда жасырылған?" Мақсат-міндеттер: Балаларды сурет салу техникасы - штампингпен (мөр басу) таныстыру; бейнеленетін затқа сәйкес түстерді таңдай білу, бейнені берілген жазықтықта орналастыра білу біліктілігін қалыптастыруды жалғастыру; жемістер жайлы олардың пішіні, түсі жайлы білімдерін бекіту; алма мен алмұрт бақшада, ағашта өсетіні жайлы білімдерін тереңдету; ұқыптылыққа тәрбиелеу.	**Музыка** "Кел, би билейік!" Мақсат-міндеттер: Көңілді әуен арқылы көңіл күйд сыйлай білуге талпындыру. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. Балаларды достыққа, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу.
2- таңғы ас	Алдындағы түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Серуенге дайындық	Балаларға жүйелі түрде киініп-шешінуді, киімдерін шкафқа орналастыруды, қолдарын мұқият жууды қалыптастыру.				
Серуен	**Ағаштар мен бұталарды бақылау.** Мақсат-міндеттер: ағаштар мен бұталардың тірі табиғат екені туралы білімдерін бекіту табиғатты қорғауға тәрбиелеу Ағаштарды бұтағын, жапырақтарын қарау; кейбір ағаштар жапырақтарының пішіндері ұқсамайтынын байқату, қай ағашқа жататынын анықтату. **Еңбек әрекеті: балабақша ауласындағы сынған бұтақтарды жинау.** Мақсат-міндеттер: тазалыққа, қарапайым еңбек дағдыларына баулу. Педагог қауіпсіздік ережелері жайында ескерту керек. **"Өз ағашыңды тап" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: табиғатты аялауға тәрбиелеу; ағаштарды ажыратуға бейімдеу. **"Менің сүйікті ағашым" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың өздерінің сүйікті ағаштарын есте сақтап, суретін салып әңгімелеуге үйрету. Балалардың еркін ойыны. **"Гүлдер мен аралар" қимыл-қозғалыс**	**Шырша ағашын бақылау.** Мақсат-міндеттер: шырша ағашы туралы жалпы түсініктерін тиянақтау; балалардың сөздік қорын толықтыру; ағаштар әлеміне деген қызығушылықты арттыру. Балаларды шыршаға жақын апарып, ол туралы тақпақ, жұмбақтарын еске түсіріп айту. Басқа ағаштар қыста жалаңаш тұрғанда, ал шырша қысты күні ерекше сұлу екендігін аңғарту. Шыршаны қашан болмасын тамашалап қарауға болады. Себебі ол әрқашан жап жасыл. Шырша өте пайдалы ағаш, ол ауаны тазартып, денеміздің сау болуына көмектеседі. Жасыл желек жамылған Міне,сұлу шыршамыз Инелері тағылған Қандай сұлу шыршамыз! **Еңбек әрекеті: ауланы ағаштардан құрап түскен**	**Құстарды бақылау (торғай, көгершін).** Көркем сөз Торғай, торғай тоқылдақ, Жерден тары шоқып-ап Бөтегесі томпиып Шық-шық етіп отырар. Торғай-торғай тоқтаған, Торғайды торғай мақтаған. Бір торғай ұшса боранда, Бәрі жабылып жоқтаған. Бақылау. Құстар немен қоректенеді, қайда мекендейді, пайдасы қандай туралы білімдерін толықтыру. **"Құстар және түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір жерге жиналуға дағдыландыру; ойын барысында кейіпкерлердің рөлін аятына шейін сомдауға, бір-біріне соғылмай қимылдауға, ережені бұзбауға	**Бұталарды бақылау (жұпаргүл, итмұрын, қара жеміс ті шетен, мойыл).** Мақсат-міндеттер: бұталар жайында түсініктерді кеңейту, оларды атауға машықтандыру; ағаштар мен бұталардың негізгі айырмашылығын көруге бейімдеу. Көркем сөз Табиғат ол анамыз, Табиғатқа баламыз. Құшағында ойнаймыз, Шаттық әнге саламыз. Жазда аралап тауын да, Барамыз біз бауына. Өзеніне шомылып, Жүгіреміз жауында. Аулада өсетін бұталарды тани білу, яғни 2-3 түрлі: жапырағына, діңіне қарап, бұталарды ажырату, ерекшеліктерін айта білу (бұталардың бойы төмен, діңі жіңішке), атауларын; өсетін орнын (орман, жазық дала, бақ).	**Жәндіктерді бақылау.** Мақсат-міндеттер: жәндіктер әлеміне деген қызығушылықты арттыру; шыбынның тіршілігі жайында мәлімет беруде, оның адамға жасайтын зиянын түсіндіру. Жұмбақ Шидім, шидім, шидім құс, Ши басына қонған құс. Қаркаралы қара құс, Хан басына қонған құс. (Шыбын) Жаз мезгілінде шыбын-шіркейлердің өмір сүруін, олардың тастар мен жапырақтардың астына тығылуын бақылау, қорытынды жасау. Шыбын даладағы заттарға қонып, адамның үйіндегі ыдысқа қона жүретінін көрсету. Соның нәтижесінде іш құрылысына зиян келтіру мүмкін. Басты ереже: шыбынды үйге кіргізбеу, ыдыс-аяқ мен тағамдарды жабық жерге қою, жеміс-көкөніс, жидектерді жуу. Ауа райының салқындауы байланысты жәндіктер жоғалатынын айту. **"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың ойын шарттарына са ойнай білу, "Мен - түлкі!" сигналы бойынша қолға түспей, үлкен шеңберден асып жүгіре білу

	ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша жұптарға жиналуға және жан-жаққа тарап жүгіруге дағдыландыру. Құралдар: таратпалы медальондар: гүлдер мен аралар. **Балалардың еркін ойындары.**	**жапырақтардан тазарту.** Мақсат-міндеттер: тәрбиешіге көмектесуге тәрбиелеу; бастаған істі аяғына дейін жеткізуге бейімдеу. **"Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, жеделдеп жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту. Ойын ашық алаңда өткізіледі. Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Аралығы 30-40 метрдей жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, тізіліп тұрады. Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әндете өлең айтады. - Ақ серек, көк серек, Бізден сізге кім керек? Екінші топтағылар ойыншының атын атайды. Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады. Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп апарып, өз тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады. Ескерту: педагог ойын ойнау алдында қауіпсіздік ережелерін қайталап, нұсқау беру тиіс. **"Түзу жолмен" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: биік емес бөрене үстімен жүріп, екі аяқты бүге отыра секіруге үйрету. **Балалардың еркін ойындары.**	жаттықтыру; достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. "Түлкіні" педагог тағайындайды. Ойын барысында балалардың алаңда секіру, жүгіруді мүмкіндіктері қадағаланады. **Еңбек әрекеті: құстарды тамақтандыру.** Мақсат-міндеттер: құстарға деген қамқоршылыққа тәрбиелеу. Педагог кепкен нанды үгітіп, табаққа дайындап қояды. **"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді. Балалардың еркін ойыны. Ойыншық-тербеткіш, әткеншекте. Басқа балалармен ойнау барысында бір-бірімен татулықта, бірлікте болуға тәрбиелеу. **Балалардың еркін ойындары.**	Балаларға бұталардың жанынан өткен кезде, қауіпсізді сақтау ережелерін түсіндіру. **"Тығылмақ" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды аулада тығылмақ ойнауға, шыдамдылыққа тәрбиелеу; ойын ережелерін бұзбай, өз бетінше ойнату. **"Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың кегли арасымен баяу және епті лекпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту. Құралдар: кегльдер. **Еңбек әрекеті: ауладағы жұмыс.** Мақсат-міндеттер: өз бетінше талдарды суаруға дағдыландыру; өсімдікке деген қамқорлыққа тәрбиелеу, үлкендерге көмек беру. **Балалардың еркін ойыны: құммен ойнау.** Мақсат-міндеттер: құммен ойнауға жағдай жасау, балалардың қызығушылығын арттыру.	қабілеттерін дамыту (калыптастыру, жетілдіру); байқағыштыққа, жылдамдыкка, епті лікке тәрбиелеу Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші-педагог балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Осыдан бері педаг таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады. Ал ойыншы-балалар болса, жан-жақтарына қарап: " түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды. Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіде қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе сол шетке шығады. Педагог балаларға алдын-ала үлкен шеңбердің шетк жерін көрсетеді, шеттен шыққан бала ұсталынбайды Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін. **"Көбелекті ұстап алу" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды бір затты (көбелекті) ұстап алу мақсатында жоғары секіруге дағдыландыр тепе-теңдікті сақтауға бейімдеу; достарымен жақсы қарым-қатынаста болуға, тәрбиелеу. **Еңбек әрекеті: гүлзардағы гүлдерді суару.** Мақсат-міндеттер: өз міндеттерін жауапкершілікпе аткаруға тәрбиелеу; өсімдіктерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Құралдары: су құйғыш. **Балалардың еркін ойыны: балалар жақсы көрет ойыншықтармен ойна.** Мақсат-міндеттер: ойын бойынша жолдастарымен бірігіп ойнауға бейімдеу.
Серуеннен оралу	Балалар киімдерін дұрыс шешу,шкафтарға бүктеп қою, қолды жуу әрекеттерін одан әрі қалыптастыру.				

	Таза сумен Арман, Беті-қолын жуды. Оған қарап Балжан, Суға қолын созды. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Түскі ас	Түскі асқа назар аударту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру.				
Түскі ұйқы	Тыныш ұйқыға кетуге жағдай жасау.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Ояндық па бәріміз? Бір-бірімізге қараймыз. Күлімдейміз бәріміз. Керіліп созылып, Ақырын қане тұрамыз. Орнымызда жүреміз, Енді доп болып секіреміз. Адымдап жүреміз.				
Бесін ас	Бесін асқа көңілдерін аудару, тамақтану мәдениетін қалыптастыруға жеке жұмыстар жүргізу.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**"Не өзгерді?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларда кеңістіктікті бағдарлай алуға үйрету, есте сақтауды, қиялды дамыту. Құрал-жабдықтар: "Үй жануарлары" ойыншықтар жиынтығы. Тәрбиеші ойыншықтарды үстелге қояды, балаларға оларға мұқият қарауды талап етеді. Балалар олардың орналасуын есте сақтайды. Тәрбиеші сұрайды балалардан көздерін жұмып, артқа қарауларын сұрайды. Сол кезде тәрбиеші бір ойыншықты алып тастайды.Балаларға сұрақ қояды. Қандай өзгерісті байқап тұрсыңдар деп?». Балалар жауап береді. Ойын ары-қарай жалғаса береді. **"Кімді тазалау үйі" сюжетт-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: киімді күту амалдарынмен таныстыру; балалардың ұқыптылыққа, тазалыққа, еңбекке баулу; киімді жуу немесе тазалау, кептіру, үтіктеу, бүктеп салу әрекеттеріне дағдыландыру. Құралдары: щеткалар, үтіктегіш, үтіктер, киімдер үлгілері, сөрелер, пластик тегештер, қыр қысқыштар, киімді ілетін	**"Матрешкаға қонаққа бару" ойыны.** Мақсат-міндеттер: заттарды мөлшері бойынша ажырата білу қабілетін бекіту. Қарапайым сюжетке біріктірілген әртүрлі ойыншықтармен әрекеттердің үлгісін беру. **"Дәрігерге не керек?" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың дәрігер мамандығы туралы түсініктерін тиянақтау, қолданатын құралдарды айтқызып, сөздік қорды жетілдіру; есте сақтау, ойлау, сөйлеуді қабілеттерін дамыту. Құралдары: дәрігер және басқа мамандар қолданатын құрал-заттар немесе кесілген суреттер. Балалар дәрігерге қажет құралдарды іріктеп, атайды, не үшін қажет екендігін түсіндіруге тырысады.	**"Нең дауысы?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың есту қабілетін дамыту, оларды сөздерді нақты айтуға үйрету, екпінді дұрыс қою. Тәрбиеші жануарлардың дауыстарын салады.Балалар нең дауысы екенін анықтау керек. Мысалы, тәрбиеші "ква-ква-ква" деп қатты дауыстап: "Бұл не? "Балалар" бақа " деп жауап береді. Содан кейін тәрбиеші сол дыбысты ақырын айтады. **"Ойыншықтарды жөндейміз" рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың ойыншықтар жайындағы түсініктерін тиянақтау; шығармашылықпен ойлану, ұсақ қол моторикасын дамыту; заттардың қасиеттеріне қызығушылықтарын арттыру. Құралдар: құрастырылатын ойыншықтар (көліктер, дене мүшелері салынатын пластик	**"Сиқырлы қапшық" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды қолмен ұстап, сипап-сезу қабілетін дамыту. Тәрбиеші балалардың ортасына «Сиқырлы қапшық» әкеледі. Балалардың арасынан бір баланы таңдап алады. Ол бала көзін жұмып, қолын «сиқырлы қапшыққа» салып, кез келген затты таңдап алып, қолын «сиқырлы қапшықтан» шығармаған бойы сол затты сипаттайды. Қалтадан қолын шығарып, затты көрсетеді. **"Автобус" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың автобуста жүру ережелеріне баулу; жолаушы мен жолаушылар туралы түсініктерін тиянақтау; сыпайылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Автобус салонын білдіретін үлгі, орындықтардың белгілі қатармен тізіліп тұруы; руль, билеттер жинақтамасы. "Жүргізушіні" рөліне қалаған бала	**"Өз үйіңді тап" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды тапсырма бойынша өз үйлерін табуға үйрету; жылдамдыққа, шапшаңдылыққа тәрбиелеу. Қажетті құралдар: ағаштардың бейнесі; үйлердің суреттері. Тәрбиеші балаларды екі топқа бөліп, әр топтың ойнайтын орнын немесе "үйін" тағайындайды. Екі топқа да өсіп тұрған бірі биік, бірі аласа ағашты көрсетеді де 1-топтағы балалардың үйі биік ағаштың оң жағы, ал 2-топтағы балалардың үйі аласа ағашты сол жағы - деп белгілейді. Қай топ өз үйлеріне тез барады. Ойын екі рет қайталанады. Ойынның соңында әр топтың балаларын мадақтап отырады. **"Үй құрылысы" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың үй құрылысы жайындағы түсініктерін тиянақтау; қол моторикасы ой-құиялын дамыту; достық қарым-қатынастарға, еңбеккорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Құрылыс материалдары, қағаз беттері, қа қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк машиналарь құрылысқа қажет ойыншық құралдар (балға, бұрағыш, тістеуік, тағы басқалар). Педагог балалармен құрылысқа қатысатын маманда жөнінде алдын-ала әңгімелеседі: кіріпіш қалаушы, жүргізуші, жүк тасушы туралы.

	жіп. Үтіктейміз киімді, Қыртыстарын жазамыз. Кірлеп қалса киімдер, Кір жуу машинасына саламыз.		қуыршақтар, лего ойыншықтар, жұмыртқаға салынатын тосынсый ойыншықтар). Педагог балаларға шеберлердің рөлін атқаруды ұсынады. Шебер болғысы келмейтін балалар сынық ойыншықтарын "шеберлерге" әкеледі, "шеберлер"сынық ойыншықты зерттеп, жөндейді.	шығады, қалғаны жолаушылар болып, қолдарына "билет" алады. Педагог алдын-ала автобуста жүру ережелерімен таныстырады, сыпайылық үлгілерін суреттерден көрсетеді. Педагог балаларды автобус салонына шақырады; жолаушылар "салонға" өтеді, билеттерін көрсетеді немесе ойыншық смартфон арқылы төлемдерді жасауды көрсетеді. Жүргізуші автобусты "жүргізеді". Педагог аялдамаларды жариялап жатады. жолаушылар кіріп, шығып жатады. Үлкендерге орындарын беру туралы үлгілерді көрсетуге болады.	*Балалар құрылыска қажет материалдарды таңдап, өзара кім қандай рөлді атқаратыны туралы келіседі.*
Балалармен жеке жұмыс	**"Не болады?» ойыны (балалар тобымен жұмыс)** Мақсат-міндеттер: сөйлеу, есте сақтау, заттарды белгі немесе қасиеттері бойынша жалпылауға үйрету. Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды, балалар жауап береді. Мысалы: "Сары түсті не болады?"(балапан, күн және т. б.); "Ағашта не өседі?"; "Орманда не тұрады?"және т. б.	**"Неге ұқсайды?"(балалар тобымен жұмыс).** Мақсат-міндеттер: зейінді, байқағыштықты дамыту. Балаларға екі затты көрсету. Мысалы: "Бір түсті доп пен бір түсті текшені қарастыру. Екеуінің айырмашылығы мен ұқсастығын сұрау. Жалпы: екі зат да ойыншықтар, екеуі де бірдей түсті. Айырмашылықтар: доп-дөңгелек, текше-шаршы, доп-үлкен, текше - кішкентай. Ойынды қиындата отырып, балаға аз айырмашылықтары бар заттарды көрсетіңіз, мысалы: бір түсті екі машина, бірақ әртүрлі дөңгелектері, дене пішіні және т. б.	**Жаңылтпаш жаттау жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру; артикуляцияны, есте сақтау қабілетін дамыту. Дөп-дөңгелек Доп дөңгелеп келеді. Тепкен бөген қарап Аяқ оған керегі. О. Асқар.	**"Не қайда орналасқан?" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың жазықтықты бағдарлау қабілеттерін дамыту; үстеу сөздерді дұрыс пайдалануға дағдыландыру; ойланып айтуға тәрбиелеу. Құралдары: шаршы пішінді парақтар; таратпалы геометриялық пішіндердің жинақнамалары.	**"Суретті тап"ойыны (балалар тобымен жұмыс).** Мақсат-міндеттер: есте сақтау, зейінді дамыту. Балаларға суретті белгілі уақыт көлемінде көрсету. Одан кейін балалардың көзін жұмуларын сұрау, көптеген суреттердің ішінен бірінші қараған суретін тауып алу.
Серуенге дайындық	Балаларды серуендеуге ынталандыру; серуендеуге арналған ойын құралдарын алу, балалармен қауіпсіздік шаралары туралы жеке әңгімелер. Серуендеуге дұрыс жиналу әрекеттері, балаларды өз еркімен киінуге үйрету. Таза ауада шынығып, Серуенге шығайық. Киімдерді тез киіп, Ойнап-ойнап алайық.				
Серуен	**Ағаштарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене**	**Қылқан жапырақты ағаштарды бақылауды жалғастыру (шырша,**	**Құстарды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен**	**Бұталарды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен**	**Жәндіктерді бақылауды жалғастыру (көбелек, қоңыз, сары маса, шегіртке). (қоршаған ортамен**

	шынықтыру) Мақсат-міндеттер: ағаштар түрлерінің негізгі айырмашылықтарын анықтау. Балалар қайың, үйеңкі, терек ағаштарының діңдерін, бұтақтары мен жапырақтарын салыстыру. Жұмбақ Өсіп тұрған бұл не? Жаз болса жайнап, Саясына ән салып, Құстар жүрген сайрап. (Ағаш.) Бақылау: 2-3 түрлі ағаштарды бір бірінен ажырату, маусымдық өзгерістерді атай білу. Ағаш жапырақтарының пішіндеріне назар аудару. Ағаштың пайдасы туралы айту. **"Ұшты - ұшты" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды ұшатын заттар мен ұшпайтын заттарды ажырата білуге үйрету. Тәрбиеші балаларға ұшатын құс, әуе көлік атауларын, сонымен қатар кез келген атауларды атайды. Егер олар ұшатын болса құс қанатын қағып қимыл көрсетеді. Ал, егер ұшпайтын зат атауын атаса, онда қолдарын қимылдатпайды. Егер керісінше ұшатын затта қимылдатпай, ұшпайтын затта қимылдатса, бала ойыннан шығарылады. Мысалы: Ұшты - ұшты, ұшақ ұшты – десе, қолдарын қимылдатады. Ұшты - ұшты, кітап ұшты – десе, қолдарын қимылдатпайды. **"Тұзу жолмен" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: биік емес бөренө үстімен жүріп,екі аяқты бүге отыра секіруге үйрету. **Еңбек әрекеті: табиғи материалдарды жинау.** Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекке баулу, қол еңбегіне қажет материалдарды жинау.	**қарағай). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: қылқан ағаштардың қасиеттерін салыстыруға дағдыландыру; ағаштарға деген қамқорлықты тәрбиелеу. Ағаштарға қарап, сипаттау. Қарағай: діңі - қоңыр, бұтақтарында ашық жасыл, ұзын инелері бар. Олар қыста да жазда да түсін өзгертпейтіндігін айту. Шырша инелерінің түсі қою жасыл, ұзындығы қысқа. **"Көлік пен торғайлар" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттер: ойын шарты бойынша, белгіге сай қимылдауға дағдыландыру; ойын кейіпкерлеріне еліктей білуге бейімдеу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлауға баулу. Әр бала "торғай" болып орындықта отырады. Педагог "көлік" болады. Педагог белгісі бойынша "торғайлар" залдың ортасында кез-келген бағытта жүгіріп ойнайды. Педагогтің "Көлік келе жатыр! Абай болыңдар!" деген белгісінен кейін балалар жүгіріп орындарына "ұяларына" бару керек. Ойын 4-5 айналымды құрайды. Құралдары: "көлікке" (бір-екі бала да болу мүмкін) руль; "торғайларға" медальондар. **"Қапты көлденең нысанға лақтыру" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: дәлдікке, ептілікке бейімдеу, біл қолмен қапты көлденең нысанға лақтыру	**танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: құстардың жаздағы тіршілігі жайындағы түсініктерін тиянақтау. Талдың басында, Жемі бар қасында. Там тұр саялы, Достарға аялы. (Құс ұясы) Бақылау. Жазда жәндіктердің жандануына байланысты, құстар көбейеді. Жазда құстар құрт-құмырсқаны қырағылықпен іздеп шұқынады. Шұқынуына көңіл бөлу керек. Құстарға қамқор болуға баулу. **"Аққу-қаздар" ойыны.** Мақсат-міндеттер: белгі берісімен бір бағытта тез жүгіруге жаттықтыру; ойын шартын бұзбауға бейімдеу; бір-біріне соғылмауға дағдыландыру; дене мүшелерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Педагог балаларға "аққу-қаздар" болуды ұсынады. Балалар алаңның бір жағына, педагог - қарама-қарсы жаққа тұрады. Алаңның ортаңғы екі шетінде екі (таңдалған) бала "қасқыр" рөлін атқарып тұрады. Педагог: - Аққу-қаздар, қайдасыңдар? Қайда қонып, ұшасыңдар? Балалар: - Біз ұшамыз жылы жаққа, Қайтқымыз келеді ошаққа! Ахметова Д. Осы сөздерден кейін, балалар қарама-қарсы жаққа жүгіріп ("ұшып") ұмтылады. "Қасқырлар" "аққу-қаздарды" ұстап алуға тырысады. Үстап алу -	**танысу, сөйлеуді** **мыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балабақша аумағында қандай сталар бар екенін анықтау; негізгі а рмашылықтары бойынша атауға б мдеу. Аулада өсетін бұт рды тани білу, яғни 2-3 түрлі: жа рағына, діңіне қарап, бұталарды ырату, ерекшеліктерін ай білу (бұталардың бойы төмен, діңі ішке), атауларын; өсетін рнын әңгімелеу. **"Бағбан мен гүл р" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттер: птілік пен шапшаңдықты да ту, алаңның қарсы бөлігіне қү шыдан аскан птілікпен қашып туге үйрету. Дене тәрбиесі бой ша жекелей жұмыс: кеңістікті ғдарлауға арналған жаттығу ы. Балалардың еркін ыны. **"Себетке допты ақтыр" ойын жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды доппен ойындарға тарту; дікке, мергендікке, шап дыққа, зеректікке баулу. Педагог балаларды кі топқа бөледі. Екі топ ортасында бет тұрады. Балалар допты же лақтырған кезде, секіріп себ ге түсіру керек. Себетке көп доп л ғырған балалар тобы жеңіске жет . Құралдары: спорт қ құралдарды жинауға арналған себеп, балаларға доптар. **Еңбек әрекеті: қ ның бетін ұсақ бұталардан, жап рақтардан тазалау.** Мақсат-міндеттер: залыққа тәрбиелеу.	**ғанысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: жәндіктерге деген ызығушылықты арттыру; түсініктерді тиянақтау. Жұмбақ Ұшқанда өлең айтады, Қонғанда жер қазады. Жүнді де ойлап көрейік, Ешшуін кім табады? (Қоңыз) Жәндіктердің атаулары туралы білімдерін бекіту – ары маса, көбелектер атауларын ажырату т.с.с Жардың негізгі түр пішіндері жайлы мағлұмат беру үлдің бетіне отырғанда жапырағына көбелектің кен қанаты ұқсайды, сол кезде ол көрінбей кетеді Негіртке көк түсті, ол судың ішінде көрінбейді т.с.с ар өз орнынан қозғалған жағдайда. Олардың қауіп не қауіпті емес жақтарын айтып өту. **Ғым-ғырақай" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың шапшаңдыққа, ректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу біліктерін дамыту. алалар шеңбер құрайды. р немесе бірнеше бала шеңбер ортасында белгі намақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін каратын болады. л, кәнеки, балалар, р, екі, үш - деп, санаңдар! р, екі, үш! Ал тараңдар! л сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай шады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек і, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - п санағанша, балалар тез шеңбер құрып тұрады. йын қайта басталады. **Кім сені шақырды, тап" ойыны.** Мақсат-міндеттер: басқа баланың дауысынан танып ірету. Құралы: арнайы құрал керек емес. алалар шеңбер жасап тұрады. Біреуі ортаға тұрып өзін жұмады. Тәрбиеші көрсеткен бала, ортада ұрған баланы шақырады. Бала шақырған адамды ауысынан танып табу қажет. Таныса шеңберге ұрады – шақырған бала ортаға тұрады. Еңбек әрекеті: бақшадағы көкөністерді суару.

	Балалардың ... ойындары.	жаттығу ... шықтандыру. Құралдар ... руға арналған ... салынған ... Балалард ... ін ойыны. **Еңбек әр ... і құмның бетін ... бұталард ..., ... ырақтардан тазалау.** Мақсат-м ... р: тазалыққа тәрбиелеу ... **Балалар ... ммен еркін ойындар**	ба ... аны қолме ... ып ... са ... алады. Педагог алды ... ның ... ... інде бала ... ... "К ... оқырларда ... орынды ... ып қояды. Ойын бірнеш ... ... ланады. Ойын карапа ... ... ойнатылады: ... ... қалауынш ... "К ... оқырлард ... ... болады. Жаттығу ойы ... ... сы жерге ... тырып, ау ... ... еп, кейін ... ... қолмен де ... ... алуға ... жаттықтыру. **"Допты жог ... ... рып, ... ып ал" ж ...** Мақсат-мінде ... ... арды ... ... ты екі қол ... ... жоғары ... ... тырып, ек ... ... ып алуға ... дағдыландыр ... ... ректікке тәр ... ... мен ... ойындарға де ... ... нылықты арттыру. **Балалардың ... ... кін ойындары. Еңбек әрекет ... ... ктарды ... ... нан қағы ...** Мақсат-мінде ... ... айым ... еңбек дағдыл ... ... астыру; ... ... лыққа бау ...	... дың ерк ... ... ы.	... ... ідеттер: ... ... ыру, қамқорлыққа тәрбиелеу ... ... ң еркін ойындары.
... еннен оралу	Балалар киім ... урыс шешу,ш ... ... та бүктеп қою, ... жуу әрекетте ... ... і қалыпта ... Таза сумен А ... Беті-қолын ж ... Оған қарап Б ... Суға қолын ... **(мәдени-гиги ... ... к дағдылар)**				
... кі ас	Алдындағы т ... ... а назар аудар ... ... басында оты ... ... бі мен тамақта ... ... ні етіне бауы ... ... ған жек ... ... птілік е ... ... **дени-ги ... ... дағдылар)**				
... балалардың дербес ... ... кеті ... ... имылды, үсте ... ... дары, ... елеу іс-әрекеті	Кітап бұрыш ... ... ткен тақырып ... ... ынша суретте ... ... ау, сипаттап ... ... лерді есте ... ... кейіпкер ... рін қайта ... ... **... уникати ... р, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** Музыкалық ... ... мен ойындар ... күніне арнал ... ... р тыңдату. **(м ... ... лық дағ ... ... ыка)** Өнер бұрыш ... ... ыншықтар та ... ... нда сурет сал ... ... ндеу, жапсыр ... ... стыру. **(шығ ... ... к, сурет с ... ... еу, жапс ... ... ыру)** Қолдың ұсақ ... ... і моторикасы ... ... татын ойында ... ... ымдық дағды ... Кітаптарды с ... ... шеу, салысть ...				

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) Күншуақ тобы.
Топ: ортаңғы
Балалардың жасы: 3 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 22.07 - 26.07.2024ж.
Педагогтың аты-жөні Алимова Гульжан

Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім күніне арналған мерекелік қабылдауды әзірлеу. **(сөйлеуді дамыту, музыка)**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен баланың жалпы көңіл-күйі туралы әңгіме.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**Бөлме өсімдіктерін суару.** Мақсат-міндеттер: балаларға өсімдіктерге күтім жасау тәсілдерін үйретуді жалғастыру (күнге жақын өсімдіктерге суды	**Ойыншықтарды сөрелерге қою.** Мақсат-міндеттер: балаларға ойыншықтарды сөрелерге белгілі тәртіпте қою амалын игерту; тәртіптілікке деген ұмтылысты	**Кітаптарды көркем әдебиет бұрышына орналастыру.** Мақсат-міндеттер: балалардың кітаптарға ұқыпты қарау дағдыларын қалыптастыру, белгілі бір тәртіппен	**Асхана бойынша кезекшілік.** (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттер: балалардың ересектерге көмектесуге, нұсқауларды нақты	**Аквариумдағы балықтарды қоректендіру.** Мақсат-міндеттер: балыққа қамқорлық жасауды дағдыландыру (жемді үгітіп шашырату), аквариумдағы

ТҰРЫҚТЫ ОҚУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) Жұлдыз көбе
Топ: ортаңғы
Балалардың жасы: 3 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 22.07 - 26.07.2024ж.
Педагогтың аты-жөні Алиева Бахытгуль

Апта күндері	*Дүйсенбі*	*Сейсенбі*	*Сәрсенбі*	*Бейсенбі*	*Жұма*
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім күніне арналған мерекелік қабылдауды ұйымдастыру **(сөйлеуді дамыту, музыка)**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, ақпараттық	Ата-аналармен баланың жалпы көңіл-күйі туралы әңгіме.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**Бөлме өсімдіктерін суару.** Мақсат-міндеттер: балаларға өсімдіктерге күтім жасау тәсілдерін үйретуді жалғастыру (күнге жақын өсімдіктерге суды	**Ойыншықтарды сөрелерге қою.** Мақсат-міндеттер: балаларға ойыншықтарды сөрелерге белгілі тәртіпте қою амалын игерту; тәртіптілікке деген ұмтылысты	**Кітаптарды көркем әдебиет бұрышына орналастыру.** Мақсат-міндеттер: балалардың кітаптарға ұқыпты қарау дағдыларын қалыптастыру, белгілі бір тәртіппен	**Аула бойынша кезекшілік.** (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттер: балалардың ересектерге көмектесуге, ұқыпсауларды нақты	**Аквариумдағы балықтарды қоректендіру.** Мақсат-міндеттер: балыққа қамқорлық жасауды дағдыландыру (жемді үстіне шашыратту), аквариумдағы

	көбірек күйып, көленкеде өсетіндерге байқап күю, қажеті бойынша суару), бөлме өсімдіктеріне ұқыпты қарауға үйрету.	қолдау; ойыншықтарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу.	кітаптарды салу мүмкіндігін іс-тәжірибеде көруге машықтандыру.	орындауға деген ұмтылыстарын ояту: ыдыс-аяқты үстел бетіне дұрыс қоюға машықтандыру.	балықтың тіршілігіне қызығушылықтарын таныту.
	"Сыпайы бол" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларға сөздерді сыпай түрде айтуға дағдыландыру. **"Кемпірқосақ" ойыны.** Мақсат-міндеттер: ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту. Балалар ортаға шығып түстерді айтады. Бір бала қарамай тұрып, қайсысы қандай түс айтқанын айтып береді.	**"Лото" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың жеміс-жидек, көкөніс, гүлдер жайлы білімдерін дамыту және олардың өсіп-өнетін орындарын дұрыс атату. Ойын шарты: көкөністерді – бақшаға, жеміс-жидектерді – бауға, гүлдерді – гүлзарларға орналастыру. Үш үлкен карточка-бақша, бау, гүлзар бейнеленген,	**Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; денсаулықты сақтау қағидаларына баулу. "Күнім, күнім..." Күнім, күнім, қайдасың? Түннен бері шығасың. Сенімен бірге оянамын, Жылы нұрыңа шомыламын. Оянамын,	**Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; көркем сөз үлгілеріне, ересектің еңбегіне деген қызығушылықты арттыру. **М. Әлімқұлов, "Аспаз".** Біздің гүл бақшада, Бар әсем асхана. Бар онда аспазшы, Аққөңіл жақсы аға. Әлде, май құймақ па? Көже ме, сорпа ма?	**"Лото" үстел ойыны.** Мақсат-міндеттер: жемістер мен көкөністерді топтастыруға және жалпы атауларын атауға үйрету; зейінді, байқауды дамыту. Балалар берілген суреттерді топтастырады: жемістер, көкөністердің суреттері бойынша. **"Айырмашылықты тап" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттер:

2

	келуге тәрбиелеу. **"Орманшы" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: ойын барысында бір-бірімен қарым-қатынас жасап, өз ойларын ортаға салып, құрдастарының шешіміне келіспеушілік білдіре білу, рөлдерге бөлу,ойыншықты бөлісе білуге дағдыландыру. Бірнеше ағаштың түр-тұлғасын, бөліктерін: діңі, жапырағы, жемісі мен дәні болатынын еске сақтау. Өз білгендерін сөзбен жеткізе білу. **Балалардың еркін ойыны.**	орындықта отырады(орманында) . Ал аралар болып киінген барлық балалар орманға бүлдірген теруге барады. Қимылдармен көрсетіп,мынадай сөздерді айтады: Орманында аюдың, Бүлдіргені көп екен, (екі қолды жайып көрсетеді) Теріп-теріп алайық, (тереді) Қалтамызға салайық! (салады) Аю шықты апаннан (шығады) Бол тезірек қашайық ! (балалар қашады) Соңғы жол сөздерін айтқанда аю тұрып балаларды қуып, ұстайды. Осылай ойын 2-3 ойнатылады.	секіріп себетке түсіру керек. Себетке көп доп лақтырған балалар тобы жеңіске жетеді. Құралдары: спорттық құралдарды жинауға арналған себеп, балаларға доптар. **Еңбек әрекеті: ауладағы жұмыс.** Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше талдарды суаруға үйрету; өсімдікке деген қамқорлыққа тәрбиелеу, үлкендерге көмек беру. **Балалардың еркін ойыны: құммен ойнау.** Мақсат-міндеттер: құммен ойнауға жағдай жасау, балалардың қызығушылығын арттыру.	үйлеріне барып қонады. Түлкі қаздарды қуа жөнеледі, ұстаған қаздарды ініне апарады. Ойын 4-5 рет қайталанады. Балалардың еркін ойыны. **"Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың кегли арасымен баяу және ептілекпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту. Құралдар: кегльдер.	Педагог алдын-ала түрлі түсті гүлдердің кескіндерін алаңға шашыратып жайып салады. Балалар өздеріне ұнаған қоңызды, көбелекті алып, белгі бойынша түсі бірдей гүлге жүгіріп барып, жәндікті гүлдің үстіне қондырады. Ойынды бірнеше рет қайталауға болады. **Еңбек әрекеті: аланды терек бүршігінен тазарту.** Мақсат-міндеттер: балаларды алаңда тазалықты және тәртіпті сақтауға, қоғам мүддесіне жұмыс істеуге баулу. **Балалардың еркін ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды құрастыру ойынына

		Құралдары: аю мен аралардың маскалары, бүлдірген нақпішіндері (муляждары). **"Қандай гүл екенін ойлап тап?" дидактикалық ойыны.** Балаларды сипаттама бойынша гүлдерді ойлап табуға; гүлдерді айыра білулерін бекіту. Балалардың еркін ойыны. Өздерінің еріктері бойынша ойын түрлерін таңдау.Ойын ойнау кезінде белсенділік таныта білуге тәрбиелеу. **Балалардың құммен еркін ойындары.** **Еңбек әрекеті: ойыншықтарды**			кажеттілерді жинастыруға; ойында табиғи заттарды колдануға үйрету.

		құмнан қағып тазалау, қорапқа жинау. Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.			
Серуеннен оралу	Балалар киімдерін дұрыс шешу,шкафтарға бүктеп қою, қолды жуу әрекеттерін одан әрі қалыптастыру. Таза сумен Арман, Беті-қолын жуды. Оған қарап Балжан, Суға қолын созды. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Түскі ас	Түскі асқа көңілдерін аудару, тамақтану мәдениетін қалыптастыруға жеке жұмыстар жүргізу.				
Түскі ұйқы	Тыныш ұйқыға кетуге жағдай жасау.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Төсектегі жаттығулар. Ұйқыдан тұрғанда , бірден төсектен тұруға болмайды. Біртіндеп тұру қажет. 1. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін еркін шығару. 2. Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу. 3. Балалар төсекте, арқаға жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру. 4. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолдарын жанында ұстап, аяқтарын көтеріп велосипед тебу. Төсектен тұрғызу. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас	Бесін асқа көңілдерін аудару, тамақтану мәдениетін қалыптастыруға жеке жұмыстар жүргізу.				
Балалардың дербес	**"Сиқырлы**	**"Мысық пен**	**"Киіз басу" рөлдік**	**"Қонақтарды**	**"Сиқырлы**

13

әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**қапшық" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды қолмен ұстап, сипап-сезу қабілетін дамыту. Тәрбиеші балалардың ортасына "Сиқырлы қапшық" әкеледі. Балалардың арасынан бір баланы таңдап алады. Ол бала көзін жұмып, қолын "сиқырлы қапшыққа" салып, кез келген затты таңдап алып, қолын "сиқырлы қапшықтан" шығармаған бойы сол затты сипаттайды. Қалтадан қолын шығарып, затты көрсетеді. **"Жидек тереміз"**	**тышқандар" ойыны.** Ойын азғана балалар тобымен бөлмеде (кілем үстінде) немесе далада, жұмсақ шөпті алаңда, өткізіледі. Қырынан қойылған гимнастикалық тышқандарға арналған орын қоршалады. Мысық таңдап алынады. Ол үлкен орындыққа немесе кесілген ағаштың түбіріне отырады. Тышқандар індерінде отырады. Тәрбиеші былай дейді: Тышқанға сақшы санап өзін мысық, Жатады ұйықтағансып көзін қысып. Тышқандар індерінен жүгіріп шығып	**ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларға киізді басу әрекеттеріне машықтандыру; ересектердің еңбегіне деген қызығушылықты арттыру; ептілікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Құралдары: киізге ұқсас көрпелер, таяқтар, жіптер. Киіз басып аяқпен, Дөңгелентіп аламыз. Сабалаймыз таяқпен, Білектейміз, жаямыз. Г. Кужагулова. **"Өзіңе жұп тап" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды бір-біріне итерместен жүгіруге үйрету, үлкен құрылыс ойыншықтарымен ойнау.	**қарсы алу" сюжетті-ролдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: қонақтарды қарсы алу туралы білімдерін жетілдіру. Балалардың рөл таңдаудағы талпыныстарын құптау, ойын ортасын жетіспейтін заттармен, ойыншықтармен толықтыру. **"Біз естиміз-жасаймыз"ойыны.** Мақсат-міндеттер: мәтін бойынша естіген сөздерді, қимылмен көрсетуге машықтандыру; ой-ұиялды, пантомималық қабілеттерді қалыптастыру..	**қапшық" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды қолмен ұстап, сипап-сезу қабілетін дамыту. Тәрбиеші балалардың ортасына "сиқырлы қапшық" әкеледі. Балалардың арасынан бір баланы таңдап алады. Ол бала көзін жұмып, қолын «сиқырлы қапшыққа» салып, кез келген затты таңдап алып, қолын «сиқырлы қапшықтан» шығармаған бойы сол затты сипаттайды. Қалтадан қолын шығарып, затты көрсетеді. **"Аурухана"сюжетті**

14

	ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды жидекке шығу, шөп, бұта арасынан іздеу, теру, себепке салу әрекеттеріне машықтандыру; жидекті теру үшін еңбек керектігін түсіндіру; коммуникативті қабілеттерді дамыту. Құралдары: себеттер, жидектердің нақпішіндері. Ойын аула жағдайында ұйымдастырылса, алдын-ала шығып, бұтақтарға жұмсақ қызыл түсті қағаздан шиыршықтарды (жидектерді) жапсырып, шөп арасына шашыратып қоюға болады.	(сатының баспалдақтары арасынан өтеді немесе жіптен секіреді), жүгіре бастайды. Біраз уақыттан кейін тәрбиеші: Тыныштандар, тышқандар, бекерге шулап күлмеңдер. Ұйқыға жатқан мысықты оятып алып жүрмеңдер, - дейді. Бұл – мысыққа берілген сигнал; ол орындықтан түседі, төрт аяқтап тұрады, керіледі, қатты даусын шығарып "мияу" дейді де індеріне қашып бара жатқан тышқандарды ұстай бастайды. Ойындарды басқа тышқандармен 3-4 рет қайталауға болады.			**-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың дәрігер мамандығы туралы, оның іс-әрекеттері туралы білімдерін бекітуді жалғастыру, құралдарды (шприц, термометр, тонометр) дұрыс атауға үйрету.

		Алғашқыда мысықтың рөліне мықтылау, тез қимылдайтын балалады, ал кейін істеген ісін мақтап қойып, ұялшақтау балаларды да қоюға болады. **"Кемпірқосақ" ойыны.** Мақсат-міндеттер: ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту. Балалар ортаға шығып түстерді айтады. Бір бала қарамай тұрып, қайсысы қандай түс айтқанын айтып береді.			
Балалармен жеке жұмыс	**Көркем сөзді жаттау жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген	**"Неге ұқсайды?"(балалар тобымен жұмыс)** Мақсат-міндеттер: зейінді, байқағыштықты дамыту.	**"Пішіні бойынша таңда" (топпен жұмыс)** Мақсат-міндеттер: балалардың геометриялық пішіндер туралы	**Көркем әдебиет шығармаларын оқу.** Мақсат-міндеттер: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық	**"Жаз" тақырыбындағы сюжеттік суреттерді қарау. суреттер** бойынша сұрақтар қою, балалардың сұрақтарға толық

16

	қызығушылықты арттыру. "Гүлдер". Гүлдер, гүлдер, көп гүлдер. Қызыл гүлдер, көк гүлдер, Жайнар кезім келді - деп Қанатарың желбіреп, Таңмен бірге оянып, Күн нұрына боянып, Көрік бердің балаға. Т. Молдағалиев.	Балаларға екі затты көрсету. Мысалы:"Бір түсті доп пен бір түсті текшені қарастыру. Екеуінің айырмашылығы мен ұқсастығын сұрау. Жалпы: екі зат да ойыншықтар, екеуі де бірдей түсті. Айырмашылықтар: доп-дөңгелек, текше-шаршы, доп-үлкен, текше - кішкентай. Ойынды қиындата отырып, балаға аз айырмашылықтары бар заттарды көрсетіңіз, мысалы: бір түсті екі машина, бірақ әртүрлі дөңгелектері, дене пішіні және т. б.	білімдерін бекіту, заттардың пішінін дұрыс атау.	тіркестерін қайталауға деген ұмтылыстарын қалыптастыру. Балаларда көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту.	жауап беруін қадағалау.
Серуенге дайындық	Серуенге деген құштарлықты ояту, серуенге қажетті құралдарды әзірлеу, балалармен жеке сұхбат жүргізу, киімдерді реттілікпен кию: жейде, шалбар, бас киім және аяқ киім.				
Серуен	**Терек бүршігін бақылау. (қоршаған**	**Жазғы гүлдерді бақылау (барқыт**	**Жазғы гүлдерді бақылау**	**Жазғы гүлдерді бақылау**	**Жазғы гүлдерді бақылау (петуния).**

17

	ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: өсімдіктердің жазғы өсуінде болатын өзгерістерді байқауға машықтандыру; теректі өзге ағаштардан діңіне, жапырақтарына, бүршігіне қарап, ажыратуға дағдыландыру; ұғымталдыққа, мұқияттылыққа тәрбиелеу. Терек - жиі кездесетін, суыққа, ыстыққа төзімді ағаш; бүршіктері атқан кезде сырғаларға ұқсайтынын, содан соң жарылып, мамығы шығатынын көрсету; мамықта теректің тұқымын	**гүлі). (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балалардың барқыт гүлі жайындағы түсініктерін жетілдіру; барқыттың өзге гүлдерден айырмашылығын айтуға баулу; гүлдерді аялауға тәрбиелеу. Балаларға барқыт гүлдерін қарастыруды ұсыну. Балалардан түсін, жапырақтары мен сабағының ерекшеліктерін білуге шақыру, ұстап-сипау әрекеттерін ұйымдастыру. Барқыт гүлдерінің сары, қызыл-сары түсті болуына, иісі	**(календула). (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балалардың календула гүлі жайындағы түсініктерін жетілдіру; календула гүлінің өзге гүлдерден айырмашылығын айтуға баулу; гүлдерді аялауға тәрбиелеу. Балаларға календула гүлдерін қарастыруды ұсыну. Балалардан түсін, жапырақтары мен сабағының ерекшеліктерін білуге шақыру, ұстап-сипау әрекеттерін ұйымдастыру.	**(түймедақ). (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балалардың түймедақ гүлі жайындағы түсініктерін жетілдіру; түймедақтың өзге гүлдерден айырмашылығын айтуға баулу; гүлдерді аялауға тәрбиелеу. Балаларға түймедақты қарастыруды ұсыну. Түймедақтың күлтешісі ақ, күлтеші жапырақтарының өте көп екеніне, ортасы сары болғанына көңіл аудару. Көркем сөз. Жұмбақ. Неткен әсем бұл аймақ!	**(коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: бақта және жапықта өсетін гүлдер туралы білімін жүйелеу және бекіту; петунияның гүлінің құрамы неден тұратынын түсіндіріп, гүлдерді суарып, баптау қажеттілігі туралы айтып, қамқорлыққа баулу. Сабағы, түбірі, жапырағы, гүлденуі; гүлдер қалай көбейеді. Жаз басында гүлдер сары болады, содан соң ақ, жаздың аяғында ақшыл көк, қызыл болады; тәңертең гүл күлтесінің ашылып, кешке жабылатындығын

	көрсету. Мамықтарды желмен ұшырылып, алыс-жақын жерлерге түсіп, тарайтынын түсіндіру. Бақта өсетін ағаштардың гүлденуін бақылауды жалғастыру. Ағаштарды түсіне қарай қарау, жәндіктердің үймелеуін белгілеу, гүлдеген ағаштардың сұлулығын айыра білу, ағаштардың пайдасы жөнінде балалардың түсінігінде қалыптастыру. Аллергиясы бар сезгіш балалардың қатысу-қатыспауын ескеру керек. **Еңбек әрекеті: ағаштар мен бұталарды суару.**	хош екендігіне көңіл аудару. Гүлдің алыстан ортасы сарғыш, күлтешісі қалың қызыл-сары шар тәрізді екендігін байқауға шақыру. Аллергиясы бар сезгіш балалардың қатысу-қатыспауын ескеру керек. **Еңбек әрекеті: гүлзарда өскен гүлдерді суару.** Мақсат-міндеттер: өз міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға тәрбиелеу; өсімдіктерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Құралдары: су құйғыш. **"Көбелекті ұстап алу" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер:	Календула гүлдерінің пішіні қарапайым, күлтешісі сары түсті болуына, иісі хош екендігіне көңіл аудару. Гүлдердің кеуіп, солып жатса, ұрық беретінін, ұрықтың сырғаға ұқсайтынын көрсету. Аллергиясы бар сезгіш балалардың қатысу-қатыспауын ескеру керек. **Еңбек әрекеті: календула ұрықтарын жинау.** Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, гүлдерді аялауға тәрбиелеу. Құралдары: қағаз пакеттері. **"Өз ағашыңды тап" қимыл қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер:	Дала, қар түскендей, аппақ. Қарасаң, сары нүктелер, Ақ мамықтай бишілер. Түймедақты емді өсімдіктерге жатқызатынын түсіндіру, кептірілген күйінде суға бықтырылып ішуге пайдалы екендігін көрсету. **Еңбек әрекеті: гүлзарда өскен гүлдерді суару.** Мақсат-міндеттер: өз міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға тәрбиелеу; өсімдіктерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Құралдары: су құйғыш. **"Пойыз" ойыны.** Тәрбиеші "Пойыз"	айту. Гүлдердің әсемдігін қызықтай білуге тәрбиелеу және топты безендіруге қанша гүл керек болса, сонша жинау. балаларға гүлдер туралы тақпақты оқып беру. "Көктем келді гүл алып", Ө. Тұрманжанов. Көктем тілін ұғайық. Қызғалдақты терейік, Теріп үйге келейік. Көбелектей киінген. Гүлді көріп сүйінген. **Еңбек әрекеті: кеуіп қалған петунияның тұқымдарын пакеттерге жинау.** Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, еңбеккорлыққа тәрбиелеу. Аллергиясы бар сезгіш балалардың

19

	Максат-міндеттер: өз міндеттерін жауапкершілікпен аткаруға тәрбиелеу; өсімдіктерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Құралдары: су құйғыш. **"Өзіне жұп тап" ойыны.** Максат-міндеттер: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтінінің сөзіне сай кимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру мен жүру дағдыларын дамыту. Тәрбиеші ойнаушыларға иегізгі түстен бір -бір жалаудан таратады. Дағыраның	балаларды белгі бойынша орнында секіру кимылдарына дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, жігер-күшін, зейінді дамыту; шапшаңдыкка, достыкка тәрбиелеу. Ойын барысында педагог балаларды бір затты (кобелекті) ұстап алу максатында жоғары секіруге жаттықтырады. Педагог нұскауларында секіріп, орнына кайта түсуде тепе-тендікті сактап, құлап калмауды ескеру керек. **"Гүлдер мен аралар" кимыл-қозғалыс ойыны.** Максат-міндеттер: балаларды белгі	балаларды кеністікті бағдарлауға баулу; табиғатты аялауға тәрбиелеу. Педагог белгі берген кезде балалар өз ағаштарына карай барып, ағашты атап, неге жаксы коретінін бір-екі ауыз сөзбен айтады. **"Аю және ара" кимыл-қозғалыс ойыны.** Максат-міндеттер: балаларды ойын сөздерін айта отырып, кейіпкерлерді нак көрсете білуге дағдыландыру, Белгіні естіп тапсырманы жылдам орындай білуге, шыдамдылыкка, шапшаңдыкка тәрбиелеу. Құралдары: аю мен	ойынын ойнауды ұсынады: "Мен паровоз боламын, ал сендер кішкентай вагонсындар". Балалар бірінің соңынан бірі алдында тұрғанның киімін ұстап колоннага тұрады. "Кеттік", – дейді тәрбиеші, балалардың бәрі "шу-шу" деп дабырлап, оның артынан жүре бастайды. Тәрбиеші пойызды бір бағытта, одан кейін екінші бағытта жүргізеді, одан кейін жүруді баяулатады, ақырында токтайды да: "Кідіріс" ("Аялдама"), деп хабарлайды. Біраз уақыттан кейін тағы да гудок беріледі де поезд кайтадан жолға аттанады.	катысу-катыспауын ескеру керек. **"Аю және ара" кимыл-қозғалыс ойыны.** Максат-міндеттер: балаларды ойын сөздерін айта отырып, кейіпкерлерді нак көрсете білуге дағдыландыру, белгіні естіп тапсырманы жылдам орындай білуге, шыдамдылыкка, шапшаңдыкка тәрбиелеу. Құралдары: аю мен аралардың маскалары, бұлдірген накпішіндері (мүляждары). Аю болып кинген бала немесе тәрбиеші орындыкта отырады (орманында). Ал аралар болып кинген

	белгісімен, шапалақпен – жалауын көтеріп алаңда жүгіреді. Келесі белгімен – даңғыраны бірнеше ұрғылаумен, шапалақпен, "Өзіне жұп тап"- деген сөзбен, түстері бірдей жалаулары бар балалар жұп құрады. Әр жұп өз беттерімен фигура жасайды. Жұпсыз қалғандарға ойнаушылар мынадай сөздер айтады: "Арман, Арман, аузыңды ашпай, тезірек жұбыңды таба ғой". Содан кейін белгі бойынша барлығы алаңға жүгіріп келеді: 5-6 рет ойын қайталанады. Ұсыныс: ойында тақ	бойынша жұптарға жиналуға және жан-жаққа тарап жүгіруге дағдыландыру. Құралдар: таратпалы медальондар: гүлдер мен аралар. **Балалардың еркін ойындары.**	аралардың маскалары, бүлдірген нақпішіндері. Аю болып киінген бала немесе тәрбиеші орындықта отырады (орманында). Ал аралар болып киінген барлық балалар орманға бүлдірген теруге барады. Қимылдармен көрсетіп,мынадай сөздерді айтады: Орманында аюдың, Бүлдіргені көп екен, (Екі қолды жайып көрсетеді) Теріп-теріп алайық, (Тереді) Қалтамызға салайық! (Салады) Аю шықты апаннан (Шығады) Бол тезірек қашайық ! (Балалар қашады) Соңғы жол сөздерін айтқанда аю тұрып	**"Допты қуып жетіңдер!" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың доппен ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру; допты тура бағытта домалатып, оны қуып жете білуге дағдыландыру; шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу; достыққа тәрбиелеу. Педагог балаларды екі топқа бөліп, түзу сызықтың бойына тұрғызып, қай баланың атын атайды, сол бала педагог домалатып жіберген допты тез қуып жетіп, келесі кезекте тұрған балаға береді. 2-3 балаға дейін атап шақыруға болады. **Балалардың еркін**	барлық балалар орманға бүлдірген теруге барады. Қимылдармен көрсетіп,мынадай сөздерді айтады: Орманында аюдың, Бүлдіргені көп екен, (Екі қолды жайып көрсетеді) Теріп-теріп алайық, (Тереді) Қалтамызға салайық! (Салады) Аю шықты апаннан (Шығады) Бол тезірек қашайық ! (Балалар қашады) Соңғы жол сөздерін айтқанда аю тұрып балаларды қуып, ұстайды. Осылай ойын 2-3 ойнатылады. **"Допты жоғары лақтырып, қағып ал" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер:

	сан ойнаушылар қатысады, тәрбиеші де қатысады. Тәрбиешіде әртүрлі түсті жалаулар болуы керек: ойын қайталанғанда балалардың жалаулары ауысады. Ойыншықтар белгі бойынша өздеріне жұп таңдайды. **"Түзу жолмен" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: биік емес бөрене үстімен жүріп,екі аяқты бүге отыра секіруге дағдыландыру. **Балалардың еркін ойындары.**		балаларды қуып, үстайды. Осылай ойын 2-3 ойнатылады. **Балалардың еркін ойындары.**	**ойындары.**	балаларды допты екі қолмен ұстап, жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алуға дағдыландыру; ептілікке, зеректікке тәрбиелеу; доппен ойындарға деген қызығушылықты арттыру. **Балалардың еркін ойындары.**
Серуеннен оралу	Балалар киімдерін дұрыс шешу,шкафтарға бүктеп қою, қолды жуу әрекеттерін одан әрі қалыптастыру. Таза сумен Арман, Беті-колын жуды. Оған қарап Балжан, Суға колын созды.				

	(мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Кешкі ас	Алдыңдағы түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттап айту; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** Музыкалық аспаптармен ойындар. Білім күніне арналған әндер тыңдату. **(шығармашылық дағдылар, музыка)** Өнер бұрышында ойыншықтар тақырыбында сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру. **(шығармашылық, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. **(танымдық дағдылар)** Кітаптарды санау, өлшеу, салыстыру.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	"Бағдаршам - біздің көмекшіміз" атты ата-аналарға кеңес беру.	"Сыпайылық ережелері" тақырыбында жаднамалар.	"Өз-өзіне қызмет көрсетуді үйрету" туралы кеңес.	"Жазғы шынықтыру" тақырыбында жаднама.	"Жазғы қызықтар" суреттер көрмесі.

01. 07. 2024

Орта жас тобы

Жаратылыстану: Шуақты күн*

Оқу қызметінің мақсаты

Күн сәулесінің бүкіл жер бетін жылытатыны туралы білімдерін кеңейту. Күн сәулесі болмаса, тіршілік жоқ екенін түсіндіру. Балалардың сөйлеу, еске сақтау, ойлау қабілетін дамыту; күннің жер бетіндегі тіршілікке қажет екендігі туралы түсінік қалыптастыру.

Сөздік жұмыс

Шуақты күн.

Әдіс-тәсілдер

Сергіту сәті, дидактикалық ойын «Күн шуағы», қозғалмалы ойындар.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Дыбыстық жазба.

А4 форматына салынған көңілді және көңілсіз күн көзінің суреттері.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Айна, ойын игровизорлары (мысық, ит, аю, қоян суреттері және қарама-қарсы шашыраңқы түрде осы жануарлардың көлеңкелері), фломастерлер, күннің, бауырсақ, алма, дөңгелек, қызанақ суреттері.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Педагог тақпақ оқиды:

Кең аспан ғой, Ай Күннің
Қашаннан-ақ тұрағы.
Кейде сол Күн Айгүлдің
Көзінде де тұрады.

Кейде кіріп бөлмеме,
Ол ойнайды айнада
Шомылады көлге де,
Шуақ шашып қайда да.
- Бұл тақпақ не туралы?
- Күннің көзі туралы.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1.
- Күн қандай?
- Күн сары, дөңгелек.
- Дұрыс. Күн жылы, нұрлы, жарқырайды.
Күн бәрінен бұрын оянып, бетін жуып, биік аспанға «жақсы істер жасау» үшін көтеріледі.
- Балалар күн қандай «жақсы істер» жасайды? Күн жер шарын жарықтандырады, ол жерді жылытады, бәрін өзінің нәзік сәулелерімен оятады.
- Балалар, кейде күннің көзі аспанға аз шығып, сол кезде ол жылуын жер бетіне сыйламайды. Бұл қандай уақытта болады деп ойлайсыңдар?
- Күн райы бұлтты болған күндерде.

2.2. - Қараңдаршы, бүгін күннің көзі нұрын шашып, жарқырап тұр. Қазір, біз «Күн сәулесі» деген қимылды ойын ойнаймыз.
~~(көңілді әуен қосылады)~~
- Бірінші топтағы балалар қолдарына айна алыңдар. Екінші топтағы балалар күннің сәулесін ұстап алулары керек. Бірінші топтың балалары қолдарындағы айнамен күннің сәулесін түсіреді. Кейін орындарын ауыстырады.
- Жарайсыңдар, балалар!
Ал, балалар, тұрамыз.
Айналаны шоламыз.
Күн нұрындай жарқырап,
Жер бетіне қонамыз.

2.3. Сергіту сәті.
Ал, балалар, тұрамыз,
Айналаны шоламыз.
Күн нұрындай жарқырап,
Жер бетіне қонамыз.
(мәтінге байланысты қимыл-қозғалыстар жасайды)

2.4. Дидактикалық ойын
«Күн шуағы».

Ойын шарты: балалар тақтаға шақырылады. «Күн не үшін керек?» сұрағы қойылғанда балалар күн шуағының айналасына үстел үстінде жатқан суреттерді іріктеп алып қояды.

~~**(адам, жәндіктер, өсімдіктер, жан-жануарлар т.б.)**~~

2.5. «Игровизорлар» ойыны

- Күннің көзі қатты жарқыраған кезде, кез келген заттардың көлеңкесі пайда болады. Әр суреттің көлеңкесін табу керек. Алдарыңдағы маркерді алып, әр заттың көлеңкесін сызып көрсетіңдер.

~~**(мысық, ит, қоян суреттері, ал қарама-қарсы араласып олардың көлеңкелері жатыр)**~~

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Балалар, бүгінгі оқу қызметіміз сендерге ұнады ма?

Балалардың жауаптары.

- Бізге күн не үшін керек?
- Адамзат пен жер шарын жылыту үшін, жарық беру үшін.
- Біз күнсіз тіршілік ете аламыз ба?

Балалардың жауаптары.

- Иә, дұрыс айтасыңдар, күнсіз тіршілік жоқ.
- Ендеше, балалар, барлығымыз күн сияқты дөңгеленіп тұрайық, күннің шуағын (гимнастикалық таспа (лента)) ұстап, барлығымыз бір-бірімізге жылы лебізімізді, алғысымызды білдірейік.

~~**раздаточные карточки - солнце на А4 по 8шт, и рисунок солнце с ленточками**~~

02.07.2024

Орта жас тобы

Дене шынықтыру: Тепе-теңдікті сақтайық

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру жаттығуын орындау; жүгіру кезінде балалардың бір-біріне соғылып қалмауы үшін арақашықтық сақтап жүгіруге жаттықтыру және бір бағытта жүгіріп келе жатып, келесі бағытқа белгі бойынша тез ауысу дағдыларын жетілдіру; сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру жаттығуын, гимнастикалық орындықтың үстімен жүру техникаларын жетілдіру.

Сөздік жұмыс

"Епті сіңдер!", "Жылдамсыңдар!", "Жаттығуларды өте жақсы меңгеріпсіңдер!" және "Тамаша!", "Бәрекелді!" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Шаттық шеңбері, жалпы дамыту жаттығуларына дайындық, жалпы дамыту жаттығулары, негізі қимыл жаттығулары,"Орныңды тап", "Допты себетке сал" қимылды ойындары, тыныс алу жаттығуы.

Құрал-жабдықтар

КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Даңғара, гимнастикалық орындық, түрлі-түсті доптар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Шаттық шеңбері.

Кел балалар ортаға!
Үлкен шеңбер құрайық!
Қайырлы таң алтын күн!
Қайырлы таң көк аспан!

Қайырлы таң жер ана!
Қайырлы таң достарым!
Достарымды көргенде!
Қуана қарсы аламын!
Қолымыздан ұстасып!
Жылулықты алайық!

1.2. Педагог:
- Балалар, музыка әуенімен менің соңымнан жүреміз. Мен жүріп келе жатып, қандай қимылдар жасаймын, сол қимылдарды қайталаймыз.
- Жарайсыңдар!
Балалар музыка әуенімен сап түзеп бірінің артынан бірі жүреді, педагогтің белгі беруі бойынша аяқтың ұшымен және өкшемен жүреді, жай қалыпқа түсіп, тез ойнаған музыка әуенімен жүгіреді, бастарын төмен түсірмей, шалынып кетпей, аяқ-қолды бірге қозғалтып, еркін жүгіру қимылдарын көрсетеді. Жүріп келе жатып, шеңбер құрады және қайтадан сапқа тұрып, біртіндеп жүріп келе жатып жалпы дамыту жаттығуларын жасауға тұрады.

Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Жалпы дамыту жаттығулары

Педагог:
- Балалар, менімен бірге жаттығуларды орындайықшы!
Доппен орындалатын жалпы дамыту жаттығулары

Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз

1. Бастапқы қалып аяқтың арасын алшақ қойып, допты екі қолмен алда ұстау.
1.1. Допты жоғары көтеріп, оңға және солға қарай бағыттау (6–8 рет қайталау).
1.2. Бастапқы қалыпқа келу.

2. Бастапқы қалып тік тұру, допты екі қолмен ұстау.
2-1 жерге отырып, допты жерге қою, тұрып допты алға қарай бағыттау (4-5 рет қайталау).
2-2 бастапқы қалыпқа келу.
3. Допты екі қолмен ұстап, бір орында 20-30 сек. секіру.

2.2. Негізгі қимыл жаттығулары

- Балалар, мен даңғараны соғып біткенше дейін, сендер екі топқа тезірек бөліну керексіңдер. Балалар қуана келіседі.

Педагог балаларға сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру жаттығуын көрсетеді. Жүгіру кезінде балалардың бір-біріне соғылып қалмауы үшін арақашықтық сақтап жүгіруге жаттықтырады және бір бағытта жүгіріп келе жатып, келесі бағытқа белгі бойынша тез ауысу дағдысын естеріне түсіреді. Содан кейін балаларды екі топқа бөліп, бір топқа сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру жаттығуын, екінші топқа гимнастикалық орындықтың үстімен жүру жаттығуларын кезек-кезек көрсетеді. Жаттығу аяқталғанда екі топ келесі жаттығу түрін жасау үшін ауысады. Екі топ өздеріне берілген тапсырмаларды орындап жатқанда педагог жаттығулардың жасалу техникасына көңіл бөліп, дұрыс меңгере алмай жатқан балаларға ескерту жасайды. Гимнастикалық орындықтың үстімен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтап, епті, жылдам болуды ескертеді. Жаттығуларды жақсы жасап жатқан балаларға "Ептісіңдер!", "Жылдамсыңдар!" және "Керемет!", "Жарайсыңдар!" деген сөздер айтып, шабыттандырып отырады.

2.3. "Орныңды тап" қимылды ойыны.

Педагог балаларды жұпқа бөледі, содан кейін екі-екіден бір-бірінің артына тұрады, кең шеңбер құрайды.

Жұптар арасындағы қашықтық - 2-3 қадам. Ойынды жүргізуші және жұпсыз қалған ойыншы бастайды. "Жұпсыз қалған" ойыншы қашып кетеді-жүргізуші қуып жетеді. "Жұпсыз қалған" ойыншының міндеті, қашып жүріп, күтпеген жерден кез-келген жұптың алдында тұру. Жүргізуші қашып жүрген ойыншыны қуып жетпесе, бір-бірінің артында тұрған жұптың біреуі "артық" қалады. "Артық" ойыншы қашатын болады. Ойын бірнеше айналымды құрайды.

2.4. "Допты себетке сал" қимылды ойыны.

Барысы: педагог балаларды екі командаға бөледі. Әр команда шеңбер болып тұрады.Шеңбердің әртүрлі жерлерінде тұрған 2 балаға түрлі-түсті доптар береді. Педагогтің "бастадық" деген белгісі бойынша балалар доптарды бір-біріне тез бере бастайды. Егер бір балада бірден екі доп болса, ол ойыннан

шығады. Ойынды 3-4 рет қайталағаннан кейін, бала бәрімен бірге ойнайды. Алдымен ойын екі доппен өткізіледі. Ойын ережелерін қатаң сақтаған команда жеңіске жеңеді.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Тыныс алу жаттығуы.

- Балалар, қолдарындағы жалаулармен тыныс алу жаттығуын жасауға қалай қарайсыңдар? Балалар қуана келіседі.
- Ол үшін жалауларды үрлейміз. Бір, екі, үш...Тамаша!
- Ал енді, мен даңғараны ұрғанша дейін, бір-бірлеріңнің артына тұру керексіңдер. Жарайсыңдар!

Педагог балаларды шеңбер бойымен жүргізіп, залдан шығып кетеді.

03.07.2024

Орта жас тобы

Көркем әдебиет: "Мақтаншақ қоян" ертегісі

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ

Балаларға ертегі мазмұнын түсініп тыңдауды, ертегі кейіпкерлерінің жағымсыз қылықтарын көрсете алуды, ертегіні мазмұндауды, рөлдерге бөлініп ойнауды үйрету; ойын, қиялын, тілін, сөздік қорын дамыту; тазалық сақтауға, адамгершілікке тәрбиелеу.

СӨЗДІК ЖҰМЫС

Белсенді сөздік қорға: мақтаншақ, қоян, арпа, қарға сөздерін қосу.

ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Шаттық шеңбері, жұмбақ жасыру, ертегі оқу, сергіту сәті, «Не жақсы, не жаман?» дидактикалық ойыны, саусақ жаттығуы, пысықтау.

ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР

1. Көрнекілік материалдар.

Қоян. «Мақтаншақ қоян» ертегі желісіне байланысты суреттер. Жақсы және жаман іс-әрекеттер бейнеленген суреттер.

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БАРЫСЫ

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Шаттық шеңбері.

Қайырымды жандар айнала,
Шеңберге келсін жайлана.
Жалықпастан қайта біз,
Махаббат сөзін айтамыз.
Сүйеміз барлық әлемді,
Әлемдегі бар елді.

Бақыттымыз осы біз
Қасымызда досымыз!
Балалар бір-біріне жылы шыраймен амандасады.

1.2. Жұмбақ жасыру.

Қалқиып ұзын құлағы
Елеңдеп қорқып тұрады.
Ол не? (Қоян.)



Әңгімелесу.

- Қоян қандай аң? Қоян жабайы аң.
- Ол қандай? Ол қорқақ.
- Қоянның түрі қандай? Құлағы ұзын, көзі бақырайған, аяғы ұзын, жүні жұмсақ.
- Балалар, қоян туралы ертегі білесіңдер ме?

Балалардың жауаптарын тыңдау.

- Қазір сендерге қоян туралы ертегі оқып беремін.

Балалар қызығушылық танытады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ертегі оқу.

«Мақтаншақ қоян» ертегісі.

Орманда бір қоян өмір сүріпті. Ала жаздай сайраңдап, тоғайдағы жеміс-жидектерді теріп жепті. Қыста қарны ашып, ауылға арпа ұрлауға барады екен.



Бір күні ол ауыл шетінде тұратын шаруаның үйіне ұрлыққа келеді. Қорасына кірсе, іші қаптаған қоян. Ол мақтана бастайды:



сендер үйде тұрсаңдар қайтейін?! Мен сендерден бәрібір артықпын. Менің мұртым мұрт-ақ! Сендердікіндей емес! Ал, табаным мен тістерім ше? Сендердікі салыстыруға да келмейді... Мен ешкімнен қорықпаймын!

Үй қояндары мақтаншақ қояннның қылығын қарға тәтелеріне айтып береді. Ол бөспе қоянды жазаламақ болып, іздеп тауып алады.



Даңғой қоян шошып кетеді:

- Қарға тәте! Тиіспеші. Мен бұдан былай мақтана беріп, елдің мазасын алмайтын боламын!

- Солай де! Босқа мақтанба! Елден ерекшелігіңді бос сөзбен емес, ісіңмен көрсет! - дейді қарға.



Арада біраз күн өткен соң, әлгі қарғаны иттер талап жатыр екен ... Жаны ашып кеткен қоян оны құтқармақ болады. Иттердің назарын өзіне аударып, тұра жүгіреді. Қарғаны тастай салған иттер қоянды қуа жөнеледі. Ол қашып құтылады.

Қояннның ерлігіне риза болған қарға оған келіп жолығып:



- Рақмет саған! Сен мақтаншақ емес екенсің, мақтауға тұратын ер екенсің! - деп ризашылығын білдіреді.

2.2.Сергіту сәті.

Ұзын құлақ сұр қоян,
Естіп қалды сыбдырды.
Ойлы-қырлы жерлермен,
Ытқып, ытқып жүгірді.
Қарап енді артына,
Қиығын сап көзінің.
Келе жатқан томпаңдап,
Көжегі екен өзінің.

2.3. «Не жақсы, не жаман?» дидактикалық ойыны.

Педагог балаларға интербелсенді тақтадан жақсы және жаман іс-әрекеттер бейнеленген суреттерге қарап, оларды ажырату керектігін айтады.





















2.4. Саусақ жаттығуы.

Күн көжек ойнайды,
Секіріп қоймайды.
(үстел бетінде күн көжек ойнап жүргенін көрсету)
Қолымнан асады,
Ұстатпай қашады.
(қолдарын бір-біріне секірту)


3. ҚОРЫТЫНДЫ

Ұйымдастырылған іс-әрекетті пысықтау мақсатында педагог:

- Балалар, бүгін біз қай ертегімен таныстық? Иә, бүгін біз «Мақтаншақ қоян» ертегісімен таныстық.
- Ертегі не туралы? Қоян туралы.
- Ол қандай екен? Мақтаншақ.
- Ол не деп мақтанды?

Балалардың жауаптарын тыңдау.

- Мақтаншақ болуға бола ма? Жоқ. Мақтаншақ болуға болмайды.
- Балалар, бүгін тағы не үйрендік? Иә, біз енді жақсы мен жаман іс-әрекеттерді бір-бірінен жақсы ажырата аламыз. Солай емес пе? Тамаша!



09.07.2024

Орта жас тобы

Сурет салу: Орманға жидек теруге барамыз

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға жидектері бар бұталар бейнеленген композиция құруға үйрету; бейнелейтін затты дұрыс орналастыруды түсіндіру; кеңістікті бағдарлау дағдыларын, көру қабілеттерін дамыту; табиғатты аялауға, тиянақтылыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Бүлдірген, таңқурай, көкжидек, жидектер, саусақпен сурет салу.

Әдіс-тәсілдер

«Жидектер» атты бейнебаяннан үзінді көру, ән тыңдау, таңғажайып сәт, суретті қарастыру, саусақ жаттығуы, түсініктемелік көрсетілім, түсіндіру, жеке сүйемелдеумен дербес әрекет, саусақпен сурет салу, ынталандыру, мақтау, дидактикалық ойын, қорытындылау, рефлексия.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

«Орман жидектері» иллюстрациясы, мультипликациялық фильм, үлгі, көрсетілімге арналған қалып. Заттық суреттер: бүлдірген, көкжидек, таңқурай, қарақат, құлпынай, шие, қарлыған.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Қалып беттер, көк, қызыл түсті езілген гуашь бояулары, майлықтар.

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Тәрбиеші оқу қызметі үшін қолайлы жағдай орнатады.

- Қазір қандай жыл мезгілі?
- Жаз.
- Жаз мезгілі өте ыстық. Күн жарқырап, айналасына жылуын шашады, оның жылуынан гүлдер ашылады, дәмді жемістер мен жидектер, көкөністер піседі.

«Жидектер» бейнебаянынан үзінді көру.

Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз

Мазмұны бойынша сұрақтар:
- Жидектер жылдың қай мезгілінде піседі?
- Жидектер жазда, күннің көзінде піседі.



- Мультфильмде қандай жидектер жайлы айтылды?
- Бүлдірген, көкжидек, таңқурай, қарақат, құлпынай, шие, қарлыған туралы.
- Жидектер қалай өседі?
- Олар аласа бұталарда, кішкентай, жіңішке бұтақтарда өседі, бірақ ағашта өсетін жидектер де бар.
- Жидектердің түсі неліктен қызыл немесе көк болады?
- Күн сәулесі оларды қыздырады, соның жарығы мен жылуының арқасында жидектер піседі.

1.2. Таңғажайып сәт.

Дәрумен дәрігерінің келуін қуыршақ немесе интербелсенді тақтадағы суретпен көрсетуге болады.



Тәрбиеші мен балалар келген қонақпен амандасады.
Қонақ бүлдірген, көкжидек, таңқурай, қарақат, құлпынай, шие, қарлығанның заттық суреттерін әкеледі.



Балалар оларды мұқият қарастырып, атауға тырысады.

Балалардан жидектер жайлы не білетіндерін сұрайды.
Балалардың білімін тексеруді ұсынады.

«Орман жидектері» иллюстрациясын қарастыру.



- Суретте не бейнеленген?
- Суретте ормандағы көгал бейнеленген.
- Көгалда қандай жидектер өсіп тұр?
- Таңқурай мен көкжидек.
- Қандай жидектер көрінбейді?

Балаларға жауап беруге қиналса, оларға жұмбақ жасыруға болады.

Үлпершекке қан құйып,
Үріп талға байладым.

- Бүлдірген.

Дәрумен дәрігерден ақпарат.



- Бүлдірген жидектерінің көлемі орташа, қызыл түсті болады. Тамшыға ұқсайды, үстінен қарағанда жуан, ал астынан қарағанда жіңішке болып келген. Олар жаздың ұзақ, ыстық күндерінде піседі. Ормандардың ашық беткейлерінде және өзендердің бойында өседі. Көгалда жанып тұрған қызғылт шамдар сияқты.



- Көкжидек қою көк түсті, дәмді жидек. Ол орманда өседі. Көкжидекті аралар тағы басқа жәндіктер жақсы көреді. Көкжидек денсаулыққа өте пайдалы, оның құрамында С дәрумені бар.

Қонақтың балаларға өтініші (ынталандыру):
- Ормандағы көгалға не болды? Бір де жидек көрінбейді ғой? Енді не істейміз? Жидектер тұтас дәріхана емес пе!
Тәрбиеші балалармен бірге жидектердің суретін салып, жағдайды түзетуді

ұсынады.



2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Үлгіні қарастыру.



Тәрбиеші балаларға бұтақтары қарындашпен, жидектері саусақ техникасымен салынған үлгіні қарастыруды ұсынады.

- Қараңдаршы, балалар, жидектер қандай пішінді?
- Дөңгелек пішінді.
- Жапырақтар мен бұтақтардың түсі қандай?
- Жапырақтар мен бұтақтар шөп сияқты жасыл түсті.

Сурет салу тәсілдерін көрсету.

- Балалар, менің алдымда сурет бар. Оны бұтақтары тігінен тұратындай етіп, яғни, өсіп тұрғандай орналастырамын. Мен бүлдіргеннің суретін саламын. Балалар, мен қандай түсті бояу аламын?
- Қызыл бояуды.

- Дұрыс, қызыл бояумен төменгі бөлікке саламын. Естеріңде ме, балалар, Дәрумен дәрігер бүлдіргеннің жапырақ арасына тығылып өсетінін айтып еді ғой.
- Бүлдіргеннің пішіні қандай?
- Тамшы пішінді.
- Саусақты биік сабақтарына, әлде аласа сабақтарына бастырамын ба?

- Аласа бұталарға.
- Оң қолымның сұқ саусағын қызыл бояу құйылған тәрелкеге малып, саусақ ізін бетке бастырып саламын (тәрбиеші балалардың назарын саусақты сопақша пішін шығатындай бастыру керектігіне аударады).

Тәрбиеші біренеше балаға саусақтарын бастырып көруді ұсынады.

- Керемет шықты! Дәрумен дәрігер де риза.

- Ал, көк түсті бояумен қандай жидекті саламыз?

- Көкжидекті.
- Көкжидектің пішіні қандай?
- Дөңгелек.

- Саусақ бастырмаларын аласа бұтақтарға, әлде биік бұтақтарға қалдырамыз ба?

Тәрбиеші дөңгелек пішінді қалай басу керектігін көрсетеді. Балалардың назарын көкжидек бүлдірген сияқты жасырынбайтынына, сол үшін оны бүкіл бұта сабақтарына басып салатынына назар аударады.

2.2. Саусақ жаттығуы.

Ормандағы көгалда
Бүлдірегендер көп екен,
Теріп, теріп алайық
Себетке біз салайық.
Ормандағы көгалда
Көкжидектер көп екен,
Теріп, теріп алайық
Жан-жағымызға қарайық,
Білдірмей ауызға салайық.
Денені түзу ұстаймыз,
Сурет сала бастаймыз!

2.3. Жеке сүйемелдеумен дербес әрекет.

Жұмыс барысында тәрбиеші балаларға бояумен жұмыс істеу ережесіне, денені тік ұстау керектігіне, ұқыптылық танытуға көңіл бөлуді ұсынады.

Балаларға бетті дұрыс орналастыруды, саусақтарын бояуға дұрыс малуға көмек көрсету.

- Жұмыстың соңында майлықты қолдану.

Егер бала жұмысты жылдам аяқтаса, онда оған таңқурай жидектерін салуды ұсынады.

Бояуы қанық емес жерлерді қайта бастыруға болады.

Сурет салуға қиналған балаларды жеке сүйемелдейді.

- Қараңдаршы, балалар, жұмыстарың қандай әдемі болып шықты. Көгал жидектердің көптігінен жайқалып кетті! Қандай жидектерді салдық? Атайық.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

05.07.2024

Орта жас тобы

Музыка: Күнбағыс

Оқу қызметінің мақсаты

Өткен материалды балаларға естеріне сақтау. Балаларда шығармашылықты, өзіне деген сенімділікті дамыту; өз бетінше шешім қабылдау мүмкіндігі; музыканы және музыкалық қабілетті ассоциативті қабылдауды дамыту.

Сөздік жұмыс

Марш, "Көңілді би", "Кеш жарық", күн, бұлт, күнбағыс, сыбызғы - сөздерді пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Сәлемдесу, көркем сөз, көрініс көрсету; түсіндіру, көрсету, баяндау, кері байланыс, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Музыкалық аппаратура, музыкалық-дидактикалық ойындар, дидактикалық ойындар картотекасы.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Күннің көзі, бұлттты, күннің көзімен бұлт араласқан суреттері, әр балаға сыбызғы.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу

Балалар оқу қызметінің басында залға В.Тюльковтың «Марш» әуенімен адымдап кіреді.

Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз

Балалар зал бойымен шеңбер жасап, ортаға келіп тоқтайды. Музыка жетекшісі Г. Абдрахманованың «Сәлемдесу жаттығуы» әуенін (Разминка «Приветствие» Г. Абдрахмановой) ойнайды. Балалар сол әуенмен шеңбер жасап, сәлемдеседі:

- Бердік сәлем, баршаға!
- Аспан, әлем, аршаға!
- Би билейміз, ән салып,
- Келіңдер, тамашаға!
- Балалар, жарайсыңдар!

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар

Музыка жетекшісі оқу қызметін әрі қарай жалғастыру мақсатында Ө.Байділданың «Көңілді би» шығармасы әуенімен балаларды шеңберге тұрғызады:

~~**(Аудиозапись произведения О.Байдильды «Веселый танец**~~»)

- Балалар, шеңберді кең, әдемі жасайықшы, міне, жарайсыңдар. Енді музыка әуенімен маған ілесе қимылдарды қайталаймыз - деп, музыка сипатына сай ырғақтық қимылдарды жасауды үйретеді. Балалар шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, түсіреді, орындарында тұрып, жеңіл секіреді. Еркін қимылдар (ерікті қимылдарға шеңбермен жүріп келе жатып, қол білезіктерін айналдыру, бір рет айналу, тізені көтеріп жүру, қолдарын жандарына жіберіп, сермеу) бойынша балалар музыка жетекшісінің көрсетуімен ерікті қимылдарды орындайды. Балалардың эмоциялық көңіл-күйі музыка сипатына сай ырғақтық қимылдармен үйлесімді болуы тиіс.
- Жарайсыңдар, балалар, енді орындарымызға жайғасайық.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау

Музыка жетекшісі ән тыңдаудың алдында балалардың назарын тақтаға аударады:

- Балалар, тақтадан нені көріп тұрсыңдар?



...ңді. Жақсы.
- Балалар, қалай түн болады, күннің көзі енді батып бара жатыр? Балалар ойланып қалады.
Музыка жетекшісі суретке қатысты ой қозғау мақсатында балаларға сұрақтар қояды:
- Балалар, аспанда жұлдыздар пайда болғанда ғана түн болмай ма? Иә.
- Олай болса, күн батып бара жатқан мезгілді қалай атаймыз? Кеш. Тамаша, балалар.
- Балалар, сол кешқұрым шақта адамдар бір-біріне «Кеш жарық!» деп айтады. «Кеш жарық» деген әдемі ән бар, естіп көрейікші? А. Қоразбаев «Кеш жарық» әні. Әнін жазған сазгер А. Қоразбаев.
- Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз.
~~(Аудиозапись песни А. Коразбаева «Кеш жарық»).~~
- Кеш жарық, келдік үйіңе,
- Береке берсін, төріңе!
- Жарық болсын, кешіңіз,
- Жоғары төрлеп, өтіңіз.
- Кәне, балалар, шапалақпен ұра отырып, әуенді тағы да қайталап тыңдайықшы! Керемет! Ән тамаш, балалар, солай ма? Иә.
Музыка жетекшісі әнді балалар қабылдағанша тыңдатады.
- Балалар, ән жазатын адамды кім деп атаймыз? Сазгер. Тамаша.
- «Кеш жарық» әнін жазған сазгер кім? А. Қоразбаев. Жарайсыңдар.
- Балалар, бұл әнді кім орындайтынын білесіңдер ме? Балалар үндемей қалады.
- Енді, балалар, «Кеш жарық» әнін тағы да тыңдаймыз! Музыка жетекшісі балаларға әнді тыңдата отырып, әннің сипаты мен мағынасын түсіндіреді.

2.2. "Күннің көзі және бұлт" дидактикалық ойыны

Ойын шарты: Пьесаны тыңдай отырып, пьесаның мазмұнын (көңілді болса - күннің көзін, көңілсіз болса - бұлтты, ал жәй ғана орташа болса - күннің көзімен бұлт араласқан) карточкалар арқылы көрсету. Жауаптың дұрыстығын балалардың өздеріне бағалату.
- Балалар, қазір "Күннің көзі және бұлт" ойынын ойнаймыз. Екі командаға бөлінесіңдер. Екі команданың алдында бірдей карточкалар бар.
- Балалар, қазір сендерге әртүрлі пьесалар ойналады. Сол пьесалардың сипатына қарай алдарыңда жатқан карточкаларды көрсетесіңдер. Мысалы, пьесаның мазмұны көңілді болса - күннің көзін, көңілсіз болса - бұлтты, ал жәй ғана орташа болса - күннің көзімен бұлт араласқан карточкаларды көрсетесіңдер, түсінікті ме? Иә.

- Олай болса, ойынды бастаймыз. Музыка жетекшісі пьесаның мазмұнына қара карточкаларды дұрыс көрсеткен балалардың командасын мақтайды. Команда балалары қателескен жағдайда педагог көмек көрсетеді.

2.3. Дауыс жаттығулары

Музыка жетекшісі балалармен ән салу алдында дауыс жаттығуын жүргізеді:

- Балалар, менімен бірге қайталаймыз.
- Балалар, енді бәріміз, ара болайықшы?!
- Аралар,
- Арамыз, біз арамыз,
- Әнге салып барамыз.
- Жу-жу-жу-жу-жу-жу.
- Қызыл, жасыл гүлдерден,
- Балды сорып аламыз.
- Жу-жу-жу-жу-жу-жу. Жарайсыңдар.

2.4. Ән салу

«Күнбағыс» әні Р.Құрмашева сөзі М.Жаманбалинов

Альманах №10 "Зерек Ботақан" 8 бет, Көкшетау 2015. (Сайт: WWW.ZEREKBOTAQAN.KZ)

Музыка жетекшісі балалардың назарын экранға аударады.

Музыка жетекшісі:

- Балалар, қараңдаршы, экранда не көріп тұрсыңдар?



- Бұл әдемі гүлдердің бірі - күнбағыс. Бүгін біз күнбағыс туралы әнмен танысамыз және оны жаттаймыз. Әннің аты «Күнбағыс» әні Р.Құрмашева сөзі М.Жаманбалинов жазған.

Музыка жетекшісі балаларды әннің мазмұнымен таныстырады және әнді "ля" буын арқылы әуенін айтқызады.

Музыка жетекшісі балаарды бірінші шұмығын жаттатырады.

- Бақшаның сәні де
- Көркі де - күнбағыс.
- Күн ұзын бәрі де,

Қарайды күнге алыс.

2.5. Музыкалық аспаптарда ойнау

Музыка жетекшісі балалардың бәріне сыбызғы аспаптарын үлестіріп береді де:
- Балалар, тыңдайықшы, мен қазір мына сыбызғы аспабында ойнаймын, ал сендер менімен бірге қайталап отырасыңдар, келістік пе? Иә.
- Балалар, музыка аспаптарды алайық! Енді музыканы тыңдай отырып, менімен бірге аспаптарды үрлейміз.

Т.Ломовая "Дудочки" музыка аспаптарда ойнау.




Музыка жетекшісі балаларға әнді шығарманы тағы да тыңдатып, музыканың қай бөлігіне келгенде аспаптарда ойнау керектігін айтады.
- Тамаша, балалар! Балалар, дыбысты тыңдай отырып, менімен бірге аспаптарды сылдыратамыз. 1,2 - 1,2 бастаймыз.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Музыка жетекшісі оқу қызметінің аяғында қорытындылайды:
- Бүгін оқу қызметінде қандай ойындар ойнадық, балалар?
- Балалар, бүгін қандай ән айттық?
- Музыка пәні ұнайды ма сендерге?

Балалардың жауаптары.
- Жарайсыңдар, балалар, бүгінгі оқу қызметінде жақсы белсенділік көрсеттіңдер, рақмет, бәріңе! Мен сендерге өте риза болдым.



09.07.2024

Орта жас тобы

Дене шынықтыру: Дәмді тосаптар

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру; бөренеңің үстімен тез адымдап жүру дағдыларын дамыту; жидектерден жасалатын тосаптар туралы білімдерін арттыру; оқу қызметіне қызығушылықтарын ояту.

Сөздік жұмыс

"Жидек", "Тосап", "Жидектерден тосап қайнатамыз" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Шаттық шеңбері, интербелсенді тақтадан сурет көрсету, сұрақ-жауап, жалпы дамыту жаттығуларына дайындық, жалпы дамыту жаттығулары, негізі қимыл жаттығулары, "Құстар мен мысық" , "Кім тез жүгіреді?" қимылды ойындары, тыныс алу жаттығуы.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Бөрене, жидектер, жидектерден дайындалған тосаптар суреттері.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына байланысты помпон.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Шаттық шеңбері.

Асапан ашық, көгілдір
Күн шуағын төгіп тұр!
Қол ұстасқан біздерді,
Тереземнен көріп тұр.

Педагог балалардың назарын интербелсенді тақтадағы суретке аударады.



- Балалар, суретте не көріп тұрсыңдар? Бұл жидектер.
- Айтыңдаршы, сендер жидектен тосап жеп көрдіңдер ме?



- Қай жидектен дайындалған тосапты жақсы көресіңдер? Балалардың еркін жауаптары.
- Қане, "Жидектерден тосап қайнатамыз" деп айтайықшы. Жарайсыңдар!

1.2. Педагог:
- Олай болса, әдемі музыка әуенімен менің соңымнан жүреміз.
- Мен жүріп келе жатып, қандай қимылдар жасаймын, сол қимылдарды қайталаймыз.

Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз

Балалар музыка әуенімен сап түзеп бірінің артынан бірі жүреді. Педагогтің белгі беруімен аяқтың ұшымен және өкшемен жүреді, жай қалыпқа түсіп, тез ойнаған музыка әуенімен жүгіреді, бастарын төмен түсірмей, шалынып кетпей, аяқ-қолды бірге қозғалтып, еркін жүгіру қимылдарын көрсетеді. Жүріп келе жатып, шеңбер құрады және қайтадан сапқа тұрып, біртіндеп жүріп келе жатып жалпы дамыту жаттығуларын жасауға тұрады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Жалпы дамыту жаттығулары

Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз

1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.
1.1. Балалар доптарын жоғары көтеріп, екі қолды қайшылайды.
1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).
2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.
2.1. Қолдарын иыққа көтеріп, доптарын қояды.
2.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).
3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, доп ұстаған қолдары екі жанында.
3.1. Аяқтарын жинап, доп ұстаған қолдарымен құшақтайды.
3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).
4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде.
4.1. Доптарын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.
4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).

2.2. Негізгі қимыл жаттығулары

- Сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру;
- Бөренеңің үстімен тез адымдап жүру.

Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз

Педагог балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру жаттығуын естеріне түсіреді. Жүгіру кезінде балалар бір-біріне соғылып қалмауы үшін арақашықтық сақтап жүгіруге және бір бағытта жүгіріп келе жатып, келесі бағытқа белгі бойынша тез ауысу дағдысын қайталайды. Содан кейін балаларға бір-бірінен 1,5–2 метр арақашықтықта отырып, аяқты алшақ ұстаған қалпында допты домалату, допты екі қолымен көкірек тұсынан кері, екі қолмен жоғары, бастан асыра, жоғарыға, еденге қарай төмен лақтыру, көлденең нысанаға, алысқа, тура нысанға лақтыруды көрсетеді. Балаларға берілген тапсырмаларды орындап жатқанда педагог жаттығулардың жасалу

техникасына көңіл бөліп, дұрыс меңгере алмай жатқан балаларға ескерту жасайды.

2.3. "Құстар мен мысық" қимылды ойыны.
Балалар "құстар" болады, бөренеңің үстінде тұрады. Ал бір бала "мысық" болады. Мысық ұйқыға кеткен кезде, "құстар" орындықтан түсіп, көңілді секіреді. Мысық оянып, құстарды ұстап алуы керек. Ұсталынған бала, "мысық" болады.

2.4. "Кім тез жүгіреді?" қимылды ойыны.
Педагог балаларды екі топқа бөліп, бір сызыққа тұрғызып, белгіленген межеге дейін бастарын төмен түсірмей, шалынып кетпей, аяқ-қолды бірге қимылдатып, еркін жүгіру керегін айтады. Педагог жүгірудің бір бағытта ғана болатынын балаларға түсіндіреді және қалай жүгіру керегін тағы да естеріне салады. Екі топта балалардың қайсысы ережеге сай және тез жүгіреді, сол топ жеңген болып есептеледі.


3. ҚОРЫТЫНДЫ

Тыныс алу жаттығуы.



Педагог әр балаға бумашашақ таратып береді. Демін ішке тартып, шығару арқылы бумашашақты үрлейді.
Тыныс алу жаттығуының соңында балалар шеңбер бойымен жүріп, залдан шығып кетеді.





11.07.2024

Орта жас тобы

Қоршаған ортамен танысу: Тосапты неден қайнатамыз?

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ

Балаларға жидектер, олардың сыртқы түрінің ерекшеліктері, өсетін орындары туралы, олардың түрлері, адам денсаулығына пайдасы туралы түсінік беру; жидектер және олардан жасалатын өнімдердің атауларына байланысты сөздік қорларын байыту; жидектер туралы жалпылама түсініктерін қалыптастыру; еске сақтау, байланыстырып сөйлеу, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту; табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу.

СӨЗДІК ЖҰМЫС

Белсенді сөздік қорға: орман жидектері, бақша жидектері сөздерін қолдану.

ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Таңғажайып сәт, жұмбақ шешу, миға шабуыл, «Не дайындаймыз?» дидактикалық ойыны, сергіту сәті, шығармашылық жұмыс, қорытындылау.

ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР

1. Көрнекілік материалдар.

Жаз мезгілі, жидектердің суреттері, бос банканың суреті, кесілген жидектер.

2. Үлестірмелі материалдар.

Бала санына сәйкес бос банканың суреті, кесілген жидектер, ермексаз, дымқыл майлықтар, тіреуіш.

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БАРЫСЫ

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Таңғажайып сәт.

Педагог:

- Сәлеметсіңдер ме, менің жақсыларым! Біздің балабақшамыздың іші жарық және көңілді. Біздің күлкімізден бізге көңілді, өйткені біздің әр күлімдеген жүзіміз - кішкентай күн сияқты. Одан бізге жылы және жақсы болады, сол үшін

біз бір-бірімізге жиі күлімдейміз.



- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?
- Жаз мезгілі.



- Қай ай?
- Шілде айы.
- Жаз - жылдың ең жылы мезгілі. Жазда күн көкжиектен жоғары көтеріледі. Тірі табиғатта да өзгерстер болады. Жазда гүлдер гүлдейді, саңырауқұлақтар мен жидектер пайда болады, жемісті өсімдіктер піседі.

Көркемсөз.

Жұмағали Саин «Жаз еді».

Жаз еді хош иісі аңқып жатқан,
Жер сұлу қымбатты әсем алқа таққан.
Майысып қызғалдағы, талы үлпілдеп -
Өзен де күміс суын сылдыратқан.

- Балалар, жазда не піседі?

Балалардың жауабы.

- Балалар, маған әдемі себет сыйлады. Оның ішінде не барын білгілерің келе ме?

Балалардың жауабы.

- Ендеше, балалар, жұмбақ шешейік.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Жұмбақ шешу.

Көрсең өскен желісін,
Жапырағы қазтабан.
Мөлдір қара жемісін,
Қыста емес, жаз табам. (Қарақат.)



Бұтағы оның инелі,
Қызыл түсті жидегі.
Жақсы көрер адаммен,
Маймаңдаған аю да. (Таңқурай.)



Жемісін жинап болғанша,
Қолыңды сырып бітерсің.
Дәмі кетпес таңдайдан,
Қандай жеміс білемісің? (Қарлыған.)



Бұтаға ілген үлпершек,
Іші нәрлі қызыл сөл,
Теріп алып үлгерсек. (Бүлдірген.)



- Қалай ойлайсыңдар, балалар, біздің себетте не бар? Бүгін сендермен не туралы сөйлесетінімізді болжап отырған боларсыңдар.
- Жидектер.



Балалар жидектің суреттерін бір-бірден алады, оларды атап отырып тақтаға іледі.

- Жидектер дегеніміз не?
- Жидектер - өсімдіктердің кейбір түрлерінің шырынды жемістері, құрамында бірнеше тұқым бар. Жидек атауларының тізімі өте көп.
- Тағы қандай жидектерді атай аласыңдар?
- Қарақат, көкжидек және қара бүлдірген, шәңкіш, шетен, таңқурай және бүлдірген.
- Балалар, жидектер қандай болады?
- Орман және бақша жидектері болады.
- Олардың айырмашылығы қандай?
- Орман жидектері орманда өседі, бақша жидектері бақшада өседі.
- Дұрыс. Орман жидектеріне орманды жерлерде, батпақты жерлерде өсетін жидектер жатады.
- Бақша жидектері бұталарда және бақтағы бұталарда өседі. Бақша жидектері өте дәмді, тәтті және пайдалы! Олардың құрамында көп дәрумен бар. Олардан тосап (варенье) дайындалады, ол бізге суықпен күресуге көмектеседі, қарақат тосабында (варенье) С дәрумені көп, бұл оны құрамы бойынша бақша жидектерінің ішіндегі рекордшы етеді. Одан малмелад, тосап, пастила және джем жасайды. Сонымен қатар жидектерді мұздатып, кептіріп қойып, қыста ауырғанда жейді.

2.2. «Не дайындаймыз?» дидактикалық ойыны.

Құрал жабдықтар: бос банканың суреті, қиылған жидектердің суреті.





- Жидектен не қайнатуға болады? Қысқыға қандай азықтар дайындауға болады?
- Тосап, нәрсу (компот), шырын.
- Тағы не дайындауға болады?
- Джем.
- Джем қандай?
- Қарақат пен таңқурай джемі.
- Алдыларыңда жатқан бос банкаларды аламыз, ішіне жидек толтырамыз.

Менің тосабым таңқурайдан жасалған. Ал сендердікі неден жасалған?
- Бүлдіргеннен - бүлдірген тосабы.
- Көкжидектен - көкжидек тосабы.
Құлпынайдан - құлпынай тосабы.
- Ит бүлдіргеннен - ит бүлдірген тосабы.
- Қара бүлдіргеннен - қара бүлдірген тосабы.
- Қарақаттан - қарақат тосабы.
- Мүкжидектен не дайындауға болады?
- Мүкжидектен - мүкжидек морсын дайындаймыз.
- Біздің тосап толы банкамыз дайын! Жарайсыңдар!

2.3. Педагог:
- Ал енді, балалар, демалайық. Тұрамыз, орындықтарды жылжытамыз.

Сергіту сәті.

Орманда ағы аюдың
Құлпынайы көп екен.
Теріп-теріп аламыз,
Қалтамызға саламыз.
Бақшаға біз барамыз,
Жүзім теріп аламыз.
Шие теріп аламыз,
Себетке біз саламыз.

Тәрбиеші:
- Жарайсыңдар, балалар! Міне, біз барлық орман жидектерін теріп алдық!

2.4. Шығармашылық жұмыс.

Құрал-жабдықтар: ермексаз, дымқыл майлықтар, тіреуіш, банка суреті.

Балалар жұмыс орындарына отырады. Олардың алдында бос банка бейнеленген парақтары бар.
- Қараңдаршы, баллар, алдарыңдағы парақта не бейнеленген?

Балалардың жауаптары.
- Дұрыс, бұл бос банкалар. Біз оларды тосаппен толтыруымыз керек.
- Біз қандай тосап дайындаймыз?
- Құлпынай, бүлдірген, таңқурай.
- Жидектерді біз ермексаздан дөңгелетіп жасаймыз. Бізге ермексаздың қандай түсі қажет?

Балалардың жауаптары.
- Ермексаздың кішкене бөлігін шымшып алып, одан дөңгелек орап көрейік. Бұл біздің жидек болады. Бірақ бізге көптеген жидектер қажет болады.
- Енді біз бұл жидектерді алып, оларды бос банкаға саламыз. Ол үшін

жидектерді банкаға апарып, оған ақырын басу керек.
Банка жартысына дейін толғанша жұмыс жалғасады.
- Жарайсыңдар! Қандай керемет! Банкамыз тәтті тосапқа толып тұр!
- Әже бізге тосапқа толы банка береді. Рақмет, әже!

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылау.
Педагог:
- Балалар, жарайсыңдар! Ата мен әжеге көмектестіңдер, енді балабақшаға оралудың уақыты келді.
Пойызбен қайту.



- Міне біз балабақшадамыз.
- Біз қайда болдық?
- Ата мен әжеге барып келдік.
- Біз не істедік?
- Оларға жидек жинауға, тосап дайындауға көмектестік.
- Әже сендерге не берді?
- Тосап берді.
- Жарайсыңдар, балалар! Сендер нағыз көмекшісіңдер!

12.07. 2024

Орта жас тобы

Музыка: Ән салған кім?

Оқу қызметінің мақсаты

Балалардың музыка жетекшімен бірге көңілді әндер айту қабілетін дамыту; кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Музыка мен қимылдардың мәнерлілігін қабылдау қабілетін жетілдіру; музыканы және қимылдарды қабылдаудың тұтастығын дамыту.

Сөздік жұмыс

Туған күн, шар, әуен, күнбағыс - сөздерді пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Сәлемдесу, көркем сөз, көрініс көрсету; түсіндіру, көрсету, баяндау, кері байланыс, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Музыкалық аппаратура, музыкалық-дидактикалық ойындар, дидактикалық ойындар картотекасы.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Әр балаға әуе шарлар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу

Музыка жетекшісі оқу қызметінің алдында балалардың көңіл-күйлерін көтеру үшін:

- Балалар, қалай жағдайларың? Жақсы.
- Бәрің жайнап кетіпсіңдер ғой! Балалар шаттанып қалады.
- Балалар, сендер тәтті тағамдарды жақсы көресіңдер ме? Ал қай мерекеде

сендердің ата-аналарың дастарханға көп тәтті тағамдарды қойып дос
шақырады? Дұрыс айтасыңдар, ол туған күн мерекесі. Бүгін біз жазда туға
балаларды туған күнімен құттықтаймыз.
Тақтада "Туған күніңмен!" деген жазу шығады.
- Сендерге "Туған күніңмен!" деп жатыр! Рақмет!
- Қәне, бәріміз дайынбыз ба? Иә!
- Олай болса, марш әуенімен жүреміз ("Марш" Э.Парлов).
- Балалар, жүргенде арақашықтықты сақтаймыз. Жарайсыңдар.
Балалар марш әуенімен залды айнала жүріп, тоқтайды да әндете сәлемдеседі:
- Біз - көңілді баламыз,
- Өнер қуған дарамыз.
- Әнге салып әдемі
- Би де билеп аламыз.
- Жарайсыңдар, балалар.
- Балалар, жүріп келе жатып, алдарыңда ілулі тұрған түрлі-түсті әдемі шарларды екі қолымызға алып, әуенмен бірге тоқтаймыз.
Балалар шарларды қолдарына ұстап тұрады, педагог келесі тапсырманың қалай орындалу ережесін түсіндіреді.

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар

Музыка жетекшісі балалардың назарын өзіне аударып:
- Балалар, бүгін біз «Әуе шарларымен би» шығармасы бойынша мынау әдемі шарлармен билейміз, сондықтан мен көрсететін қимылдарды мұқият қарап алыңдар, жарай ма?
М. Раухвергердің «Әуе шарларымен би» шығармасы бойынша музыка жетекшісі балаларды қатарға тұрғызып, музыка басталғанда шарларын оң қолдарына ұстап, шашырап жүгіріп, бір орында тұрып, шарларымен оң және сол жаққа кезек-кезек сермеу жаттығуларын жасау, арасында музыка тоқтағанда балалар орындарында тұрып, шар ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, адымдау, музыка соңында шарларын әуеге лақтыру керектігін қимылдармен көрсетеді. Басында музыка жетекшісі өзі көш бастап, ырғақтық қимылдарды көрсетіп жүреді.
~~(Аудиозапись «Танец с воздушными шарами» М. Раухвергера)~~

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау

Ән тыңдаудың алдында музыка жетекшісі балалардың назарын тақтаға аударып:
- Балалар, бәріміз тақтаға қарайықшы?!



- Тақтадан кімді көріп тұрсыңдар? Қызды. Жақсы.

Музыка жетекшісі тақтадағы қыздың суретіне қатысты ой қозғау мақсатында балаларға сұрақтар қояды:

- Балалар, қыздың үстінде қандай киім бар? Ұлттық. Жарайсыңдар.
- Қыз неге үстіне ұлттық киім киіп алған? Билеу үшін. Тамаша, балалар.
- Қыздың билейін деп тұрғанын қайдан білдіңдер? Қимылынан. Жарайсыңдар.
- Балалар, қызға қазақша ұлттық есім берейікші?! Балалар ойланып қалады.
- Балалар, бір ән бар, қыздың есімімен аталатын, сол әнді тыңдап көрейікші? «Камажай» халық әні. Әнін жазған халық.

Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз

- Балалар, суреттегі қыздың есімін Қамажай деп қоямыз ба? Иә. Жақсы. Қамажай деп қояйық.

2.2. "Шар ұшты!" дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: балаларды әуен ырғағымен шеңбер жасап тұруға үйрету.

Ойынның көрнекілігі: үнтаспа, шарлар

Ойынның барысы: Балалар шеңбер жасап шардың үлкендігін, пішінін көрсетеді. «Шар үрлейміз!» - деген белгіге балалар ортаға жиналып, аузымен үрлей отырып, шеңбер құрастырады. «Шар ұшты!» - дегенде музыка ырғағымен шеңбер жасап айналады. Дабыл соғылғанда балалар шардын жарылғаның қолдарын босатып жібереді. Осы шартты орындай алмаған бала ән немесе тақпақ айтып, би билейді.

2.3. Дауыс жаттығулары

Музыка жетекшісі балалардың назарын өзіне аударып:

- Балалар, орманда бір қоян келе жатып сәбізін жоғалтып алды. Ол сәбізін табу үшін ағаштардың маңына барып мұрнымен иіскей жөнелді. Кәне, қоян қалай сәбізін тауып алды?

- Балалар, қоян сияқты иіскейміз. Енді тілдің ұшын тістеп, тілді оң және сол тістермен кезек басамыз, тілді таңдайға тигіземіз, тілді алға созамыз, тіл астын көрсетеміз. Жарайсыңдар.
- Енді, балалар, менімен бірге әннің сөзін бірге айтамыз.
- Тоқ- тоқ, тоқылдақ,
- Жерден тары шоқып ап,
- Тоқылдайды тоқылдақ,
- Тоқ-тоқ-тоқ.
- Ахау ,егигай,
- Ән сал бозторғай,
- Біз әніңді үйреніп,
- Күнде ән сап жүрейік. Тамаша.
- Балалар, енді бәріміз, ара болайықшы?!
- Аралар,
- Арамыз, біз арамыз,
- Әнге салып барамыз.
- Жу-жу-жу-жу-жу-жу.
- Қызыл, жасыл гүлдерден,
- Балды сорып аламыз.
- Жу-жу-жу-жу-жу-жу. Жарайсыңдар.

2.4. Ән салу

«Күнбағыс» әні Р.Құрмашева сөзі М.Жаманбалинов

~~Альманах №10 "Зерек Ботақан" 8 бет, Көкшетау 2015. (Сайт: WWW.ZEREKBOTAQAN.KZ)~~

Музыка жетекшісі:

- Балалар, өткен оқу қызметінде қандай ән жаттадық? Әннің аты «Күнбағыс» әні Р.Құрмашева сөзі М.Жаманбалинов жазған.

Музыка жетекшісі балаларды әннің мазмұнымен таныстырады және әнді "ля" буын арқылы әуенін айтқызады.

- Бүгін біз алақан туралы әнді жаттап жалғастырамыз.

Музыка жетекшісі балалармен әнді қайталайды.

- Ұқыптап таралған
- Әдемі кекілді.
- Ұстазға қарағаң
- Шәкірттер секілді.

2.5. "Ән салған кім?" музыкалық-дидактикалық ойын

- Балалар, қолдарыңдағы «әдемі көңілді шарларды» алып, маған қарай ойын

ланына келіңдер. Жарайсыңдар.
- Қазір біз "Ән салған кім?" ойынын ойнаймыз. Ойын шарты: әннің шумағында «әдемі көңілді шарларды» арттарыңа тығып шеңбер бойымен жай жүресіңдер, ал қайырмасында «әдемі көңілді шарларды» қолдарыңмен музыка ырғағына сай бір-біріне соғасыңдар. Санамақ арқылы ойын бастаушысын сайлайды. Балалар ұстаған шарлардың ішінің кейбіреуінде дыбыс шығаратын қоңыраулар бар. Балалар сол қоңыраулар үнін анықтап табулары керек.
- Ал, балалар, бастаймыз.
- Достығымыз жараса,
- Асыр салып таласа
- Ойынды тез бастайық,
- Шартын қатаң сақтайық
- Бір, екі, үш,
- Ойын баста, ұш!

Музыка жетекшісі арасында ескерту жасап отырады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Музыка жетекшісі оқу қызметінің аяғында қорытындылайды:
- Бүгін оқу қызметінде қандай ойындар ойнадық, балалар?
- Балалар, бүгін қандай ән айттық?
- Музыка пәні ұнайды ма сендерге?

Балалардың жауаптары.
- Жарайсыңдар, балалар, бүгінгі оқу қызметінде жақсы белсенділік көрсеттіңдер рақмет, бәріңе! Мен сендерге өте риза болдым.



15. 07. 2024

Ересек жас тобы

Құрастыру: Көгөністерге арналған себет

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды үлгі схема бойынша құрастыруды үйрету; себет салу туралы балалардың ойларын жетілдіру, зейінді және қолдың ұсақ моторикасын дамыту, сөздік қорын кеңейту, тапсырмаларды орындау кезінде шыдамдылыққа, топта жұмыс істей білу қабілетін. тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөйлеу барысында «патиссон», «витрина», «авокадо» сөздерін қолданып, сөздік қорын толықтыру.

Әдіс-тәсілдер

Көркем сөз, оқылған шығарма бойынша әңгіме, үлгіні зертеу, слайдтарды көрсету құрастыру техникасын көрсету, тосын сәт. сергітту сәті, дидактикалық ойын, дайын жұмысты бағалау және оны талдау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

«Себет» құрастыруын бейнелейтін суретт, «Көкөністер дүкені» суреті, «Сатушы» суреті. Қозғалмалы ойынға арналған көңілді ырғақты музыканың аудиожазбасы. Көкөністер және жемістер салынған себет, ағаштың макеті және ағаш қорап.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Конструктордың жеке жинақтары, себет бейнелеген сурет, үлгі - сызбалар, әр балаға таратылады.

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Біздің бақша әлемі
Түрлі - түске боялды.
Қызыл түсті қызанақ,
Сары түсті асқабақ.
Тіпті қатан баялды

Көк түске боялды

Балалар педагог пен бірге тақпақты жаттайды.

1.2. Таңқаларлық сәт.

- Балалар біз бүгін көкөніс дүкеніне экскурсияға барамыз.
- Көкөністер дүкен дегеніміз не?
- Онда көкөністер сатады.
- Дұрыс, бірақ тек көкөністер емес, ол дүкенде жеміс-жидекте бар.

















2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. «Себет» үлгісін сараптау

Тәрбиеші әртүрлі тәсілдермен және әртүрлі материалдардан жасалған себеттерді көрсетеді.





- Балалар, ал бүгін біз сендермен конструктордан себет жасаймыз.
Құрылыс бөлшектерінен жасалған себетінің схемасын көрсетеді.

2.2. Құрастыру техникасын көрсету.

- Алдымен себеттің түбін жасаймыз.Біздің себеттің төменгі жағы төртбұрышты болады. Тәрбиеші төртбұрышты құрылыстың жасау үлгісін көрсетеді.
- Енді себеттің қабырғаларын (бүйірлерін) жасау керек,бұл үшін конструктордың егжей-тегжейлерін төртбұрыштын шетіне қоямыз, ал ортасын бос қалдырамыз.
- Осылай, қажетті биіктікке жеткенше жалғастырамыз.
- Міне, біз қабырғаларды жасадық, енді себетті тарылта бастаймыз,көкөністер шашылып қалмау үшін. Ол үшін құрылыс бөлігін себеттін қабырғасының соңғы қатарына қоямыз (бөліктің бір жағы бос қалады).
- Енді, себеттің сабын салу керек. Қарама - қарсы екі жағын дәл өлшеймізде, әр жағынан конструктордан екі бөлігін қолдана отырып, үстіге қарай екі жақ жабылғанша. құрастыруды жалғастырамыз.
- Міне себет дайын.

2.3. Сергіту сәті.

Тиың сияқты секіріп,жангақтарды жинайық,
Осылай,осылай.
Маймақ аюды келтіріп,құлпынайға барайық.
Осылай,осылай.
Ұзын құлақты қояндай сәбіз кеміріп тастайық,
Осылай,осылай.

Шапшаң маймылға ұқсап бананды лақтырайық
Осылай,осылай.
Балалар педагогпен бірге қимыл қозғалыстарын жасайды.

2.4. Өзіндік жұмыс. Жұптық жұмыс.
Әр жұпқа құрылыс жиынтығы және ~~**себетің сызба - үлгісі**~~ беріледі. Балалар сызбаны мұқият тексеріп, жұмысқа кіріседі.
Педагог балалардың іс-әрекетін бақылайды, кеңес береді, қателерін табуға көмектеседі.


2.5. Тыныс алу жаттығу. «Ф» дыбысының дифференциациясы.
Балалар ауыздарын ашады, тілдерің төменгі еріндеріне қояды, және «Ф-Ф-Ф» дыбысын ұзақ уақыт айтады.


2.6. «Жемістер - көкөністер» дидактикалық ойын
Мақсаты: байқампаздық пен зейінділікті дамыту; заттарды сыртқы белгілері бойынша салыстыру, топтастыру қабілеттерін жетілдіру.
Ойын шарты: Балалар кезекпен себеттен жеміс- жидекті немесе көкөністі алып, қай жерде өсетінің айтады. (Көкөністер - бақшадағы кереуетте, ал жеміс-жидектер - бақтағы ағаштарда өседі). Таңдаған көкөністерге немесе жемістерге қысқаша сипаттама береді.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Дайын жұмысты мақтау (бағалау) және оқу қызметін талдау
- Балалар, біз бүгін, құрастыру сабағында не жасадық?
- Біз себетті неден жасадық?
- Себеттке не саламыз?
- Көкөністер мен жеміс-жидектердің қандай жаңа аттарын білдіңдер?

Балалар тәрбиешінін сұрақтарына жауап береді.
- Сендер өте әдемі және берік себеттер жасадындар,оларға көкөністер мен жеміс- жидектерді салайық. Педагог көкөністер мен жеміс - жидектердің муляждарын таратады.





16. 07. 2024

Орта жас тобы

Дене шынықтыру: "Қуырмаш" саусақ ойынын ойнаймыз

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларда нық қадаммен алға, нық қадаммен артқа жүру, тізені биікке көтере отырып жүруге үйрету; бір аяқтан бір аяққа секіру, тура секіру дағдыларын қалыптастыру; сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін жетілдіру.

Сөздік жұмыс

"Қуыр-қуыр, қуырмаш!", "Тауықтарға тары шаш", "Бас бармақ", "Балаң үйрек", "Ортан терек", "Шылдыр шүмек", "Кішкене бөбек" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Саусақ ойыны, жалпы дамыту жаттығуларына дайындық, жалпы дамыту жаттығулары, негізі қимыл жаттығулары, "Допты кері лақтыр", "Өз үйіңді тап" қимылды ойындары, тыныс алу жаттығуы.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Даңғара.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына байланысты сылдырмақтар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Педагог балаларды шеңберге шақырады. Балалар шеңбер болып тұрады. Бәрі бірге "Қуырмаш" саусақ ойынын айтып, іс-қимылдарды қайталайды.

"Қуырмаш"

Қуыр-қуыр, қуырмаш!
Тауықтарға тары шаш:

Бас бармақ, Балаң үйрек,
Ортан терек,
Шылдыр шүмек,
Кішкене бөбек:
Сен тұр - қозыңа бар!
Сен тұр - қойыңа бар!
Сен тұр - жылқыңа бар!
Сен тұр - сиырыңа бар!
Сен қария,
Қазан түбін жалап,
Үйде жат!
Мына жерде құрт бар,
Мына жерде май бар...
Қытық! Қытық!
(Сапарғали Бегалин)

1.2. Педагог:

- Сап түзеп, жылан жүріспен жүрейік.
- Жылан қалай жорғалайды? Балалар жыланның жүрісін салып көрсетеді.
- Тамаша!

Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз

Балалар музыка әуенімен сап түзеп бірінің артынан бірі жүреді, педагогтің белгі беруі бойынша аяқтың ұшымен және өкшемен жүреді, жай қалыпқа түсіп, тез ойнаған музыка әуенімен жүгіреді, бастарын төмен түсірмей, шалынып кетпей, аяқ-қолды бірге қозғалтып, еркін жүгіру қимылдарын көрсетеді, жылан жүріспен жүріп келе жатып, шеңбер құрады және қайтадан сапқа тұрып, біртіндеп жүріп келе жатып жалпы дамыту жаттығуларын жасауға тұрады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Жалпы дамыту жаттығулары (сылдырмақтармен)

Педагог:

- Қолдарындағы сылдырмақтарды көрсетіңдерші.

. Ал, енді сылдырлатамыз. Жарайсыңдар!

Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз

1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.
1.1. Балалар сылдырмақтарын жоғары көтеріп, екі қолымен сылдырлатады.
1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).
2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.
2.1. Қолдарын оң жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.
2.2. Бастапқы қалып
2.3. Қолдарын сол жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.
2.4. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).
3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, сылдырмақ ұстаған қолдары екі жанында.
3.1. аяқтарын жинап, сылдырмақ ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, сылдырлатады.
3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).
4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде.
4.1. Сылдырмақтарын артында ұстап, бір орында тұрып секіру.
4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).

2.2. Негізгі қимыл жаттығулары

Педагог:
- Сылдырмақты сылдырлатып болғанша дейін, сапқа тұрып үлгеріңдер.
- Жарайсыңдар!
- Ал енді, сап түзеп біріміздің артынан біріміз арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіреміз.

Педагог балалардың жүгіру кезінде бір-біріне соғылып қалмауы үшін арақашықтық сақтап жүгіру керек екенін ескертеді.

- Бәрекелді, балалар! Ал енді, жүгіріп келе жатып, келесі бағытқа менің белгі беруім бойынша тез ауысыңдар.

Педагог балаларға нық қадаммен алға, нық қадаммен артқа жүру, тізені биікке көтере отырып жүру, бір аяқтан бір аяққа секіру, тура секіру жаттығуларын көрсетеді. Педагог жаттығулардың жасалу техникасына көңіл бөліп, дұрыс жасай алмай жатқан балаларға ескерту жасайды. Жаттығуларды жақсы жасап

жатқан балаларға "Епті сіңдер!", "Жылдамсыңдар!" және "Керемет!", "Жарайсыңдар!" деген сөздер айтып, шабыттандырып отырады.

2.3. "Допты кері лақтыр" қимылды ойыны.

Мақсаты: допты дәл лақтыру және ұстап алу.

Барысы: балалар екі қатарға тұрады. Бірінші қатардағы балалардың қолдарында бір доптар. Олар қарама-қарсы қатардағы балаларға доптарды лақтырады. Допты құлату саны ең аз болатын топ жеңіске жетеді.

2.4. "Өз үйіңді тап" қимылды ойыны.

Ойын шарты: ойыншылар 3 - 4 кішкентай аласа ұзынша орындықтарда отырады. Барлық балаларда әдемі үлкен ойыншықтар: бірінші тұрған ұзынша орындықта - қуыршақ, екіншісінде - ит, үшіншісінде - мысық, төртіншісінде - аю, қоян. Педагогтің "Серуенге шығамыз" деген нұсқаумен барлық балалар орындарынан тұрып педагогтің соңынан жүреді. Серуен барысында балалар түрлі қозғалыс қимылын орындайды. Педагогтің "Қар жауа бастады" деген нұсқауымен балалар өз үйлеріне қарай жүгіреді. Ойынды қайталау барысында педагог балаларға білдірмей ойыншықтардың орнын ауыстырып қояды. Балалар өз үйлерін тез, адаспай табуы керек.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог балаларды даңғараның дыбысымен сапқа тұрғызады. Балалар бірінің артынан бірі тұрып, тыныс алу жаттығуларын педагогтің көрсетуі бойынша орындайды. Педагог:

- Балалар, торғайдың қалай секіретінін көрдіңдер ғой. Біз құстарды аялаймыз! Қолдарымызды алдымызға алып, бос ұстаймыз, ақырын жүріп, саусақтарымызбен торғайларға жем шашайық. Саусақтарымызды сілкілейміз, тағы да жем шашайық. Енді, қолдарымызды төмен жіберіп сілкілейміз. Педагог балалармен бірге жүріп келе жатып, екі қолымен жем шашқан қимылдар жасайды.
- Балалар, демімізді ішке тартып, терең дем алып, қайтадан ақырын демімізді сыртқа шығарамыз. Тамаша! Балалар, оқу қызметі аяқталды, сау болыңдар!

18.07.2024

Орта жас тобы

Сурет салу: Дәрумендер қайда жасырылған?

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға штампинг әдісін таныстыру; бейнеленетін затқа сәйкес түстерді таңдау, бейнені берілген жазықтықта орналастыра білу біліктілігін қалыптастыруды жалғастыру; жемістер, олардың пішіні, түсі туралы білімдерін бекіту; алма мен алмұрт бақшада, ағашта өсетіні туралы білімдерін тереңдету; ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Мөр, із, баспасы, «мөрмен сурет салу».

Әдіс-тәсілдер

Таңғажайып сәт, ойын жаттығуы, талқылау мен қортындылау, үлгіні көрсету және қарастыру, сурет салу тәсілдерін көрсету, нақтылау, саусақ жаттығуы, жеке сүйемелдеумен дербес әрекет, динамикалық үзіліс, қорытындылау, балалардың жұмыстарының көрмесі, рефлексия.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Жемістердің суреттері: алма, алмұрт, өрік. Табиғи жемістер. Тәрелке, үлгі, ақ түсті қағаз беттері, ізін бастыруға арналған алма мен алмұрт (алма мен алмұрттың жартысы), езілген гуашь бояуы құйылған ыдыстар, қылқаламдар, майлықтар, жеміс тілімдері.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Қағаз беттер, қылқаламдар, ізін бастыру үшін жарты алма немесе алмұрт, қызыл, жасыл, сары және қосымша түсті гуашь бояулары, қылқаламның астына арналған тұғыр, майлық, жұмыс жасау үшін дастархан (клеёнка).

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Тәрбиеші оқу қызметі үшін қолайлы атмосфера орнатады.

«Дәмінен таны» ойын жаттығуын ұсынады.
Тәрбиеші балаларға жыл мезгілдері жайлы сұрақтар қояды.
- Қазір жылдың қай мезгілі?
- Жаз.
- Сендерге жаз ұнай ма? Несімен ұнайды?
- Жазда самокат, велосипед тебуге болады. Асфальтқа сурет салуға, далада серуендеуге, күнге қыздырынуға болады.
Тәрбиешіден мәлімет.
- Жазда өте көп ойындар мен қызықтар ұйымдастыруға болады. Жаз мезгілі өте қызықты мезгіл.
Тәрбиеші балаларды «Асхана» сюжетті-рөлдік ойын орталығына шақырады. Үстелде туралған жемістер салынған тәрелкелер тұрады. Тәрбиеші мұқият қарап, балаларға қандай жеміс екенін анықтауды ұсынады.
Балалар болжамдарымен бөліседі.
Тәрбиеші иісінен кейін дәмін анықтауды ұсынады.
Талқылау және қорытынды: жемістің бір тілімін жеп көріп, оған сәйкес заттық суретті таңдап, тақтаға орналастырады. Барлығын бір сөзбен атайды. Жемістер.













- Жемістер жидек пен көкөністерден несімен ерекшеленеді?
- Жемістер ағашта өседі.
- Жемістердің түтерін атаңдаршы? Олардың түстері қандай болады?
- Алмалар жасыл, сары, қызыл түсті.
- Алмұрттар сары, жасыл түсті.
- Банан сары түсті.
- Жемістерді жинап салатын зат қалай аталады?

Жұмбақты мұқият тыңдап айтыңдар.

Бау-бақшаға барғанда,
Міндетті түрде қолға алады.
Адам қолдан жасады,
Ішін жеміске толтырды
(Себет.)

Тәрбиеші балалардың назарын табиғат бұрышында тұрған себетке аударады. Балаларға жақын келіп, оларды көруге шақырады.



1.2. Таңғажайып сәт.

Себет балалармен диалог бастайды.

Интерактивті тақтаның экранында себеттің суреті көрсетіледі. Дауысы ретінде фонограмма қолданылады.

Балалар себетке жақындап, ұстап көрейін дегенде, себет сөйлей жөнеледі:

- Барлығы мені ұстай береді, ұстай береді. Мені ұстап, мазамды алғанын қаламаймын.
- Кешіріңіз. Құрметті, себет, сіз неге ашуланып тұрсыз?
- Маған бос тұрғаным ұнамайды, ішім жеміске толып тұрғанын жақсы көремін.
- Енді не істейміз? Сағаң қалай көмектесеміз?

Тәрбиеші балаларға жемістердің суретін салып, себетті жемістермен толтыруға ниетерін оятады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Тәрбиеші балаларды шығармашылық бұрышқа өтуге шақырады.

Балалар дайындалған құрал-жабдықтарды қарастырады, педагог жемістердің суретін салуды ұсынады. Алма мен алмұрттарды ізін бастыру арқылы салатындарын түсіндіреді.

Үлгіні көрсету және қарастыру.

Экраннан үлгіні көресту: алма мен алмұрттың штампинг (ізін бастыру) техникасымен бейнеленген суреті.

Тәрбиеші сұрақтар қою арқылы қарастыруды басқарады:

- Суретте қандай жемістер бейнеленген?
- Алмалар мен алмұрттар.
- Суретші қандай түсті гуашь бояуын қолданған?
- Қызыл, жасыл, сары.

Тәрбиешіден мәлімет:

Суретті әртүрлі құралдармен салуға болады. Сендер немен сурет сала аласыңдар?

- Қарындашпен, қылқаламмен, фломастермен, саусақпен.
- Бүгін сендерге жемістің суретін салудың жаңа, ерекше тәсілін үйретемін.

Сурет салу тәсілін көрсету.

- Менің алдымда сурет бар. Оны алма мен алмұрт екеуі көлденеңінен қатар тұратындай етіп орналастырамын.
- Жарты алманың көмегімен сурет сала бастаймын. Оны оң қолыма аламын. Маған қажетті гуашь бояуы құйылған тәрелкені тандаймын. Кесілген жерін төмен қаратып, гуашь бояуына маламын. Алманың бояуға малынған жартысын бетке орнынан қозғалтпай қатты қысып бастырамын және ұқыптап көтеремін. Дайын!
- Балалар, бейне неге ұқсайды?
- Алмаға.
- Алма қандай түсті?
- Қызыл түсті.
- Қылқаламмен қоңыр түсті бояудан аламын. Алма және алмұрт ілініп тұратын сабағын саламын. Алмұрттың суретін дәл осылай саламыз.

Іс-қимыл алгоритмін қайталайды (балаға істетуге болады).

Нақтылау.

- Бетке екі жеміс бейнеленді. Суретерді орналастыруларыңа қарай, жемістер саны көбірек болуы мүмкін.

Жұмысты өте тиянақты жүргізу керек, асығуға, суреттің ізін (алма немесе алмұрт) бетте орнынан қозғалтпауға және жұмысты гуашь бояуымен былғап алмауға тырысу керек.

2.2. Саусақ жаттығуы.

«Жемістер».
Пісіп тұрған алмамын,
Тамсандырар бал дәмім.
Тіл үйірген алмұртпын.
Таңсығымын бар жұрттың.
Мына тәтті бал дәмін
Дастархандарыңа арнадым.

Алақанды ашып, жұмады. Әр саусақты бір-бірден бүгеді.
Денені түзу ұстаймыз,
Сурет сала бастаймыз!

2.3. Жеке сүйемелдеумен дербес әрекет.
Жұмыс барысында тәрбиеші балаларға бояумен жұмыс істеу ережесіне, денені тік ұстау керектігіне, ұқыптылық танытуға көңіл бөлуді ұсынады.
Балаларға бетті дұрыс орналастыруға көмек көрсету.
Суреттің ізін дұрыс ұстап, бояуға малуға көмектесу.
Жұмыс барысында динамикалық үзіліс жасау ұсынылады.
Көп дәрумен жесеңіз,
Күшің таудай біліңіз (күшін көрсету).
Алысқа жүгіресің (орнында жүгіру),
Биікке секіресің (екі аяқта секіру),
Көңілді билейсің (аяқтың ұшына тұру),
Шаршауды білмейсің.
Жұмыстың соңында майлықты қолданып, жұмыс орнын ретке келтіру.
Бала жұмысты жылдам аяқтаса, онда оған түбіне жапырақ салуды ұсынады.
- Түсі қанық емес жерлерді қайта бояуға болады. Басқа түстерді қолдануға болады. Мысалы, жасыл алмаға қызыл түсті қосу.
Сурет салу барысында қиналған балаларды жеке сүйемелдейді.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылау, рефлексия.
- Қараңдаршы, балалар, жемістер қандай әдемі болып шықты.
Тәрбиеші балалардың назарын нағыз жемістерге толы себеттерге аударады.
Себет көңілді дауыспен (алдын ала дайындалған фонограмма) балалардың жұмыстарын белгілеп, мақтайды, суреттер кепкенше жемістерден ауыз тиюді ұсынады.
Балалардың жұмыстарының көрмесі.

Тәрбиеші балалармен бірге көрмені безендіреді.

- Сендер қандай түстерді тандадыңдар, қандай тәсілмен сурет салдыңдар?

Ең әдемі, тиянақты жұмыстар белгіленеді.

- Қараңдаршы, балалар, суреттер қандай әдемі болып шықты.

Алма менен алмұрттар,
Тәбетіңді шақырар.
- Жей ғой мені, балақай! -
Деп ауызға асығар.

Балаларды мақтау.

19. 07 - Жоба

Орта жас тобы

Музыка: Кел, би билейік!

Оқу қызметінің мақсаты

Көңілді әуен арқылы көңіл күйді сыйлай білуге талпындыру. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. Балаларды достыққа, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Шаттық шеңбер, "Көңілді марш", шар, әуен, үй, алақан, аспап - сөздерді пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Сәлемдесу, көркем сөз, көрініс көрсету; түсіндіру, көрсету, баяндау, кері байланыс, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Музыкалық аппаратура, музыкалық-дидактикалық ойындар, дидактикалық ойындар картотекасы.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Әр балаға әуе шарлар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Шаттық шеңбері

Музыка жетекшісі балаларды Б. Жүсіпалиевтің «Көңілді марш» әуенімен залға кіргізеді. Балалар көңілді адыммен залдың ортасына келіп тұрады.

- Барлығымыз әдемі шеңбер құрайық, бәріміз бір марқайып, шаттанайықшы!

Шаттанып бәріміз,
Жарасып әніміз,

Шаттанып, билейік,
Тұрмайық бәріміз!
Тамаша, балалар!
- Балалар, қандай аспаптарлды білесіңдер?
- Тамаша,балалар, барлық аспаптарды біледі екеніңдер.

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар

Музыка жетекшісі балалардың назарын өзіне аударып:
- Балалар, бүгін біз «Әуе шарларымен би» шығармасы бойынша мынау әдемі шарлармен билейміз, сондықтан мен көрсететін қимылдарды мұқият қарап алыңдар, жарай ма?

М. Раухвергердің «Әуе шарларымен би» шығармасы бойынша музыка жетекшісі балаларды қатарға тұрғызып, музыка басталғанда шарларын оң қолдарына ұстап, шашырап жүгіріп, бір орында тұрып, шарларымен оң және сол жаққа кезек-кезек сермеу жаттығуларын жасау, арасында музыка тоқтағанда балалар орындарында тұрып, шар ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, адымдау, музыка соңында шарларын әуеге лақтыру керектігін қимылдармен көрсетеді. Басында музыка жетекшісі өзі көш бастап, ырғақтық қимылдарды көрсетіп жүреді.
~~(Аудиозапись «Танец с воздушными шарами» М. Раухвергера)~~

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау

Ән тыңдаудың алдында музыка жетекшісі балалардың назарын тақтаға аударып:
- Балалар, бәріміз тақтаға қарайықшы?!



- Тақтадан кімді көріп тұрсыңдар? Қызды. Жақсы.

Музыка жетекшісі тақтадағы қыздың суретіне қатысты ой қозғау мақсатында балаларға сұрақтар қояды:
- Балалар, қыздың үстінде қандай киім бар? Ұлттық. Жарайсыңдар.
- Қыз неге үстіне ұлттық киім киіп алған? Билеу үшін. Тамаша, балалар.
- Қыздың билейін деп тұрғанын қайдан білдіңдер? Қимылынан. Жарайсыңдар.
- Балалар, қызға қазақша ұлттық есім берейікші?! Балалар ойланып қалады.
- Балалар, бір ән бар, қыздың есімімен аталатын, сол әнді тыңдап көрейікші?

қамажай» халық әні. Әнін жазған халық.
- Балалар, суреттегі қыздың есімін Қамажай деп қоямыз ба? Иә. Жақсы. Қамажай деп қояйық.

Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз

2.2. "Үйлердің көңіл-күйін тап" дидактикалық ойыны

- Балалар, тақтаға қарайықшы, тақтада әртүрлі үйлердің суреттері (Картина домики-смайлики: веселый, спокойный, быстрый, медленнный) бар.









Қазір әуен ойналған кезде сол әуеннің сипатына қарай тақтадағы қай үйдің көңіл-күйіне сәйкес келетінін айтып бересіңдер, келістік пе? Жарайды. Музыка жетекшісі тақтадан балаларға әуендердің ойналуын көрсетеді. Ж. Қалжанованың «Елімізді сүйеміз» (марш), А. Еспенбетованың «Күзге сәлем!» (вальс), халық әні «Әлди» (бесік жыры) әндері орындалады. Балалар ойын шарты бойынша әртүрлі әуендердің сиптына қарай тақтадағы үйлердің көңіл-күйін табады. Балалардың жауаптары дұрыс болса, көңілді әуен ойналады, ал жауаптары дұрыс болмаса, ренжу әуені орындалады.

- Балалар, әуендерді асықпай тыңдайық, сипатын ажыратайық.

Ойын балалардың қалауы бойынша қайталанады.

2.3. Дауыс жаттығулары

Музыка жетекшісі балалармен ән салу алдында дауыс жаттығуын жүргізеді:

- Балалар, менімен бірге қайталаймыз.
- Біз көңілді балалармыз,
- Бір орында тұрмаймыз.
- Ля-ля-ля (екі рет қайталанады).

Дем алу бір жолдан кейін жүргізіледі және ән шумағы ақырын, әрі асықпай орындалуы керек.

- Біз сабырлы балалармыз,
- Біз апайды тыңдаймыз.
- Ля-ля-ля (екі рет қайталанады).
- Жарайсыңдар, балалар.
- Енді, балалар, менімен бірге дауыс жаттығуларын жасаймыз.
- Балалар, енді тырналар қалай дыбыстайды екен, көрейік.
- Аспан ашық, дала кең,
- Кел, қоныңдар тырналар.
- Мен сендерге жем берем,
- Дос болайық, тырналар.
- Трау-трау-трау-трау!
- Трау-трау-трау-трау!
- Тамаша.

2.4. Ән салу:

«Алақан» әнін мен сөзін жазған Д.Сері

Журнал №2 (8) "Зерек Ботақан" 17 бет, Көкшетау 2018. (Сайт: WWW.ZEREKBOTAQAN.KZ)

Музыка жетекшісі:

- Балалар, бүгін біз көңілді әнмен танысамыз және оны жаттаймыз. Әннің аты

«Алақан» әнін мен сөзін жазған Д.Сері.
Музыка жетекшісі балаларды әннің мазмұнымен таныстырады және әнді "ля" буын арқылы әуенін айтқызады.
Музыка жетекшісі балаларды бірінші шұмығын жаттатырады.
- Алақанға алақан
- Шапалақта , балақан!
- Бір-екі, бір-екі.
- Бір-екі, бір.
- Шапалақта қос қолдап,
- Көңіл сонда қош болмақ.
- Бір-екі, бір-екі.
- Бір-екі, бір.

2.5. «Өз аспабыңды тап» музыкалық-дидактикалық ойын

Ойынның мақсаты: балаларды аспаптардың дыбысын ажырата білуге үйрету.
Ойын жабдығы: музыкалық аспаптардың суреттері бейнеленген түссіз карточкалар және түрлі түсті төртке бөлінген үш карта, және балаларға арналған музыкалық аспаптар, керме.
Ойынның барысы: Жүргізуші керменің артындағы аспаптардың жанына төртке бөлінген түсті картаны қояды, ал түссіз картаны ойнайтын балаларға таратып береді. Ойынға бір жүргізуші, екі бала қажет. Балаларға аспаптардың дауысын тағы да бір рет тыңдатып, өлең айта бастайды, солай ойын басталады. Жүргізуші суреттің бір бөлігін көтеріп, сол аспапта ойнап, "Мен қандай аспапта ойнадым?" - деп сұрайды. Дұрыс жауап берген балаға түсті картаның бір бөлігін беріліп ол карта түссіз картаның үстіне қойылады. Ойын карта жабылғанша жалғаса береді.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Музыка жетекшісі оқу қызметінің аяғында қорытындылайды:

- Бүгін оқу қызметінде қандай ойындар ойнадық, балалар?
- Балалар, бүгін қандай ән айттық?
- Музыка пәні ұнайды ма сендерге?

Балалардың жауаптары.

- Жарайсыңдар, балалар, бүгінгі оқу қызметінде жақсы белсенділік көрсеттіңдер, рақмет, бәріңе! Мен сендерге өте риза болдым.



23.07.2024

Орта жас тобы

Дене шынықтыру: Бірінші байлық-денсаулық

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларда гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және одан төмен түсу дағдыларын дамыту; арқан бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау дағдыларын қалыптастыру; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын дамыту.

Сөздік жұмыс

"Көкөністер дүкені", "Қияр", "Қызанақ", "Картоп", "Орамжапырақ", "Сәбіз", "Пияз", "Сарымсақ", "Тәтті бұрыш", "Бірінші байлық-денсаулық" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Интербелсенді тақтадан сурет көрсету, сұрақ-жауап, мақал-мәтел айтқызу, жалпы дамыту жаттығуларына дайындық, жалпы дамыту жаттығулары, негізі қимыл жаттығулары, "Мысық пен торғайлар", "Қап тасиық" қимылды ойындары, тыныс алу жаттығуылары.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Көкөністер дүкені, көкөністер суреттері, гимнастикалық қабырға, себет.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына байланысты жалаулар, мысық пен торғайлар бетперделері, қаптар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Педагог балалардың назарын интербелсенді тақтаға аударады.



- Суретте не көріп тұрсыңдар? Балалардың еркін жауаптары.
- Иә, балалар бұл көкөністер дүкені.
- Қандай көкөністерді білесіңдер? Балалардың еркін жауаптары.

Педагог интербелсенді тақтадан көкөністердің суреттерін көрсетеді.



- Көкөністер дүкенінде қандай көкөністер бар екен? Қияр, қызанақ, картоп, орамжапырақ, сәбіз, пияз, сарымсақ, тәтті бұрыш.
- Көкөністерді жуып, тазалап жесек денсаулығымызға пайдасы зор.
- Қане, бәріміз "Бірінші байлық-денсаулық" деп айтайықшы. Жарайсыңдар!

1.2. Педагог:
- Балалар, ал енді музыка әуенімен сап түзеп біріміздің артымыздан біріміз жүрейік.

Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз

Балалар музыка әуенімен сап түзеп бірінің артынан бірі жүреді, педагогтің белгі беруімен аяқтың ұшымен және өкшемен жүреді, жай қалыпқа түсіп, тез ойнаған музыка әуенімен жүгіреді, бастарын төмен түсірмей, шалынып кетпей, аяқ-қолды бірге қозғалтып, еркін жүгіру қимылдарын көрсетеді, жылан жүріспен жүріп келе жатып, шеңбер құрады және қайтадан сапқа тұрып, біртіндеп жүріп келе жатып, жалпы дамыту жаттығуларын жасауға тұрады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Жалпы дамыту жаттығулары (жалаулармен).

Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз


1. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.
1.1. Балалар жалаумен беттерін жауып, ""тауып ал"" деген сөзді айтады.
1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).
2. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.
2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, жалауды ұмаждап "жуамыз" деген сөзді айтады.
2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).
3. Бастапқы қалып - жерде отырады, аяқ алшақ, жалау тізе үстінде.
3.1. Жерге шалқасынан жатып, жалаумен беттерін жауып "ұйықтайық" деген сезді айтады.
3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).
4. Бастапқы қалып - аяқ бірге, дене бос, қол төменде.
4.1. Жалауды көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.
4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).

2.2. Негізгі қимыл жаттығулары

Педагог:
- Балалар, өрмекшілер қалай өрмелейді? Балалар өрмекшінің өрмелеуін көрсетеді.
- Жарайсыңдар! Олай болса біз қазір гимнастикалық қабырға бойымен өрмекшілер секілді жоғары өрмелейтін боламыз. Балалар қуана келіседі. Балалар гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелейді және одан төмен түседі. Педагог балалардың гимнастикалық қабырға бойымен өрмелеу кезінде мұқият болуға шақырады.
Келесі жаттығу арқан бойымен жүру. Педагог балаларға арқан бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтауға үйретеді. Жаттығуларды жақсы жасап жатқан балаларға "Ептісіңдер!", "Жарайсыңдар!" және "Жаттығуларды жақсы меңгеріп алыпсыңдар", деген сөздер айтып, шабыттандырып отырады.

2.3. "Мысық пен торғайлар" қимылды ойыны.





Педагог:

- Балалар, бұл ойын сендерге таныс, енді сендер есейіп қалдыңдар, жылдамдықтарың бұрынғыдан да арта түсті. Сондықтан осы жолы бұрынғыдан да керемет ойнайсыңдар деп сенемін.

Педагог балаларды екі үлкен гимнастикалық шеңберге тұрғызып, торғай болатындарын және мысықтың оларды аңдып, ұстап алса, жеп қоятындарын айтады. Педагог "Торғайлар серуенде" дегенде екі гимнастикалық шеңбердегі балалар шығып, қанаттарын қағып, жерге отыра қалып "жем" шоқи бастайды. Мысық пайда болған кезде педагог "Мысық" деп айтады, ал торғайлар гимнастикалық шеңберге қашып кірулері керек. Улгере алмаса, мысыққа "жем" болады.

2.4. "Қап тасиық" ойыны.

Педагог:

- Бақшамызға ағаш егу үшін арнайы себетке қап тасимыз, келістік пе? Тамаша!

Педагог балаларды екі топқа бөліп, қолдарындағы қапты бастарына қойып, ағаш егу үшін себетке салу керегін айтады. Әр топтан шыққан бала ережеге сай тапсырма орындауы керек. Балалардың қайсысы ережеге сай және қапшаларды тез жеткізсе, сол топтың балалары жеңген болып есептеледі.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог балаларды саусақ санап сапқа тұруға шақырады. Балалар бірінің артынан бірі тұрып, тыныс алу жаттығуларын педагогтің көрсетуі бойынша орындайды.


Педагог:

- Балалар, аюдың қалай жүретінін көрдіңдер ме? Біз де солай ақырын, асықпай, байсалды жүрейікші! Қолдарымызды екі жанымызға жайып, бос ұстаймыз. Саусақтарымызды сілкілейміз. Енді, қолдарымызды төмен жіберіп сілкілейміз.

Педагог балалармен бірге жүріп келе жатып, екі қолымен аюдың қимылдарын жасайды.

- Балалар, демімізді ішке тартып, терең дем алып, қайтадан ақырын демімізді сыртқа шығарамыз. Тамаша!
- Балалар, қандай керемет аю болдыңдар, жарайсыңдар! Оқу қызметі де қызықты өтті. Сау болыңдар!


FRUITS
DRINKS
SALE
SALE



24.07.2024

Орта жас тобы

Жапсыру: Себеттегі көгөністер

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды шаршы мен сопақшаның бұрыштарын дөңгелете кесуге үйрету; балалардың қайшыны дұрыс ұстау және шығармашылық жұмыстар жасау қабілеттерін нығайту; дүкен туралы түсінік беру; жапсыруға арналған бөлшектерді параққа өз бетімен жабыстыру қабілетін дамыту; ауызша нұсқауларды нақты орындау қабілетін дамыту; қолдың ұсақ моторикасын дамыту; ұқыптылыққа, жұмысты аяғына дейін жеткізе білуге тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Балалардың сөздігін көкөністер дүкені, супермаркет, себет сөздерімен байыту.

Әдіс-тәсілдер

Ауызша (жұмбақтар); визуалды (презентацияны қарау); саусақ жаттығуы.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, көкөністер жайында презентация, көкөністердің суреті, екі себет.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Көкөністер бейнеленген түрлі-түсті қағаз парақтары (қияр, сәбіз, қызанақ, бұрыш); сауда қорабының бейнесі бар А5 форматты ақ қағаз парағы; желім, қайшы, клеенка.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Таңқаларлық сәт.

- Балалар бүгін бізге қуыршақ Дана қонаққа келді.



Қуыршақ: Сәлеметсіңдер ме, балалар!
Мен достарымды қонаққа шақырып, оларды көптеген дәрумендерден тұратын пайдалы өнімдермен емдеуге шақырдым. Мен мұндай өнімдер туралы естідім, олар көкөністер деп аталады, бірақ мен олардың қандай екенін білмеймін. Балалар, сендер маған көмектесе аласыңдар ма, менімен бірге дүкенге барып, көкөністерді таңдап, олардың қалай аталатынын айтасыңдар ма?
Педагог: - Балалар, көкөністер сатылатын дүкен қалай аталады?



(балалардың жауаптары)
- Көкөніс сататын дүкенде қандай көкөністер бар? (қызанақ, қияр, қырыққабат, пияз?)
- Бәріміз бірге қайталайық. Жарайсыңдар! Дұрыс балалар, біз онда қуыршақ Данамен бірге барамыз.Балалардың назарын тақтаға аударып, өзімізді дүкенде сияқты елестетеиікші.
Презентацияны қарау.

Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз

1.2. Көркем сөз.
Жиналып қаппыз бәріміз,
Қайсымыз ең дәмдіміз?
Ішішмізден адамға
Тиеді көп пайдамыз?

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Дайын үлгіні зерттеу.
- Балалар, біз қуыршақ Данамен бірге көкөніс дүкеніне бардық, оған көкөністерді таңдауға және олардың аттарын білуге көмектестік, енді қуыршақ Дана

құрбыларына дәмді және пайдалы көкөністер жайында айтатын болды.
- Біз дүкенде қандай көкөністер көрдік. (қызанақ, қияр, қырыққабат, пияз?). Жарайсыңдар!
- Мына суретте не көріп тұрсыңдар? (баланың жауабы). Сендердің алдарыңда себеттер жатыр. Олардың іші бос. Оның ішіне көкөністер жапсырамыз.
Жапсыру амалдарын көрсету. Үлгіні қарастыру.
- Бұл не? (себет).
- Себетте не бар? (көкөністер).
- Біз әр көкөністердің орнын анықтай отырып, оларды себет шаблонына жапсырамыз. Тиісті түстерді таңдаймыз.
- Мысалы қоңыр түсті шаршыны алып, оның бұрыштарын дөңгелете кесіп, домалақ жасаймыз. Ол бізде картоп болады. Ал қызыл шаршыдан қызанақ жасаймыз. Сол сияқты тіктөртбұрыштың бұрыштарын дөңгелете кесіп, сопақша жасаймыз. Сүлгіні қолдануды ұмытпаймыз.

2.2. Жапсыру амалдарын көрсету.

Үлгіні қарастыру.
- Бұл не? (себет).
- Себетте не бар? (көкөністер).
- Біз әр көкөністердің орнын анықтай отырып, оларды себет шаблонына жапсырамыз. Тиісті түстерді таңдаймыз.
- Мысалы қоңыр түсті шаршыны алып, оның бұрыштарын дөңгелете кесіп, домалақ жасаймыз. Ол бізде картоп болады. Ал қызыл шаршыдан қызанақ жасаймыз. Сол сияқты тіктөртбұрыштың бұрыштарын дөңгелете кесіп, сопақша жасаймыз. Сүлгіні қолдануды ұмытпаймыз.

2.3. Саусақ жаттығуы.

Бау-бақшада мен болдым
Көкөністерді таптым
Міні қиярмен, сәбіз
Қызылша мен қызанақ
Жаман емес бұл егін.

2.4. Жапсыру амалдары тәртібін қайталау.

- Балалар, үстел үстінде не көріп тұрсыңдар? (геометриялық фигуралар?).
- Қандай? (шаршы және төртбұрыш). Жарайсыңдар. Алдымен осы фигуралардың бұрыштарын дөңгелете кесеміз. Олардан көкөністер құрастырамыз. Сосын себетке жапсырамыз.
- Балалар, майлық бізге не үшін керек? Иә. Желімді сүртеміз. Жарайсыңдар,

бастайық.

2.5. Өздігінен жапсыру.

Түрлі-түсті геометриялық фигуралардың (шаршы, төртбұрыш) бұрыштарын дөңгелете кеседі. Әр көкөністің орнидарын анықтайды. Көкөністердің артқы жағына желім жағып себетке жапсырады. Біздің шығармашылық жұмысымыз дайын. Себет дәуірменді көкөністермен толтырылған. Жарайсыңдар!

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Рефлексия.

- Бүгін біз сендермен бірге не істедік? (көкөністер кесіп, себетке жапсырдық).
- Бәріміз бірге қайталайық: - Себет, супермаркет, көкөністер дүкені. (балалар бірге қайталайды және жеке қайталайды)

Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.

- Балалар қуыршақ Дана сендерге рахмет айтады. Оған сендермен бірге көкөністер дүкеніне бару өте ұнады. Ол сендерге: - рахмет, қош болыңдар дейді. Балалар қуыршақпен қоштасады.

Барлығыңыз бүгін кереметсіздер!





Орта жас тобы

Қоршаған ортамен танысу: Біздің көгөністер

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ

Балалардың ұғымындағы көкөністер туралы білімдерін бекіту, олардың атауларын нақтылау, түсін, пішінін, түр сипатынан ажыратуды үйрету; байқағыштық пен қызығушылықтарын, байланыстырып сөйлеуін дамыту; тірі табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу.

СӨЗДІК ЖҰМЫС

Белсенді сөздік қорға: көкөністер, дәрумендер, себет сөздерін қосу.

ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Таңғажайып сәт, пәндік ойын, әңгімелесу, тақтадан суреттер көрсету, көркемсөз, жұмбақ шешу, сергіту сәті.

ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР

1. Көрнекілік материалдар.

Ойыншық қоян, себет, ойыншық көкөністер, азық-түлік салатын ыдыс - сөмкелер; сатушының киімдері: халат және бас киім; ойыншық кассалық аппарат және таразы; көкөністің суреттері.

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БАРЫСЫ

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу.

Балалар кілем үстіне шеңбер құрып отырады.

Армысыз, қайырымды Аспан ата!
Армысыз, мейірімді Жер - ана!
Армысыз, шұғылалы алтын Күн!
Қуан, шаттан, алақай!
Қайырлы таң, қайырлы күн!
Бәріміз күндей жарқырайық!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Таңғажайып сәт.

Педагог:

- Балалар, бүгін бізге қонақ келеді. Мен сендерге жұмбақ жасырамын. Сендер жұмбақтың шешуін табыңдар.

Сылдырдан қорқады,
Шошынып жортады.

- Ол не?

- Қоян.



Ойыншық қоянды көрсетеді.

- Балалар, біздің қоянымыз көңілсіз. Сен неге көңілсізсің? Саған не болды?

Қоян:

- Мен балабақшаға дүкеннен көкөністер сатып алдым, сол кезде түлкіні көріп қалдым. Одан қашып құтылдым, ал себетімді қайда қойып кеткенімді білмеймін.

- Балалар, қоянға көмектесеміз бе?

Балалардың жауабы.

- Ендеше, балалар, қоянға себетін табуға көмектесейік. Алдымен, көңілді ойын ойнайық!

2.2. «Қоян» тақпағы бойынша қимылды ойын ойнау.

Ұзын құлақ, сұр қоян,
Естіп қалып сыбдырды,
Ойлы-қырлы жерлерден,
Ытқып-ытқып секірді.
Қарап еді артына,
Қиығын сап көзінің.
Келе жатқан томпаңдап
Көжегі екен өзінің.

Балалар мәтін бойынша қимылдарды орындайды.

Балалар педагогпен бірге себетті табады.

- Балалар, біз себетті таптық. Оның іші бос екен. Көкөніс жоқ. Қоян, сен алаңдама. Біз балалармен бірге дүкеннен көкөністер сатып аламыз.

. Жұмбақ шешу.

едагог:

Балалар, бүгін біздің топта дүкен ашылады. Дүкендер әртүрлі болады. Егер дүкенде туфли, бәтіңке, етік сатылса ол дүкенді қалай атайды?

- Аяққиім дүкені.



- Дұрыс! Тағы дүкендер бар онда сүт, айран, ірімшік, йогурт сатылады. Оны қандай дүкен дейміз?

- Сүт дүкені.



- Жақсы! Егер дүкенде нан, бәліш, тәтті тоқаштар сатылса, ол дүкен қалай аталады?

- Нан дүкені.



- Өте жақсы! Ал біздің дүкенде көкөністер сатылады. Ендеше, балалар, біздің дүкеніміз қалай аталады?

- Көкөністер дүкені.



- Дұрыс. Ал енді есімізге түсірейік, біз қандай көкөністерді білеміз? Мен сендерге жұмбақ жасырамын. Жұмбақтың шешуін табыңдар.

Тәрбиеші жұмбақтарды оқиды.

Көкөністер туралы жұмбақтар.

Ұрмай-соқпай жылатады,

Әркім бірақ ұнатады.

- Пияз.



Бұйра тұлымы,
Желмен ойнайды.
Қызыл мұрыны,
Жерге бойлайды.
- Сәбіз.



Әр желінің асты толған көк қоян,
Жаз болғанда көк қоянды жеп қоям.
- Қияр.



Тігіп алып көк шатыр,
Қызыл-күрең доп жатыр.
- Қызылша.



Түбі толған құмалақ.
- Картоп.



Доптар жатыр желісі бар,
Қабат-қабат терісі бар
- Орамжапырақ.



Балаларға жұмбақты шешу қиынға соқса, тәрбиеші заттың суретін көрсетеді. Балалар оны атайды. Жұмбақты шешу кезінде педагог балалардан заттың түсін, пішінін, көлемін сұрайды. Балалардың білімін тексереді.
Тәрбиеші балаларға көкөністердің суретін таңдауды ұсынады. Балалар бір-бір суреттен таңдап, сол көкөністі ауызша сипаттап береді.
- Картоп - дөңгелек, қоңыр, қатты.
- Пияз - дөңгелек, сары, ашты.
- Орамжапырақ - дөңгелек, жасыл, үлкен, ауыр.
- Қызылша - дөңгелек, қызыл, қатты.
- Балалар, қоянның себетінде қандай көкөніс жоқ? Қоян не жейді?
- Сәбіз.

2.4. Сергіту сәті. «Көкөністер».



Өсіретін бойыңды,
Дамытатын ойыңды,
Қоянға да азықпыз,
Сәбіздерміз жазықсыз.
Бақшаларда тізіліп,
Қаперсіз мен жатамын.
Қабат-қабат киініп,
Қырыққабат атандым.
Балалар сөздерді қимылмен көрсетіп айтады. Орындарына отырады.

2.5. Сюжеттік-рөлдік ойын.

Педагог:
- Біздің дүкенде барлық көкөністер бар. Сендер сатып алушыларсыңдар, ал мен сатушы боламын. Қолдарыңа сөмке алып, кезекке тізіліп тұрыңдар. Біздің дүкен ашылады. Айнұр, сағаң не керек?
- Сәбіз.
- Мына сәбіз сағаң. Ал Самалға не керек?
- Мен орамжапырақ алғым келеді.

- Міне, орамжапырақ сағаң. Ерасылға не сатсам?
- Маған картоп керек.
- Енді Ералы сатушы болсын. Ералы, алжапқыш пен бас киімді ки. Сен сатушысың, ал біз сатып алушылар боламыз. Келесі сатып алушыдан сұра, оған не қажет?
- Нұрай, сағаң не керек?
- Маған қияр керек.
- Міне, қиярдан ал. Сумкаға сал.

Осы ойын үрдісінде балалардың барлығы сатушы да, сатып алушы да болулары керек. Балалар белгілі бір рөлге сәйкес әрекеттерді жеңіл түсіну үшін ойынды түсініп ойнау керек.

- Жарайсыңдар, балалар! Біз сендермен жақсы ойнадық. Енді, балалар, көкөністердің дәмін татып көрейік. Ол үшін қолымызды жуайық.

Тәрбиеші алдын ала таза жуылған, туралған сәбіз бен орамжапырақ әкеледі.

- Қараңдаршы, балалар, мен сендерге не әкелдім?
- Сәбіз және орамжапырақ.
- Есімізге түсірейік, балалар, сәбіздің түсі қандай?
- Қызғылт сары.
- Ал орамжапырақтың түсі қандай?
- Ақ.
- Алыңдар. Сәбіз тәтті! Орамжапырақ дәмді! Ас болсын, балалар!

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылау.

- Жарайсыңдар, балалар! Бүгін сендер өте белсенді болдыңдар. Айтыңдаршы, балалар, бүгін не туралы айттық?

Балалардың жауабы.

- Балалар, көкөністер қайда өседі?
- Дұрыс айтасыңдар, бақшада өседі.
- Көкөністердің қандай пайдасы бар?
- Жарайсыңдар! Онда дәрумендер өте көп. Дәрумендер не үшін керек?
- Дұрыс айтасыңдар, балалар, деніміз сау болу үшін.
- Қазір сендерге тақпақ оқып берейін.

Денің сау болу үшін,
Көкөністер жеу керек.
Тәнің сау болу үшін,
Жаттығу жасау керек.

- Жарайсыңдар балалар!

26. 07. 2024

Орта жас тобы

Музыка: Сиқырлы дәрумендер

Оқу қызметінің мақсаты

Вокалдық, музыкалық және ритмикалық дағдыларды жетілдіру; шығармашылық белсенділікті дамыту. Музыкалық ойын барысында кейіпкердің мінезін қимыл-қозғалыс арқылы жеткізе білу, музыкалық аспаптарда қатты және тыныш дыбыстарды ажыратып ойнау қабілеттерін қалыптастыру.

Сөздік жұмыс

"Көңілді марш", құстар, гүл, алақан, қоңырау - сөздерді пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Сәлемдесу, көркем сөз, көрініс көрсету; түсіндіру, көрсету, баяндау, кері байланыс, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Музыкалық аппаратура, музыкалық-дидактикалық ойындар, дидактикалық ойындар картотекасы.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Картоннан жасалған үш гүл (гүлдің ортасында көңілді, көңілсіз және ұйықтап жатқан «тұлғаның» суреті салынған), (гүлдердің орнына үш күннің көзін немесе үш бұлтты істеп алуға болады),әр балаға қоңырау аспабы.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу

Музыка жетекшісі балаларды Б. Жүсіпалиевтің «Көңілді марш» әуенімен залға кіргізеді. Балалар көңілді адыммен залдың ортасына келіп тұрады.
Музыка жетекшісі балаларды шеңберге отырғызып:

- Балалар, сендер витаминдер деген не екенің білесіңдер ме? Дұрыс айтасыңдар, ал витаминді толтыру үшін жазда көп жеміс және көкеніс жеу керек.
- Балалар, бәріміз шеңбер бойымен тұрамыз. Бәрекелді! Витаминдерге иіліп сәлем берейік:
- Дәрумендер тұрағы (балалар қолдарын жоғары көтереді),
- Түрлі тағам құрамы (балалар қолдарын жанына жібереді).
- А - боады асқабақ, (балалар оң қолымен сермейді),
- Өрік, қызан, салатта (балалар қолдарын жанына жібереді).
- Б - балық, картоп, асбұршақ, (балалар сол қолымен сермейді)
- Сиыр еті, жаңғақта. (балалар қолдарын жанына жібереді)
- С- қарақат, алмұртта, (балалар оң қолымен сермейді),
- Кивиге тән табылар. (балалар қолдарын жанына жібереді).
- Д - балық майында, (балалар сол қолымен сермейді)
- Е - қарақатта табылар. (балалар қол білезіктерін айналдырады)

Балалар педагогпен бірге қимылдарды қайталайды.
Тамаша, балалар!

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар

Музыка жетекшісі:
- Балалар, мықты, үлкен болып өсу үшін не істеу керек? Әрине көп дәуермендер жеу керек, ал дәрумендер қайда болады? Дұрыс жемістерде, көкеністерде. Және спортпен шұғылдану керек. Ал сендер спортты жақсы көресіңдер ме?
- Қанекей бүгін біз бір сергіту сәтті орындап көрейік. Экранға қарап әннің сөзіне сәйкес қимылдарды орындаймыз.

Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз

- Бір, екі, үш,
- Қарлығаш боп ұш.
- Төрт, бес, алты,
- Қарлығаш боп қалқы.
- Жеті менен сегіз
- Қандай күшті дейміз.
- Тоғыз менен он
- Қарлығаш боп қон.

- Бас, иық, тізе табан,
- Көздер, құлақ, ауыз мен мұрын,
- Бас, иық, тізе табан.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау

Музыка жетекшісі балаларды шеңбер бойымен отырғызады.

- Балалар, бәріміз тақтаға қарайықшы?!

Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз

Балалар тақтаға қарайды.

- Балалар, бейнебаяннан не көріп тұрсыңдар? Торғайларды. Жақсы.
- Торғайлар не істеп жатыр? Жем жеп жатыр. Жақсы.
- Осы кіп-кішкентай торғайлар, балалар, ән салады, соны тыңдап көрсек, қалай қарайсыңдар? Тыңдаймыз

Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз

- Балалар, торғайлар қалай шықылықтайды екен? Шық-шық-шық. Тамаша.
- Торғайлар туралы ән бар екен, соны тыңдап көрсек, қалай қарайсыңдар? Тыңдаймыз.
- Олай болса, балалар, бүгін біз «Торғай әні» әнін тыңдаймыз.

Сондықтан алдымен менімен бірге әнді тыңдаймыз. Балалар әнді тыңдайды.

Музыка жетекшісі балаларға әннің сипаты туралы түсіндіреді.

- Балалар, әннің сипаты торғайлардың өзі сияқты жеңіл, әрі көңілді, солай ма? Иә.
- Тағы да тыңдап көрейікші?! Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қойып, денемізді еркін ұстаймыз.
- Торғай, торғай тоқылдап,
- Жерден дәнді шоқып ап.

- Секіреді жүреді,
- Дәнді жерден тереді!

Кәне, балалар, шапалақпен сөздерін менімен бірге тағы да қайталап көрейікші! Керемет!

- Бұл ән не туралы? Торғайлар туралы.
- Жарайсыңдар, балалар.

2.2. "Үш гүл" әуеннің көңіл-күйін ажыратып білу қабілетін дамытуға арналған дидактикалық ойын.

Ойынның шарты:

1. Музыка жетекшісі музыкалық шығарманы ойнайды. Бір бала шығып әуеннің көңіл-күйіне сай гүлді алып шығады. Егер де балаға музыкалық шығарма таныс болса, ол бала шығарманың атын және де сазгерін атайды.
2. Әр баланың алдында үш гүл жатады. Музыка жетекшісі музыкалық шығарманы ойнайды да балалар әуеннің көңіл-күйін ажыратып әуенге сай гүлді алып шығады.

Ойын құралдары: картоннан жасалған үш гүл (гүлдің ортасында көңілді, көңілсіз және ұйықтап жатқан «тұлғаның» суреті салынған), (гүлдердің орнына үш күннің көзін немесе үш бұлтты істеп алуға болады), бұл суреттер әуеннің үш көңіл-күйін көрсетеді, жәй әуен, көңілсіз әуен, көңілді әуен жазбалары.







Үлестірмелі жабдықтар: Әр балаға әуеннің көңіл-күйін білдіретін бір гүлден

беріледі.

Музыка жетекшісі балалардың назарын өзіне аударып:

- Балалар, қазір біз "Үш гүл" ойынын ойнаймыз. Ойынның шарты бойынша алдарыңда жатқан гүлді ойналатын әуеннің сипатына сай көрсетесіңдер. Егер, әннің аталауы мен әнді шығарған сазгерді білсеңдер, орындарыңнан тұрып айтуға болады. Музыка жетекшісі балалардың назарына бес-алты әннің вариантын тыңдауға ұсынады.

2.3. Дауыс жаттығулары

Музыка жетекшісі дауыс жаттығуларын жүргізеді:

- Балалар, орындықтың шетіне отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз. Жарайсыңдар.
- Енді менімен бірге қайталаймыз.
- Ооо,ооо, ооо,
- Біз айтамыз "до". Қайталаймыз. Тамаша.
- Бір орында тұрмаймыз, жүгіреміз секі - ре, "ре". Қайталаймыз.
- Мимикамен күлеміз, күлеміз кәне, "ми"(екі рет қайталанады). Жақсы.
- Досымызға айтамыз,
- Қандай күшті "фа"! Қайталаймыз. Тамаша.
- Досым менің ол, ол,
- Дейді маған "соль", қайталаймыз.
- Біз бәріміз әндетіп,
- Ән саламыз "ля-ля-ля".
- Тамаша, балалар.

2.4. Ән салу:

«Алақан» әнін мен сөзін жазған Д.Сері

Журнал №2 (8) "Зерек Ботақан" 17 бет, Көкшетау 2018.

Музыка жетекшісі:

- Балалар, өткен оқу қызметінде қандай ән жаттадық? Әннің аты «Алақан» әнін мен сөзін жазған Д.Сері.

Музыка жетекшісі балаларды әннің мазмұнымен таныстырады және әнді "ля" буын арқылы әуенін айтқызады.

- Бүгін біз алақан туралы әнді жаттап жалғастырамыз.

Музыка жетекшісі балалармен әнді қайталайды.

- Алақанға алақан
- Шапалақта , балақан!
- Бір-екі, бір-екі.
- Бір-екі, бір.

- Шапалақта қос қолдап,
- Көңіл сонда қош болмақ.
- Бір-екі, бір-екі.
- Бір-екі, бір.

2.5. Музыкалық аспаптарда ойнау

Музыка жетекшісі балалардың бәріне қоңырау аспаптарын үлестіріп береді де:
- Балалар, тыңдайықшы, мен қазір мына қоңырау аспабында ойнаймын, ал сендер менімен бірге қайталап отырасыңдар, келістік пе? Иә.
- Балалар, музыка аспаптарды алайық! Енді музыканы тыңдай отырып, менімен бірге аспаптарды ойнаймыз.

Е.Тиличееваның шығармасын "Бубенчики" музыка аспаптарда ойнау.



Музыка жетекшісі балаларға әнді шығарманы тағы да тыңдатып, музыканың қай бөлігіне келгенде аспаптарда ойнау керектігін айтады.
- Тамаша, балалар! Балалар, дыбысты тыңдай отырып, менімен бірге аспаптарды сылдыратамыз. 1,2 - 1,2 бастаймыз.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Музыка жетекшісі оқу қызметінің аяғында қорытындылайды:
- Бүгін оқу қызметінде қандай ойындар ойнадық, балалар?
- Балалар, бүгін қандай ән айттық?
- Музыка пәні ұнайды ма сендерге?

Балалардың жауаптары.
- Жарайсыңдар, балалар, бүгінгі оқу қызметінде жақсы белсенділік көрсеттіңдер, рақмет, бәріңе! Мен сендерге өте риза болдым.

29.07.2024

Орта жас тобы

Жаратылыстану: Гүл шалғынға саяхат*

Оқу қызметінің мақсаты

Гүлдерді жалпы және айрықша белгілерді көрсете отырып салыстыру; гүлдерге тән ерекшеліктерін анықтау; тәрбиешінің көмегімен тірек сызба бойынша шағын әңгіме құрастыру; балалардың сөйлеу, ойлау, еске сақтау қабілетін дамыту. Өсімдіктерге, гүлдерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Жапырақ, тамыр, сабақ.

Әдіс-тәсілдер

«Гүлді жинаңдар», «Қай гүлдің жапырағы?» дидактикалық ойындары, сергіту сәті, саусақ жаттығуы, түсіндіру.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Баяу музыка, П.И.Чайковскийдің «Гүлдер вальсі», желдің дыбыстары.
Гүлді шалғынның суреті, гүл перілерінің суреті А4.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Гүл бөліктерінің суреттері: тамыры, сабағы, жапырақтары, гүлдің ортасы, гүлдердің суреттері; көк - жүгері гүлі, ақ - інжугүл, түймедақ; қызыл - раушан, көкнәр (мак), күлгін - шегіргүл, қоңырау, сары - бақбақ.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Шаттық шеңбері.

Аспан ашық, көгілдір
Күн шуағын төгіп тұр!
Қол ұстасқан біздерді,

Тереземнен көріп тұр.
Балалар қол ұстасып шеңбер құрады. Бір-біріне күлімдей қарайды.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. - Көзімізді жұмып, жасыл шалғынға келгенімізді елестетейік.
(П.И. Чайковскийдің «Гүлдер вальсі» музыкасы естіледі).
- Бұл керемет музыка бізді керемет хош иісті, түрлі-түсті, сиқырлы гүлдер әлеміне шақырады. Гүлдер әлемінің иесін гүл перісі деп атайды.
(Перілердің суреті А4).
- Жарайсыңдар, балалар,көзіңдеріңді ашыңдар.
- Қараңдаршы, біз әдемі гүл шалғынындамыз.
(Жабайы гүлдер салынған гүл шалғынының суреті)
- Бізді гүлдер қарсы алып, бастарын изеді. Қандай гүлдерді көріп тұрсыңдар?
- Жабайы гүлдер. Олар бізбен амандасып тұрған сықты көрінеді.
- Балалар, мен сендерге гүлдерді қарастыруды ұсынамын.
- Гүлдер қандай түсті?
Гүлдер сары, ақ, көк, қызыл.
- Жапырақтары қандай түсті?
- Жапырақтары жасыл түсті.
- Гүлдердің өлшемдері қандай?
- Гүлдер үлкен және кішкентай.
- Гүлдердің құрылымы қандай?
- Гүлдің сабағы, тамыры бар.
- Балалар, гүлдер әртүрлі ме, бірдей ме?
- Гүлдер әртүрлі.
- Дұрыс айтасыңдар! Өте тамаша!

2.2. Саусақ жаттығуы.
Шабындықта гүлдер көп (қолдың саусақтары өзара бірігеді).
Қызғалдақ, раушан, түймедақ (саусақтарын кезекпен бүгу)
Бір, екі, үш (шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу),
Қоңырау, көкнәр, қалампыр,
Досыңа сыйлауға
Алып бар (қолды төмен түсіреміз, демалдырамыз).

2.3. «Гүлді жинаңдар» дидактикалық ойыны.
(Әр балаға гүлдердің әртүрлі бөліктерін беріңіз: **тамыр, сабақ, жапырақтар, жапырақшалар, гүлдің ортасы**)

Кілемге отырып, тапсырманы орындаймыз.

~~(балалар музыка әуенімен бөліктерден гүл құрастырады)~~.

- Сендердің гүлдерің қандай әдемі! Азамат, өзіңнің гүліңді ата, бізге сипатта (Менде түймедақ гүлі, оның сабағы ұзын, жапырақтары кішкентай, жапырақшалары ақ, ортасы сары). Қажет болса, тағы 2-3 бала гүлдерін сипаттайды.

- Балалар, сендер білесіңдер ме, гүлдер адамдарға өте ұқсайды. Біз түнде ұйықтаймыз, ал гүлдер де жапырақшаларын жауып, түнде демалады. Таңертең біз оянамыз, көзімізді ашамыз, гүлдер де жапырақшаларын ашады.

2.4. Сергіту сәті.

Жайқалады ағаштар,
Бетімізге жел еседі,
Кіп-кішкентай балалар,
Үп-үлкен болып өседі.
Біз гүлдерше өсеміз
Жапырағы жайқалған
Сабақтары салалы,
Желмен бірге жайқалған.

Балалар педагогтің көрсетуімен мәтінге байланысты қимыл-қозғалыстар жасайды.

2.5. - Пері әр жерден гүл шоғын жинады, бірақ, қатты жел соғып, гүлдердің жапырақтары араласып кетіпті.

~~(желдің дыбысы)~~

Оларды жинап, орнына келтіруге көмектесейік. Бұл қандай гүлдің жапырақшалары екенін тауып көрейік.

Қай гүлдің жапырағы?» дидактикалық ойыны.

~~(гүлдердің суреттері;~~

~~(көк - жүгері гүлі, ақ - інжугүл, түймедақ; қызыл - раушан, көкнәр (мак), күлгін - шегіргүл, қоңырау, сары - бақбақ)~~

- Гүлдер мақтауды өте ұнатады, олар әдемі, жағымды сөздер айтады. Осы сөздерді оларға айтайық. Гүл перісі сендердің көмектерің үшін көп рахмет айтып, сендермен қоштасады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Балалар, біз бүгін не туралы әңгімелестік?
- Гүлдер туралы.

- Сендер қандай ойындар ойнадыңдар?
- «Қай гүлдің жапырағы?», «Гүлді жинаңыз».

30.07.2024.

Орта жас тобы

Дене шынықтыру: Хош иісті гүлдер

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларда әртүрлі бағыттарда жүгіру дағдысын қалыптастыру; тура нысанға оң қолмен тік нысанаға көздеп лақтыруға үйрету; дене шынықтыру жабдықтары мен құралдарын пайдалану қызығушылықтарын арттыру.

Сөздік жұмыс

"Жазғы гүлдер", "Аула", "Гүлді иіскейміз", "Хош иіс", "Гүлдер құлпырып өсіп тұр" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Көркем сөз, жалпы дамыту жаттығуларына дайындық, жалпы дамыту жаттығулары, негізі қимыл жаттығулары, "Боулинг", "Көңілді секіреміз" қимылды ойындары, тыныс алу жаттығуы.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Ауладағы гүлдер суреті.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына байланысты доптар, кеглилер, доптар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Көркем сөз.

"Гүл"

Асан мен Үсен гүл екті
Алқызыл, сары, көкпеңбек.
Түрініп жеңді, білекті,
Ерінбей ұзақ етті еңбек.

Тіккендей гүлді кестеге,
Асан мен Үсен жатпады.
Таңертең, түсте, кешке де
Суарды, күтті, баптады.
Жайқалып жазда гүл тұрды,
Ауланың іші құлпырды.
(Абдрахман Асылбек)



- Қараңдаршы, жазғы гүлдер аулада қалай құлпырып өсіп тұр! Тамаша!
- Қане, алақанымызды ашып, алақан ортасында гүл бар деп елестетейікші.
- Елестеттіңдер ме? Енді гүлдің иісін иіскейміз.
- Хош иісті ме? Иә.
- Жарайсыңдар! Енді, әдемі шеңбер жасайық.

1.2. Педагог балаларды сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін адымдатып жүргізеді; педагогтың "Гүлдер" деген сөзі айтылған кезде балалар залды айнала жүріп қолдарын жоғары көтеріп, гүлдер сияқты жайқалады. "Табиғат" деген сөзі айтылғанда балалар бір орында тұрып, "Ғажап!" деп айтып, қолдарын кең жаяды; педагогтың белгі беруі бойынша бір ізбен жүріп, біртіндеп жалпы дамыту жаттығуларына дайындалады.

Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Жалпы дамыту жаттығулары (доппен).

Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз

1. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.
1.1. Балалар доптарын жоғары көтеріп, екі қолды қайшылайды.
1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).
2. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.
2.1. Қолдарын иыққа көтеріп, допты қояды.
2.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).
3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, доп ұстаған қолдары екі жанында.
3.1. Аяқтарын жинап, доп ұстаған қолдарымен құшақтайды.
3.2.Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).
4. Бастапқы қалып - аяқ бірге, дене бос, қол төменде.
4.1. Доптарын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.
4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).

2.2. Негізгі қимыл жаттығулары

- Балалар, шеңбер болып тұрайық. Жақсы.
- Ал енді, бір орында тұрып, секіріп аламыз. Тамаша! Қандайептісіңдер!

Педагог балаларға тура нысанға оң қолмен тік нысанаға көздеп лақтыру жаттығуын кезек көрсетеді. Балалар өздеріне берілген тапсырмаларды орындап жатқанда педагог жаттығулардың жасалу техникасына көңіл бөліп, дұрыс меңгере алмай жатқан балаларға ескерту жасайды.

2.3. "Боулинг" қимылды ойыны.



Педагог балаларды топтарға бөледі. Әр топ өздеріне топтың атауын құрастыруы керек.

Топ балаларының қолдарында доптары бар және қатар болып тұрады. Әр ойыншының алдында үшбұрыш болып 6(алты) кегли тұрады. Балалар допты еденге домалатып, кеглилерді құлатуға тырысулары керек. Ең көп кеглилерді соққан бала жеңіске жетеді.

2.4. "Көңілді секіреміз" қимылды ойыны.

Педагог балаларды екі топқа бөледі. Ойын жарыс түрінде өтеді. Балалар педагог белгілеген межеге дейін бір аяқтан бір аяққа секіріп жетуі керек. Белгіленген межеге жеткен кезде, еркін жүгіріп орындарына қайтады. Қай топтың балалары толықтай жүгіріп келеді, сол топ жеңіске жетеді.


3. ҚОРЫТЫНДЫ


Тыныс алу жаттығуы.

Педагог балаларды шеңберге шақырады. Балалар әдемі шеңбер болып тұрады. Педагогтың көрсеткен іс-әрекеттерін балалар қайталап, тыныс алу жаттығуларын жасайды.

Тік тұрып, аяқты қосу, қолды жіберу; қолдарын жанына көтеріп одан кейін денесінің алдына қарай былғалау; демдерін тез шығару.

Тыныс алу жаттығуларының соңында педагог оқу қызметінің аяқталғанын хабарлап, залдан балалармен бірге ақырын шығып кетеді.





31. 07. 2024

Орта жас тобы

Көркем әдебиет: А. Байғабылова "Ойыншықтар" (жатқа айту)

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ

Балаларға ертегіні әңгімелеп беру, мұқият тыңдауды үйрету; ертегі мазмұнын өз сөздерімен айтқызу; үй жануарлары мен жабайы аңдарды ажырата алу дағдыларын дамыту; сөздік қорын молайту, байланыстыра сөйлеу іскерліктерін жетілдіру; өз құрбыларымен тату ойнауға, достарына адал болуға тәрбиелеу.

СӨЗДІК ЖҰМЫС

Белсенді сөздік қорға: жылқы, бұғы, шалғын, алқап, жайылым сөздерін қосу.

ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Шаттық шеңбері, ғажайып сәт, әңгімелеу, ертегі мазмұны бойынша сұрақтар, сергіту сәті, мақал-мәтелдер, дидактикалық ойын, пысықтау, кейіпкермен қоштасу, жүректен-жүрекке шеңбері.

ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР

1. Көрнекілік материалдар.
Кейіпкер: Дана. «Жылқы мен бұғы» ертегісінің үзіндісі көрсетілген сурет.

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БАРЫСЫ

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Шаттық шеңбері.
Біз қандаймыз, қандаймыз?
Шұғылалы таңдаймыз.
Күлімдеген күндейміз,
Ренжуді білмейміз,

Қуанамын мен де,
Қуанасың сен де.
Қуанайық, достарым,
Арайланып атқан таңға.

1.2. Ғажайып сәт.



Педагог:
- Балалар, бізге қонаққа Дана досымыз келді. Данамен амандасайықшы. Сәлеметсің бе, Дана!
- Балалар, Дана бізбен бірге ертегі тыңдағысы келеді.
- Дана, төрлет! Бізбен бірге «Жылқы мен бұғы» ертегісін тыңда.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Әңгімелеу.

Педагог:
- Балалар, ертегі тыңдағанды ұнатасыңдар ма?

Балалар ертегі тыңдағанды жақсы көретіндерін айтады, мұқият тыңдайды.



Баяғы заманда жылқы емін-еркін өз бетімен жүрген жануар екен. Ешқандай айдау-қайыруды білмепті. Қыстың күндері қары жұқа жазық даланы, шөбі қалың тоғайды, өзен бойындағы құрақты жерлерді, көл жағасындағы қалың қопаны мекендепті. Жазды күндері тауға шығып, шалғыны мол сай-салада жайылып жүріпті. Қалың қарағай арасындағы алқаптар мен құйқадай жон-жотаны шарлап, сол маңда жусапты.

Бір күні жылқы қатпар-қатпар тау арасындағы бір алқапқа барып, сондағы шүйгін шөпке, көгорай шалғынға малтыға көміліп, бейқам жайылып жүріпті. Өрісі кең, жайылымы жалпақ, көңілі жай екен. Сөйтіп жүргенде, осы араға бір бұғы ауып келіпті. Шұрайлы алқаптың шөбі мол болған соң, жылқы жетеді ғой деп, қызғаныш білдірмепті. Екеуі қатар жайыла беріпті.

Келе-келе бұғы осы бір шұрайлы алқапты жалғыз өзі ғана мекендеуді мақсат етіпті. Содан көрінген жерде жылқыға тиісіп, мүйіздей бастапты.

Тыныштығы бұзылып, келімсек бұғыдан жәбір көрген жылқы адамға арыз айтып барыпты.

- Мен тау қойнауындағы шалғынды алқапта емін-еркін жайылып жүр едім, ешкімге кесір келтірмедім. Содан қасыма бұғы келді. Шөп те, жайылым да жететін болған соң, жайылым мол ғой деп, оны еркіне жібердім. Үндеген жоқ. Бірақ соңғы уақытта бұғы мені мүйіздеп, жайлауымнан қуа бастады. Тыныштық бермей, жәбірлейтін болды. Енді оны өз мекенімнен қалай қуамын? Сен көмектесе аласың ба? - деп қиыла өтініпті.

Қолға түспей жүрген асау жылқының бұл мұңын естіген соң, адам оған шарт қойыпты:

- Мен бұғыны қуып тастаймын, ол қолдан келеді. Бірақ мен жаяумын ғой. Ол үшін сенің үстіңе мініп алуым керек.

Бұғыдан көрген жәбір-жапасы үшін жылқы адамның айтқан шартына амалсыздан көніпті.

Сол жерде адам жылқыны ноқталап мініп алады да, бұғы жүрген алқапқа келеді. Қолына ұзын сойыл ұстаған адамның қарасын көрген заматта бұғы жан сақтау үшін тау-таудан асып, қалың орманның ішіне сіңіп кетіпті.

Бұғыдан құтылғанына қуанған жылқы:

- Рақмет саған, адам! Сен менің жалғыз досым екенсің, - депті.

- Енді мен саған қандай қызмет етсем екен?

Сонда адам ойланып тұрып, өз қалауын айтыпты:

- Сен осы шалғында жайылып жүре бер, - депті, алдағы ісін түсіндіріп.

- Бұдан былай сен менен қашушы болма. Саған қиянат жасамайтыныма көзің жетті ғой. Маған қажет бола қалсаң, өзім келіп ұстап мінетін болайын.

Жылқы адамның айтқанына көніпті. Содан бері жылқы адамға қызмет етіп келеді екен. Шаруасы біткен соң, адам босатып жіберсе, тау арасындағы шалғынға барып, аунап-қунап жүре береді екен.

Ал бұғы адаммен достасқан жылқының маңына жоламай, орман арасын, таудың ішін жайлап, қашықта жүреді екен.

2.2. Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтар:

- Балалар, сендерге ертегі ұнады ма? Иә, ұнады.

- Ертегі не туралы? Жылқы мен бұғы туралы.

- Жылқы не істеді? Жылқы жайлымда жайылып жүрді. Оның жайлауына бұғы келді. Екеуі бірге жайылды.

- Бұғы жылқыға неге күн көрсетпей қойды? Бұғы жайлымдағы шөпті қызғанып, жылқыны мүйіздеп күн көрсетпей қойды.

- Жылқыға кім көмектесті? Жылқы адамнан көмек сұрап барды. Адам оған көмектесті.

2.3. Сергіту сәті.

Ал, балалар, тұрайық,
Алақанды ұрайық.
Оңға қарай иіліп,
Солға қарай иіліп.
Бір отырып, бір тұрып,
Бір тынығып алайық.

2.4. Дос туралы мақал-мәтелдер.

Жүз теңгең болғанша,
Жүз досың болсын.
Аққуды атпа,
Досыңды сатпа.

Жақсы досты сатпа,
Жаманмен дос болма,
Жақсымен қас болма.
Балалар мұқият тыңдайды, педагогпен бірге қайталайды.

3. ҚОРЫТЫНДЫ


Ұйымдастырылған іс-әрекетті пысықтау мақсатында педагог:
- Балалар, бүгін қандай ертегімен таныстық? «Жылқы мен бұғы» ертегісімен таныстық.
- Ертегі сендерге ұнады ма?
Балалардың жауаптары.
- Ертегі не туралы? Жылқы мен бұғы туралы.
- Жылқы не істеді? Жайлымда жайылып жүрді. Оның қасына бұғы келді. Екеуі жайлауда бірге жайылды.
- Бұғы жылқыға неге күн көрсетпей қойды? Бұғы жайлымдағы шөпті қызғанып, жылқыны мүйіздей бастады.
- Жылқыға кім көмектесті? Жылқы адамнан көмек сұрап барды. Адам оған көмектесті.
- Жарайсыңдар! Бүгін барлығың белсенді болдыңдар!

Жүректен-жүрекке шеңбері.

Кіп-кішкентай баламын,
Жақсы адам боламын.
Достарға кең жүрегім,

Мен сендерді сүйемін.





5 08 / 9.08.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) Күншуақ тобы
Топ: ортаңғы
Балалардың жасы: 3 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 05.08 - 09.08.2024ж.
Педагогтың аты-жөні Аманова Ұлмахсаұ

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сырткы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім күніне арналған мерекелік қабылдауды әзірлеу. (сөйлеуді дамыту, музыка)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен баланың жалпы көңіл-күйі туралы әңгіме.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітаптарды көркем әдебиет бұрышына орналастыру. Мақсат-міндеттер: балалардың кітаптарға ұқыпты қарау дағдыларын қалыптастыру. белгілі бір тәртіппен	Ойыншықтарды сөрелерге қою. Мақсат-міндеттер: балаларға ойыншықтарды сөрелерге белгілі тәртіпте қою амалын игерту; тәртіптілікке деген ұмтылысты	Бөлме өсімдіктерін суару. Мақсат-міндеттер: балаларға өсімдіктерге күтім жасау тәсілдерін үйретуді жалғастыру (күнге жақын өсімдіктерге суды	Құрылыс материалдарын контейнерлерге жинап, салу. Мақсат-міндеттер: балаларды құралдарды жинауда үнемшілдік тәртібін сақтауға тарту;	Асхана бойынша кезекшілік. (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттер: балалардың ересектерге көмектесуге, нұсқауларды нақты

	кітаптарды салу мүмкіндігін іс-тәжірибеде көруге машықтандыру. (еңбек іс-әрекеті)	қолдау; ойыншықтарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті)	көбірек құйып, қолеңкеде өсетіндерге байқап құю, кажеті бойынша суару), бөлме өсімдіктеріне ұқыпты қарауға үйрету. (еңбек іс-әрекеті)	басталған жұмысты соңына дейін жеткізуді қалыптастыру; балаларды ұқыптылыққа үйрету, жауапкершілікті тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті)	орындауға деген ұмтылыстарын ояту; ыдыс-аяқты үстел бетіне дұрыс қоюға машықтандыру. (еңбек іс-әрекеті)
	- Дәндер патшалығына саяхат: суреттер мен альбомдар қарау. - көркем шығарма оқып беру, тыңдалған мәтіннің мазмұнын айтқызу; - ыдыстағы дәндерді түрлеріне қарап ажыратып әр ыдыска бөлу; бөлінген дәндерді санау; - табиғи материалдармен, ермексазбен жұмыс «Дәндер патшалығы»	- «Нан - дастархан байлығы» әңгімелесу; шығарма оқып беру, тыңдалған шығарманың мазмұнын айтқызу; - нан қикымымен ауладағы құстарды коректендіру және оларды сыртынан бақылау; - нанның суретін салу, ермексаздан мүсіндеу. "Аюға ойыншықтарымызды	- Нанды қолдан пісіруден анасы мен баласының, әжесі мен немересінің бірлескен әрекетінен алдын-ала дайындалған челлендж материалдарын қарау; - Наубайхана жұмысымен таныстыру; - «аспазшы» сюжетті рөлдік ойынын ойнату; - тақырыпқа сәйкес ата-аналармен бірге	- «Алқапта не өседі?» әңгімелесу, шығарма оқып беру; - Ауладағы өсімдіктер мен шөптерге күтім жасауда қарапайым тапсырмаларды орындату; - «Ғажайып дәндер» ұжымдық жұмыс: дайын суретті дәндермен безендіру "Орманшы" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер:	- «Жемістер мен көкөністер» фестивалі; - Жұмбақтар мен тақпақтар сайысы; - Жапсыру «Менің дәмді достарым»; - «Кім құшті?» жемістер мен көкөністерді сумен жуып, жеуден сайыс ұйымдастыру. "Кімнің үйі тезірек жиналады» ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың көкөністер мен

2

"Ақ шамшық" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды достыққа, зеректікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Балалар шеңбер бойымен отырады, ортаға "жүргізуші" шығарып, қолына сақина ұстатады. Балалар екі алақанын бір-біріне қабыстырып алға созады. Жүргізуші барлық балалардың алақанына сақина салған болып шығады. Сол сәт сақина тас алған бала орынан тұруы тиісті. "Сақина менде", - деп дауыстайды. "Менің үйім" ойыны Мақсат-міндеттер: балалар әртүрлі	көрсетеміз" ойыны. Мақсат-міндеттер: ойыншықтарды дұрыс атауға үйрету. ойыншыққа ұқыпты қарауға тәрбиелеу. ұқыпты ойнауды үйрету. Құрал-жабдықтар: әртүрлі ойыншықтар. Тәрбиеші ойыншықтарды қояды, аю балаларға қонаққа келеді. біз оған ойыншықтарымызды көрсетуіміз керек дейді. Балалар сүйікті ойыншығын алып, көрсетіп, ол туралы айтады. "Қонжық орманда жүреді" қимыл жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды жаттығу сөздерін айта жүріп,	ән байқауын ұйымдастыру. "Қапшықта не бар?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың сипап-сезу қабілеттерін дамыту, сөйлеуді дамыту, балалардың сөздік қорын байыту. Құрал-жабдықтар: ойыншықтар. Ойын барысы. Тәрбиеші балалардың кез-келгенінен көздерін жұмуды немесе жабуды сұрайды және қапшыққа балаларға таныс ойыншық немесе зат салады. Ойыншылар тәрбиешінің не салғанын көреді, бірақ үндемеуі керек.	балалардың кейбір ағаштар мен бұталардың (гүлі, жапырақтары, жемістері мен тұқымдары) пайда болуы туралы білімдерін бекіту. Барысы: педагог бір баланы "орманшы" етіп таңдайды, қалған балалар орманшының көмекшілері болады. "Жұбыңды тап" ойыны. Мақсат-міндеттер: ойыншылар қабырға бойында тұрады. Педагог әр балаға бір сурет-фишкадан таратып береді. Педагог белгісі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбыңды	жемістер туралы түсініктерін бекіту, олардың атауын толық айтқызу. Балаларға көкөністер мен жемістердің ойыншықтары таратылады. Екі шеңберде бір көкөніс пен бір жеміс жатыр. Бірі жемістер шеңбері, бірі көкөністер шеңбері деп аталады. Балалар жан-жаққа жүгіріп кетеді, серуендеуге шақырылады. Тәрбиеші белгі бойынша барлығы өз үйін табады. Ойын бірнеше рет қайталанады, ал мұғалім әр уақытта үйлерді ауыстырады

	бөлшектерден үй құрауды үйренеді. Үйдің бөліктері бар суретті карточкалар таратылады. Балалар сол суреттерден үй құрастырады. Ойын ережелері: балалар әнтіме барысында үйдің бөлшектерін құрайды және орналастырады.	мәтінге сай қимыл-қозғалыстарды жасауға дағдыландыру: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту. Қонжық орманда жүреді. (Екі аяқ ық сияқты, қол белде) Маймандайды, теңселеді. (Маймандау, қонжық жүрісіне еліктеу) Маймандайды, теңселеді. Тоқтап жидекті теруді. (Шоқайып отыру, саусақтармен еденді соққылау) Ағаштарға жорғалайды. (Екі қол кеуде алдында бүгулі: қолдарды көтеріп-түсіру.	Олар көзі жұмулы досына жасырынған затты сипаттап беруі керек. Бала қолын қапшыққа салып, ойыншықты сипап, оны табуы қажет. Егер ойыншық дұрыс аталса, бала оны ойнай алады, егер жоқ болса, оны қалдырады. Басқа балалар кезекпен ойнайды.	тан" белгісі бойынша, бірдей түсті фишкалары бар балалар, жүп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек. Құралдары: таратпалы жеті түсті фишкалар. Әрбір фишканың жұбы бар. Түрлі түсті фишкалар болмаса, басқа жұпты суреттерді қолдануға болады.	

4

		аяқтарды, түзе бүгіп, кезек көтеріп-түсіру) - Бал бересің бе? - сұрайды. (Екі алақанды қосып, үйкелеу) - Бал бересің бе? - сұрайды. Жерге түсіп, майманданды. (Майманданып жүру) Д. Ахметова			
Ертеңгілік жаттығу	"Орман алаңқайында". "Күн шығады". Б.қ. тік тұру, аяқ алшақ; 1-3- қолды алға, жоғары көтеру; Б.қ. "Күнге жылынамыз". Б.қ. қолды артқа ұстау; 1-2- қолды алға созып, алақанды ашып, саусақты қозғалту, иілу; 3-4- б.қ. "Ағаштар қозғалады". Б.қ. қол төменде; 1- қол жоғарыда; 2- оңға, солға иілу. 3-4 б.қ. (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс				

5

	қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз) Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, аракатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Асты-шашпай төкпей іш. Сорғытамай башпен іш. Келген асты алдына Тауысып іш қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Кел, санайық санамақ" саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер:балаларды қимылдарды мәтін жолдарының ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Кел, санайық санамақ, Саусақтарды даралап. Бас барманым алғашқы, Балан үйрек жалғасы.	"Мүкият бол" ойыны. Мақсат-міндеттер: мүкияттылыққа, достыққа тәрбиелеу. Балалар бір-бірінің артынан айналып, шеңберге жасап тұрады. Тәрбиешінің шеңбердің жанында тұрады, оны барлық балалар көреді. Оның қолында 3 сурет: балық, тастар және балдырлар. Тәрбиешінің белгісі бойынша (ысқырық) балалар бір-бірінен кейін шеңбер бойымен қозғала бастайды. Педагог кезекпен суреттері	Музыкалық аспаптардың көмегімен ойналатын көңілді ойындар. Мақсат-міндеттер: көңілді күй орнату, аспаптардың түрі және дыбыстарын ажырата білуге үйрету. "Шапалақты тыңда" ойыны. Мақсат-міндеттер: шеңбер бойымен жүруді үйрету, мәтіндегі сөздерге сәйкес қимылдарды жасау. Балалар шеңбермен жүреді. Жүргізуші алақанын соққанда балалар бір аяқпен ,	"Кемпіркосақ" ойыны. Мақсат-міндеттер: ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту. Балалар ортаға шығып түстерді айтады. Бір бала қарамай тұрып, қайсысы қандай түс айтқанын айтып береді.	"Кім сені шақырды, тап" ойыны. Мақсат-міндеттер: басқа баланың дауысынан танып үйрету. Құрал: арнайы құрал керек емес. Балалар шеңбер жасап тұрады. Біреуі ортаға тұрып көзін жұмады. Тәрбиеші көрсеткен бала ортада тұрған баланы шақырады. Бала шақырған адамды дауысынан танып табу қажет. Таныса шеңберге тұрады – шақырған бала ортаға тұрады.

	Ортан терек атасы. Шылдыр шүмек анасы. Шынашағым балапан Бәріне ортақ алақан.	бар карточкаларды көрсетеді: 1. Балықты көрсеткен кезде, балалар шеңбер бойымен қолдарын сермеп баяу жүгіреді. 2. Тастарды көрсеткенде, балалар тізелерін құшақтап отырады. 3. Балдырларды көрсеткенде, балалар бір орында тұрады да, қолдарын жоғары көтеріп, қолдарын жан-жаққа тербеледі. Қай бала қателеседі, сол бала ойыннан шығып қалады.	екі рет шапалақтағанда қолдарын екі жаққа созып, үш рет шапалақтағанда жүруін жалғастырады. - Балалар, қанша дыбыс естідіңдер?		
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Орман тұрғындары" Мақсат-міндеттер: Жұмбақтар шешу арқылы жануарларды тануға,атауға үйрету.Жануарларды	**Дене шынықтырудан ойын-жаттығу "Әртүрлі бағыттарда жүгіру" Мақсат-міндеттер: Балаларда әртүрлі бағыттарда жүгіру;**	**Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Алтын балық" (ермексазбен сурет салу) Мақсат-міндеттер: Балаларды ермексазбен**	**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Аңдардың төлдері" Мақсат-міндеттер: Орман мекендеушілері**	**Музыкадан ойын-жаттығу "Ғажайып әлемі" Мақсат-міндеттер: «Ертегілер елінде» әуен ырғағы туралы ұғым беру. Балалардың**

	н аттарын жеке атап.топтастыра білуге үйрету.	**тереңдікке (15–20 см биіктіктен) секіру; лонты тәрбиешіден 1-1,5 метр аракашықтықта лақтыру дағдыларын дамыту; оқу қызметін нысықтау.**	**дәстүрлі емес тәсілдермен жұмыс істеуді үйретуді жалғастыру; ұсақ қол моторикасын дамыту; өткен мүсіндеу тәсілдерін бекіту; тегістеу, кесектен үзіп алу; балықтың құрылысы туралы ұғым қалыптастыру: дене пішіні, желбезектер, қанаттар, т.б.**	**туралы білімдерін бекіту: жануарлардың түр сипатынан айыра білу, орман мекендеушілері арасында қарапайым байланыс орната білу қасиеттерін дамыту, олардың өміріне қызығушылық және сезімтал көзқарас тудыру; көру, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын байыту, жандандыру; адам тірі табиғатқа мұқият қарау керек екенін түсінуге тәрбиелеу.**	**музыкаға қызығушылығын, қабілетін арттыру. Музыкалық әуен арқылы балаларды ойыншықты ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.**
2- таңғы ас	Алдындағы түскі аска назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенге дайындық	Балаларға жүйелі түрде киініп-шешінуді, киімдерін шкафқа орналастыруды, қолдарын мұқият жууды қалыптастыру.				

	Жуунуға арналған жаттамақ жаттығу. Мақсаты: есте сақтау, қабылдау, елестету, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. Құралдар: сабын. Сабынданған кезінде Ашытады көзіңді. Бола білсең төзімді. Таң-таза етер өзіңді. Тазалықтың досы - Сабын деген осы.

Сәруен	**Күнді бақылау. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** **Мақсат-міндеттер: жаз мезгіліндегі ауа-райы туралы мәліметтерді тиянақтау; күннің жазда аспанда биік көтерілетінін байқауға баулу;** **Жаз кезіндегі киімдердің атауларын үйрену.** **Жұмбақ жасыру.** **– Ар жағында орманның,**	**Торғайды бақылау. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** **Мақсаты: торғайдың сыртқы түрінің ерекшеліктері туралы білімді тереңдету, балалардың назарын және есте сақтауын дамыту; торғайдың қыстап қалатын құс екендігін еске түсіріп, қамқорлыққа**	**Көбелекті бақылау. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** **Мақсаты: көбелектің қимылын, түр-түсі, қанаттарын бақылау.** **Жұмбақ жасыру.** **Гүл ұшын гүлге қонады,** **Гүл бақшам гүлге толады. (Көбелек.)** **Балалар, жаз келді. Барлық жәндік атаулы ояңды.** **- Қазір сендермен**	**Көшеде кетіп бара жатқан көліктерді бақылау. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** **Мақсаты: балаларға жеңіл және жүк көлігін ажырата білуге үйрету,байқағыштықты дамыту, өз ойларын дұрыс жеткізе білу.** **Балалармен көшеде кетіп бара жатқан көліктерді қарастыру, оларды жүк, жеңіл**	**"Бақбақ" гүлін бақылау. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** **Мақсаты: "бақбақ"гүлімен таныстыруды жалғастыру; ой-қиялын дамыту.** **Жұмбақ жасыру.** **Өзіне шаң-шақ,** **Киген қалпағы аппақ.** **Балалар тұр қапған. (Бақбақ.) - Балалар, қарандаршы? Мынау не?** **- Дұрыс. Бұл бақбақ**

	Ар жағында таулардың, Алтын кесепек домалар. (Күн.) - Балалар, қараңдаршы? Күн қайда орналасқан? (Аспанда орналасқан.) - Күннің нелері бар? (Күннің сәулелері бар.) - Күн қалай қыздырады? (Қатты, бүгін күн ыстық.) - Балалар, сендер қайдан білдіңдер, күннің ыстық екенін? Өйткені біз жазғы киімдермен жүрміз. - Күндіз күн жоғары да тұрғандықтан, күн ыстық болады, ал таңертең мен кешке күн салқын болады. Күн көзі	тәрбиелеу. Балаларға сұрақтар: - Торғай қандай? - Ол не жейді? - Қалай дыбыстайды? Торғай – кең далада тіршілік ететін әнші құс. Денесі сопақша, басы дөңгелек, тұмсығы үшбұрышты, қанаты ұзын, сұрғылт, боз түсті болып келеді. Балаларға тақпақ оқу: Торғай, торғай, тоқылдақ, Жерден тары шоқып ап, Бөтегесі бұлтиып, Шық-шық етіп отырмақ. Еңбек әрекеті: учаскедегі гүлзарларды	бірге, көбелекті бақылап көрейік. Гүлге қонып отырған көбелекті қарайықшы. Қараңдаршы, көбелекте не бар? (Қанаттар.) Қанаттарында әдемі өрнектер бар екен. Көбелекті қанатынан ұстауға болмайды, өйткені олар өте нәзік. Қанаттары сынып, ұша алмай қалады. Еңбек әрекеті: құрғақ бұтақтарды жинау. Мақсаты: қол еңбекке баулу. "Ормандағы аюда" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды ойын шартын бұзбай, тақпақ сөздерін	көліктерге жіктеуді үйрену. Жұмбақ жасыру. Көлік туралы жұмбақтар Кеудесінде жаны жоқ, Тамырында қаны жоқ: Май жейді, Су ішеді. Бұл не екен балалар? (Машина) Еңбек әрекеті: учаскені бұтақтар мен тастардан тазарту. Мақсаты: балаларды еңбекке баулу. "Көліктердің дыбысын ажырат" ойыны. Әр түрлі көліктердің дыбыстарын тәрбиеші балаларға	гүлі. - Гүл қандай? (Қалпағы мен сабағы болады.) - Бақбақтың қалпағы дөңгелек, ақ және үлпілдек. Егерде үлпілдекті үрлесең, олар ұшып кетеді (тәрбиеші үрлеп көрсетеді). - Сабағы қандай? (Сабағы жіңішке, ұзын, жасыл.) - Балалар, жаңбыр жауар алдында, бақбақ өзінің күлтелерін жинап алады, ал күннің көзі шыққан кезде қайтадан ашады. Балаларға бақбақтың гүлден болғанынан кейін, күлтешісі мамықты шарға айналатынын, мамықтары желмен

	төмендейді. - Күн жазда аспанға биік көтеріліп, сәулесі тік түседі, далада ыстық болады, жеміс-көкөніс піседі, гүлдер гүлдейді, біз де өзгеше киінеміз. Еңбек әрекеті: табиғи материалдарды жинау. Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекке баулу. "Қасқыр мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды ойын желісі, шарты бойынша баулу, белгі бойынша бір аймаққа жиналып және жан-жаққа тарап жүгіруге дағдыландыру;	тазалау. Мақсаты: еңбекке дағдыландыру; ересектерге көмек көрсетуге ынталандыру. Аллергиясы бар сезгіш балалардың қатысу-қатыспауын ескеру керек. "Түлкі мен балапандар" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды ойын шарты бойынша, белгі бойынша қимылдауға жаттықтыру; кейіпкерлердің қимылдарына еліктеуге ынталандыру; ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.	айта жүріп, қимылдарды жасауға, бір-біріне соғылмай, бір бағытта жылдам жүгіруге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынға жүргізуші бала "аю" болып тағайындалады (таңдалады), қалған ойыншылар - балалар. "Аю" алаңның бір шетінде, ұйықтаған болып, отырады. Балалар алаңның екінші жағынан, тақпақ сөздерін айтып, себетке жидектерді жинаған ұқсап, "аюға" қарай жүреді. Ормандағы аюдың Құлпынайы көп екен.	тындаткызады. Балалар ажыратуға тырысады. Мақсаты: балалардың ойлау қабілетін дамыта отырып, есте сақтау қабілетін арттыру, байқампаздыққа баулу. Дене тәрбиесі бойынша жеке жұмыс. Мақсаты: қозғалыс, ептілік пен жылдамдықты дамыту. Балалардың еркін ойыны. "Өткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды шеңберге тұрып, бойымен жүруге және жүгіруге бейімдеу;	ұшқанда, ұрықтары түскен жерге қалың, жаңа гүлдің өсуін қамтамасыз ететінін түсіндіру. Еңбек әрекеті: гүлзарларды тазалау. Мақсаты: еңбекке баулу, берілген тапсырмаларды мұқият орындауға үйрету. "Бағбан мен гүлдер" қимылды ойыны. Мақсаты: ептілік пен шапшаңдықты дамыту, алаңның қарсы бөлігіне құтыншыдан асқан ептілікпен қашып өтуге үйрену. Дене тәрбиесі бойынша жекелей жұмыс: кеңістікті бағдарлауға арналған

	шаншандыққа, жылдамдыққа, зеректікке тәрбиелеу. Педагог балалармен бірге "қасқырды" таңдайды. Қалған балалар "қояндар" болады. Педагог белгісінен кейін "қояндар" әртүрлі бағыттарда жүгіріп, қасқырдан қашады. "Қасқыр" ұстап алған "қояндар" саны 5-6-ға жеткенде, "қасқыр" ауысады. Құралдары: "қояндарға" медальондар, "қасқырға" маска. "Ұстап ал" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттер: ептілік пен шаншандықтарын дамыту.	Ойын шарты. Бұл ойынға балалар 7-8 ден бөлініп ойнайды. Топ ішінде бір баланы "түлкі" етіп сайлап, қалған балаларды "балапандар" деп, әрқайсына медальон тағып, ойын ойналады. Ойында "балапандар" "түлкі" кейіпкеріне ұсталып қалмауы үшін, тәрбиеші көмегімен белгі бойынша ойынды бастап аяқтауы тиіс. Балалар шаршап кең аймақты айнала қашуы тиіс. Құралдары: балаларға медальондар, жүргізушіге - маска. "Теректей бнік	Терің, терің алайық, Себетімізге салайық Балалар, жақын келеді, Аю жидегін береді. Соңғы сөздерді естіген "аю" "оянын", "балаларға" қарай жүгіріп, олар ұстап алмақшы болады. Ұстап алу - балаға қолмен тию болып саналады. Ұсталған "балалар" келесі айналымға қатыспайды. Ойынның соңында балалар "аю" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды, жүргізушіні ауыстырып, тағы бір ойнатуға болады. "Қағын алмай от"	вестибуляр аппаратын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ақырын-ақырын итеріп, Әткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдам жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. Д. Ахметова. Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса	жаттығулар. Балалардың еркін ойыны. "Қағын алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы. Мақсаты: балалардың кегли арасымен баяу және ептілекпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту. Құралдар: кегльдер. Балалардың еркін ойыны.

	Дене тәрбиесі бойынша жеке жұмыстар: кеңістікті бағдарлауды және ептілікті дамыту. Мақсат-міндеттер: допты лақтыру мен қағып алу жаттығулары. Балалардың еркін ойыны.	**болып өсейік" жаттығуы. Мақсаты: балаларды бір бағытта аяқ ұшына тұрып, тепе-теңдікті сақтап, жүруге дағдыландыру; жүруде қолдарды жоғары көтеріп, аяқты өкшеге тигізбен жүре білу қабілетін дамыту. Балалардың еркін ойыны.**	**(кегли) ойын жаттығуы. Мақсаты: балалардың кегли арасымен баяу және ептілекпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту. Құралдар: кегльдер. Балалардың еркін ойыны.**	**жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды. Еңбек әрекеті: қол өнері сабақтарына табиғи материалдарды жинау. Мақсаты: балалардың қарапайым еңбек дағдыларына машықтандыру. Балалардың еркін ойыны.**	
Серуеннен оралу	Балалар киімдерін дұрыс шешу,шкафтарға бүктеп қою, қолды жуу әрекеттерін одан әрі қалыптастыру. Таза сумен Арман, Беті-қолын жуды. Оған қарап Балжан, Суға қолын созды. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Түскі ас	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				

	Мақсаты: өзін-өзі күту, тамақтану, аракатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Асты-шашпай төкпей іш. Сорпаны тамай баппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш калдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын кадағалайды.
Түскі ұйқы	Тыныш ұйқыға кетуге жағдай жасау.
Біртіндеп ұйқыдан ояту. сауықтыру шаралары	Ерлі оянлынлар, төсектен тұрындар. Әлемі ирек жолдармен. Лактарша біз ойнактап. Тастан - таска секіріп. Жалан аяк жүреміз. Табанымызды укалаймыз. (мәдени-гигиеналык лағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)
Бесін ас	Тамақтану мәдениетін калыптастыру: касықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс колдану, тамак ішкенде сөйлемеу. (мәдени-гигиеналык лағдылар, көркем сөз) Мақсаты: өзін-өзі күту, тамақтану, аракатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Асты-шашпай төкпей іш. Сорпаны тамай баппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш калдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын кадағалайды.

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды карау	"Үйшікте кім тұрады?" ойыны. Максат-міндеттер: балалардың жануарлар туралы білімін, дыбыстарды дұрыс айту іскерлігін	Саусактарға арналған жаттығу. Бас бармак -әкем, Балан үйрек – шешем, Ортан түйрек – ағам, Шылдыр шүмек –	"Кірпіжан" жаттығуы. Максат-міндеттер: балаларды диалогка белсенді катысып, көркем сөз айтуға бейімдеу;	"Ей! Бауырсак, Бауырсак!" жаттығуы. Максат-міндеттер: балалардың дене мүшелерін жаттықтырып,	"Ойыншыктарды жөндейміз" рөлдік ойыны. Максат-міндеттер: балалардың ойыншыктар жайындағы

14

және басқалар)	бекіту. «Үйшікте кім тұрады?» деген сұраққа кім үйшікте тұрса, сол балалар ғана жауап береді (балалар жануарлардың дыбысын салады). Тәрбиеші балаларды бірнеше топқа бөледі (3-4-5). Балалар өздеріне таныс құстарды немесе жануарларды қозғалыспен көрсетеді. Әр топ орындықтардан өздеріне үйшік жасайды. Тәрбиеші балаларға әркім өз үйшігінде болатынын, сосын өздері бейнелейтін жануарлардың даусымен айқайлайтынын	әкем. Кішкентай бөбек – мен. Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз /бесеуміз/ "Гүл дүкені" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: гүлдерді (түймедақ, бақбақ, қоңыраугүл) және түстерді ажырата білу, тез атау, басқалардың арасынан қажетті гүлді табу қабілеттерін бекіту; балаларды өсімдіктердің түсі бойынша топтастыруға, әдемі гүлшоқтарын жасауға үйрету. Барысы: үстелде әртүрлі пішіндегі түрлі түсті	коммуникативті, сөйлеу қабілеттірен дамыту. - Кіршжан, кіршжан. Қайда жортып барасың? Орманнан, орманнан Нені ізден аларсың? - Жолым көп, жолым көп. Қоректерді іздеймін. Кездейсоқ, кездейсоқ Иіскеп жүріп, табамын. Д. Ахметова. "Кейіпкердің сөздерін жалғастыр" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды белгілі бір ертегідегі кез келген кейіпкердің айтқан сөздерін ары қарай жалғастыруға ынталандыру; байланыстырып	бұлшық еттерін дамыту. - Ел, Бауырсақ, Бауырсақ! Сенің басың домалақ. Бұлақ аққа алдында. Түсін кетпе, абайла! Ақыл айтамыз бізден. Өте тойшы көпірден. Көпірден өтсең, алға! Тура жолмен адымда! Үстел үсті ойыны: "Суретті құрастыр". Мақсат-міндеттер: бөлшектерден тұтас бір бөлікті құрастыруды үйрету. балалардың қабылдауын және байқағыштығын дамыту. "Не, қайда мекендейді?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың ан-	түсіктерін тиянақтау, шығармашылықпен ойлану, ұсақ қол моторикасын дамыту; заттардың қасиеттеріне қызығушылықтарын арттыру. Құралдар: құрастырылатын ойыншықтар (көліктер, дене мүшелері салынатын пластик қуыршақтар, лего ойыншықтар, жұмыртқаға салынатын тосынсый ойыншықтар). Педагог балаларға шеберлердің рөлін атқаруды ұсынады. Шебер болғысы келмейтін балалар сынық ойыншықтарын "шеберлерге" әкеледі.

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**"Толқиды теңіз" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды шыдамдылыққа тәрбиелеу. Ойын шарты. Балалар ойын алаңында айналып	**"Қатып қал" ойыны.** Мақсат-міндеттер: еркін қозғалыстарды дамыту. Көңілді және қозғалысты әуен ойнап тұр. Балалар секіріп және еркін	**"Кішкене өзен арқылы" ойыны.** Мақсат-міндеттер: зейінділікке, ептілікке, дене тепе-теңдігін ұстай білуге баулу. Тәрбиеші екі сызық сызады да (үйдің	**"Мұқият бол" ойыны.** Мақсат-міндеттер: зеректікке, жылдам ойлау білуге бейімдеу. Балалар бір-бірінің артынан айналып, шеңбер жасап	**"Ақ шамшық" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды достыққа, зеректікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Балалар шеңбер бойымен отырады,

	жүріп: "Толқиды теңіз бір, Толқиды теңіз екі, Толқиды теңіз үш, Толқиды теңіз төрт" - сөз жолдарын айтады. Тәрбиеші белгісі бойынша: Толқын мұз бол!"- дегенде балалар қозғалмай қалу керек.	әуен тактісіне қозғалады. Кенеттен әуен үзіліп қалады, балалар әуен тоқтағандағы қалыпта қатып қалады. Содан кейін 1-1.5 минуттан кейін әуен қайта жалғасады және балалар қозғалысты жалғастырады.	ішінде жіпті пайдалануға болады) балаларға: мынау – "өзен". - дейді; оның үстіне тақтайдан көпір (ұзындығы 2-3м, ені 25-30см) салады да балаларға: "Көпір арқылы жүруді үйренейік". - деп ұсынады. Балалардың бір-біріне соқтығыспай тек тақтайдың үстімен ғана жүруін бақылай отырып, тәрбиеші балаларға суға құлап кетпеуі үшін жай жүру керек деп ескертеді: балалар тақтаймен ары-бері 2-3 рет жүріп өтеді.	тұрады. Тәрбиеші шеңбердің жанында тұрады, оны барлық балалар көреді. Оның қолында 3 сурет: балық, тастар және балдырлар бар. Тәрбиешінің белгісі бойынша (ысқырық) балалар бір-бірінен кейін шеңбер бойымен қозғала бастайды. Тәрбиеші кезекпен суреттері бар карточкаларды көрсетеді: 1. Балықты көрсеткен кезде, балалар шеңбер бойымен қолдарын сермеп баяу жүгіреді. 2. Тастарды көрсеткенде, балалар тізелерін құшақтап отырады. 3. Балдырларды көрсеткенде, балалар бір орында тұрады	ортаға "жүргізуші" шығарып, қолына сақина ұстатады. Балалар екі алақанын бір-біріне қабыстырып алға созады. Жүргізуші барлық балалардың алақанына сақина салған болып шығады. Сол сәт сақина тас алған бала орынан тұруы тиісті. "Сақина менде". - деп дауыстайды.

				да, қолдарын жоғары көтеріп, қолдарын жан-жаққа тербеледі. Қай бала қателеседі, сол бала ойыннан шығып қалады.	
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Достық үйшігі" Мақсат-міндеттер: Балалардың бойына достық құндылықтарын сіңіруді жалғастыру; өзара татулық сезімдерін дамыту; достық туралы өлеңдерді қайталау.	**Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Татулық табылмас бақыт" Мақсат-міндеттер: Балаларда арқан бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау; жылдам (10-20 метр) қарқында жүгіру; тізені биікке көтере отырып жүру дағдыларын жетілдіру; қимыл белсенділігін дамыту.	**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** С.Көбеев "Құстың ұясы" Мақсат-міндеттер: Балаларды әңгіменің мазмұны бойынша сұрақ қойып, дұрыс жауап беруге дағдыландыру; жағымды жағымсыз қылықтарды ажырата алуды үйрету; сөздік қорларын, тілін, шығармашылық қабілетін дамыту; құстарға қамқор бола білуге, жауапкершілікке тәрбиелеу.	**Сурет салудан ойын-жаттығу** «Жаз» ұжымдық жұмыс Мақсат-міндеттер: Балаларды ұжымдық сурет салуды үйретуді жалғастыру, мезгілінің қызықтары жайлы түсініктерін қалыптастыру; дәстүрлі емес тәсілдермен сурет салу біліктіліктерін бекіту; көркемдік құрал-жабдықтарды таңдау біліктіліктерін дамытуды жалғастыру; нәтижелі ұжымдық жұмыс жасауға қызығушылықтарын	**Музыкадан ойын-жаттығу** "Көңілді балалар" Мақсат-міндеттер: Балалардың музыкалық аспаптарында ойнай отырып, мимика, пластик көмегімен музыкалық бейнені мәнерлі, эмоционалды түрде жеткізе білу қабілетін дамыту; әр түрлі сападағы материалмен тәжірибе жасау барысында шығармашылық қиял мен музыкалық сенсорлық қабілеттерді дамыту.

				арттыру; эстетикалық талғамдарын жетілдіру, ұжымдық қарым-қатынаска тәрбиелеу.	
2- таңғы ас	Алдындағы түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Серуенге дайындық	Балаларды жүйелі түрде шешінуге, шкаф сөрелеріне киім коюға, қолдарын жууға үйрету.				
Серуен	**Жәндіктерді бақылау: (инелік, ара, маса, шыбын, көбелек) (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: шабындықта, бала бақша учаскесінде, ағаштарда, өзеннің айналасында жәндіктердің көп түрі болатындығы туралы балаларға айту. Түрлі қоңыздар, көбелектер, иненіктер, шыбын, ара, масалар туралы білімдерін бекіту.	**Суды бақылау. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балалармен суды ұқыпты пайдалану туралы түсініктерін калыптастыру. Судың касиеттері туралы білімдерін нығайту, температурасы әртүрлі болатынын айту, суда кейбір заттар батып кетеді, баскалары судың бетіне шығады. Бақылау барысы:	**Кішкентай балаларды бақылау. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балалардың жазда қалай киінетіндеріне назар аудару: жеңіл көйлектер, шолақ шалбар, бас киімдер – орамалдар, жеңіл калпақтар(күннің көзі басты қыздырмас үшін), жазғы киімдер ашық түсті болуға тиіс екеніне көңіл аудару. Балалар арасында	**Ауладағы адамдардың еңбектерін бақылау. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: ересектердің еңбегіне деген қызығушылықты арттыру; байқағыштыққа, еңбекті қадірлеуге баулу. Бүгін біз сендермен аулалағы адамдардың жұмыстарын бақылаймыз.	**Қоңызды бақылау. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: коңыздың алуан түрлілігі туралы балалардың білімін жетілдіру. Қоңыз бақша және аулада ағаштардың жапырақтарына зиянын тигізетінін көрсету. Зиян келтірушілермен күрестің әдістерімен таныстыру. **Жұмбақ:** Үшканда өлең

Олардың пайдасы мен зияны жөнінде ұғымды қалыптастыру.(арала р бал жинайды, өсімдіктерге зиянын тигізетін құрт-құмырсқаларды иніеліктер жейді). Тақпақ. "Көбелектің жыры", Н. Айтов. Қанатымды бір қағым, Демде қайта жоғалам. Десе гүлді дала бар, Қос қанатым талмайды. Мені көрсе балалар, Қыр соңымнан қалмайды. **"Шалғындықта үш сайыс" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: бастапқы орынды сақтап, жерде жатқан доға арқылы аттап	балалардың назарын судың қасиеттеріне аудару: сұйық, әртүрлі температураға ие болуы мүмкіндігі (ыстық, суық). Су мөлдір, онда бәрі көрінеді. Ыстық күнде бассейінде су тез қызады. Тоғандағы, өзендегі, көлдегі су қызады, сондықтан жазда адамдар шомылуға барады. Асфальтқа шашыраған судың қаншалықты тез кебетінін көрсету. Үлкен балалармен суда қандай заттар суға батып жатқанын, қайсысы жүзетінін анықтау. Неліктен олар жүзіп немесе батып бара жатқанын анықтау. **"Толқынды теңіз"**	достық қарым-қатынасты қалыптастыру. Ізгілік және қамқорлық сезімін тәрбиелеу. Тақпақ. "Іні", Е. Өтетілеуұлы. "Бір ісіме қапа ма", - Деп қарайды апама Сипаттырып басынан Еркелейді атама. **"Жүппен жарыса жүгіру" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша қолдарынан ұстасып жүппен жарыса жүгіруге дағдыландыру; күнделікті белсенді қозғалтқыш қызметінің қажеттілігін қалыптастыру. **Еңбек әрекеті: ойыншықтарды жөндеу.**	Жыл мезгілдеріне байланысты жұмыста әртүрлі болып келеді. Жазда көкыстарды жинайды, ауланы сыпырады, гүлдерді суарады, шөп жұлады. Біз көмекші баламыз, Төзімді, ұқыпты боламыз. Шеберлікке жету үшін Көп еңбек саламыз. **"Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер:: балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Балалар шеңбер құрып отырады, ал шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер	айтады, Қонғанда жер қазады. Мұны да ойлап көрейік, Шешуін кім табады? (Қоңыз) Шидім, шидім, шидім құс, Ши басына қонған құс. Қаркаралы қара құс, Хан басына қонған құс. (Шыбын) Тақпақ. "Қарақұрт", С.Оспанов Өрмекшіден аумайды, Өрмекпен жем аулайды. Қарнында он үш нүкте бар, Аягында түк те бар. Мекендер шөл даланы, Малды, адамды

9

	өтуге үйрету, шыдамдылық және күштің әсер етуіне мүмкіндік туғызу. **"Допты жоғары лақтырып, қағып ал" жаттығу.** Мақсат-міндеттер: балаларды допты екі қолмен ұстап, жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алуға дағдыландыру; ептілікке, зеректікке тәрбиелеу; доппен ойындарға деген қызығушылықты арттыру. **Еңбек әрекеті: гербарийды жинау, құрғату.** Мақсат-міндеттер: ересектердің тапсырмасын жауапты және өз бетінше орындауға дағдыландыру; өсімдіктерге	**қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды шыдамдылыққа тәрбиелеу. Ойын шарты. Балалар ойын алаңында айналып жүріп: Толқиды теңіз бір, Толқиды теңіз екі, Толқиды теңіз үш, Толқиды теңіз төрт", - сөз жолдарын айтады. Тәрбиеші белгісі бойынша: "Толқын мұз бол" - дегенде балалар қозғалмай қалу керек. **"Қу тұлкі" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, "Мен - тұлкі!" сигналы	Мақсат-міндеттер: ойыншықтарды жөндеуді өз ықыласымен орындауға, басталған істі соңына дейін жеткізуге дағдыландыру. **"Себетке допты лақтыр" ойын жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды доппен ойындарға тарту; дәлдікке, мергендікке, шапшаңдыққа, зеректікке баулу. Педагог балаларды екі топқа бөледі. Екі топ ортасында себет тұрады. Балалар допты жерге лақтырған кезде, секіріп себетке түсіру керек. Себетке көп доп лақтырған балалар тобы жеңіске	бойынша отырған баланың біріне орамалды артына тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жаткан баланың орынына отыруы керек. Қуушы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады. **"Салыстырулар" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер:	шағады. Жылы желді қалайды ол. Қарақұрттан абай бол. **"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, бойымен жүруге және жүгіруге бейімдеу; вестибуляр аппаратын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ақырын-ақырын итеріп, Әткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдам жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. Д. Ахметова. Педагог барлық

	сүйіспеншілігін тұғызу. **Балалардың еркін ойыны.**	бойынша қолға түспей, үлкен шеңберден асып жүтіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); байқағыштыққа, жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұскауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші-педагог балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Осыдан бері педагог таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады. Ал ойыншы-балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен	жетеді. Құралдары: спорттық құралдарды жинауға арналған себеп, балаларға доптар.	балалардың ойлау қабілеттерін дамыту. Тәрбиеленушілермен ұсынылған заттарды салыстыра білу, заттар туралы әңгімелерді құрастыра білу. **Еңбек әрекеті: ауладағы ағаштан түскен құрғақ бұтақтарды жинау.** Мақсат-міндеттер: балаларды бірлесе жұмыс жасай білуге баулу. **Балалардың еркін ойыны.**	балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды. **"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру

		қайдасың?", - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұлан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды. Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады. Педагог балаларға алдын-ала үлкен шеңбердің шеткі жерін көрсетеді. шеттен шыққан бала ұсталынбайды. Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін. **Еңбек әрекеті: ойыншықтарды жуу.** Мақсат-міндеттер: алдын-ала жылытылған суға			жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді. **Еңбек әрекеті: жәндіктермен мен күрес (күлмен, сабын ерітіндісімен жапырақтарды бүрку).** Мақсаты: тапсырманы ынталы, ұқыпты орындауға; ниет-нәтиже шығаруға тәрбиелеу. Еңбек құралдарын жұмыстан соң орнына қоюға баулу. **Балалардың еркін ойыны.**

		ойыншықтарды жуып, кептіру әрекеттерге тарту; ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Балалардың еркін ойыны.**			
Серуеннен оралу	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.				
Түскі ас	Түскі асқа назар аударту; үстелде отыру мәдениетін қалыптастыру, тамақтану мәдениетімен таныстыруға бағытталған жеке жұмыстар.				
Түскі ұйқы	Бесін асқа назар аударту; үстелде отыру мәдениетін қалыптастыру, тамақтану мәдениетімен таныстыруға бағытталған жеке жұмыстар.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Төсектегі жаттығулар. Ұйқыдан тұрғанда , бірден төсектен тұруға болмайды. Біртіндеп тұру қажет. 1. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін еркін шығару. 2. Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу. 3. Балалар төсекте, арқаға жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру. 4. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолдарын жанында ұстап, аяқтарын көтеріп велосипед тебу. Төсектен тұрғызу. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас	Балаларды серуендеуге ынталандыру; серуендеуге арналған ойын құралдарын алу, балалармен қауіпсіздік шаралары туралы жеке әңгімелер. Серуендеуге дұрыс жиналу әрекеттері, балаларды өз еркімен киінуге үйрету. Таза ауада шынығып. Серуенге шығайық. Киімдерді тез киіп, Ойнап-ойнап алайық.				

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**"Не өзгерді?" дидактикалық ойыны.** Мақсаты: балаларды кеңістіктікті бағдарлай алуға үйрету, есте сақтауды, қиялды дамыту. Құрал-жабдықтар: "Үй жануарлары" ойыншықтар жиынтығы. Ойын барысы: Тәрбиеші ойыншықтарды үстелге қояды, балаларға оларға мұқият қарауды талап етеді. Балалар олардың орналасуын есте сақтайды. Тәрбиеші балалардан көздерін жұмып, артқа қарауларын сұрайды. Сол кезде тәрбиеші бір ойыншықты алып	**"Нені дауысы?" дидактикалық ойыны.** Мақсаты: балалардың есту қабілетін дамыту, оларды дұрыс айтуға үйрету. Ойын барысы: Тәрбиеші жануарлардың дауыстарын салады. Балалар кай жануардың дауысы екенін табулары кажет. Мысалы, тәрбиеші "ква-ква-ква" деп катты дауыстап: "Бұл нені дауысы дейді? Балалар "бака" деп жауап береді. Содан кейін тәрбиеші баска жануардың дауысын шығарады. Ойын осылай жалгаса береді. **"Аурухана"**	**"Матрешкаға қонаққа бару" ойыны.** Мақсаты: заттарды мөлшері бойынша ажырата білу қабілетін бекіту. Қарапайым матрешканы құрастыру. **"Көліктерді гараждарға орналастыр" ойыны.** Негізгі түстердің күнделікті айтылуын қалыптастыру, түсі бойынша көліктерді айыра білуге үйрету. Негізгі түстермен боялған текшелер, аталған түстердегі ойыншық машиналар. Тәрбиеші балаларға машиналарды көрсетеді. Гараждың не үшін кажет	**"Өз үйіңді тап" дидактикалық ойыны.** Мақсаты: балаларды тапсырма бойынша өз үйлерін табуға үйрету. Жылдамдыққа, шаппаңдылыққа тәрбиелеу. Қажетті құралдар: биік және аласа үйлердің суреттері. Тәрбиеші балаларды екі топқа бөліп, әр топтың ойнайтын орнын немесе "үйін" тағайындайды. Екі топка да бірі биік, бірі аласа үйді көрсетеді де 1-топтағы балалардың үйі биік үйдің оң жағы, ал 2-топтағы балалардың үйі аласа үйдің сол жағы - деп белгілейді. Қай топ өз үйлеріне тез	**"Қане, достар!" қимылды жаттығуы.** Мақсаты: балалардың дене мүшелерін жаттықтырып, бұлшық еттерін ламыту. Қане, достар, ерінбей, (Сұқ саусақты бұлғау) Түзу сапқа тұрайық! (Қол-аяқ түзу) Алға қарай, сүрінбей, (Орында, тізені биік көтеріп, марш басу, қолдармен сермеу) Қалам басып, барайық! (Орында, тізені биік көтеріп, марш басу, қолдармен сермеу) Ойыншықтарға биіктен (Қолдар биікке, аяқтар ұшында)

14

тастайды. Балаларға сұрақ қояды. Қандай өзгерісті байқап тұрсыңдар деп. Балалар жауап береді. Ойын ары-қарай жалғаса береді. **Үстел үсті театры "Бауырсақ" ертегісі.** Мақсаты: балаларды ертегіні мұқият тыңдауға және көруге, кейіпкерлердің жақсы қасиеттерін көруге, ертегілерге деген сүйіспеншілікті арттыру.	**сюжетті-ролдік ойыны.** Мақсаты: балаларды науқастарға күтім жасауға және медициналық құралдардың қажеттілігін білуге үйрету, балаларды ұқыптылыққа, сезімталдыққа тәрбиелеу, сөздік қорын кеңейту: "аурухана", "науқас", "емдеу", "дәрі-дәрмектер", "температура"ұғымдарын түсіндіру. Құрал-жабдықтар: қуыршақтар, ойыншық жануарлар, медициналық құралдар: термометр, шприц, дәрі-дәрмектер, қасық, фонендоскоп, мақта, таңғыш, халат және дәрігерге арналған	екендігін балалардан сұрайды. Гараж қандай болуы тиіс? Көлікті гаражға кіргізу үшін не істеу қажет? Балалар текшелерден гараж құрастырады. гараждың түсі қандай болса, сол түске сәйкес көлікті гаражға кіргізу қажет. Тәрбиеші еденде бордың көмегімен жол суретін салады. Балаларға ойын ойнауды ұсынады: тәрбиешінің айтқандарын тыңдап, аталған түстегі гаражды тауып, машинаны гаражға кіргізеді.	барады. Ойын екі рет қайталанады. Ойынның соңында әр топтың балаларын мадақтап отырады. **"Кімді тазалау үйі" сюжетті-ролдік ойыны.** Мақсаты: киімді күту амалдарымен таныстыру; балалардың ұқыптылыққа, тазалыққа, еңбекке баулу; киімді жуу немесе тазалау, кептіру, үтіктеу, бүктеп салу әрекеттеріне дағдыландыру. Құралдары: щеткалар, үтіктегіш, үтіктер, киімдер үлгілері, сөрелер, пластик тегештер, қыр қысқыштар, киімді ілетін жіп. Үтіктейміз киімді,	Төмен қарай қарайық. (Отыру) Өсейік біз орімдей, (Қайта түзу тұру, қолдар биікке) Үлкен бала болайық. (Екі қол белде, аяқтар иық енінде, баспен он-сол жаққа шайқау) **"Ғажайып қапшық" ойыны.** Мақсаты: геометриялық фигураларды ажырата білуге және атауға үйрету **"Сөздер тізбегі" ойыны.** Мақсаты: балаларды белгілі топтама немесе ортақ тақырыпқа байланысты сөздерді тізбекке салып, арасында қайталамай, айтып ойнауға

		қалпақ. Ойын барысы: Тәрбиеші аурухана ойынын ойнауды ұсынады, дәрігер таңдалады, қалған балалар ойыншық жануарлар мен құыршақтарды алып, ауруханаға дәрігердің қабылдауына келеді. Дәрігер әртүрлі аурулары бар науқастар қарайды: аюдың тістері ауырады, өйткені ол көп тәттілерді жейді, сайқымазақтың маңдайында жарасы бар, құыршақ Алуа саусағын есікпен қысып алған және т.б. науқастар. Оларды тыңдайды, мойнын қарайды, температурасын өлшейді, дәрі		Қыртыстарын жазамыз. Кірлеп қалса киімдер, Кір жуу машинасына саламыз. Г. Кужагулова.	машықтандыру; сөздік қорын байыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалар шеңберге тұрады. Педагог белгілі тақырыпты ұсынады, балалар бір-бірінен соң кезекпен осы тақырыпқа (топтамаға) жататын сөздерді айтып жатады. Мысалы: үй жануарлары - ат, сиыр, ешкі, түйе және тағы басқа сөздер.

		тағайындайды, инъекция жасайды, дәрілер береді. Тәрбиеші балалардың ойынын бағалайды, балалар қалай қарым-қатынасқа түсіп жатыр, өз ойларын толық жеткізе ала ма, балаларды жан-жақты бақылайды.			
Балалармен жеке жұмыс	**"Жазғы қызықтары" суреттер топтамасымен жұмыс.** Мақсаты: балаларға суреттерге сәйкес шағын әңгімелер айтқызу, сөйлеуді, балалардың сөздік қорын дамыту; суреттер бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.	**Көркем сөзді жаттау жаттығуы.** Мақсаты: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру. "Қолғанат". Кіп-кішкене Қолғанат Отырмайды ол қарап. Ақылыңды ұғады, Көңіліңнен шығады. Қолғанат десе	**"Не болады?" ойыны (балалар тобымен жұмыс).** Мақсаты: сөйлеу, есте сақтау, заттарды қасиеттері бойынша жалпылауға үйрету. Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды, балалар жауап береді. Мысалы: "Сары түсті не болады?" (балапан, күн және т. б.); "Ағашта не өседі?"; "Орманда не	**"Матрешкаға қонаққа бару" ойыны.** Мақсаты: заттарды мөлшері бойынша ажырата білу қабілетін дамыту. Қарапайым матрешканы (4 бөліктен тұратын) құрастыруды үйрету. **"Үйшік" ертегісін сахналау.** Мақсаты: Балалардың ертегілердің	**"Қуыршақты серуенге киіндіріп, шығарайық" ойыны.** Мақсаты: негізгі түстерді меңгеруге, киім атауын атай білуге және сөйлемде қолдана білуге дағдыландыру. Ойын құралдары: 4 түсті көйлек киген қуыршақтар: қызыл, жасыл, сары, көк. Ойын барысы. Тәрбиеші балаларға

17

		Қолғанат. Қалай тауып қойған ат! Н. Жанаев.	тұрады?"және т. б.	кейіпкерлеріне роддеріне енуіне жағдай жасау, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуды жалғастыру.	қуыршақтың серуенге шығатындығын, ол үшін қуыршақтың үстіндегі көйлегінің түсіне сәйкес бас және аяқ киімдерді таңдап алуға көмектесулерін сұрайды. Балалар түрлі түстердің арасынан өзіне қажетті киімдерді таңдап киіндіреді.
Серуенге дайындық					
Серуен	**Желді бақылау.** Мақсаты: балаларды, түрлі белгілерге қарап, желді бақылауға дағдыландыруды жалғастыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру. Балалар педагогтің сұрауы бойынша	**Суды бақылауды жалғастыру.** Мақсаты: судың қасиеттерін тауға ынталандыру; ұқымталдыққа тәрбиелеу. Тәжірибе жасау: суға бататын және жүзетін заттарды бақылау. Балалар суды сипаттайды.	**Кішкентай балаларды бақылауды жалғастыру.** Мақсаты: жасы кіші балалардың сыртқы келбеті, киімі ерекшеліктерін байқауға бейімдеу; бағылағыштыққа тәрбиелеу. Балалардың жазда қалай киінетіндеріне	**Ауладағы аула сыпырушының еңбегін бақылауды жалғастыру.** Мақсаты: ересектің еңбегіне деген қызығушылықты арттыру; қарапайым еңбек дағдыларын игеруге баулу. Жыл мезгілдеріне байланысты жұмыста әртүрлі болып келеді.	**Қоңыздарды бақылауды жалғастыру.** Мақсаты: жәндіктерге деген қызығушылықты арттыру. Қоңыздардың алуан түрлілігі туралы балаларға тағы бір рет айту. Қоңыз бақша және ауладағы ағаштардың

	жапырақтарға, бұтақтарға, жалауларға, бұлттарға қарап желдің болғанын байқайды; желдің баяу не катты соққанын, жылы не суық екенін айтады. Жұмбақ. Шаңдатып, шашыратып топырақты, Шайқап бұтақты, желпілдетіп жапырақты, Үшып келді көзге көрінбейтін кейіпкер. Танысаң, бұл құбылыс ... (Жел.) Д. Ахметова. **"Мысық пен тышқандар" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: балаларды ойын шартына сай қимылдауға, берілген	**Сумен ойындар:** серуендеуге үрленетін бассейн немесе үлкен ванна және ойыншықтарды алып шығу. Балалар қайықтарды жібереді, кемелерге су құйып, құыршақтарды жуады және т. б. Мақсаты: қолдың ұсақ моторикасын, ой-қиялын дамыту. **"Жұбынды тап" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: балалардың бірін-бірі қақпай, кеңістікте жүгіре білу, түстерді ажырата білу, зерек болу қабілеттерін дамыту; достыққа тәрбиелеу. Ойыншылар қабырға бойында тұрады. Педагог әр балаға жалаушадан таратып	назар аудару: жеңіл көйлектер,шолақ шалбар, бас киімдер – орамалдар, жеңіл калпақтар (күннің көзі басты қыздырмас үшін), жазгы киімдер ашық түсті болуға тиіс екеніне көңіл аудару. **"Аққу-қаздар" ойыны.** Мақсаты: белгі берісімен бір бағытта тез жүгіруге жаттықтыру; ойын шартын бұзбауға бейімдеу; бір-біріне соғыймай жүгіруге дағдыландыру; дене мүшелерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Педагог балаларға "аққу-қаздар" болуды ұсынады. Балалар алаңның бір жағына, педагог - карама-	Жазда көкыстарды жинап, аула сыпырады, су шашады. **"Күн мен жанбыр" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу. Балалардың алаңның бір шетінде тұрады. Тәрбиеші: "Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады", – дейді. Балалар бүкіл алаңда жүгіріп жүр. "Жанбыр! Тез үйге	жапырақтарына зиян келтіретінін айту. Зиян келтірушілермен күрестің әдістерімен таныстыру. **"Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мүкият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, жеделдеп жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық карым-катынастарын дамыту. Ойын ашық алаңда өткізіледі. Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Аралығы 30-40 метрдей жерге бір-

	рөлдерді атқаруға, шартты бұзбауға бейімдеу; қимыл-қозғалыс координациясын, кеңістікті бағдарлауды дамыту; жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойын барысы. Ойынға жүргізуші бала "мысық" болып тағайындалады (таңдалады), қалған ойыншылар - "тышқандар". "мысық" алаңның бір шетінде, ұйықтаған болып, отырады. "Тышқандар" алаңның екінші жағынан, тақпақ сөздерін айтып, тышқандардың қимылына еліктеп, "мысыққа" қарай жүреді.	береді. Педагог белгісі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбыңды тап" белгісі бойынша, бірдей түсті жалаушалары бар балалар, жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек. Құралдар: түрл түсті жалаулар. **"Қапты көлденең нысанға лақтыру" жаттығуы.** Мақсаты: дәлдікке, ептілікке бейімдеу, біл қолмен қапты көлденең нысанға лақтыру жаттығуына машықтандыру. Құралдар: лақтыруға арналған құм	қарсы жаққа тұрады. Алаңның ортаңғы екі шетінде екі (таңдалған) бала "қасқыр" рөлін атқарып тұрады. Педагог: - Аққу-каздар, кайдасыңдар? Қайда қонып, ұшасыңдар? Балалар: - Біз ұшамыз жылы жаққа. Қайтқымыз келеді ошаққа! Осы сөздерден кейін, балалар қарама-қарсы жаққа жүгіріп ("ұшып") ұмтылады. "Қасқырлар" "аққу-каздарды" ұстап алуға тырысады. Ұстап алу - баланы қолмен тигізу болып саналады. Педагог алдын-ала алаңның шетінде	жүріңдер!" - деген белгіні естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, орындықтардың артына отырады. Тәрбиеші қайталан: "Күн шықты! Барыңдар, серуендеңдер", – дейді, ойын қайта басталады. **"Допты қуып жетіңдер!" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: балалардың доппен ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру; допты тура бағытта домалатып, оны қуып жете білуге дағдыландыру; шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу; достыққа тәрбиелеу. Педагог балаларды екі топқа бөліп, түзу	біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, тізіліп тұрады. Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әнлете өлең айтады. - Ақ серек, көк серек, Бізден сізге кім керек? Екінші топтағылар ойыншының атын атайды. Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады. Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп апарып, өз тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады. Ескерту: педагог ойын ойнау алдында қайпсіздік ережелерін

20

	Тышқан шықты інінен, "Сағат неше болды?"- деп, Бауды тартып қалып еді, Дүңгірледі барлық жер. Тышқан қорқып қайтадан, Кіріп кетті ініне. Соңғы сөздерді естіген "мысық" "тышқандарға" қарай жүгіріп, қуалап, оларды ұстап алмақшы болады. Ұстап алу - балаға қолмен тию болып саналады. Ұсталғандар келесі айналымға қатыспайды. Ойынның соңында балалар "мысық" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды, жүргізушіні	салынған қаптар. **Еңбек әрекеті: қол өнері сабақтарына табиғи материалдарды жинау.** Мақсаты: балалардың қарапайым еңбек дағдыларына машықтандыру. **Балалардың еркін ойыны.**	балалар үшін "қасқырлардан қауіпсіз" орынды сызып қояды. Ойын бірнеше рет қайталанады. Ойын қарапайым түрде де ойнатылады: педагогтің қалауынша "қасқырларды" қоспауға болады. Жаттығу ойындары: допты жерге лақтырып, әуелі екі қолмен, кейін бір қолмен допты қағып алуға жаттықтыру. **"Түзу жолмен" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: биік емес бөрене үстімен жүріп, екі аяқты бүге отыра секіруге дағдыландыру. **Еңбек әрекеті:**	сызықтың бойына тұрғызып, қай баланың атын атайды, сол бала педагог домалатып жіберген допты тез қуып жетіп, келесі кезекте тұрған балаға береді. 2-3 балаға дейін атап шақыруға болады. **Еңбек әрекеті: гүлдердің тұқымдарын жинау.** Мақсаты: балалардың қарапайым еңбек дағдыларына машықтандыру. Құралдары: қағаз салташалары. **Балалардың еркін ойыны.**	қайталап, нұсқау беру тиіс. **Еңбек әрекеті: құмның бетін ұсақ бұталардан, жапырақтардан тазалау.** Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу. **"Себетке допты лақтыр" ойын жаттығуы.** Мақсаты: балаларды доппен ойындарға тарту; дәлдікке, мергендікке, шапшаңдыққа, зеректікке баулу. Педагог балаларды екі топқа бөледі. Екі топ ортасында себет тұрады. Балалар допты жерге лақтырған кезде, секіріп себетке түсіру керек. Себетке көп доп лақтырған балалар тобы жеңіске

	ауыстырып, тағы бір ойнатуға болады. **"Сызықты басна" қимыл жаттығуы.** Мақсаты: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып кою. Балалар сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді. **Еңбек әрекеті: гүлдердің тұқымдарын жинау.** Мақсаты: балалардың карапайым еңбек дағдыларына машықтандыру. Құралдары: қағаз салташалары. **Балалардың еркін ойыны.**		**құмның бетін ұсақ бұталардан, жапырақтардан тазалау.** Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу. **Балалардың еркін ойыны.**		жетеді. Құралдары: спорттық құралдарды жинауға арналған себеп, балаларға доптар. **Балалардың еркін ойыны.**

Серуеннен оралу	Балалар киімдерін дұрыс шешуликафтарға бүктеп қою, қолды жуу әрекеттерін одан әрі қалыптастыру. Тәтә сумен Арман, Беті-қолын жуды. Оған қарап Балжан, Суға қолын созды. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Кешкі ас	Алдындағы түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттап айту; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** Музыкалық аспаптармен ойындар. Білім күніне арналған әндер тыңдату. **(шығармашылық дағдылар, музыка)** Өнер бұрышында ойыншықтар тақырыбында сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру. **(шығармашылық, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. **(танымдық дағдылар)** Кітаптарды санау, өлшеу, салыстыру.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	"Жәндіктер шаққан жағдайда..." жадынама.	Сұраныс бойынша кеңес.	"Жәндік шаққан жерді зарарсыздандыру шаралары" тақырыбында лэпбук жасау.	"Жазда өтті" тақырыбында жадынама.	Гербарийге жапырақтар, гүлдер жинау туралы әңгімелесу.

23

01.08.2024

Орта жас тобы

Сурет салу: Әдемі гүлдер ашылды

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға умаждалған қағазды бастыру арқылы сурет салу техникасымен таныстыруды жалғастыру; композиция құрастыра білуді үйрету; қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру; жаңа сурет салу тәсіліне қызығушылықтарын ояту; шығармашылық ойлау, қиял, қабылдау қабілеттерін дамыту. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Бастырмасы, сабағы, жапырағы, гүл.

Әдіс-тәсілдер

Таңғажайып сәт, үлгіні қарастыру, түсініктемелік көрініс, ауада сурет салу, умаждалған қағаздың көмегімен сурет салу, түсіндіру, саусақ жаттығуы, жеке сүйемелдеумен дербес әрекет, ынталандыру, мадақтау, қорытындылау, рефлексия.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Суреттер көрмесіне арналған тақта; сәнді киінген қуыршақ, қонжық, интерактивті тақта, үлгі, «Гүлдер» бөлімі бойынша заттық суреттер.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Әр балаға құмыра бейнеленген парақтың беттері; әртүрлі түсті гуашь бояулары; жасыл түсті фломастер; дымқыл майлықтар; сурет салуға арналған қосымша құралдар: қарындаштар, балауыз, мел, фломастер.

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Тәрбиеші оқу қызметі үшін қолайлы атмосфера орнатады.

«Гүлдер» бөлімі бойынша суреттерді қарастыру.

«Өскін» ойын жаттығуы.

Педагог:

- Ең алдымен, тұқым болды (балалар тізерлеп отырады).
Тұқымнан өскін пайда болды (балалар тұрады).
Өскін әдемі гүлге айналады (балалар қолдарын көтеріп, екі жаққа бұлғайды).
Әңгімелеу.
Педагог:
- Гүлдер не үшін керек?
- Сұлулық үшін. Оларға қарап тамсану үшін. Гүлдер әртүрлі болады. Гүлдердің барлығы әдемі. Туған күнге гүл беру әдетке айналған. Олардан әдемі гүлшоғын жасайды.

1.2. Таңғажайып сәт.

Тәрбиеші қолына туған күнге шақыру билетін ұстаған қонжыққа балалардың назарын аударады.
- Балалар, қонжық бізден көмек сұрап келіпті. Әсел қуыршақ оны қонаққа шақырыпты. Қонжықтың апаратын сыйлығы жоқ екен.
- Балалар, не істейміз? Қонжыққа қалай көмектесуге болады?
Балаларды сурет салуға ынталандырады (гүлдердің суретін салуды ұсынады).
- Балалар, бүгін әсем гүлдердің суретін саламыз.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Гүлдердің суретін көрсету және қарастыру.







- Алдымен, балалар, гүлдердің қандай болатынын көрейік.

Тәрбиеші гүлдерді қарастыруды бастайды. Балалардың назарын гүлдердің құрылымына аударады:

- Барлық гүлдердің сабағы болады. Қараңдаршы, балалар, сабақтарында жасыл жапырақтар бар. Жапырақтары сопақ, ұзын. Сабағында әдемі бүрі бар. Бүрі ашылып гүлге айналады. Мынау - раушан гүлі, мынау - түймедақ гүлі.
- Балалар, сендер қандай гүлдерді білесіңдер?

Балалардың еркін жауаптары. Балалар жауап беруге қиналса, тәрбиеші оларға көмектеседі. Серуен кезінде өздері бақылаған немесе табиғат бұрышында гүлдеп тұрған гүлдерді естеріне салады.

Үлгіні қарастыру.

Экраннан немесе тақтадан үлгіні көрсету.

Умаждалған қағазбен бастыру техникасы арқылы жасалған құмырадағы гүлшоғы бейнеленген бет.

- Балалар, сурет ұнай ма?
- Онда не бейнеленген?
- Гүлшоғы.
- Құмырадағы гүлдер.
- Қандай түстер қолданылған?
- Жіңішке, жасыл түсті сабақтарында қызыл, көк, сары түсті әдемі гүлдері бар. Дәл осындай гүлдерді біз де салып көрейік.

Ұйымдастыру сәті.

Балаларды жұмыс орындарына шақыру.

- Балалар, үстелден не көріп тұрсыңдар?
- Үстелде әр балаға парақ қағаз, қызыл, көк, сары түсті гуашь бояулары бар.
- Балалар, мен қылқаламдарды көрмей тұрмын. Суретті немен саламыз?

Балалардың еркін жауаптары және талқылаулары.

Балалардың назарын қағаз майлықтарды дайындау барысына аудару.
- Дұрыс, суретті умаждалған майлық пен бояудың көмегімен саламыз.

Сурет салу тәсілін көрсету.

- Ең алдымен, балалар, суретті салатын парақ қағазды қалай қоятынымызды анықтау керек. Бетті тігінен қоямыз (бетте құмыра бейнеленген).
- Енді не істейтінімізді қараңдар.
- Майлықты аламын. Ол жұмсақ және оңай умаждалады. Оны мыжу керек. Одан кейін гуашь бояуына малу керек. Мен қызыл түсті таңдаймын. Парақтың жоғарғы жағына, құмыраның үстіне бастырамын.
- Қараңдаршы, балалар, гүл шықты ма? Дәл солай басқа жерлерге, гүлшоғы шығатындай бірнеше рет бастырамын.
- Не жетіспейді?
- Сабағы.
- Әр гүлге сабақ пен жапырақ салу керек.

Балалар сабағын немен салуға болатынын талқылайды.

Тәрбиеші балаларға сабағын салу құралын: қарындаш, мел, балауыз, фломастерді өз бетінше таңдап алуды ұсынады.

2.2. Саусақ жаттығуы «Біздің гүлдер».

Аппақ гүлдер, ақ гүлдер,
Қызыл гүлдер, көк гүлдер,
Ұнайсыңдар бар балаға,
Көрік беріп далаға
Қызыл гүлдің біреуін,
Сыйлағым кеп тұр анама.
Гүлдер, гүлдер тамаша!
Қандай әсем қараса,
Көз тоймайды адамның
Дала гүлдеріне қараса.

Ауада сурет салу.

Тәрбиеші балаларға сурет салу алгоритмін еске түсіруді ұсынады. Сурет салу әрекетін ауада орындау.

Сабақтарының суретін гүлдің басынан құмыраның жиегіне дейін салу керектігін айтады.

- Денені түзу ұстаймыз,
Сурет сала бастаймыз!

2.3. Жеке сүйемелдеумен дербес әрекет.

Тәрбиеші музыкалық шығарманың (Чайковский «Гүлдер вальсі») көмегімен

шығармашылық атмосфера орнатады.

Балалар орындарына отырады. Сурет салуға кіріседі. Өз қалаулары бойынша гүлдердің түсін таңдайды.

Тәрбиеші жұмыс барысында балаларға бояумен жұмыс істеу ережесін түсіндіреді. Денені тік ұстау керектігіне, ұқыптылық танытуға көңіл бөлуді ұсынады.

Қонжықтың атынан сұрақтар қояды:

- Гуашь бояуының қандай түсін қолданасың?
- Гүлдің сабағын немен саласың?
- Гүлді қандай тәсілмен саласың?

Балаларға бетті дұрыс орналастыруға, түсті дұрыс таңдауға көмектесу.

Педагог ережені еске түсіреді.

- Жұмыстың соңында майлықты қолданып, жұмыс орнын ретке келтіру керек.

Сурет салу барысында қиналған балаларға тәрбиеші жеке көмек береді.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылау, рефлексия.

- Қараңдаршы, балалар, суреттерің қандай әдемі болып шыққан!

Тәрбиеші (кейіпкердің атынан) түстері қанық жұмыстарға балалардың назарын аударады.

Балалардың жұмыстарының көрмесі.

Тәрбиеші балалармен бірге суреттер көрмесін безендіреді.

- Сен қандай бояуларды таңдадың? Қандай тәсілмен сурет салдың?
- Біз Әсел қуыршаққа қандай сыйлық жасадық?
- Гүлдер қалай шықты?
- Біз оларды немен салдық?

Қонжық:

- Балалар, Әсел қуыршақтың туған күніне бәріміз де барайық!

Ойын жаттығуы «Құттықтау сөздері».

Тәрбиеші балаларды ойын бұрышына шақырады. Онда Әсел қуыршақ қонақтарды күтіп отыр. Балалар шеңбер құрып тұрады. Қуыршаққа (қуыршақ ортада) тілектерін айтып, ән салады.

Қуыршақ барлықтарына сыйлықтары үшін алғыс білдіреді. Қонжық балалармен қоштасады.



02.08.2024

Орта жас тобы

Музыка: Қоңыраулар үні

Оқу қызметінің мақсаты

Балалардың музыка жетекшімен бірге көңілді әндер айту қабілетін дамыту; кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Музыка мен қимылдардың мәнерлілігін қабылдау қабілетін жетілдіру; музыканы және қимылдарды қабылдаудың тұтастығын дамыту.

Сөздік жұмыс

Гүлдер, қоңырау, көбелек, барабан, ай - сөздерді пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Сәлемдесу, көркем сөз, көрініс көрсету; түсіндіру, көрсету, баяндау, кері байланыс, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Музыкалық аппаратура, музыкалық-дидактикалық ойындар, дидактикалық ойындар картотекасы.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Дөңгелек бетіне көбелек, барабан, ай, доп суреттері салынған карточкалар, әр балаға қоңырау аспаптары.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу

Балалар залға Е. Тиличееваның «Марш» шығармасы әуенімен қатар түзеп кіреді. Балалар адым әуенімен залдағы кілемнің ортасына келіп тұрады да, үлкен шеңбер жасайды.

Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз

Музыка жетекшісі:
- Балалар, сендер байқадыңдар ма, табиғат гүлге оранды. Ал сендер гүлдерді жақсы көресіңдер ме? Иә, балалар, гүлді барлық адамдар жақсы көреді. Жарайсыңдар, балалар! Гүл не үшін керек деп ойлайсыңдар, балалар? Әдемілік үшін, адамдарға сыйға тарту үшін. Дұрыс айтасыңдар, балалар! Гүлдерді жұлуға болмайды, оларды аялап күту керек.
- Балалар, бәрің тақтаға қараңдаршы?!



Балалар тақтаға қарап, көп гүлдерді көріп, қызығып кетеді.
- Ұнай ма, гүлдер, балалар? Иә.
- Міне, жарайсыңдар! Қазір балалар, алдымен гүлдерге сәлемдесіп алайық:
- Табиғатты жайнатып (балалар қолдарын жанына жібереді),
- Көздің жауын алады (балалар қолдарын алдына жаяды).
- Әсем гүлдер тербеліп (балалар қол білезіктерін айналдырады),
- Бізден сәлем алады (балалар иіліп, тәжім етеді). Балалар педагогпен бірге қимылдарды қайталайды.
- Бәрекелді, балалар!

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар

Музыка жетекшісі:
- Балалар, кәне көңілімізді көтеріп шеңбер бойымен тұрып би қимылдарын орындайық.
- Экранға қарап балалармен бірге би қимылдарын орындайық.

Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз

Сәлем! Сәлем!

Шапалақ соғайық!
Сәлем! Сәлем!
Шапалақ соғайық!
Көкке керіліп!
Аяқты ұстайық!
Айналып тұрайық!
Сәлем жолдайық!
Сәлем! Сәлем!
Аяқпен таптайық!
Сәлем! Сәлем!
Аяқпен таптайық!
Көкке керіліп !
Аяқты ұстайық!
Айналып тұрайық!
Сәлем жолдайық!
Сәлем! Сәлем!
Шапалақ ұрайық!
Сәлем! Сәлем!
Аяқпен таптайық!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау

Музыка жетекшісі балалардың назарын тақтаға аударады:
- Балалар, тақтадан нені көріп тұрсыңдар?



- Гүлді. Жақсы.
- Балалар, қандай гүл? Балалар ойланып қалады. Балалардың ойлануына мүмкіндік бере отырып, педагог балаларға тағы да сурет көруді ұсынады:
- Балалар, енді мына суретке назар аударайықшы?!



Балалар суретке қарап, қоңырау екендігін айтады.
Музыка жетекшісі суретке қатысты ой қозғау мақсатында балаларға сұрақтар қояды:
- Балалар, тағы да екі суретке қараңдаршы, екі сурет бір-біріне ұқсай ма? Ұқсайды. Дұрыс.
- Балалар, гүл мен қоңырау бір-біріне ұқсаса, гүл қалай аталады деп ойлайсыңдар? Балалар ойланып қалады.
- Балалар, екі суреттің түстері ғана әртүрлі, аталуы бірдей. Балалар жарыса "қоңырау" деп жауап береді.
- Әрине, балалар, бұл гүл далада өсетін жабайы қоңыраугүл.
- Балалар, осы қоңыраулар туралы әдемі музыка бар, сол музыканы естіп көрейікші? Шығарма "Қоңыраулар үні" деп аталады. Шығарманың авторы австриялық классик композитор Вольфганг Моцарт.

Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз

Музыка жетекшісі балаларға «Қоңыраулар үні» шығармасының күйсандықта ойналуын шағын бейнебаян арқылы тыңдатады.
Музыка жетекшісі әнге қатысты ой қозғау мақсатында балаларға сұрақтар қояды:
- Балалар, музыка қандай аспапта орындалған? Күйсандықта. Тамаша.
- Музыка не туралы? Қоңыраулар үні туралы. Жарайсыңдар.
- Балалар, бұл музыка - классик композитор Вольфганг Моцарттың шығармасы, қайталаймыз, жарайсыңдар.
- Енді, балалар, «Қоңыраулар үні» шығармасын тағы да тыңдаймыз!
Музыка жетекшісі балаларға шығарманы тыңдата отырып, шығарманың сипаты мен мағынасын түсіндіреді.
- Керемет, балалар!

2.2. «Айналмалы дөңгелек» ойыны
Ойынның мақсаты: Шығарманы тыңдау арқылы балаларға музыка жанрларын ажырата білуді үйретеді.
Ойынның шарты: Дөңгелек бетіне көбелек, барабан, ай, доп суреттері салынған карточка ұсынылады. Балалар әуенді тыңдап, дөңгелекті айналдыру арқылы вальс ойналғанда көбелекті, марш әуенінде барабанды, бесік жыры ойналғанда

айдың, полька биінде доптың суреттерін көрсетеді.

2.3. Дауыс жаттығулары

Музыка жетекшісі балалардың назарын өзіне аударып:

- Балалар, орманда бір саршұнақ келе жатып гүлді кездестіреді. Оның гүлге қызыққаны сондай қасына барып, мұрнымен ұзақ иіскейді.



- Балалар суретке қарайықшы?!
- Балалар, саршұнақ сияқты гүлді иіскейміз. Енді тілдің ұшын тістеп, тілді оң және сол жақ тістермен кезек басамыз, тілді таңдайға тигіземіз, тілді алға созамыз, тіл астын көрсетеміз. Жарайсыңдар.
- Енді, балалар, саршұнақ иіскеген гүл де қоңырауға ұқсайды, солай ма? Бірақ, ол гүл қоңыраугүл емес.
- Балалар, меніиен бірге қайталаймыз.
- Қоңыраулар "дин" дейді,
- Сыңғырлайды, "дин" дейді,
- Сыңғырлайды қоңырау,
- Дин-дин-дин дейді қоңырау. Тамаша, әрі қарай жалғастырамыз.
- Ахау, егигай,
- Ән сал бозторғай,
- Біз әніңді үйреніп,
- Күнде ән сап жүрейік. Тамаша.
- Балалар, енді бәріміз, ара болайықшы?!
- Аралар,
- Арамыз, біз арамыз,
- Әнге салып барамыз.
- Жу-жу-жу-жу-жу-жу.
- Қызыл, жасыл гүлдерден,
- Балды сорып аламыз.
- Жу-жу-жу-жу-жу-жу. Жарайсыңдар.

2.4. Ән салу

«Көбелек» музыка К.Ыбырайұлы сөзі А.Сарсеков

Журнал №2 (8) "Зерек Ботақан" 7 бет, Көкшетау 2018. (Сайт: WWW.ZEREKBOTAQAN.KZ)

Музыка жетекшісі: Балалар, біз гүлдер әлеміне келдік.



- Ал гүлдердің үстінде не қонып үшып жүр екен?



- Бүгін біз әдемі көбелектер туралы жаңадан ән жаттаймыз.

Музыка жетекшісі балаларды бірінші шұмығын жаттатырады.

- Тұтқиылдан састыра,
- Жаңбыр жауса себелеп,
- Тақиямның астына
- Тығыла ғой,
- Тығыла ғой, көбелек.

2.5. Музыкалық аспаптарда ойнау

Музыка жетекшісі балалардың бәріне қоңырау аспаптарын үлестіріп береді де:

- Балалар, тыңдайықшы, мен қазір мына қоңырау аспабында ойнаймын, ал сендер менімен бірге қайталап отырасыңдар, келістік пе? Иә.
- Балалар, музыка аспаптарды алайық! Енді музыканы тыңдай отырып, менімен бірге аспаптарды ойнаймыз.

Е.Тиличееваның шығармасын "Бубенчики" музыка аспаптарда ойнау.



Музыка жетекшісі балаларға әнді шығарманы тағы да тыңдатып, музыканың қай бөлігіне келгенде аспаптарда ойнау керектігін айтады.

- Тамаша, балалар! Балалар, дыбысты тыңдай отырып, менімен бірге аспаптарды